

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ
120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«ХІХ СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«ХІХ САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 120-ЛЕТИЮ
АКАДЕМИКА К. И. САТПАЕВА**

ТОМ 4

**ПАВЛОДАР
2019**

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Ж66

Редакция алқасының бас редакторы:

Ахметова Г.Г., филос.ғ.к., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Абишев К.К., Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.Қ., Эрназаров Т.Я., Бергузинов А.Н., Муқанов Р.Б., Каюмова М.С., Мажитова А.Ә.

Жауапты хатшылар:

Абдырова А.О., Амангельдинова М.М., Гасымова Т.Г., Еликпай С.Т., Ельмуратова Б.Ж., Жамбулова Б.Т., Жумабаева Г.М., Жумабекова Д.К., Жумадилов Н.Ж., Искакова З.С., Калиева А.Б., Капәнова М.М., Касенова А.Ж., Каскабасова А.А., Кашканова Р.С., Коспаков А.М., Мажитова А.Ә., Мамытова С.Н., Молдабаева С.К., Мусабекова Н.М., Мусина А.Ж., Оғузбаев А.Е., Рахимов Е.К., Садық Н.Е., Сембаева Н.Т., Сергазинова З. М., Тайбулатов К.М., Титков А.А., Торайғыров Е.М., Улихина Ю.В., Ысқақ Б.Ә., Юн А.А.

Ж66 «XIX Сәтбаев оқулары» жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының : халықар. ғыл. конф. мат-дары Академик Қ. И. Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019.

ISBN 978-601-238-907-4
Т. 4 «Оқушылар». – 2019. – 405 б.
ISBN 978-601-238-911-1

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-238-911-1 (Т. 4)
ISBN 978-601-238-907-4 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры,
филос.ғ.к., Г. Ахметованың алғы сөзі

Құрметті «Сәтбаев оқуларына» қатысушылар!

Сіздерді игі дәстүрге айналған «XIX Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясының ашылуымен құттықтаймын!

Бүгін қазақтың бағына біткен біртуар ғалым Қаныш Сәтбаевтың ізін басқан жастарға қош келдіңіздер дейміз! Ғылыми шараны халықаралық деңгейде ұйымдастыру біз үшін зор мәртебе, үлкен мақтаныш!

2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» мақсаты – асыл азамат, ірі тарихи тұлға, академик, ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегін жастарға таныту, сол арқылы үлгі, өнеге көрсету.

Қ. И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің күдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашанырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды.

Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.

Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау – біздің парыз. Оқу ордамызда он тоғызыншы мәрте өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция Қаныш Сәтбаевтай асыл ағамыздың ізбасарларына даңғыл салып, ғылымдағы игі дәстүрлерді жаңғырта түседі деген сенімдеміз. Өңіріміздегі білімнің қарашанырағы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашан да дарынды, білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға дайын.

Әрине, мен конференция қатысушыларына нәтижелі диалог құруларына, оның нәтижесі Қазақстандағы зерделенетін мәселелердің жай-күйі мен келешекте жақсы түсінуге мүмкіндік беретін нақты ғылыми қорытындылар шығаратынына жүректен тілектеспін.

С. Торайғыров атындағы
ПМУ ректоры

Г. Ахметова

14 Секция. Педагогика
14 Секция. Педагогика

ШЕТ МЕМЛЕКЕТ МЕРЕКЕЛЕРІНІҢ БІЗДІҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ

АМАҒАЛИЕВА Д. Т.
7 «А» сынып оқушысы, № 7 ЖОББББММ, Павлодар қ.
АБРАРОВА А. Ю.
ғылыми жетекші, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
№ 7 ЖОББББММ, Павлодар қ.

Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы - қазақстандық патриотизм болды. Патриоттық, отаншылдық сезім бірте – бірте, адамның саналы өмірімен бірге қалыптасатын саяси - әлеуметтік құбылыс. Бір жағынан, ол жеке тұлғалық, қоғамдық сана элементтерінен тұрса, екінші жағынан, Отанды қорғауға, сақтауға, нығайтуға бағытталған сезім. Қазақстандық патриотизмнің қайнар көзі – халықтың береке- бірлігінде, ынтымақ-ықыласында, елдігі мен ерлігінде және мемлекетіміздің күш-қуатының беріктігі мен ұлан – байтақ жерінің бір тұтастығында.

Патриотизм ұғымы өздігінен қалыптаспайды, ол үшін бірнеше алғышарттар қажет:

- төл тарихымызды білу;
- ана тілді ардақтап, құрметтеу;
- ұлттық салт-дәстүрді, әдеп-ғұрыптарды қадірлеу. Соның ішінде мерекелерді тойлау дәстүріне жеке тоқталып кетсек [1].

Мерекені ел өмірінде болған, маңызды күн немесе адамның өміріндегі көңілді, бейнелі, бақытты және қуанышты күн деп суреттеуге болады. Қазақ қоғамында ұлттық деңгейде тойланатын мерекелерге үлкен мән берілген. Ұлыс болып тойланатын мерекелер халықтың ұлттық салт-дәстүрімен, өмір сүру дағдысымен тығыз байланысты болған. Ұлттық мерекелердің тәрбиелік мәні де жоғары болған. Атап өтетін болсақ, Наурыз мейрамы, Қымызмұрындық, соғым басы, сабантой сияқты мейрамдар кеңінен тойланған. Сонымен қатар ислам дінінің келуіне байланысты халқымызда құрбан айт, ораза айт мерекелері де атап өтіледі. Тәуелсіздігімізді алғаннан бері Заңмен бекітілген Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Күні, Тілдер мерекесі, Тұңғыш Президент күні барлық мейрам атаулысы мереке ретінде танылады.

Бірақ аталып өткен мерекелердің жалпы мәнінің бағасын зерделесек, заман талабына сай қайта жаңғыртуды талап етеді. Қоғамдық жерлерде қазақтың қара көз балалары өзара орысша сөйлеп, Еуропа мәдениетіне еліктейді. Соның бірі қазіргі күнде жастардың арасында санасына жақын, қабылдануы тез өзге ұлт мерекелері аталып өтіліп жүргені, мысалы: «Валентин күні» және «Хэллоуин». Осы мерекелердің тәрбиелік мәні қандай? Кең тойланып басталуының себебі неде? Қоғамымызға қандай пайдасы бар, соны ойланып көрдік пе? [2].

Бүгінгі жастардың санасы көп жағдайда ненің жақсы, ненің жаман екендігін ажырата алмайды. Содан да болар, еліктегіш, паркын біліп, байыбына бармаған өзге ұлт мейрамдарын тез бойына сіңіргіш, тіпті жаңалық енгізгіш келеді. Бет әлпетіне түрлі бояу жағып, жын-шайтан кейпіне еніп, жұрттың үрейін ұшырып Хэллоуинді тойлау кімге керек болғанын саралап көрелік. Бүгінгі жас өрен ұлттық та, діни мерекеге жатпайтын бұл ежелгі пұтқа табынушылық ырымның қалдығы екенін ұғынбайтыны қынжылтады.

Хэллоуин АҚШ-та Рождестводан кейін екінші орында тұрған, халықтың жаппай тойлайтын мейрамдардың бірі. Бұл мерекенің тарихына үңілсек, ол сонау христиандық дәуірге дейінгі кезеңнен қазіргі Англия мен Ирландияның, сондай-ақ Францияның аумағында өмір сүрген кельт атты халықтың ескі жылмен қоштасып, жаңа күнді қарсы алу түні екен. Хэллоуин сөзінің мағынасы «мереке қарсаңындағы күн» дегенді білдіреді. Олай дейтін себебі, IX ғасырда III Папа Григорий барлық әулиелер күнін тойлауды 13 мамырдан-1 қарашаға ауыстырды. Мереке қарсаңындағы күн деп аталған. Яғни, бұл күн қайта тірілетін аруақтарды қарсы алуға дайындық күні. Уақыт өте келе Хэллоуин жын-ойнаққа айналды. Ішіне жанып тұрған шырағандар орнату арқылы асқабақтан түрлі бейнедегі шамдар жасап, сөйтіп қайта тірілген өлілер кейпіне еніп, үй-үйді аралап тәттілер сұрайтын дәстүр болып кеткен. Ендеше, тарихи, не тәрбиелік мәні жоқ бұл күн Батыс жұртшылығына қалай сіңісіп кетті деген сауал туындайды.

Еуропадан АҚШ-қа көшкен эмигранттар осы мейрамды алып келіп, 1920 жылы Нью-Йорк пен Лос-Анджелес қалаларында алғаш рет ресми тойланды. 1950 жылдардан бастап Хэллоуин коммерциялық тұрғыдан пайда әкеле бастады. Халық арасында костюмдер, әшекейлер, ашық хаттар және басқа да заттар өте жоғары сұраныстарға ие болды. Содан бері Хэллоуин америкалық жеткіншектердің сүйікті мейрамдарына айналып кетті. Кешегі күнге дейін тек қана АҚШ пен Канадада тойланып келген Хэллоуин

Еуропа мен басқа да құрлықтардың көптеген еліне қанат жая бастағаны анық. Бұл жерде әлбетте, коммерциялық бағыт басым болып отырғанын аңғару қиын емес [3].

Ұлыбритания бұл мейрамды тойлауға 300 миллион фунт қаржы жұмсайды екен. Сол сияқты бізде де бұл мейрам кәсіпкерлер үшін жаңа табыс көзіне айналғаны жасырын емес. Мәселен, ашық хаттар құны 150 теңгеден басталады. Осы мейрам күніне арналған кештерге тек кіру құны 2000 теңгеден басталады. Оның өзіне алдын ала тапсырыс беру керек. Өйткені барғысы келетін жастардың саны көп. Арнайы костюмнің жалға алу бағасы 4 мыңнан басталады. Тіпті Жаңа жылда бүлдіршін қыздарға Хэллоуин мыстанының киімін кигізіп қояды. Сұлулық салондары да өз мүмкіндіктерін жібермей, құбыжық не вампир бейнесінде бет әрлеуді жарнамалайды. Оның бағасы 5000 теңгеден басталады. Бұған арнайы маскалар мен қолдан жасалған шырағандарын қосса, кәсіпкерлер үшін бұл таптырмайтын мереке.

Жастар арасында бұл бүгінгі заманның жаңа мейрамы де, жынойнақ күнді дәріптеушілер де аз емес. Біріншіден, психолог мамандар вампир, құбыжық бейнелерінде киініп жынойнақ күнді тойлау бүлдіршіндеріміздің психикасына кері әсер ететінін еске салып, дабыл қағуда. Баланы аруақ бейнесімен қорқытудың түбі жақсылыққа апармайтыны анық. Екіншіден, әлі толық қалыптаса қоймаған жас бала санасына зұлымдық пен қатыгездікті сіңіретінін аңғармаймыз. Үшіншіден, Хэллоуин күні қылмыс саны көбейеді. Мысалы, 2013 жылы Мексикада аруақ бейнесінде киінген бір топ қылмыскерлер зергерлік дүкенді тонап кеткен. Бүкіл халық думанды тойлап жатқанда бұл мүмкіндікті ұрылар да жақсы пайдалануда. Төртіншіден, бұл мейрамға тән балалардың үй-үйді аралап, тәтті сұрау дәстүрінің салдарынан Батыс елдерде бала ұрлау қылмысының саны артқан. Міне, осыдан-ақ бұл қылмыскерлер мен кәсіпкерлер үшін нағыз мейрам екенін аңғару қиын емес. Көптеген елдер жас ұрпаққа бұл мерекенің зияны жайында айтуда. Мәселен, жапондықтар бұл күнді тойламайды. Ал көрші Ресейдің Мәскеу патриархаты мен Ресей мүфтилерінің кеңесі «Хэллоуин – Ресейге жат мейрам» деген ұстаныммен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Расында халық қалаулысының сөзімен келіспеске болмас. Әлбетте, костюмдер, мерекелік кештер бастапқыда ешкімге зияны жоқ ұсақ-түйек болып көрінуі мүмкін. Шынтауайтына келгенде, осындай ұсақ жайттар ұлттық тәрбиенің солғындауына әкеледі. Ел ертені – жастар десек, өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтарға, адамгершілікке баулып, отан сүйгіштікке, мейірімділікке тәрбиелеуді басты назарға алған жөн [5].

Хэллоуиннің орнына неге дәл осылай өзіміздің ұлттық киімді киіп, ұлттық ойындарды ойнап, Жарапазан айтқызбасқа? Салт-дәстүрді ұлықтап, ұлттық мейрам – Наурызды тойламасқа?!

Қыстың соңғы айында жастардың қапылып, қуана күтетін мейрамдарының бірі – Валентин күні, яғни, ғашықтар күні. Елімізде 14-ші ақпан ресми мейрам күні деп жарияланбаса да, халықтың бір тобы бұл күнді мейрам деп есептейді. Кейбіреулері қайталанбас махаббат аңызын толықтай біліп, түсінгендей боп тойласа, енді біреулері тіпті анық-қанығын білмесе де елеуге тырысады. Студент жастар, орта жастағы қыз-келіншектер, жігіт ағалары әйтеуір осы мейрамды тойлауға ынтық-ақ. Халық арасында бұл мейрамның тарағанына да біраз болды. Елге бұл ғашықтар мерекесінің сырының бірнеше нұсқасы тараған. Сол нұсқалардың біреуі мынадай: аңыз бойынша сонау ерте қараңғылық заманында қатігез Рим императоры II Клавдий отбасылық міндеттерден бос, жанұясыз, жарсыз - бойдақ ерлер, жігері мен еркі босаңсымай, Отан үшін жақсы қызмет етеді деп есептеп, әскерге барғанға дейін ерлерге үйленуге, ал қыздар мен келіншектерге сүйгендеріне тұрмысқа шығуға тиым салады. Сол әскерилердің ішінде жарлыққа қарсы шығып, махабатын бәрінен де биік қойғандар табылыпты. Олар кейін «Әулие Валентин» атымен бүкіл әлемге танымал болған қарапайым дін қызметшісіне барып, некелерін құпия түрде қидыратын болған. Бұл жасырын некелесу рәсімі халық арасында кең тарап, ал Валентин қарт халыққа жанашырлығымен атағы шығып, ел аузындағы сыйлы азаматқа айналады. Көп ұзамай Валентиннің ісі биліктегілерге аян болып, олар дін қызметшісін түрмеге қамап, өлім жазасына кеседі. Абақтыда Валентин түрме қызметкерінің қызы – Джулияға ғашық боп, өлер алдында ғашығына сезімі жайлы баяндап, хат жазып жібереді. Бұйрық б.э.д. 269 жылы 14-ші ақпанда орындалып, кейін бұл күн бүкіл әлем бойынша ғашықтар күні деп, ал мейрам «Валентин күні» деп аталып кетті.

«Валентин күні» Батыс Еуропада XIII ғасырдан бастап, ал, АҚШ-та 1777 жылдан бастап мереке саналады. Кеңес Одағы ыдыраған соң, бұл мейрам Ресейде етек жайып, кейін қазақ даласына да келді. Солай біздер де «заман ағымы ғой» деп өзге жұрттың артынан еріп, тойлайтын болдық. Батыс күнтізбелеріне үнілсеңіз мейрамдар өте көп. Сонда уақыт өте келе сол мейрамдар бізге келсе, біздер әдеттегідей бар тиын-тебенімізді беріп, үш қайнаса сорпамыз қосылмайтын шетелдік мейрамдарды атой салып тойлаймыз ба? Ең сорақысы, бұл мейрамның ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа кәдімгідей

«мұра» болып қалуында. Экономикасының қарқыны мен өмір сүру деңгейінің көрсеткіші бойынша бізден әлдеқайда төмен өзбек ағайындарымыз тәрбие жағынан тағы асып түсті. Көршілеріміз бұл мерекеден әлдеқашан бас тартқан. Ал, бізге ғашықтар мерекесінің біздің өмірімізге терең ене бастауы соншалық, тіпті, 14-ші ақпан жақындағанда мектептерімізде 6-7 сыныпта оқитын балғын оқушыларымыз мектеп дәлізіне арнайы әшекейленген жәшік ілумен әлек болады. Абыр-сабыр боп жатқан жасөспірімдерімізге ешкім тиым салмақ түгілі, ескерту де жасамайды [4].

Біздер, қазақ топырағында дүниеге келгендер, қаракөздер осы мейрамдарға неге соншалықты асықпыз? Әлде өзіміздің ұлттық мейрамдарымызға көңіліміз толмай ма? Әлде үштұғырлық идеяны жүзеге асыру мақсатында ағылшын тілін оқумен қатар мерекелеріне де жақын болып кеттік пе? Біздің болмысымызға, діліміз бен дінімізге мүлдем жат тәрбиені қомағайлана жұтуымызға қандай себеп бар? Бәлкім, ұлттық құндылықтарды бағаламай, оларға енжарлық танытуымызда шығар...

Біреулер «ұлттық рух», «тәрбие» деп шырылдаса, енді біреулер пайда табамын деп тырбаңдайды және табады да. Осы мерекенің Отаны болып табылатын АҚШ-қа осы мейрам қарсаңында 25 рейске дейін ұшақпен гүл тасымалданып, колумбиялық гүл өсірушілер жылдық табыстың 30 пайызына қол жеткізеді деген ақпарат бар. Осылайша «махаббат мерекесі ғой» деп жүрушілер кейбір жандардың бизнес жоспарын орындап, мол табысқа кенелтеді.

Соңғы кездері «Әулие Валентин күні» мейрамына балама ретінде «Қыз Жібек пен Төлеген» немесе «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» күнін тағайындау мәселесі жиі айтылып жүр. Қайбір жастар 15-ші сәуір күнін еліміздің ғашықтары «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» күні деп тойлап та жүр. Бәлкім, бұл осы мейрамның қазақ болмысы болсын деген ниеттен туған ұсыныстар шығар. Бірақ көшеде дәл «Валентин» күніндегідей ғашығына асыққан жандарды кездестіре алмайсыз. Жастар мерекенің жаппай атап өтілуіне толыққанды насихаттың болмауы кедергі дейді адамдар.

Бұл пиғылы бөтен дүмшелердің ісі екендігін санаға сіңіріп жатқан жастар жоқ. Меркелік іс-шаралар өткізетін көңіл көтеру орындары мен мейрамдарға қажетті заттарды сататын саудагерлер үшін Хэллоуин және Валентин күндері өте үлкен табыс көзі болып отырғандығын біле тұра байыбына бара бермейді ешкім. Айталық, түсініксіз мейрамды тойлайтын түнгі клубқа кіру құны 2000 теңгеден басталатын көрінеді. Жастардың қалтасын қаққан бұндай

мерекелер 130-дан астам ұлт пен ұлыс тұратын елде өтілуі заңды деп ақтап ала алмаймыз анық.

Әр елдің мерекесін тойлай беретін болсақ, ұлы болып бөлінудің де қажеті жоқ шығар?! Қазақта төл мереке жоқ емес. Өзгенің жын-ойнағындай емес, мәнді де мағыналы, салт-дәстүріміз бен ұлттық дүние танымымызға жақын, ешбір әбестігі жоқ мейрамдарды жастардың айлап тойласа да еркі бар, әрі жарасымды болар еді. Алайда олардың орнын басатын тәрбиелік мәні жоғары халықтық мерекелерді жаңғыртуымыз қажет сияқты. Мысалы: ұлттық ою-өрнек басылған ашық хаттар, әмиян, айна, мойынға тағатын орамалдар, тәттілер, кәмпиттер, жеңіл жейделер тиімді бағамен сатылса, мерекемен құттықтауға бара жатқан адам ұлттық нақышқа келтірілген заттарды сыйлауға қарсы болмас еді. Ұлыстық яғни, мемлекеттік дәрежеде аталып өтілген көне мерекелеріміздің мәнін ескере отырып, мерекелеріміздің мағынасын түсіндіру үшін үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуі тиіс деп ойлаймын [6].

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі - Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тойланатын мерекелер. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен - өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Жалпы адами құндылықтарды менгерген, қоғамның жоғары мұратты мақсаттарына сай келетін жеке тұлғаны қалыптастыру - баршамыздың алдымызда тұрған міндетіміз [1].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сейіт Кенжеахметұлы. «Қазақ халқының салт-дәстүрі арқылы балаларға патриоттық тәрбие беру» әдістемелік нұсқау. Инфоурок сайты. Ақтау, 2016.

2 Ө. Р. Шнанов. Қазақтың ұлттық мерекелері. Білім айнасы. Астана, 2016. <http://bilimainasy.kz/?p=1053>

3 Еркежан Жұматай. Хэллоуин деген қандай мереке? «Түркістан» газеті. Алматы, 2014. <https://turkystan.kz/article/62265-hellouin-degen-andaj-mereke>

4 Меруерт Дүйсенғалиева. «Валентин күні» - пұтқа табынушылық. Білім шапағаты. Талдықорған, 2010. <https://bsh.kz/news/504>

5 Ақбота Исләмбек. «Хэллоуин» безге керек па? Айқын. Алматы, 2017. <https://aikyn.kz/2017/10/19/30660.html>

6 Жұмағазиев Нұртас. «Валентин» күні muftyat.kz сайты. Алматы, 2016. <https://www.muftyat.kz/kz/article/1805>

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БОЙЫНДА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

БАЙҚАЛОВА А. А., МАНАПОВА Д. Ж.
9 сынып оқушылары, № 47 ЖОББМ, Семей қ.
КУРМАНБАЕВА Ж. К., СМАГУЛОВА Б. М.
география және биология пәнінің мұғалімдері, Семей қ.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек деген. С. Ғаббасов «Халық педагогикасының негіздері» тақырыбындағы жинағында.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Білім берудің мақсаты - жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, дені сау жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген. Жоғарыда аталған қағидаларды ұстана отырып, қазақстанда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибелерді, сан ғасырлық мәдени ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, қазіргі білім мазмұнын жаңғыртуда, жаңа талаптар қоя отырып ұлттық рухта болашақ ұрпақты тәрбиелеу керек деп санаймыз.

Ғылыми жобаның өзектілігі: Жаһандану заманында тек экономика ғана емес, мәдениет пен тіл бәсекелестікке түсіп жатқан ғаламда ерлік, елдік, отансүйгіштік секілді рухани құндылықтар ұлт тағдырымен байланысты. Қазіргі кезеңде мемлекетіміз үшін азаматтар бойындағы өзіндік қасиеттерге нұқсан келтірмей, жаңа қасиеттерді, дербестікті және таңдау мен шешім қабылдау жағдайындағы жауапкершілікті тұлғааралық қарым-қатынас орнатуға, қоғамдағы тиімділікті арттыруға әсер ететін білім, білік, дағдыларды ұлттық мәдениет аясында қалыптастыру мәселесі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Қазіргі жасөспірімдердің бойында рухани құндылықтарды анықтау.

Зерттеу міндеттері:

«Құндылық», «Рухани құндылық», «Жалпы адамзаттық құндылық» ұғымдарының ғылыми-теориялық мәнін, әлеуметтік-педагогикалық маңызын ашып көрсету.

- рухани құндылық мазмұнына сипаттама беру;

- жасөспірімдердің рухани құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау;

- жасөспірімдердің рухани құндылықтарын қалыптастырудың модульдік технологиясын жасап, оның тиімділігін тәжірибелік педагогикалық эксперимент арқылы көрсету.

Зерттеу объектісі: № 47, № 34 және «Жарқын» жалпы орта мектебінен 1500 респонденттен сауалнама алынды.

Зерттеудің ғылыми болжамы:

Егер жасөспірімдердің рухани құндылықтарын қалыптастырудың ғылыми педагогикалық негіздері анықталса, сонда ғана өркениетті ортада жасөспірімдердің рухани құндылықтарын қалыптастырудың мүмкіндіктері артып, қойылып отырған қазіргі заман талаптары жүзеге асады.

Жасөспірімдерге рухани-адамгершілік тәрбие беру-қазіргі қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі. Бұл заңды да, өйткені, біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының рөлі барған сайын артып, моральдік фактордың ықпал аясы кеңейіп келеді.

Рухани даму жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Рухани дамыған тұлғаның көрсеткіштері басқаларға жақсылық жасау, жақсылыққа ұмтылу, өзін-өзі дамыту, жетілдіру.

Қазіргі уақытта халқымыздың әдет-ғұрып салт-сана дәстүр, рухани және мәдениет мұраларын сақтау, қалыптастыру, жетілдіру жөнінде Елбасымыз ұдайы айтады. Бұл орайда іске асырылып жатқан нақты іс-шаралар баршылық болғанмен тоқмейілсуге әлі ерте. Егер жастарға ең алдымен саналы тәрбие керек десек, оны түбегейлі қалыптастыратын тағы да сол ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер ғана болмақ.

Біз зерттеу барысында қарастырып отырған мәселелерінің теориялық әдіснамалық негізін дәлелдеу мақсатында ғылыми еңбектерге талдау жасау арқылы «құндылық», «рухани құндылық», «адамгершілік құндылық», «жалпы азаматтық құндылық» ұғымдардың өзара байланысына, олардың анықтамаларына, құрастырылған жүйелерге мазмұндық сипаттама беруге талпындық [1].

Сондықтан құндылықтарға теориялық тұрғыдан талдауды өзекті мәселесі деп қарастырамыз. Осыған орай, біз зерттеу

тақырыбына байланысты аксиологиялық теориясына сүйендік. Бұл мәселені құндылықтар теориясы немесе аксиология (грек тілінде «ахис» – құндылық және «logos» – ілім) қарастырады. Аксиология-құндылықтар жаратылысы туралы, оның нақтылықтағы орны мен құндылықтың әлемдегі құрылымы туралы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлғаның құрылымы арасындағы әр түрлі құндылықтар байланысы туралы ілім деп түсіндіріледі.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңында жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізі ұстанымдарын айқындап берді [2]. Олар: Қазақстан Республикасының барлық адамзатының білім алуға тең құқылығы, әрбір адамзаттың интеллектуалдық дамуы, психо - физиологиялық және жеке басының ерекшеліктері, халық үшін білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылуы. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Оқушы бойына ұлттық құндылықтарды және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерді қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, сал - дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелеріне тоқталып өткеніміз жөн. Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Жалпы адамзаттық құндылық қасиеттер ұлттық тәрбиемен ұлттық мәдениеттің дамуындағы қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихы тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс – тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халық мәдени мұрасы. Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. [3].

Адамгершілік - ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы. Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Оқушылар бойына ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық қасиеттерді қалыптастыру мен құрметтеуге, сақтауға тәрбиелеуде белгілі әлемдік, отандық ғалымдардың еңбектерін пайдалануға болады. Осы арқылы оқушының мәдениетті, білімі кеңейеді. Оқушының мәдениетті болуы үшін ұлттық мәдениетті ұштастыруы қажет. Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепшілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеру - тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиеленушілерінің жетіктіктерін зер салып талдау керек.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады [4].

Жеке адамның рухани адамгершілік жағынан қалыптасуы оның өмірге келген күнінен басталады. Рухани адамгершілік мәселесіндегі ең басты мәселе ол тұлғаны құрметтеу. Ұлт тағдыры білімге байланысты болған соң, ең алдымен, білім берудің ұлттық моделін жасауымыз қажет. Бұл мәселеге неге сонша үлкен мән беріп

отырмыз? Оның себебі, біз әлі жоғары білімнің ұлттық жүйесін қалыптастырып үлгермеген елміз. Сондықтан да білім саласына да көп көңіл бөлгеніміз жөн. «Ұлтты жою үшін ең алдымен оның жастарын аздыру керек» - дейді екен батыстың саясатшылары. Ендеше біздің алдымызға қойған ең алғашқы шарт білім және тәрбие саласынағы ұлттық тәрбие ісін мемлекеттік деңгейге көтеру болып отыр. Ал біліммен тәрбиенің түпкі мақсаты- ұлтымыздың рухани өмірін сақтап қана қоймай оны байытып, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихи құндылықтарын, әсіресе сана-сезімін қазіргі адамзат өркениетінің биігіне көтеру қажет. Осындай біліммен тәрбиені жастардың бойына ұялату керек. Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, құндылықтары қалыптасқан халқымыздың абыройлы қасиеттері жастардың ақыл парасатына азық ете білу үшін әрбір ұстаз, әдет-ғұрыптарды, білумен қатар өз бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген рухани таза адам болуы керек. Ол адамгершілік – рухани тағылымдары өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім беруде оны негізге алғанымыз жөн.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз.

Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев: – Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат өсіре аламыз -деген болатын. Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық қазақ патриотизм ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы

міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші [5].

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасак, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Серікқалиұлы З. Дүниетану даналығы - Алматы, 1994. 7 б.
- 2 Өтешова Б. Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту - Алматы, 2007. 14 б.
- 3 Сәрсенова Ж, Тәңірбергенова Ф. Әлеуметтану – Алматы, 2000. 55 б.
- 4 Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері – Алматы, 1995. 1 б.
- 5 Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны.
- 6 Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау - Алматы, 2004. 2. 4 б.

АНАЛИТИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ РАЗВИТИЯ ИНТЕЛЛЕКТА

ЕЖИХАНОВА Г. К.

учитель русского языка и литературы, СОШ села Уштерек, г. Аксу

СЕЙЛХАНҚЫЗЫ Д.

ученик 8 класса, СОШ села Уштерек, г. Аксу

Интеллект – это особое качество человеческой психики, включающее в себя способность адаптироваться к различным жизненным ситуациям, обучаться и усваивать информацию на основе полученного опыта, понимать и применять абстрактные концепции и имеющиеся знания с целью управления окружающей действительностью. Говоря проще, интеллект является общей способностью человека познавать и преодолевать трудности, объединяющей в себе такие сферы как мышление, воображение, представление, память, восприятие и ощущение.

Вернемся к описанию способностей интеллекта, они бывают следующие: аналитические: умение проводить всесторонний анализ

информации, делить ее на смысловые и логические блоки, определять взаимосвязи, сравнивать и сопоставлять между собой различные фрагменты информации; логические: логическое ядро рассужда, включает в себя способность рассуждать, мыслить и анализировать не нарушая принципов формальной логики, умение делать верные, логичные и последовательные выводы; дедуктивные: качества, способствующее тому чтобы выуживать общую идею из большого массива информации и грамотно формулировать ее, способность к дедукции и обобщению, умение группировать частности в нечто общее, находить закономерности; критические: способность к мысленной критической оценке информации, умение отсеивать неправильные выводы, отмечать ложные идеи, качество, позволяющее противостоять влиянию и внушению; прогностические: умение позволяющее планировать наперед, формировать в уме модель будущих событий и одновременно удерживать в голове варианты решения различных альтернатив; способности к абстрактному мышлению: позволяют проникать умом в сложные абстрактные идеи (как математические, логические так и философские) и удерживать в мышлении сложные концепции и системы; способности к образному мышлению: способствуют возможности сопоставлять в уме разные по смыслу вещи, подводя их под общий условный знаменатель, умение формулировать сравнения, метафоры что помогает упрощать понимание сложных идеи, переводя их на более доступный уровень понимания, хорошее восприятие художественных образов; способность концентрироваться, удерживать внимание: наверное в большей степени относиться к проявлению воли чем к работе разума, но тут считаю необходимым упомянуть, так как это во-многом определяет эффективную работу интеллекта.

В современном школьном образовании, по-нашему мнению процесс обучения, подход в воспитании и, в общем интеллектуальная основа построена, на первый взгляд незыблемых, обладающих величием и опытом многих поколений педагогов – профессионалов, но в то же время сильно стереотипизированных и стандартных паттернах мышления, логики и методологии. Данные явления происходят за счёт того, что в целом не наблюдаются революционные идеи, взгляды, инновации. Поэтому поднятие данного вопроса обеспечит приток свежих идей в работе педагогов.

В текущих тенденциях образовательного процесса в нынешнее время с перспективой на ближайшие два – три года с учётом важных факторов, двигающих прогресс в русле всеобщей интеллектуализации

и повышения уровня образовательных услуг дают сегодня желаемый результат в работе психологов и педагогов. Самой важной гранью и инновационным прорывом считаю развитие интеллекта нестандартными методами, вне зависимости от технического прогресса, изменения образовательных программ. Одним из таких методов считаю применение вероятностного подхода в развитии интеллекта. Что такое интеллект в нешаблонном понимании? Интеллект нельзя увидеть, его нет в материальном мире, он эфемерен, однако его можно оценить. Придав вес различным критериям, как умение сравнивать, находить общие и отличительные признаки, подмечать тренды, выделять нехарактерные несоответствия нестабильности и информационные шумы. На практике это будет выглядеть, как усложнённая аналитика темы занятий путём разбивки самого занятия на ключевые и составные элементы для понимания полноты картины урока.

Аналитические методы предусматривают использование методик и идей в различных комбинациях с получением эффективного результата. Сам по себе интеллект разбивают на две составляющие: эвристическую и логическую. В начальных классах наиболее полезным развивать интеллект можно с помощью географических и математических задач, примеров и вопросов. Географические знания развивают абстрактное мышление, кругозор и интуицию, а математические знания способствуют укреплению логики, точного счёта, оценки шансов, сравнительно аналитическому базису.

Рассмотрим некоторые принципы и методики, приёмы и стратегии развития интеллекта посредством переплетения в качестве заготовок учебных дисциплин как логика, психология, самопознание, естествознание и математика для активного применения в практических занятиях.

«Вероятностное оценивание». Пересмотр оценивания знаний учащихся с помощью применения вероятностного подхода – теории вероятности. Здесь применяется 100 %-ная система оценивания, которая подразделяется на десять равных шкал, от 0 % до 100 %, первый диапазон 0–20 % – низкий уровень, 20–50 % – ниже среднего уровня, 50–60 % средний уровень, 60–70 % вышесреднего уровня, 70–80 % оптимальный, 80–90 высокий, 90–100 % сверхвысокий уровень.

Логи-карта. Конечный результат труда учащегося это оценивание по логи – карте – логической карте познаний, глубины ответов не шаблонности мышления. Критериями оценивания могут являться создание большого количества образов, аналогий, сравнения объектов, выделения наиболее весомых параметров,

умение анализировать и прогнозировать посредством имеющихся параметров и факторов, выдвигать гипотетические модели ответов.

Визуализация на уровне детского мышления. Визуализация является мощным психологическим фактором и методом воздействия на личность человека для улучшения и повышения, требуемых показателей и качества, полученных знаний, умений, навыков, а также закрепления в практической мере для правильной самооценки улучшения общего психологического фона. Визуализация означает представление в детском сознании с помощью педагога таких образов и состояний, которые в перспективе позволяют сформировать чёткий и ясный алгоритм, стратегию действий, процесс работы в мельчайших деталях, и ожидаемо, предполагаемый результат, итог и исход поставленной задачи и цели. Таким образом, решаются два важных аспекта: экономится время на приготовление к уроку, вступление в начале и «разогрев».

Статистическая цепочка. Данный математический метод можно использовать в тех ситуациях, когда собранный материал по теме урока недостаточно покрывает вероятностное поле по необходимой тематической информации. То есть собираются из открытых инфоисточников напрямую и косвенно необходимые элементы и отрезки информации и объединяются в произвольную либо имеющую чёткую закономерность, таким образом, минимально накопленный объём материала в полной мере может служить полноценным инструментом ведения занятий.

Приём «Парадокс». Суть этого приёма сводится к тому, что перед началом объяснения нового материала учитель приводит детям некий парадоксальный пример или загадку, захватывающую детское воображение. Хорошо известно, что ничто не привлекает так детское внимание, как нечто удивительное. Учителю необходимо отметить, что при всей удивительности этого явления его можно объяснить с точки зрения науки и содержание данного урока в этом поможет. После изложения нового материала учитель просит учеников объяснить парадокс.

Естественно, учащиеся заинтересуются решением данного парадокса и более внимательно будут слушать объяснение нового материала.

Майнд – контроль: контроль сознания разума, логических концепций. Он подразумевает максимальный сбор скрытой индивидуальной информации такой как увиденная, услышанная, прочитанная, добытая, исследованная, мнение о чём-либо,

суждения, придание характеристики чем – либо. Обобщение, распределение умозаключения из этих данных помогает наладить дружественные и благоприятный микроклимат.

«Рейтинговая таблица». В процессе обучения возникает необходимость стимулирования, улучшения результатов и качества полученных знаний. Наилучшим способом стимулирования мотивации может стать внесение соревновательного аспекта честной конкуренции, основанной на индивидуальном и коллективном партнёрстве, которая повысит уровень знаний. Составляется рейтинговая таблица, которая будет прекрасной альтернативой изживших своё классных журналов. В рейтинговую таблицу вносятся статистические показатели успеваемости: средневзвешенная долгосрочная успеваемость (два месяца), текущая краткосрочная успеваемость (две недели), выявление серий результатов (высоких и низких). Таблица динамична, периодически через каждые две недели, два месяца происходит обновление данных таблицы, на основе которого каждому учащемуся присваивается рейтинг: высокие показатели в верхней части таблицы, средние в середине, а низкие в нижней части таблицы.

Метод «Поиска нестандартных колебаний». Привить учащимся навыки критичного мышления, которые позволят находить колебания, отклонения, нестандартные ситуации, сенсационные новаторские мысли, которые обогатят интеллектуально логический потенциал. В целом именно такой подход позволяет создавать учащимся новые цепочки информационного эгрегора, что является накоплением новых знаний, тренировать краткосрочную память, которая мало задействована в обычном плановом учебном процессе, так как в нём используется долгосрочная память или же лонгкэш, так как такой вид памяти позволяет показывать результаты на протяжении всего учебного года с прицелом на итоговый контроль, минус долгосрочной памяти - неразвитость творческих мотиваций.

Метод «Чёрного лебедя». Привить учащимся навыки критичного мышления, которые позволят находить колебания, отклонения, нестандартные ситуации, сенсационные новаторские мысли, которые обогатят интеллектуально логический потенциал. В целом именно такой подход позволяет создавать учащимся новые цепочки информационного эгрегора, что является накоплением новых знаний, тренировать краткосрочную память, которая мало задействована в обычном плановом учебном процессе, так как в нём используется долгосрочная память или же лонгкэш, так как такой вид памяти позволяет показывать результаты на протяжении

всего учебного года с прицелом на итоговый контроль, минус долгосрочной памяти - незрелость творческих мотиваций.

Метод «Чёрного ящика». В данном методе учащимся показываются скрытые изображения, ключевых слов, картинок по теме. С помощью дополнительных слов - проводников угадываются содержимое скрытого изображения. Здесь необходимо задействовать максимальный словарный запас.

Генератор Монте – Карло. Объединение в сплав смысло – логических понятий, терминов, закономерностей по изучаемой теме. Создаваемые выборки из большого количества событий развивают способность максимизировать объём сбора тематической информации. Это позволяет наилучшим образом развить долгосрочную память, так как происходит максимальный обхват мозговых центров, отвечающих за координированную деятельность логического аппарата.

Метод «Солнечного затмения». Как известно во время солнечного затмения диск солнца закрывается луной, относительно логики мы не можем интерпретировать это так: учащиеся должны уметь выдвигать опровержения правильных суждений, и так же опровержение неправильных и нелогичных рассуждений, понятий. Уметь видеть, образно говоря, «свет в ночи, тень в свете, холод в тепле, зной в стужу, быстроту полёта в неподвижности неба, динамику роста в сокращении». Видеть и понимать то, что скрыто от общественного мнения в силу недалёковидности общества, инертности и неумении нежелания видеть и признавать смену трендов и тенденций. Именно так и никак иначе можно развить в самые краткие сроки наилегчайшим способом развить интеллектуальные способности.

Видеть и понимать то, что скрыто от общественного мнения в силу недалёковидности общества, инертности и неумении нежелания видеть и признавать смену трендов и тенденций. Именно так и никак иначе можно развить в самые краткие сроки наилегчайшим способом развить интеллектуальные способности.

В заключении хочется сказать, что дети всегда открыты и готовы узнать новое и неизведанное, обладают невероятным заряжающим педагога положительным настроем. Задачей педагога является умелое использование этой энергии, не разрушая желание и мотивацию детей в постижении знаний и раскрытия скрытых глубинных побуждений, интеллектуальных возможностей путём правильного наложения новаторских идей и методик развития нестандартного и нестандартного мышления.

ЛИТЕРАТУРА

1 Развитие интеллекта: эффективные способы на каждый день: <https://4brain.ru/blog/развитие-интеллекта-способы/>.

2 Развитие интеллекта и умственных способностей у детей: https://amakids.ru/about_us/blog/mentalnaya-arifmetika/razvitie-intellekta-i-umstvennyh-sposobnostej-detej/.

3 Методы и формы развития интеллектуальных способностей, обучающихся на уроках физики и математики: <http://открытыйурок.рф/статья/576721/>.

4 Развитие интеллектуальных способностей и мышления младших школьников: <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2013/05/06/razvitie-intellektualnykh-sposobnostey-i-myshleniya>.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ТЕНДЕНЦИЯНЫҢ ӘСЕРІ

КАЛИЕВА Л. М.

12 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
ТУЛЕБАЕВА Б. Т.

Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі,
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Елбасы Н. Назарбаев мемлекет алдындағы ең басты міндет ретінде Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 ел қатарына енуін анықтады. Біз бұл мақсатқа қалай қол жеткізе аламыз? Әрине, ең алдымен озық ғылым, бәсекеге қабілетті білім беру мен инновациялық технологиялар арқасында.

Қазіргі заманда әлем критерийлерінің өзгеруіне байланысты, адамзат баласының әлемде алып жатқан рөлі жайлы да жаңа түсініктер енгізілуде. Мәселен, тек 30-40 жыл бұрын ғана мемлекет қуаты қарамағындағы аумақтар саны, қару-жарақ пен әскердің күшімен өлшенсе, қазіргі уақытта мемлекеттік күштің негізгі критерийі - бұл жаңа технологиялардың сандық және сапалық даму жылдамдығы. Бұл даму қарқыны, өз кезегінде, ғылым мен білімнің даму деңгейіне байланысты болады. Осылайша, біз кез келген мемлекеттің басты байлығы адам екендігін түсінеміз, ал еліміздің күші мен әл-ауқатын арттырудың басты жолы - халықтың білім деңгейін арттыру және адамның шығармашылық қабілеттерін дамыту болып саналады.

«Бүгінде білім алу саласына инвестиция салу - бұл шығын емес, керісінше, өте жылдам экономикалық дамуға әкелетін

жол. Мұны түсінетін елдер қарқынды дамуға қол жеткізеді» - деген ұстанымды Еуропа мемлекеттері барынша қолдайды. Қазақстанның да бұл ұстанымға деген көз-қарасы жағымды. Дәлел ретінде, «Қазақстан-2050» стратегиясында Н. Назарбаев Қазақстан Республикасының толығымен дамуы үшін ұлттың интеллектуалды әлеуеті туралы ойлау қажет деп түсіндіреді. Елбасымыздың айтуы бойынша, болашаққа инвестиция – қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқатынның жетістігі үшін бәсекеге қабілетті адам капиталын арттыру мүмкіндігі [1]. Сондықтан, мемлекеттегі білім мен кәсіби дағдыларды дамыту - заманауи білім беру жүйесінің басты мақсаты.

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін реформалау 10 жылдан астам уақыт бойы жалғасуда [2]. Мәселен, 2010 жылы 7 желтоқсанда білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Президенттің Жарлығымен бекітілген еді [2]. Оның ең басты мақсаты – білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканың тұрақты өсімі үшін сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту. Ол мақсатқа жету үшін Қазақстан әлемдік білім беру кеңістігіне ену және халықаралық білім беру стандарттарына жақындасу арқылы, шетелдік, ең алдымен еуропалық тәжірибені үлгі ретінде алады. Мысал ретінде, Қазақстан Республикасының жоғары білім жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану үшін білім берудің Болондық үлгісін жүзеге асыруда. Дегенмен, басқа тәжірибені соқыр көшірмелеудің теріс салдарын болдырмау үшін еуропалық білім беру жүйесіндегі кейбір тенденциялардың әлсіз әрі күшті жақтарын талдау қажет. Осылайша ғана, жоғары білім беру жүйесінің модернизациялау процессін дұрыс жүзеге асыруға болады. Алдағы уақытта жоба мақсатын іске асыру үшін жаһандану феноменін ескере отырып, мемлекет ішіндегі жоғары білім беру саласы және оған еуропалық тенденцияның әсері жан-жақты талданатын болады.

Зерттеу сұрақтары

Қазақстандағы жоғары білім беру жағдайын зерттеу, Еуропаның білім беру жүйесінің тиімділігін анықтау, Қазақстанды дамытуға бағытталған стратегиялардың білім бағдарламасы жайлы ұсыныстарын талдау мақсатында келесі зерттеу сұрақтары қарастырылды:

- 1 Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі қалай дамуда?
- 2 Қазақстанда жүргізіліп жатқан жоғары білім беру жүйесіне қатысты қандай реформалар ұсынылған?
- 3 Еуропалық білім берудің Болондық үрдісіне ену қаншалықты тиімді?

Зерттеу әдісі

Қазіргі таңда еуропалық тенденцияның Қазақстандық білім беру саласының дамуына әсерін анықтау мақсатында зерттеудің сапалық әрі сандық әдістері қолданылды, соның ішінде сұхбат және сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Павлодар қаласының химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 9-12 қазақ және орыс сыныптардың 54 оқушысы, және Павлодар, Астана мен Алматы жоғары оқу орындарының 1-2 курс студенттерінің 49 респонденттері қатысты. Сонымен қатар, Еуропалық білім жүйесімен интеграциялаудың тиімділігімен келісетінін әлде келіспейтінін білу үшін НЗМ-нің жергілікті әрі шетелдік мұғалімдерден сұхбат алынды. Сұхбат алу алдында олардың жауаптарын жариялауға және болашақ зерттеу жұмысында қолдануға рұқсат алдым. Сұхбат алған адамдардың есімдері анонимді түрде сақталатынына келісім жасалды. Сондықтан, бұл зерттеу жұмыс этикалық және қауіпсіз болып табылады.

Төменде сауалнама сұрақтары мен оның нәтижелері келтірілген.

Диаграмма 1 – Респонденттердің оқитын сыныбы немесе курсы




Диаграмма 2 – Білім беру саласының мемлекет дамуына әсері





Диаграмма 3 – Еуропалық білім беру тәжірибесімен интеграциялау маңыздылығы



Кесте 1 – Сауалнаманың 3-ші сұрағына респонденттердің жауаптары

Еуропалық елдер жақсы дамығандықтан, біз жетістікке жету үшін олардан үлгі алуымыз қажет.	Жоқ, себебі біздің білім беру бағдарламамыз Еуропа елдерінен тәуелсіз болуы қажет.	Бұл мемлекетіміздің дамуына көмектеседі, себебі Еуропалық білім беру жүйесі танымал әрі көптеген оқушыларда тексерілген.
Әлемдегі дамыған елдер қатарына қосылу үшін білім саласын дамыту қажет, себебі ол мемлекеттің барлық саласына ықпал етеді.	Менің ойымша, біз алдымен туған елімізді дамытып, дәстүрді құрметтеп, патриоттық сезімді оятқанымыз жөн. Кейін ғана Еуропалық мемлекеттер сияқты дамимыз.	Иә, адамдар жақсы білім алу үшін шетелге кетуді болдырмау керек.

Диаграмма 4 – Еуропалық тенденциямен интеграциялау арқасында қалыптастырған дағдылар.



Сұхбат бір шетелдік (А.) және бір жергілікті (В.) мұғалімдерден алынды және негізгі бес сұрақтан құралды. Сұхбат нәтижелері төменгі кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Сұхбат сұрақтарына респонденттердің жауаптары

Сұрақ мазмұны	Респондент А.	Респондент В.
1. Неліктен білім беру саласында жұмыс істеуді таңдадыңыз?	Мен адамдармен жұмыс істегенді ұнатамын және өз пәніме деген қызығушылығым үлкен.	Келесі ұрпақтың болашағы жарқын болуы үшін білім беру жүйесін жетілдіруге үлес қосқым келеді.
2. Еуропалық білім беру жүйесі туралы не ойлайсыз?	Ұлыбританияда әлемдік стандарттарға сай қатаң білім жүйесі қалыптасқан. Оқу жоспары күрделі, GCSE мен A деңгейге негізделген. Алайда, оқушылардың нашар мінез-құлғы оқытуды үлкен қиындықтар тудырады.	Еуропалық білім жүйесі әлемдегі үздік тәжірибе болып саналады.
3. Еуропалық елдер мен Қазақстан арасында студенттерді оқытудың айырмашылығы қандай?	Қазақстан оқушылары қабілетті, өзгерістерге тез бейімділеді. Менің байқағаным, әсіресе НЗМ оқушылары еңбекқорлықпен, ынтықсымен ерекшеленеді.	Менің Еуропада жұмыс жасау тәжірибем жоқ, алайда Қазақстан білім беру жүйесінде әлі де кей кемшіліктер бар деп ойлаймын.
4. Қазақстанда білім беру саласының болашағы туралы қандай пікіріңіз бар?	Білім беру жүйесі әлемдегі батыс тәжірибелерін біріктіруді ойлап отырғандықтан, білімді маман иелерін дайындауға бар жағдай жасалынады.	Егер біз осы саланы дамытатын болсақ, күшті әрі тиімді білім беру жүйесін қалыптастыра аламыз.
5. Біздің мектепте еуропалық трендтердің әсерінің нәтижесі қандай?	Жақсы жақтары айтарлықтай көп, алайда мен бір теріс жағын атап айтқым келеді. Бұл-оқу тәртібі. Таңғы сағат 8-ден, кешкі сағат 17-ге дейін оқу тым қиын.	Әлемдегі басқа оқушылармен бәсекелесуге қабілеттілікті арттыру мүмкіндігі пайда болды.

Зерттеу қорытындысы

Шынайы әрі өзекті нәтижелерді алу мақсатында зерттеудің екі түрі, сұхбат және сауалнама әдістері қолданылған еді. Сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін сұрақтарды нақты әрі қысқаша етіп құрастыруға тырыстым. Сондықтан, мектеп оқушылары мен студенттер арасында жүргізілген сауалнама 4 негізгі сұрақтан

күралса, сұхбат 5 сұрақты ғана қамтиды (2-кесте). Сұрақтардың саны тақырыпты ашу үшін жеткілікті болды деп санаймын.

Сауалнамада тек мектеп оқушылардың ойы ғана ескерілмей, студенттердің пікірін білу маңызды болды. Сондықтан, респонденттердің 47 % жоғары оқу орындардың студенттері, соның ішіндегі 23 % II курс студенттері болса, 24 % I курс студенттері. Қалған 53 % ішінде басым көпшілігі 12 сынып оқушылары – 19 адам, 10 сынып оқушылары – 16 адам, 9 сынып оқушылары – 11 адам және қалғаны 11 сынып оқушылары – 9 адам (Диаграмма 1).

Респонденттердің басым көпшілігі (71 %) білім беру саласының мемлекет дамуына әсер ететіндігімен келіседі, алайда шамамен 11 адам бұл тұдырыммен келіспей, қалған 19 респондент жауап беруге қиналды (Диаграмма 2). Кейін мен еуропалық тенденциялармен интеграциялау маңызды ма деген сұраққа жауап іздедім. Сауалнамаға қатысқан 103 респондент ішіндегі 83 адам еуропалық тәжірибемен бірігу керек деп жауап беріп, өз ойларын келесідей дәлелдеді: «Еуропалық елдер жақсы дамығандықтан, біз жетістікке жету үшін олардан үлгі алуымыз қажет» (1-кесте). Жауап берушілердің ішінде бұл оймен келіспейтіндер де болды, ол шамамен респонденттердің 19 % құрады (Диаграмма 3). Олар да өз пікірлерін келесідей білдірді: «Жоқ, себебі біздің білім беру бағдарламамыз Еуропа елдерінен тәуелсіз болуы қажет» (1-кесте). Қазақстандық оқушылар мен студенттердің білім жүйесіне еуропалық тәжірибені енгізу қандай дағдыларды дамыта алатыны жайлы білімдерін тексеру үшін, сауалнаманың соңғы сұрағы қойылған болатын. Респонденттердің жауаптарына сәйкес көпшілігі (шамамен 90 %) өмір бойы оқу мен үштілділік саясатын таңдады (Диаграмма 4). Бұл мәселеге тек оқушылардың жағынан емес, оқытушылардың жағынан да қарастыру үшін мен мектеп мұғалімдерден сұхбат алуды жөн көрдім. Сұхбат алу барысында тек жергілікті қазақстандық мұғалім ойымен шектелмей, пікірлерді салыстыруға мүмкіндік алу үшін шетелдік мұғалімнің де ойын білгім келді. Сонымен, бірінші сұраққа шетелдік мұғалім оқушылармен жұмыс жасауды ұнатқандықтан ұстаз мамандығын таңдадым деп жауап берсе, жергілікті мұғалім елінің болашақ жастарының дамуына өз үлесімді қосқым келді деген ойын білдірді. Жалпы мұғалімдердің екеуі де еуропалық білім беру жүйесі жетік дамыған деген тұдырыммен келіседі, және қазақстандық оқушылардың ерекше еңбексүйгіштік пен бейімдеушілік қасиеттерін атап өтеді. Қазақстанның болашақта білім беру жүйесінің дамуына екі ұстаз да үлкен үміт артады. Бұл мақсатқа жету еуропалық тенденциямен интеграциялау арқасында жүзеге асады деп санайды.

Еуропалық білім берудің Болондық үлгісіне ену тиімділігі

Кесте 3 – Болондық үрдістің тиімділігіне SWOT талдау

S-күшті жақтары	W-осал жақтары
<ul style="list-style-type: none"> • Білімнің халықаралық деңгейде бәсекелестікке қабілеттігі • Үздіксіз білім беру • Өзін-өзі оқыту тәжірибесі • Оқытушы студенттерді оқытумен бір семестр айналысып, ал екіншісінде тікелей ғылыми қызметпен шұғылдануы • Оқытушы студенттің жұмысына бағыт беретін және түзетуші, кеңес беруші ретінде ғана қатысуы • Академиялық кредиттер жүйесін қабылдауы • Әр студент өзінің жеке оқу жоспарын қалыптасуына қатысуы • Әртүрлі мәдениеттерге, тілдерге, ұлттық жүйелерге сый-құрметпен қарауы • Жоғары білімнің үш деңгейлі жүйесі 	<ul style="list-style-type: none"> • Жоғары оқу орындарында оқылатын таңдау бойынша пәндердің Республика деңгейінде әлі де болса бір жүйеге келтірілмеуі • Республикадағы жоғарғы оқу орындары арасында академиялық ауысу мүмкіндігінің шектеулі болуы • Оқушылар өз бетімен іздену, өзін-өзі басқару мүмкіндігі шектеулі деңгейде болады, себебі олар мектептен даярлықсыз келеді • Электронды оқулықтар, әдістемелік жұмыстар жетік дамымаған, өзгертулерді қажет етеді
Ө-мүмкіндіктері	Т-қауіп-қатері
<ul style="list-style-type: none"> • Оқу жоспарында келтірілген пәндерді таңдау еркіндігі • Студент міндетті пәндер мен таңдау бойынша пәндерді мерзімінен бұрын тапсыру • Студенттер өздерінің бос уақыттарында оқи алады • Бұл әсіресе университет қабырғасында жүріп жұмыс жасау • Білім сапасын сапалы бақылау • Студенттер мен оқытушылардың мобильдігін кеңейту • Еуропалық жоғары білімнің сапасын Қазақстанда ары қарай арттыру • Табысты жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету • Университеттің автономия мен академиялық еркіндігін дамыту • Біртұтас еуропалық зерттеу кеңістігін құру • Қашықтан оқу, электрондық курстардың пайда болуы 	<ul style="list-style-type: none"> • Жоғары білімнің ұлттық жүйесін Еуропалық тенденцияға сәйкес реформациялау нәтижесінде ұлттық мәдениеттің батыстану үрдісінен зардап шегуі • Тіл құндылығының төмендеуі • Салт-дәстүрлердің ұмытылу қаупі • Жастардың Еуропа мәдениетіне еліктеуі • Ұлттық құндылықтардың маңыздылығы төмендеуі

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Омаров. Д., «Қазақстан Республикасындағы білім жүйесінің дамуы» мақаласы, 2015 ж.
- 2 Казамбаева А. М., «Сапалы білім-саналы болашақтың кепілі» мақаласы, 2016 ж.
- 3 Бурленова С., «Білім беруде жаңашылдық қажет» мақаласы, 2016 ж.
- 4 Әбілманова Ә., «Болондық процесс» автореф., 2014ж.
- 5 Назарбаев Н. Ә., «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Қазақстан халқына жолдауы, 2012 ж.
- 6 Назарбаев Н. Ә., «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» жарлығы, 2010 ж.
- 7 Назарбаев Н. Ә., «100 нақты қадам» бағдарламасы, 20.

AR ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША МЕКТЕП ПӘНДЕРІН ОҚИТУ

МАГАУИН К. М.

информатика пәнінің мұғалімі, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
БЕКБОЛАТ А., ЕЛЖАН Е., ТОКТАГАНОВ Т.
10 «В» сынып оқушылары, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Осы жобаның басты мақсаты - бұл AR технологиясы арқылы жұмыс істейтін мобилді қосымшаны жасау болып табылады. Бағдарлама оқушыларға мектеп бағдарламасындағы пәндерді оқытатын болады. Біздің ойымызша, бұл технологияны білім жүйесіне енгізу арқылы, оқушылар сабақты қызығып оқитын болады. Елімізде осыған ұқсас жобалардың болмауы біздің жобамыздың өзектілігі болып табылады. Біздің оқыту жүйеміздің програмасы Назарбаев зияткерлік мектептерінің бағдарламасы бойынша дайындалған. Сабақ қазақ тілінде түсіндірілетін болады. осыған ұқсас жобалар бар. Бірақ олар жас балаларға арналған және оларға сабақ бермейді [1, 2].

Технология заманымызда жаңа қосымша кеңістік технологиясы пайда болды. Қосымша кеңістік технологиясы смартфондар немесе арнайы көзілдіріктер арқылы жұмыс істейді. ол арқылы 3D нысандарды көруге болады. Көптеген корпорациялар оны өздерінің қызмет салаларына жеткізуді жоспарлап отыр. Мәселен, енді адамдар жиһазды тасымалдауға және пропорцияларды алаңдатуға мұқтаж емес. Сіздің болашақ үйіңізді және заттарыңызды іс жүзінде көре

алатын компания бар. Сіз осы заттарды жылжытуға және ең қажетті нәтижеге қол жеткізе аласыз. Одан кейін ғана барлық жиһаздарды үйге алып келе аласыз. Бұл AR-ды пайдаланудың бір ғана мысалы болды. Мысалы, Audi модельдерді компьютерде 3D модельдеудің көмегімен емес, арнайы көзілдіріктер мен джойстиктер көмегімен жасайды. Біз бұл технологияны білім жүйесіне енгізгіміз келеді.

Біздің жобамыздың атауы - «AREdu». AR - Қосымша кеңістік, Edu білім ретінде қысқартылған. Біздің интернет-дүкеніміз әр сынып үшін арнайы заттарды орналасады. Адамдар жеке тақырыптарды немесе бүкіл оқу жылын сатып ала алады. Сатып алғаннан кейін оларға сабақтарды жүктеу үшін код беріледі. Бағдарламаны App Store немесе Play Market-тен тегін алуға болады. Бірақ бұл олардың құрылғысының платформасына байланысты. Біріншіден олар жүктеу кодын енгізеді, содан кейін сатып алынған сабақ негізге экранда пайда болады. Бұл қарақшылықпен күресу үшін жасалды. Карталарды интернет-дүкеннен тапсырыс беруге немесе сайттан көшіріп алуға және оны басып шығаруға болады (формат маңызды емес). Бала карточканың алдына смартфонның камерасын қойса, виртуальды мұғалім пайда болып, сабақты түсіндіре бастайды. 3D бейнені кідіртуге және кері айналдыруға болады.

Біздің барлық карточкаларымыз Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім беру жүйесін қолданатын болады. Себебі өздеріңіз білетіндей орта білім беру мектептері осы жүйеге біртіндеп көшіп жатыр. Әрине, біз барлық тақырыптарды қамтып, бүкіл саланы үйрете алмаймыз. Біздің мақсатымыз тақырып төңірегіндегі кілтті оқиғалар мен маңызды сәттерді түсіндіре өту. Мысалға геометрияда біз барлық формулаларды, барлық сызбаларды түсіндірмейміз, біз маңызды деген Пифагордың теоремасын 3d форматында түрлі мысалдармен түсіндіріп береміз. Төменде 9 сыныптың қолайлы жоспарын көре аласыздар. Барлық оқу жылында оқушылар негізгі 12 тақырыпты өтетін болады. Оқушы біздің қолданба арқылы ең керекті деген тақырыптарды өте алады. Мысалға бала шеңбер мен оның ішкі бұрыштарын өткен кезде біз мысалдарды қолдана отыра түсіндіреміз.

Біз анимацияны UNITY бағдарламасында жасаймыз. Мұнда коды жазылады, әртүрлі платформаларға жобаларды тіркейді. Анимация - жобаның ең қиын сатыларының бірі. Өйткені, AR нысандары үшін анимацияны жасау кезінде оның тұрақтылығына назар аударуыңыз керек. Бұл объектің жылжымауына және дұрыс синхрондалуы үшін қажет. Біз өзіміздің карталарымыздың суретін жасаймыз және оған кейіпкер мен сабақты жүктей аламыз. Жаксы анимацияны жасау

үшін шамамен бір сағат керек. Қалайда болса, анимацияны біз код арқылы жасаймыз. Біз жазған кодта C#-ты қолданамыз. Төменде біз анимацияның кодын көре аламыз. Кодты жазу біраз уақыт алады.

Төменде көріп тұрғанымыздай, Біз бағдарламаға барлық карточкаларды және олардың дыбыстарын бірге енгіземіз. Осылайша, олар бір жұмыс орындап орналасады. Біз дыбыстық файлдарды бөлек бағдарламаларда жазып, оны осында экспорттаймыз.

Біз 5-10 сыныптардан 100 адамнан сауалнама алдық. Павлодар қаласының оқушылары сұрақтарымызға жауап берді. Нәтижесінде көптеген балалардың «биологияны» жақсы көретіндігін білдік. Олар біздің бағдарламамыздың көмегімен бұл тақырыпты зерттеуді қалайтынын айтты. Өйткені, олар 3D нысандарын: органдарды, жануарларды, гүлдерді, аминқышқылдарды және т.б. анық көре алды. Мысалға осы суреттен көре аласыз [6, 3].

Сауаднама нәтижесіне, оқушылардың география пәнін жаңа технологиялардың көмегімен оқығысы келмейтіндігі анықталды. Бірақ айта кетерлік жайт, олар 3d форматында тауларды, өзен-көлдерді қарау пайдалы әрі қызықты болатындығын айтты.

Химия пәні оқушылар үшін түрлі эксперименттер жасау үшін қызықты. Бірақ енді біздің қосымшамыз арқылы реакцияның қалай жүрі жатқанын өз үстеліңізде смартфоннан 3d форматында көре аласыз [5].

Көптеген молекулалардың құрылысын AR технологиясы арқылы қарау өте құлайлы болып табылады. Оқушылар өз көздерімен көре отыра, осы молекулалар мен атомдардың ішкі құрылыстарын оңай жаттай алады. Ең бастысы бұл олар үшін өте қызықты болғандығы [4].

Математиканы да осы технология көмегімен оқуға болады. Математика дегеніміз мындаған формулалар мен қисымсыз есептер емес. Оқушылар үшін стереометрия мен геометриялық фигураларды, формулаларды түсіну өте қиын. Стереометрияның фигуралары ақ қағаздың бетінде оқушыға көптеген сұрақтар туғызады. Үш осьтегі қабырғалары бар фигураны AR арқылы оңай көріп, барлық қырларын жеңіл жоспарлауға болмайды. Тіпті, біздің өзіміз стереометрияда фигуралардың қабырғаларынан шатасып кетіп жатамыз.

Физика сабақтарында эксперименттер де, түрлі формулаларда қызықты. Бірақ Виртуальді әлемде үйкеліс күшін де, ауырлық күшін де жеңіл байқап, оңай түсінуге болады [3,7].

Біздің негізгі тұтынушыларымыз: ата-аналар, мектептер. Орташа алғанда, тек бір пәннің оқу жылына 3600 теңге кетеді. Бұл тек бір адамға арналған жүктеу коды болады. Біз мектептерге арнайы жеңілдіктер

қарастырыпжатырмыз. Бұл 25 % жеңілдік болады. Осылайша, егер бір оқу жылы 3600 теңге тұрса, мектептерде ол 2700 теңге тұрады [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 James Chronister. Blender Basics 4th Edition, шығарылды: 5 Мамыр 2011 жыл. Қолданылған беттер: 81 – 143 б.

2 Автор: Thomas Finnegan. Learning Unity Android Game Development, шығарылды: 30 Сәуір 2015 жыл. Қолданылған беттер: 245 – 250 б.

3 Автор: Thomas Finnegan. Learning Unity Android Game Development, шығарылды: 30 Сәуір 2015 жыл. Қолданылған беттер: 155 – 163 б.

4 Автор: Donny Wals. Mastering iOS 11 Programming: Build professional-grade iOS applications with Swift 4 and Xcode 9, 2nd Edition, шығарылды: 27 Қазан 2015 жыл. Қолданылған беттер: 550 – 555 б.

5 Авторы: Craig, Clifton, Gerber, Adam. Learn Android Studio, шығарылды: 3 Желтоқсан 2015 жыл. Қолданылған беттер: 20 – 35 б.

6 Автор: Matthew MacDonald. Creating a Website: The Missing Manual Third Edition, шығарылды: 13 Мамыр 2011 жыл. Қолданылған беттер: 200 – 354 б.

7 Автор: John Wiley. HTML and CSS: Design and Build Websites, шығарылды: 8 Қараша 2011 жыл. Қолданылған беттер: 300– 350 б.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ БАЛА ДАМУЫНА ПАЙДАСЫ

ТАИРОВА З. А.

қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі, № 71 ЖОББМ, Шымкент қ.

МАХМУДЖАНОВА Д. З.

6 сынып оқушысы, № 71 ЖОББМ, Шымкент қ.

Қазақтың ұлттық спорт түрлері мен ойындарының көптігі соншалық, оларды адамның жас ерекшеліктеріне қарай топтауға да болады екен. Мәселен, «тоғызқұмалақ», «хан дойбысы» секілді ойындар жас-көріні талғамайтын болса, кейбір басқа ойындар тек әр жас өкілдеріне ғана тән.

Балабақша бүлдіршіндеріне арналған ойын түрлері: «ұшты-ұшты», «куырмаш», «сақина салу», «қуаласпақ» т.б.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған ойын түрлері: «қасқыр қақпан», «қоян», «қырық аяқ», «сиқырлы таяқ», «соқыртеке», «мерген мен үйрек», «ортаны тап», «кім байқағыш?», «қоян мен қасқыр», «сап түзеген батырлар», «жануарлар қалай үндейді?», «қарғымақ», «кім жылдам?», «жанды дөңгелек», «ақсерек, көксерек» т.б.

Орта сынып оқушыларына арналған ойындар: «дәл түсір», «қызыл ту», «қашпа доп», «тоспа доп», «қазан доп», «тауық күрес», жаяу аударыспақ», «жоғалған топты іздеу», «бөлләй», асық ойындары т.б.

Жоғарғы сынып оқушыларына арналған ойын түрлері: «арқан тартыс», «мойын арқан», «қазақ күресі», «білектесу» т.б.

Ер жігіттер мен бойжеткендер ойыны: «ақсүйек», «алтыбақан», «қыз қуу», «аударыспақ», «теңге ілу», «ат жарыстары», «асау үйрету», «садақ тарту», «көкпар» т.б.

Зеректік ойындары: «хан дейбісы», «тоғызқұмалақ» т.б. денсаулық көзі, денсаулықты сақтау үшін әрекет, адамның күш мүмкіншілігін дамыту, жеңіске деген жігерін шындау, қиыншылыққа төзу қимыл-әрекетін шоғырландыра білу, соларға үйрену:

– дене еңбегімен үнемі шұғылданып, жаттыққан адамның бұлшық ет талшықтары тез өседі, бойының күш-қуаты қалыптасады;

– сыртқы ортаның түрлі қолайсыз жағдайларына төзімдірек келеді;

– қозғалысы жинақы, ширақ, тез, әдемі жарасқан, қарым-қатынастық ережеге бейімделуі жоғары;

– сезіну, ойлану және еңбектену қабілеттері бір-бірімен үйлесімді және бірін-бірі толықтырады. Аз қозғалыссыз ортада нерв талшықтары тез тозады, қан айналым жүйкесі біртіндеп ауруға шалдығады, жүрек қабынады, бойды әуре-сарсаң құрыстырады. Жүрегі шынықпаған адам тез шаршайды, тырысқақ немесе ашушаң келеді. Жалқаулық жекенің де, ұлттың да қасіреті. Онда санасыздық басым. Жүрегі шыныққан адамның мінезі де төзімді, кеңпейіл, батыл соғады, қарсыласынан қайтпайтын тынымсыз, күрескер келеді. Жүрегі ашық жан қиыншылықтан құтылудың, қуанышқа жетудің саналы жолын таңдайды, өзін қарпайымдылық пен қайырымдылықтан ауытқыта бермейді. Өзін емдеудің, сергітудің тиімді тәсілдерін қолданады.

Қорыта келе, қазақтың ұлттық ойындары адамның талдау, таңдау қабілетін шыңдайды, ортамен тіл табысуға, қарым-қатынасты жетілдіруге, жұмысын мазмұны етуге, жеңіске жетудің ең тиімді түрлерін қарастыруға, адамның бойындағы қасиетті әлеуметтік күшке және қозғалысқа айналдыруға итермелейді.

Баланың ой өрісін, танымын дамыту барысында ұлттық ойындардың маңызының зор екендігін ұмытпауымыз қажет. Себебі, ұлттық ойындар баланы өз елін сүюге, құрметтеуге, өз және өзге ұлтты сыйлауға, патриоттық сезімді нығайтуға, салт-дәстүрлерін сақтай білуге, ұлттық идеологияны құрметтеп, өз ұлттық діліне, тіліне беріктігі мен ұлттық салт-дәстүрді сақтауға және физикалық,биологиялық тұрғыда мықты болуға үлкен септігін тигізеді. Баланың ой-өрісін дамытытан ұлттық ойын түрлеріне «Ақсүйек», «Ханталапай», «Арқан тартыс», «Тоғыз құмалақ», «Асық ойыны», «Алтыбақан», т.б. Ұлттық ойынның басқа ойындардан ерекшелігі таза ауада, яғни далада ойналатындығы.

Ұлттық ойындардың бірі – ата-бабалардан бізге жеткен «Ханталапай» ойыны. Бұл негізгі шарты бойынша бақылаушы асықты топыраққа лақтырып 2 топқа бөлінген балалар шашылған асықты тез жинап алуы керек,қай топ көп жинаса, сол ұтқаны. «Ақсүйек» ойынын айлы түнде көңіл көтерген жастар сүйекті лақтырып, оны іздеу арқылы ойнаған.

«Асық ойыны» – қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады.

Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар,тәйке,омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т.б. Мысалы, құмар ойынға 2-4 адам қатысады. Олардың жақсы жонылып, табаны қайралған төрт асығы болуы керек. Ойыншылар өзара келісіп жеңімпазға жүлде тағайындап алады да кезек-кезек төрт асықты иіреді. Егер иіруші: төрт бүк, не төрт шік, не төрт алшы, не төрт тәйке түсірсе, жүлденің жартысын алады, төрт асық төрт түрлі түссе, онда тігілген жүлдені түгелдей алады. Осылайша ойын жалғаса береді. Асықты мұртынан не жамбасынан тұрғызуды омпы дейді. Омпы ойыны тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді. Мақсат – көп асық ұтып алу. Асық ойынының орнын керек десеңіз компьютер ойыны да алмастыра алмайды. Оны төмендегі біздің зерттеп,құрастырған кестеден көруге болады (1сурет).

Таблица 1 – Салыстырмалы кесте: компьютер ойыны және асық ойыны

Компьютерлік ойындар	Асық ойыны
Баланың жүйке - жүйесін тоздырады	Баланың ойлау қабілетін дамытады
Бойына тұйық мінезді қалыптастырады	Адамдармен тез тіл табыса білуге үйретеді
Қан айналымын бұзады	Денені шынықтырады
Жүрек - қан тамырларының жұмысын баяулатады	Қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысы жақсартады
Көздің көруін нашарлатады	Көз қашықтан көруге қалыптасады
Бойдың өсуіне теріс әсер етеді	Бойдың жылдам өсуіне көмектеседі
Тері тітіркеніп, бөртпелер пайда болады	Кен ауада тері жасушалары ашылып, ағза тынығады.

Кенес өкіметі кезеңінде ұлттық ойындар, соның ішінде асық ойыны еріккеннің ермегі, ойын балаларға тәрбие бермейді деп есептелді. «Асық ойнаған, азар, доп ойнаған тозар» – деп мақалдап та жүрдік. Осы кестеден асық ойынының еріккеннің ермегі еместігін көруге болады. Қазақ халқы негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған.

Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясының 1-ші томының 500-ші бетінде Б. Төтенәйтегі сипаттап берген асық ойындарының түрлеріне тоқталар болсақ, олар мыналар:

Құмар. Ойынға 2-4 адам қатысады. Олардың жақсы жонылып, табаны қайралған төрт асығы болу керек. Ойыншылар өзара келісіп жеңімпазға жүлде тағайындап алады да, кезек - кезек төрт асықты иіреді. Егер иіруші: төрт бүк, не төрт шік, не төрт тәйке түсірсе, онда тігілген жүлдені түгелдей алады. Осылайша ойын жалғаса береді.

Омпы. Асықты мұртынан не жамбасынан тұрғызуды омпы дейді. Оны тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде ойнай береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, соғұрлым қызықты болады. Мақсат - көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызады да, көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек - кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бұрын тигізсе, онда тігілген бар асық сол алады, егер омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біріне тигізсе тек сол асықты ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді.

«Төрт асық». Бұл ойынды балаларға жас кезінде үйретеді. Төрт – бес жасар балалардың ойнауына жақсы. Ойын мақсаты белгілі: бала бір асықта төрт түрлі пішім бар екенін және әр пішімнің әр қыры бар екенін зердесіне тез түйеді. Ойынға қосылған балалардың әрқайсысы бір асықтан иіреді. Кімнің асығы алшы түседі, сол бала ойынды бастайды.

«Асық ату». Көбіне жаз және күз айларында ойналады. Ойынға екі бала қатысады. Ойынға қатысатын әр баланың өз сақасы болуы шарт. Сақа қойдың ең ірі асығынан таңдап алынады. Ойынды ойнау үшін тегіс жерге белгі салынады. Сызық сызылады. Ол шеңбер түрінде үш түрлі сызығы болады. Бірі- өріс сызығы, бірі-табан сызығы, үшіншісі-орта сызығы. Өріс сызығында тұрып балалар асығын иіреді. Өріс сызығы мен табан сызығының арасында кімнің асығы алшы түседі, ойынды сол бастайды.

«Хан талапай». Ойынға 5-10 бала қатыса береді. Көп асықтың ішінде біреуін қызылға бояйды. Сол асық «хан» болады. Ойынды бастайтын бала санамақ арқылы анықталады. Ол асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік не тәйке түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сүк саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет.

«Атпақыл». Мұны кей жерде «көтеріспек деп те атайды. Бұл ойынға екі бала қатысады. Біреуі сақасын иіріп, екіншісі сол сақаны атады. Егер сақаға дәл тигізсе, атқан баланы екінші бала өз сақасы жатқан жерге дейін көтеріп апарды. Сөйтіп екі бала бірінің сақасын бірі атып, бірін – бірі көтерісеп ойнай береді. Бұл ойын балаларды шымырлыққа, дене күшін жетілдіруге баулиды.

«Қақпақыл». Ойын шарты: 1 асықты алақанға салып алып, жоғарыға жәймен лақтырып, асық қайтып түскенше алақанды төңкеріп, асықты қолдың сыртымен қағып алу керек. Содан соң қолдың сыртындағы асықты қайта лақтырып, төмен түсіп келе жатқанда алақанды ашып қалу керек. Бұл ойын баланы жылдам қимылдауға, шапшаң әрекет жасауға, баланы өз бетінше жылдам ойлануға, есеппен әрекет етуге үйретеді.

«Сасыр» ойыны да «иірмекіл» сияқты ойналады. Асықтарды жерге шашып тастайды, алшы, шіге түскен асықтарды алып отырады. Кенет алшы асықтың қасына тәйке түсіп кетсе, бала асып-сасып қалады ғой. «Сасыр» деп соны мензейді. Тәйке түскен сайын айып тартып отырады. Қанша тәйке түссе, өз асығынан сонша асық

косып, жерге жайып отырады. Айып ретінде ойынға қосар асығы болмаса, онда ойынды келесі бала бастайды.

«**Топай**» немесе «**Сөкелек**». Бұл ойындар жас шамасы 10–15 жас балаларға есептелген ойындар. Бұлар «Асық ату» ойыны секілді ойналады. Көбіне қыс кезінде, мұз үстінде ойналады. Ойыншы балалар асықтың шіге жағын егеп, тегістеп қояды. Сонда ол асықтар мұз үстінде зырылдап сырғанай жөнелетін болады. Сақа иіріледі. Кімдікі алшы түссе, ойынды сол бастайды. Сызық сызылады. Орта сызыққа асық орнына сиырдың бақалшақтарын тізеді. Сақаны сайлап алу керек, ол үшін оның екі жағынан тесік жасап, ортасына қорғасын құйып алады. Мұндай сақалар көбінесе жылқы майына суарылады, сонда сақа сынбайды.

«**Бәйге**». Бұл ойынды екі баладан алты балаға дейін ойнайды. Ол үшін ортаға 25 асықтан тігіп, шеңбер жасау керек. бір асықтың қасына сөкелек жатқызып қояды. Ол жерді «қақпа» деп атайды. Сол қақпадан екі асық асып түсіп 3-ші асықтың жанына тағы бір сөкелек қою керек. Оны «мәйек» деп атайды. Егер төрт бала ойнаса, олардың қолдарында екі – екіден бір түсті асық болуы керек. Кімнің кімнен қанша асық ұтқаны саналады. Сосын мәйекке жасыл асық бұрын жетсе, басқа асықтар мәйектен әртүрлі қашықтықта қалып қойса, онда жасыл асықты баланың ұтысы:

1 Жасыл асықты балаға сары асықты бала 1 асық, көк асықты бала 4 асық, қызыл асықты бала 9 асық беруі керек ($1 + 4 + 9 = 14$).

2 Сары асықты баланың ұтысы: сары асықты балаға көк асықты бала 3 асық, қызыл асықты бала 8 асық беруі керек ($3 + 8 = 11$).

3 Көк асықты баланың ұтысы: көк асықты балаға қызыл асықты бала 5 асық беруі керек.

«**Отыз ұры, бір есепші**». Бұл ойын таза есепке құрылған ойын. Мұны меңгерген бала тоғызқұмалақ ойынын ойнауға қабілетті деп танылады.

30 ұры, бір кісіні ұстап алады. Олардың заттары жоғала бастайды. Сонда ұрыны табу керек болады. Есепші айтады: «Мен ұрыны тауып берейін, бірақ менің дегенім болсын, қарсыласпаңыздар», - дейді. Сөйтеді де, 30 ұрының қол ұстасып, дөңгелене тұра қалуын өтінеді. Сосын өзі біреуінің қасына барып, «сенен бастап санаймын» деп оны белгілеп кетеді. Мәселен, асық саны арқылы есепке жүйріктікке баулитын мына **жұмбақты** алайық.

- Он – оннан асығы бар үш бала өзара асық ойнайды. Ойыннан соң біріншісі екіншісіне қарап:

- Қанша асық ұттың? - дейді.

- Ол:
- Онша көп ұтқыза қоймаппын, сегіз асығым қалыпты, - дейді.
- Онда сендегі барлық асық менің ұтып алған асығыма тең екен, - дейді үшінші бала асығын түгендеп тұрып.

- Ең көп асық ұтылған мен болдым, - дейді бірінші бала. Кім кімге қанша асық ұтылды? (Шешуі: екінші балада $10 - 2 = 8$ асық. Бірінші балада $10 - 6 = 4$ асық. Үшінші балада $10 + (2 + 6) = 18$).

Асық ойыны – тәжірибе мен тәсілдің еркіндігі, тапқырлық пен болжамның қиылысатын шебі, мұрат пен меженің тоғысқан шеңбері. Ойын серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойында адам қарсыласының олқы жөн оң жақтарын дұрыс анықтауға ерекше мән береді, оның күш-қабілетін тура бағалау ережесіне ереді. Ойнаушы бәсекесі мол қарым-қатынастың тәртібіне жүгінеді. Әр ойынның өз тәртібі, тәсілі және тәжірибесі бар. Сол тәртіп, тәсіл, тәжірибені білген адам тезірек қалыптасады, жан-жақты жетіледі. Асық ойыны - адамның қабілет-қасиетін ширататын жүйелі іс-әрекеттің көрінісі. Осындай белсенділікке қазақтың балалары ерте араласқан. Ойын-сауықтағы белсенділік - мінездегі кемшілікке, жеке адам мен қоршаған ортадағы келіссіздікке қарсылық, сондай-ақ бойдағы ебедейлікті көрсетуге шек қоймай жанталасу. Бұл ашық та, нақты сайыс.

Асық ойыны - жасөспірімдердің ой қабілетін, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырады. Олар үшін ойын – жан-тәнін қоздыратын тартымды қозғалыс, дене мен ойды қатар жаттықтыратын тартылыс, жеңістің дәмін татқызатын, жеңімпаздың мәртебесін көтеретін кеңістік пен қолдау.

Ата-бабамыз негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған. Қазақ халқы- ұлт ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдықты тағы басқа қуаты молдылығын, білек күшін дененің сомданып шынығуын қажет етеді. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық ойындары әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дөнбаев Ә. Б. Қазақтың ұлттық жарыстары мен ойындары дене тәрбиесі мен спортты танымал студия құралы ретінде // Дене тәрбиесі және еліміздің бәсекелестік мүмкіндігі: халық.ғылыми практ. конф. матер. (14-16 қазан 2010 ж.). – Алматы, 2010. – 204-206 бб.

2 Қазақтың ұлттық ойындары Алматы. 2005 жыл – 355 б.

- 3 Қазақ Совет энциклопедиясы 1 том.
 4 Аюбай Құралұлы «Ұлттық дүниетаным» Алматы. 1997 жыл.
 5 Қазақтың ұлттық ойындары 2006 жыл – 10 б.
 6 «Бала би» журналы 2010 жыл № 5.

ПАТРИОТИЗМ – ОТАНҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК

ШЕРИАЗДАНОВ А. Р., БАЙБОЛОВА А. М.
 10 оқушылары, № 44 ЖОББМ, Семей қ.
 ЖҰМАҒАЛИЕВ О. Ж.
 ғылыми жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі

«Қаһармандық үлгі, ұлттық намыстың қайрағы.»
Б. Момышұлы

Бүгінгі таңдағы мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі Қазақстан Республикасының азаматтарының патриоттық рухын көтеру болып табылады. Елбасы Н. Ә. Назарбаев жылдағы Жолдауында патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөледі.

Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің өзектілігі қоғамның рухани әлеуетін нығайту қажеттілігіне негізделген. Әрбір азаматтың жауапкершілік сезімін, Отансүйгіштік қасиетін арттыру. Қазіргі кезде егемендікке қол жеткізіп, алға қарай нық басқан, экономикасы берік Қазақстанның гүлденуіне үлес қосатын әр жас ұрпақтың патриоттық сезімі болуы қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз - қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азамат өзін - өзі айқын билеуін қалыптастырады» деп нақты көрсетті. Бүгінгі күні жеке тұлғаны қазақстандық патриотизм мен отансүйгіштік рухта тәрбиелеу барысында Қазақстанның білім және ғылым қызметкерлерінің ІІ съезінде де «Қазақстан азаматтарының отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орындарына дейінгі орталықтарда, барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу - мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» - деп анық айтқан болатын [1, 9 б.].

«Ұлттық патриотизмсіз ұлтты сақтап қалу мүмкін емес, ал ұлт болмаған жерде мемлекеттік деген ұғым да жойылады».

Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде 9-шы, ТМД бойынша 2-ші орынды иеленетіні белгілі. Осыншама ұлан - байтақ жерді ата - бабаларымыз ежелден қорғап сақтап келді. Өйткені қазақ ұлты тарихта тағдыр азабын аз көрмеген халық. Жер шарының жартысын табанының астына салған дүбірлі дәуірімен бірге халқының үштен екісін жоғалтып, өз жерінде жалпы халықтың 24 % ғана құраған замандарды бастан кешірдік [3, 11 б.].

Ал осы жерімізді қорғап, болашаққа толық мұрасымен сақтай алатын жас ұрпақ қаншалықты туған жерге деген сүйіспеншілікті сезіне алама? Бүгінгі күні балалармен жастардың патриоттық тәрбиесі сананы, өз Отанына деген адалдықпен берілгендіктен сезімін қалыптастыру, азаматтық борыш негізгі конституциялық міндеттерді орындауға деген дайындық талаптарына толығымен сай келе бермейді. Атқарылып жатқан жұмыстар еліміздің азаматтарының бойында патриоттық сананы қалыптастыру жөнінде стратегиялық міндеттерді толықтай кешенді шешуді қамтамасыз ете алмайды.

Елдің азаматын тәрбиелеудегі тежемелі факторлардың қатарында патриотизм мен демократиялық нанымдарды нысаналы қалыптастыру үшін жаңа қазіргі заманғы технологияларды пайдалануға қабілетті, біліктілігі жоғары мамандардың жеткіліксіздігін, азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі әлеуметтік технологияларды әзірлеуде жеткілікті тәжірибесі бар гуманитарлық бейнедегі ғылыми - зерттеу ұйымдарының аздығын атаған жөн. Патриотизм, әр адамның өз Отанын сүю, өз еліне адал берілгендік, оған қалтқысыз қызмет ету, оның мүдделері мен қауіпсіздігін қорғауға өз өмірін құрбан етуге дейін дайын болуды білдіреді.

Патриоттық сезім оқушыларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Әр балаға өз еліне деген патриоттық рухын қалыптастыру үшін Отанға деген құрмет аға ұрпақты Отан үшін жасаған ерлік, батырлық істерінің ұлылығын жете түсіндіру керек. Патриотизм сондай - ақ туған жерге ата - бабасы жатқан жерге деген құштарлықты, перзенттік махаббатты да білдіреді. «Отанды сүю отбасынан басталады» отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызы зор. «Елінді сүйсең ерлік істейсің», «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», деген мақал - мәтелдерінен Б. Момышұлының патриоттық тәрбиеге жоғары талап қойғанын байқаймыз. Бұдан біз ерлердің ерен ерліктерін ұрпақтан ұрпаққа үлгі - өнеге болып қалатынына сенеміз [2, 7 б.].

Ерлік дегеніміз адам бойындағы туа бітетін қасиет емес. Ол қоғамдық ортаның, игі дәстүрлердің ықпал етуіне байланысты қалыптасатын қасиет. Білімнің ошағы - мектеп өз Отанын сүйетін ұрпақ тәрбиелеу мектептегі әскери - патриоттық жұмыстың басты мақсаты болуы тиіс. Патриоттық сезімді жастарға мәнді және мағыналы оқыту үшін алғашқы әскери жетекші дені сау, мықты болашақ жауынгерлерді тәрбиелеудің маңызыдылығын жан жүрегімен түсініп, оқушыларды ерлік дәстүр рухында тәрбиелеуді мақсат тұтқан ұстаз ғана ел намысын қорғайтын, пендешілік мүддеден ұлт мүддесін жоғары қоятын нағыз азаматтарды тәрбиелей алады. Әр балаға өз еліне деген патриоттық рух қалыптастыру үшін оның бай тарихына болашағына деген жауапкершілігін сездіретін әрекет жасауымыз керек [4, 8 б.]. Әр балаға кішкентай кезінен «Қазақстан - менің Отаным, мен Отанымның алдында борыштармын» деген ойларды сіңіру қажет. Қазіргі кезде оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беруде батыр бабаларымыздың ерлік дәстүрлерін насихаттау барынша нығайып келеді.

Ұлы Отан соғысында өшпес ерлігімен аңыз болған халқымыздың даңқты ұлдары Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Төлеген Тоқтаров, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсеновтердің ерлік істері өскелең ұрпақтың патриоттық сезім ұялататын батырлыққа бауылитыны сөзсіз. Өзін ұлтының патриотымын деп санайтын әрбір азамат қазақ ұлтының мүддесін кез - келген артықшылықтар мен жеке басының мүддесінен жоғары қоюы тиіс. Қажет болса жанын да қиюы керек. Ұлт патриоты - білімі жоғары, ұлты қазақ, көп білуге құштар, білімі мен білігін ең алдымен өзі үшін, содан кейін әке - шеше, отбасы - балалары, туыс - бауырлары үшін, елі - жері жұрты үшін жұмсайтын ізденімпаз тұлға. Тілі - қазақ тілі [5, 72 б.].

Балаларға патриоттық тәрбие беруде көптеген озық тәсілдерді мысал келтіруге болады.

- Патриоттық тәрбие беруге арналған түрлі кештер өткізу.
- Ұлы Отан соғысы мен Ауған соғысы ардагерлерімен кездесулері.
- Әскери - спорттық ойындарын ұйымдастыру және өткізу.
- Әскери бөлімдердің ішкі тыныс - тіршілігімен оқушыларды таныстыру.
- Патриоттық әндер байқауын өткізу.

Ал бүгінгі таңда өзіміз білім алып жүрген № 44 жалпы орта білім беретін мектепте де патриоттық тәрбие беру дұрыс жолға қойылып өз деңгейінде атқарылып келеді. Біздерді жыл сайын

жоспарлы түрде әскери бөлімдерге саяхат жасап, жауынгерлердің тыныс тіршілігімен, әсери дәстүрлерімен танысу да дәстүрге айналып келеді. Осындай іс - шаралар саны молайған сайын жас жеткіншектер бойында кейін болашақ сарбаз әскери өмір жайлы түсініктері молайып, әскери техника және осы заманғы қаруларды көзбен көріп, қолмен ұстауы, еліміздің Қарулы Күштері жайында көзқарасы қалыптасып, егемен еліміздің ертеңіне үлкен сеніммен қарауларына септігін тигізеді.

Қорыта айтсақ, қай заманда болса да адамзат өз ұрпағын үлкенді құрметтейтін адал, инабатты, әділ, ержүрек, намысшыл, ізгі ниетті болып өсуін қадағалайды. Бірақ өсіп келе жатқан жас өренге рухани жағынан ғана емес, сонымен қатар Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін дамытып, тегімізге бар ұлтжандының, намысшылдың, қайсардың қасиеттерін қалыптастыру қажеттілігі бір сөтке де тоқтамауы тиіс деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алғашқы әскери дайындық журналы № 5. 2013 ж.
- 2 Сарбаз газеті № 21. 2014 ж.
- 3 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы.
- 4 Жастарды патриотизмге тәрбиелеу - мұғалімнің басты міндеті // Қазақстан орта мектебі 2005 № 9. 7 - 9 б.
- 5 Патриоттық тәрбие және Б. Момышұлы // Қазақстан мектебі 2005 № 8. 72-73 б.

**ВЛИЯНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ АССИМЕТРИИ МОЗГА
НА ПРОЦЕСС ВОСПРИЯТИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ**

АНАНЬЕВ И. В.
ученик 7 «Д» класса, СОШ № 24, г. Павлодар
АЛИБЕКОВА Ж. М.
педагог-модератор, учитель биологии,
СОШ № 24, г. Павлодар

Период школьного обучения, который является важным в жизни ребёнка, характеризуется формированием всесторонне развитой личности. Поэтому неблагоприятное протекание этого периода ведёт, как правило, к нарушениям нормального развития ребёнка во всех сферах – физической, психологической, социальной. Процесс учения зависит в немалой степени и от особенностей ученика – индивидуальных характеристик его психического развития. Оказывается, индивидуальность личности любого человека во многом определяется спецификой взаимодействия полушарий мозга. Различия между левополушарными и правополушарными учащимися очень велики, а современная система образования больше ориентирована на левополушарного ученика [1, с. 115].

Проблема исследования характеризуется тем, что в практической работе педагогов и психологов школьных учреждений в процессе обучения и воспитания довольно редко учитываются данные о функциональной асимметрии мозга ребёнка, по которым можно определить особенности протекания ряда психических процессов. Поэтому мы считаем, что свои особенности межполушарной асимметрии мозга должен знать каждый человек. В этом мы видим **актуальность исследования**.

Объектом нашего исследования является межполушарная асимметрия мозга.

Предмет исследования: особенности межполушарной асимметрии мозга учеников 7 «Д» класса.

Исходя из проблемы, актуальности, объекта и предмета исследования **цель исследования** заключается в изучении типов функционального доминирования полушарий головного мозга у учащихся 7 «Д» класса.

Задачи исследования:

1 Выяснить, что такое межполушарная асимметрия мозга, типы функциональной организации двух полушарий мозга.

2 Выявить особенности межполушарной асимметрии мозга у учеников 7 «Д» класса.

Гипотеза: мы предполагаем, что знание особенностей своего типа функционального доминирования полушарий головного мозга поможет ученикам сформировать индивидуальный стиль учения, а это, в свою очередь, поможет им быть более успешными в учебной и других видах деятельности.

Методы исследования:

1 Анализ научно-популярной литературы.

2 Анкетирование (комплексный метод определения доминирующего полушария по выполнению нескольких проб).

Практическая значимость: в работе описаны методики по определению особенностей типов функционального доминирования полушарий головного мозга, даны рекомендации по формированию индивидуального стиля учения для учеников, подобраны упражнения для развития творческого (наглядно-образного) мышления (правое полушария) и абстрактно-логического мышления (левое полушария).

Понятие о межполушарной асимметрии мозга:

Межполушарная асимметрия – одна из фундаментальных закономерностей организации мозга, она проявляется не только в морфологии мозга, но и в асимметрии психических процессов. Заметим, что функциональная межполушарная асимметрия является единственной уникальной особенностью деятельности мозга человека, отличающей ее от деятельности мозга животных [2, с. 98; 3, с. 214].

Существует три типа функциональной организации двух полушарий мозга:

1 доминирование левого полушария – словесно-логический характер познавательных процессов, склонность к абстрагированию и обобщению (левополушарные люди, примерно 25 % популяции);

2 доминирование правого полушария – конкретно-образное мышление, развитое воображение (правополушарные люди, примерно 25 % популяции);

3 отсутствие ярко выраженного доминирования одного из полушарий (равнополушарные люди) [4, с. 201].

Оценка ведущего полушария:

Проблема исследования характеризуется тем, что в практической работе педагогов и психологов школьных учреждений в процессе

обучения и воспитания довольно редко учитываются данные о функциональной асимметрии мозга ребёнка, по которым можно определить особенности протекания ряда психических процессов. Поэтому мы считаем, что свои особенности межполушарной асимметрии мозга должен знать каждый человек. В этом мы видим актуальность исследования [5, с. 35].

Для проведения этой работы каждому ученику выдается таблица «Оценка ведущего полушария» и лист нелинованной бумаги. Ученикам предлагается последовательно выполнить задания (весь класс одновременно), затем оценить каждое задание и определить ведущее полушарие. Каждый ответ оценивается одним баллом. Балл приписывается правому или левому полушарию (лучше всего, если при выполнении задания каждый ученик подчеркивает свое ведущее полушарие в данном задании). По окончании работы баллы суммируются для каждого полушария отдельно (подсчитывается сумма подчеркнутых левых и подчеркнутых правых).

Итоговая оценка подсчитывается следующим образом: разница между суммой баллов левого и суммой баллов правого полушария умножается на 10:

показатель межполушарной асимметрии = $(\sum \text{левое} - \sum \text{правое}) \times 10$.

Результаты сопоставляются с приведенными нормативными данными.

Если полученный показатель составляет:

- 1) больше или равен 30 - полное доминирование левого полушария;
- 2) 10- 20 - неполное доминирование левого полушария;
- 3) от 0 до - 10 - неполное доминирование правого полушария;
- 4) ниже - 10 - полное доминирование правого полушария.

Материалы и обсуждения:

В нашем исследовании принимали участие 20 учеников 7 «Д» класса. Мы получили результаты, представленные в таблице 1:

Таблица 1 – Определение доминантного полушария

Количество баллов	Доминирование полушария	Количество учащихся
Больше или равен 30	Полное доминирование левого полушария	6
10-20	Неполное доминирование левого полушария	6

От 0 до -10	Неполное доминирование правого полушария	4
Ниже -10	Полное доминирование правого полушария	4

Естественно, различия между лево- и правополушарными людьми вызывают различные трудности в их обучении и учении. Так, у левополушарных учащихся относительно меньшая (по сравнению с правополушарными) способность к формированию образов вызывает затруднения, когда необходимо усвоить большое количество конкретного материала, недостаточно объединенного смысловыми связями и закономерностями. Таких учеников по данным нашего исследования 12 человек (60 %).

При обобщении полученных результатов можно объединить в одну группу учеников с полным и неполным доминированием левого полушария (преимущественно левополушарные) и соответственно учеников с полным и неполным доминированием правого полушария (преимущественно правополушарные). Данные представлены в таблице 2:

Таблица 2 – Определение учеников с полным и неполным доминированием

Доминирование полушария	Количество учащихся
Правое полушарие (правополушарные)	8
Левое полушарие (левополушарные)	12

Трудности для учащихся с преобладающим правополушарным стилем мышления возникают в работе без наглядной опоры. Именно для этих учащихся необходим «перевод» словесной информации в визуальную форму, например: словесное объяснение логических заданий воспринимается хуже, чем рисунок или чертеж, схема, график. Выполнив правильно практическое или лабораторное задание, учащиеся затрудняются дать словесный отчет о сделанном, испытывают сложности при необходимости дать теоретическое обоснование своим действиям [6, с. 37].

Для правополушарных учащихся необходимо делать упор на социальную значимость того или иного вида деятельности, так как у них высоко выражена потребность в самореализации. Мотивы, побуждающие изучать школьные предметы, связаны со становлением личности, со стремлением к самопознанию, с

желанием разобраться во взаимоотношениях людей, осознать свое положение в мире. Для таких учащихся характерна ориентация на высокую оценку и похвалу. Большой интерес у правополушарных школьников вызывает эстетическая сторона предметов. Таких учащихся по данным нашего исследования 8 человек (40 %).

Такие школьники испытывают трудности при усвоении экологии, биологии, географии, химии, истории, поскольку нужно запомнить большое количество фактов, недостаточно связанных между собой.

Для определения ведущего глаза мы использовали следующий метод:

На сгибе сложенного пополам листочка нужно вырезать полукруг диаметром около 2 см и, распрямив получившийся кружочек, положить его перед собой на стол на расстоянии 30–40 см. Сидя за столом, взять листок с прорезью и подержать его перед глазами так, чтобы через отверстие в листке был виден вырезанный кружочек. Ведущим будет тот глаз, при закрывании которого кружочек будет другим глазом не виден.

Для определения ведущего уха мы использовали такие методы:


1 К какому уху человек обычно прикладывает телефонную трубку, то и будет ведущим.

2 Ведущее ухо обычно бывает чуть большего размера, и это нетрудно заметить при внешнем наблюдении. Можно также измерить ухо с помощью линейки.

Для определения ведущей ноги мы использовали следующие методы: ведущей ногой является та, которой отталкиваются при прыжке, с помощью нее поднимаются на подножку или кресло, ей пинают мяч; это та нога, на которую переносят тяжесть, чтобы не упасть.

В нашем исследовании принимали участие 20 учеников 7 «Д» класса. Мы получили результаты, представленные в диаграмме 1, 2 и в таблице 3. В ходе проведения эксперимента по определению ведущего глаза мы получили следующие данные:

Диаграмма 1 – Определение ведущего глаза




В ходе проведения эксперимента по определению ведущего уха мы получили следующие данные, представленные в таблице 3:

Таблица 3 – Определение учеников с полным и неполным доминированием

Ведущее ухо	Количество учащихся
Правое ухо	15
Левое ухо	5

В ходе проведения эксперимента по определению ведущей ноги мы получили следующие данные:

Диаграмма 2 – Определение ведущей ноги



Если доминирующая нога находится на противоположной от доминирующего левого полушария стороне тела, человек будет

стремиться выполнять более планируемые движения. Такие люди хорошо следуют инструкциям типа «шаг за шагом» в спорте, танцах и других видах активного движения, но могут иметь недостаток спонтанности движения. Если доминирующая нога левая и противоположна правому полушарию, движения будут более спонтанными, свободной формы и управляемые ритмом. Однако у таких людей могут быть трудности со следованием инструкциям типа «шаг за шагом» [7, с. 101; 8, с. 54].

Таким образом, в результате проведенных исследований мы выявили, что у большинства учащихся 7 «Д» класса ведущим полушарием является левое.

Кроме этого, мы получили данные, которые подтверждают закономерность о том, что ведущие глаз, ухо, нога противоположны ведущему полушарию. Дали качественную оценку полученных количественных результатов.

Выводы:

Цели и задачи нашего исследования выполнены. Мы раскрыли вопрос о межполушарной асимметрии мозга, о типах функциональной организации двух полушарий мозга, об особенностях мышления и поведения людей с ярко выраженной межполушарной асимметрией, дали характеристику левополушарных и правополушарных учеников. Мы выявили особенности межполушарной асимметрии мозга у учеников 7 «Д» класса с помощью комплексного метода определения доминирующего полушария по выполнению нескольких проб. Кроме этого, дали рекомендации по формированию индивидуального стиля учения для учеников с разной степенью выраженности функциональной асимметрии, подобрали упражнения для развития творческого (наглядно-образного) мышления (правое полушария) и абстрактно-логического мышления (левое полушария). Наше исследование нельзя считать полным. Мы дали только общую характеристику учеников с преобладанием правого или левого полушария, общие рекомендации, которые необходимо учитывать учащимся с разной степенью выраженности функциональной асимметрии. Исследование можно продолжить.

ЛИТЕРАТУРА

1 Вареница Л. А. Обучение школьников с учетом правополушарного и левополушарного мышления: Монография. ПГПУ, Москва-Пенза, 2009.

2 Гендерная психология / Под ред. И. С. Клециной. - СПб.: Питер, 2009.

3 Левченко И. В. Учет репрезентативной системой учащихся в процессе подготовки к олимпиадам: Монография. ПГПУ, Москва-Пенза, 2009.

4 Майоров А. Н. Теория и практика создания тестов для системы образования. - М.: Народное образование, 2000.

5 Максимова А. В. Влияние межполушарной асимметрии учащихся на восприятие ими вербальной и невербальной информации // Наука и школа. 2012. № 1.

6 Практикум по возрастной психологии / Под ред. Л. А. Головей, Е. Ф. Рыбалко. - СПб.: Речь, 2001.

7 Сиротюк А. Л. Обучение детей с учетом психофизиологии: Практическое руководство для учителей и родителей. - М.: ТЦ Сфера, 2001.

8 Холодная М. А. Когнитивные стили. О природе индивидуального ума. 2-е изд.-СПб.: Питер, 2004.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ БІТІСТЕРІ

АХМЕТОВА Ш.

№ 22 ЖОББМЛ, Семей қ.

ОЛЖАХАНОВА Қ. А., НАМАЗБАЕВА А. Ж.

№ 22 ЖОББМЛ, Семей қ.

Бұл өте күрделі, әлі де толық зерттеліп, шешімін таппай келе жатқан мәселе. Осы жәйтті жақсы аңғарған Н. Назарбаев былай деді: «Менің ойымша, қазақтардың қайталанбас этикалық, психологиялық әлемі әлі жете зерттелмей, зерделенбей жатқан тылсым дүние».

Ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген халық өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениеті мен тарихына, табиғатына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкелді. Мәселен, бұлар жас адамның жұртқа танымал моральдық-психологиялық нормасын «сегіз қырлы, бір сырлы» делінетін қанатты нақыл сөздермен қисындады. Осынау аталы сөздің мән-мағынасы мыналар еді: көшпелі мал шаруашылығын жете игеру; еңбек сүйгіштікпен қиыншылыққа төзе білу; ел намысын қорғау; жаудан беті қайтпау; ата тегін жадында сақтау; сөз асылын қастерлеу; тапқырлық пен алғырлық, ат құлағында ойнау; ата салтын

бұзбау (жасы үлкенді сыйлау, құдайы қонақтың меселін қайтармау, көрші хақын жемеу, т.б.).

Көшпелі өмір тіршілігі қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш болумен бірге, жан-жүйесі жағынан да жан-жақты жетілген, кемел адамдарды қалыптастырды. Үйде де, түзде де бала ес білгеннен бастап із кесіп, жол қарап, жұлдыз санап өсті. Олардың көзі қырағы, құлағы сақ, қияндағыны шалатын болды. Аң аулап, мал бағып, күнделікті күйбең тіршілікпен жүрсе де жас өскін ақынның сөзін, жыраудың жырын, әншінің әні менәуенін қалт жібермей тыңдап, ел аузындағы ұғымды мақал мен мәтелді, ертегі пен жұмбақты, терме мен шежірені жадында сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық етіп отырды. «әрдайым көшіп-қонуға дайын отырған қазақтар үшін аң-құс аулау, мал күзету, жау түсіру-тұрмыстың дағдылы машығына айналды. Өрбір көшпенді әрі жауынгер, әрі малшы, әрі шаңырақ иесі болып саналады. Осы айтқанымыздың дәлелі болып табылатын кейіннен мақал болып кеткен «Өнерді үйірен де, жирен», «Жігітке жетпіс өнер де аз», «Шебердің қолы ортақ», «Жауда жүрсе ат ойнатқан батырым, үйде жүрсе, құрт қайнатқан батырым» сияқты бес аспап адамның психологиясы жайлы қанатты сөздер біздің заманымызға дейін жетті. Көшпелі қауым бірін-бірі жақсы білді, әрбір адамның қадір-қасиеті оның жасына, жол-жоралғысына, әлеуметтік ортадан алатын орнына қарай белгіленіп отырады. Психологиялық тұрғыдан «бірауызды» болып қауымдасқан жандар үнемі өздерінің рулық одағына етене сіңіскен салттар мен дәстүрлері ұстанады. Осыған орай көшпелі тұрмыс теліміне лайықталған бата беру, аңт ішіп ақталу, айтысқа, дау дамайға төрелік айту сияқты этностық таптаурындар (стереотип) кең өріс алды. Әрине, осы топтық санамен бірге әркімнің жеке басының әлеуметтік және биосфералық факторларға орайлас жеке дара, жас, жыныс ерекшеліктерінің де болатындығы еске алынды. Мәселен, көшпелі халық қыз баланы ерекше қадірлеп, қастерлеп, әлпештейді. Оның әдемілік пен әдептіліктің, сұлулық пен іңкәрліктің символы деп, ал мінезі жайсаң, әдепті жігітті «қыз мінезді жігіт екен» дейтін болды.

Қоғам өмірінде қазіргі кезде жүріп жатқан терең саяси экономикалық өзгерістер халқымыздың баға жетпес рухани байлықтары: тіл мен ділі, діні мен тарихы, өнері мен әдебиеті, табиғи ортасы, күн көрісі мен шаруашылығына (қолөнері, киім кешегі, ою-өрнегі, әуез аспаптары, үй жиһазы, т.б.) байланысты небір асылдарды, қысқасы, ұлттың бүкіл болмыс-бітімін (менталитетін) жаңартып, жаңа мазмұнмен байытуда. Әрине, еліміз бен жеріміздің

түпкілікті иегері-қазіргі қазақтардың психологиясына осы этносқа ғана тән біртұтас ұлттық ерекшелік бар деп айту қиын, өйткені, қазақ этносының қазіргі бүкіл тыныс-тіршілігінде, отбасындағы әдет-ғұрпы мен салт дәстүр, жөн-жосық, жол жоралғысында кең байтақ өлкемізді біраздан бері мекен етіп келе жатқан басқа этностар мінездерінің элементтері де көрініс беріп жүр. Десе де, бәз біреулер айтып жүргендей, біз жылқы мінезділіктен айрылған, «қой мінезді» момын, жуас, намысы жаншылған халық емеспіз.

Жеріміздің ұланғайыр кеңдігімен, мұндағы табиғат сұлулығының әсерінен ғасырлар бойы қалыптасқан дархан, жомарттылық, адамға деген мейрімділік пен өнерпаздық, қазақ биосферасының өзіндік ерекшелігінен туындаған асқан қонақжайлылық, жойқын соғыс пен қуғын-сүргінге ұшырау салдарынан тірнектеп жинаған рухани мұраны өсер ұрпаққа жеткізу ниетінен қалыптасқан балажандық, үнемі мал шаруашылығымен айналысудан қанымызға сіңген малжандылық, ешуақытта басқа жұрттың жеріне көз алартпаған бейбітшілік саясат, өзі тиген дұшпанының қабырғасынан қақсатқан көзсіз батырлық, «мың өліп, мың тірілген» кездердегі керемет шыдамдылық пен барға қанағатшылық-біздің ұлттық мінезіміздің жоталы бітістері, халқымыздың ұлттық мақтаншысы.

«Бұрыңғы уақытта-деп жазды Ж. Аймауытов пен М. Әуезов «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласында-қазақ елі ұйымшыл, әрі жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы ірі, бітімді, қайратты, сауықшыл ел болған екен.

Досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білетін халық екен», - дейді.

Тектілік мінез қай кезде де халықтың парасат биігінде болуын қамтамасыз етеді, адамды аздырар жаман мінездерден сақтандырады. Қазіргі кезде сондай сақтануға тиісті жаман мінездің бірі – мақтаншақтық. Мақтаншақтық – надандықтың белгісі. Бұл ретте ұлтымыздың ұлы ойшылы Абай: «әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз, қорқақ мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ ақылсыз надан келеді» - дейді. Мақтаншақтық – ұлттық мінез емес. Жалпы түрік халықтары мақтануды ұнатпаған. Бұл ретте ХІ ғасыр ғалымдарының ірі өкілі Махмұт Қашқари

«Диуан-и-лұғат» атты ейгілі еңбегінің «Түрік» атты бабында: «түрікте өзін ұнату, мақтану жоқ. Түрік үлкен ерліктер және жанкештілік жасағанның өзінде ерекше іс істемегендей сезінеді», - деп жазады. Бұлай болуы заңды да еді. Өйткені түрік қоғамында ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша адамның бала күнгі кезінен

бастап бүкіл тірлігі қоғамның бақылауында болған. Сондықтан қоғам мүшесінің бірде-бірінің жасаған жақсы ісі де, жаман ісі де назардан тыс қалмай, дер кезіндеөзіне лайық әділ бағасын алып отырған. Бар тірлігі таразыға тартылып, соған орай ортасы өз бағасын беріп отырғаннан кейін, адамның өзі туралы «мен бүйттім, мен өйттім» деп мақтануының да, ақталуының да қажеттілігі болмаған. Бәрін өскен ортасы әділ бағалап отырған соң, адам ештеңеге алаңдамай, барынша қоғам талабына сай тірлік кешуді ғана мұрат тұтқан. Халқымыздың өмір жолына зер салсақ, жалпы түріктерге тән бұл мінез қазақ халқына да ортақ болғанын көреміз. Мұның солай екенін қазақтың өзінің: «Хас жаман қатынын мақтайды, бас жаман баласын мақтайды» немесе «Өзін-өзі мақтаған өліммен тең» болмаса «өзін-өзі мақтаған өлімнің қара басы» деген тәріздес ой тұжырымдары да дәлелдейді. Бұдан мақтануды хош көрмеген бұрынғы қазақтың, азат қазақтың ұлттық мінезі анық көрінеді. Кейінгі бодан қазақ бұл мінезден айырылып қалды. Дұрысы – айырылуға мәжбүр болды. Отарлаушылар өздерінің үстемдігін толық орнату үшін бұрынғы қазақ қоғамында бар қалыптасқан кісілікті, парасаттылықты түрлі айла-амал қолдану арқылы біртіндеп қажеттіліктен шығарып, оның орнына қазақ жұртын қалайда жанын жалдап күн керудің артықшылықтарын пайдаланып қалуға насихаттап бақты. Осы жолда кім отарлаушылардың ойынан шықса, сол жақсы адам ретінде бағаланып, марапатқа ие болды. Ал ойынан шықпағандар – неше жерден керемет болса да, жамандар қатарына жатқызылды. Соның салдарынан жұрт асыл мен жасықтың, жақсы мен жаманның парқын ажыратудан қалды. Осыдан келіп, барлық халықтық құндылықтардың бастауы – ұлттық дәстүрдің мәні мен мазмұнын жете танудың қажеттілігі туындайды «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты» деген Әл-Фарабидің ойымен сөйкес келеді. Мінез сапаларының бірі – оның бір қалыптылығы. Мұндай адам құйындай ұйытқып тұрмайды, оның қастерлейтіні ылғи да сөз бен істің бірлігі. Кімнің мінезі толық болса, соның мінезі бірқалыпты да келеді. Сондай-ақ бүгінгі таңда оқушылардың арасында мінез-құлқында қиындықтар бар жастар көптеп кездеседі. Мұндай оқушылар қатарына білім деңгейі, талпынысы төмен, мінез-құлқы нашар, адамгершілік деңгейі төмен, құрбы-құрдастары мен тіл табыса алмайтын, ал кей кездерде психикалық дамуы, ойлау қабілеті кейін қалған ашуланшақ (әртүрлі жүйке ауруына шалдыққан, тәрбиеге әрең көнетін) жастарды жатқызуға болады.

Қазақ халқына алғырлық пен батылдық, қайырымдылық пен кішіпейілділік, ашық-жарқын көңіл мен кеңпейілдік, жайлылық пен дархандық қасиеттері тән. Өз жері мен Отанына, туған еліне деген шексіз сүйіспеншілігі, мал шаруашылығына икемділігі, меймандостығы, өмірдің қиындығына, әділетсіз істерге төзімділігі, сөзөнерін ардақтауы, шешендік қабілеті, еңбексүйгіштігі мен шыншылдығы жалпы ұлтқа тән қасиеттер.

Қазақ халқы мінез-құлықты қалыптастыруда арзан күлкіге, арсыздыққа жол бермеген. Өз ұрпағын жігерлі, өжет, қайсар, ойлы, өткір тілді, арлы, иман жүзді, адал, зерделі, парасатты азамат етіп тәрбиелеген. Әр заманда ғұмыр кешкен ғұламалары адамзат бойында кездесетін мінез кемшіліктерін «мінездегі міндер» деп, былай саралаған:

- ұятсыздық пен арсыздық;
- ақымалық пен ақылсыздық;
- екіжүзділік пен жарамсақтық;
- әсекшілік пен суайттық;
- күншілдік пен иштарлық;
- мақтаншақтық пен тәкаппарлық;
- өзімшілдік пен өркөкіректік;
- еріншектік пен жалқаулық;
- сараңдық пен пайдәкүнемдік;
- даңғойлық пен дойырлық;
- салғырттық пен салдыр-салақтық;
- маскүнемдік пен нашақорлық.

Жаман мінез – рухани кесел. Бұл кеселді жою үшін түбіріне балта шабу керек. «Балтаны жастан» деген мақал бар, оның түпкі мәні, адам бойындағы жағымды мінез-құлық, жақсы қасиеттер бала кезден бастап қалыптасады дегенге саяды. М. Әуезов «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген ұлағатты сөзі арқылы ұрпақ тәрбиесі бесіктен басталатынын, ұзақ, үздіксіз үрдіс екенін ескерткен. Өзгермейтін, түзелмейтін мінез болмайды. Әр адам өз мінезіне өзі жауапты. Ұлы Абай: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген екен. Күндер, жылдар зымырап өтіп жатыр. Бірақ, мінездегі келеңсіз көріністердің азаятын түрі жоқ. Әрине, мұның әр түрлі себеп-салдары да бар.

Қазіргі қоғамда жас ұрпақ бойында кездесетін «мінездерді» атап айтсақ:

а) ақпарат құралдары мен теледидар тасқыны шапшаң қарқынмен дасыған мына заманда ұрлық, бұзақылық, шабуыл

жасау, зорлық-зомбылық, тонау, зорлау сияқты жексұрындық іс-әрекеттерге еліктеген жастар осы іс-әрекеттерді өздері қайталап, небір қылмыс түрлерін жасауда (ақша бермегені үшін ата-анасын бөлшектепөлтiруге дейiн баруда);

ә) компьютерлік «қатыгездiк» ойындар балалар мен жасөспiрiмдер психологиясына үлкен әсер етiп, өзгертуде;

б) қала көшелерiнде темекi, арақ жарнамалары өте көп. Темекi ,арақ, нашаға уланғанәлсiз, жiгерсiз, жасық, дәрменсiз, арсыз, даңғой, мақтаншақ жастар қатары көбеюде;

в) өз тiлiне менсiнбей қарап, өзге тiлде шүлдiрлеген мәңгүрт жастар, өзiн заман ағымына сай азамат пен азаматшамыз деп сезiнуде.

Осындай жастардан өз ұлтының жоғын жоқтап, халқының камын ойлайтын азаматтар қайдан шықсын. Қазiргi таңда қылмыскерлердiң басым көпшiлiгi жастар. Оған кiнәлi кiм? «Адам баласын заман өсiредi, кiмде-кiм жаман болса, оның замандастарының бәрi виноват» деген ұлы Абай. Олай болса, жастар мiнезiндегi кемшiлiктерге әсер етушi факторлар:

- әлеуметтiк-экономикалық жағдай (жұмыссыздық);

- қоғамдағы орта;

- отбасындағы психологиялық ахуал.

Әрбiр қазақ баласы «мiнездегi мiндердi» бойына дарыптауына, олардан аулақ жүруiне әбден болады.

Әркiмнiң өз биiгi бар шығатын,

Әркiмнiң өз бiлiгi бар ұғатын.

Әркiмнiң өз кемшiлiгi бар әсте,

Көкейiнде жасырынып тұратын –деп, Т. Молдағалиев жырлағандай, адам әрқашанөз бойындағы кемшiлiгiн түзетiп, жақсы қасиеттердi бойына дарытып, «болмасаңда ұқсап бақ, бiр жақсыны көрсеңiз» дегендей өзiн-өзi тәрбиелеуi қажет. Ақиық ақын М. Мақатаев «мiнездiң мiндерiн» өрелi оймен өткiр сынаған. «Әттең, әттең» өлеңiнде:

Қайтейiн мiнезiңдi жарқылдаған,

Жақсылық бiр өзiңнен артылмаған.

Несiне көздi көрiп көлгiрсiсiң,

Жiгiтiм белгiлi гой артың маған!

Әлдiлердi көргенде қалтылдаған,

Әлсiздердi сескентiп жалтылдаған.

Жиiркенiштi осы бiр салтың маған,

Ыза кернеп бойымда қан тулаған! – деп, адам бойындағы мiнез құбылысын, жаны ауырып, қаны тулап, қабырғасы қайысып жырлаған.

Ақын, қоғам қайраткерi Фариза Оңғарсынова:«Уақыт адам мiнезiн жасаса, адамдар қарым-қатынасы уақыт, заман бейнесiн сомдайды. Екi тумақ та, екi өлмек те жоқ. Өмiр адамға бiр ақ рет берiледi.

Ендеше сол бiр келер өмiрдi өкiнбей, ешкiмге жалтақтамай өткiзгенге не жетсiн?! Жалтақтамай ғұмыр кешу мiнездiң ғана шаруасы емес, арға да байланысты. Ешкiмнiң ала жiбiн аттамағандардың ғана ары таза. Ал ары таза адамның сөзi де таза, тура. Менiң ойымша заманның бiр ерекшелiгi – осындай адамшылық қасиеттердiң сынға түсуi. Бұл бiз үшiн ауадай қажет нәрсе. Себебi, сынға жеке басымыз ғана түсiп отырған жоқ, сынға ұлттық намысымыз, халықтық қалпымыз түсiп отыр. Сол үшiн көлеңкелi жерде қалтырап, күнгеилi жерде жалтыраудың түкке керегi жоқ» деп, мiнез, ар, яғни адамдық қасиеттерге өрелi оймен сындарлы баға берген.

Ақыл, мiнез нышаны – ата-анадан. Сондықтан да халық «тегiне тартқан» дейдi. Қазақ халқының ұлттық менталитетi сақталған заманда «тектiлiк» ұғымы айрықша орын алған. Ең бастысы халық қазақты дұрыс жолға салар «тектiлiктi» ту еттi. «Шыққан тегiң жаман болса, өз қылығын танытар» деген Ж. Баласағұни. ХҮ ғасырда өмiр сүрген Шалкиіз жырау мынадай өрелi ой айтқан:

Айырдан туған жампоз бар,

Жүгiн нарға салғысыз.

Арғымақтан туған будан бар,

Күнiнде көрiм жердi алғысыз,

Жаманнан туған жақсы бар

Адам айтса нанғысыз,

Жақсыдан туған жаман бар

Күндердiң күнi болған,

Бiр аяқ асқа алғысыз.

Ақыл, мiнез баламен бiрге туғанмен, жүре жетiледi. Дәннiң өiп-өнуi топырағына, күтiмiне байланысты болатыны сияқты, бала ақыл-есiнiң, мiнезiнiң қалыптасуы да ортасына байланысты. Соны байқаған халық «Ұлың өссе – ұлы үлгiлiмен ақылдас бол», «Қарағайға қарап тал өссiн, қатарына қарап бала өссiн» деп, ұлағатты ой айтқан. Әсiресе, бүгiнгi жас буынның ұлттық мәдениеттен нәр алған инабатты, иманды жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелерi үкiметтiң қаулы қарарларына, тұжырымдамаларында негiзгi орын алды.

Мiнез адамның сырт қалпынан да байқалады. Мәселен, тәкаппар адамдар денесiн шалқайта, кеудесiн керiп, басын кекiрейте ұстайды. Қарапайым адам көзге түсудi қаламайды, еңкештенiп басын мойнына тығып жүредi. Жағымпаз адам сөйлескен адамына

жаутандай қарап, мүләйімсіп тұрады, көз түбінен қуланған күлкі болар-болмас байқалады. Қалыптасқан әдет пен дағды, мінез бітістері темпераментке әсер етеді, мінез құлықты өзгертеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбу Насыр әл-Фараби «Ақыл-ой және ұғым».
- 2 Әбу Насыр әл-Фараби «Жас өспірімнің ақыл-ой туралы кітап».
- 3 Жүсіп Баласағұн «Жақсы болғың келсе, жаман сөз айтпа».
- 4 Мағжан Жұмабаев «Жан дүниесі және өнер таңдау».
- 5 Александр Нечаев «Психофизиологиялық синдромдар жүйесі».

HOW MIND GOVERNS THE WORLD

BERMAGAMBETOVA G. B.

9 grade pupil, Pavlodar Lyceum «Bilim Innovation» for Girls, Pavlodar

Here comes the question, «why one person is more successful than another?» Perhaps, he is cleverer; or his time management is goal oriented; or his tutor teaches him better than yours; or maybe he was born a clever man... Looking into this issue, the author of this article came across the books by Joe Dispenza, John Kehoe, Jack Canfield and Mirzakarim Norbekov. Getting deep into the contents of these works, we could come to the conclusion that the human is able to manage his or her destiny and events due to maintaining proper thoughts and emotions. Further is presented the explanation of this theoretical basis.

If one observes the universe from the scientific point of view, this would physically present the discovery: «what quantum physicists discovered was that the person observing the tiny particles that make up atoms affects the behavior of energy and matter. Quantum experiments demonstrated that electrons exist simultaneously in an infinite array of possibilities in an invisible field of energy. But only when an observer focuses attention on any location of any one electron does that electron appear. In other words, a particle cannot manifest in reality-that is, ordinary space-time as we know it-until we observe it. Quantum physics calls this phenomenon «collapse of the wave function» or the «observer effect.» We know that the moment the observer looks for an electron, there is a specific point in time and space when all probabilities of the electron collapse into a physical event. Everything in the physical universe is made up of subatomic particles such as electrons. By their

very nature, these particles, when they exist as pure potential, are in their wave state while they are not being observed. They are potentially «every thing» and «no thing» until they are observed. Thus, everything in our physical reality exists as pure potential»-explains Joe Dispenza [1, p. 14–15].

This demonstrates what is Universe and how the Universe works. We know that in order to materialize our wish, we should send the signal to the Universe, which embodies our wish. Furthermore, it is necessary to consider how to translate this signal and what actually this signal forms.

The ‘mind’ is formed of the conscious and the subconscious. Both mechanisms facilitate the communication with the Universe. The conscious part controls movements and real human actions such as walking, visualization, and learning. While the subconscious stores positive or negative mental sets about the reality. It provides us with useful ideas and solutions through the intuition, dreams, feelings and premonition. The subconscious is not able to analyze a situation, as the conscious does. The way to communicate with the Universe through the subconscious is a meditation.

Joe Dispenza, in his book «Breaking the Habit of Being Yourself», demonstrates the qualities of signals as impulses that are directed into the Universe: «the quantum field responds not to what we want; it responds to who we are being. The thoughts we think send an electrical signal out into the field. The feelings we generate magnetically draw events back to us. Together, how we think and how we feel produces a state of being, which generates an electromagnetic signature that influences every atom in our world.

There are coherent and incoherent signals. When physicists talk about a coherent signal, they are referring to a signal made up of waves that are «in phase»-their troughs (low points) and crests (high points) are parallel. When those waves are coherent, they are much more powerful. The same goes for your thoughts and feelings. How many times have you tried to create something, thinking in your mind that the end result was possible but feeling in your heart that it wasn't? Why is it that nothing manifested? Quantum creating only works when your thoughts and feelings are aligned.» [1, p. 22–23].

Let's consider each way of posting the information into the universe.

1 Visualization is simply mental rehearsal. You create images in your mind of having or doing whatever it is you want. You repeat these images over and over, accompanied by the emotion you would feel if it were actually happening now. Let's take athletes as an illustration. Before every competition they visualize their victory and bursts of applauding

and the champion cup in their hands. Not only can we change our brains just by thinking differently, but when we are truly focused and single-minded, the brain does not know the difference between the internal world of the mind and what we experience in the external environment. Our thoughts can become our experience.

2 «To enter the field, enter a similar state.» Isn't it ironic that to influence your reality, heal your body, or change some event in your future, you have to completely let go of your external world (no thing), you have to release your awareness of your body (no body)...you have to lose track of time (no time)-in effect, you have to become pure consciousness. [1, p. 32–33] This is what meditation consists in as another way of transmitting signals to the Universe subconsciously.

I remember when I was a child, my grandma, mom and aunt used to visit the doctor, whose name was Mirzakarim Norbekov. After some years, my mom told me what did they do on his lessons. M.Norbekov teaches people to believe that they are able to overcome any illness. His lessons are based on meditation. Analyzing his book, «The Experience of a Fool: Who Had an Epiphany about How to Get Rid of His Glasses» [4], I made a conclusion, that I am the captain of my organism; I am able to reach any target. Now I don't believe in chronic diseases. As for me, chronic disease is a way of thinking, no more, no less. If you want to influence the external reality, you have to change your inner reality in advance. a person who is on the chronic state of a disease is absolutely confident that her/his illness is incurable. Every day he/she repeats the same negative mental set: «my disease is a given. I have to put up with it. It is just the way life works: someones are lucky, while others are not. Everybody has mental sets. We gain them while we are growing up. For an instance, when I was younger, my mom used to say: «if you love yourself, everyone else will love you too.»

In order to get rid of a negative mental set, you have to create the opposition to it-a positive mental set. As an illustration: if you think that money is the root of evil, now you should repeat in your mind that most of the rich people are kind and generous. This statement will be converted into the positive mental set and you will become rich.

This is what I have discovered in the book «The Success Principles». [2] As well as mental sets, one more thing that has a great impact on our lives is an affirmation. Affirmations refer primarily to the practice of positive thinking and self-empowerment. An affirmation is a carefully formatted statement that should be repeated to one's self and written down frequently. They need to be present tense, positive, personal and specific. When I was living with my aunt, she taught me to repeat this phrase: 'the old leaves, the

new comes», every time before I throw something away to a bin. Ever since I have been repeating this ritual, and it really affects my life.

In order to understand what people of my age think about the intuition, dreams, positive thinking, and how do they behave in different situations concerning the work with the subconscious, we have conducted a survey of 28 girls from ninth, tenth and eleventh grades. The survey showed that most people believe that actions are dominant over the thoughts; they believe that they CAN improve their intuition; they practice meditation even if they don't do it consciously; and they have discovered that dreams and intuition play great roles in their lives.

Consequently, discovering this great phenomenon, I came to the conclusion, that in order to change the external, you have to change the internal. Most people forget this step. They try to change external conditions by working directly on those conditions but this almost always proves futile or temporary, unless it is accompanied by a change of thoughts and beliefs.

Train your conscious mind to think thoughts of success, happiness, health, and prosperity. Learn to weed out negativity such as fear and worry. Keep your conscious mind busy with the expectation of the best, and make sure the thoughts you habitually think are based upon what you want in your life.

REFERENCES

1 Dispenza, Joe. Breaking the habit of being yourself : how to lose your mind and create a new one / Joe Dispenza. – 1st ed. p. cm. Includes index. ISBN 978-1-4019-3808-6 (hbk. : alk. paper) 1. Change (Psychology) 2. Thought and thinking. 3. New Thought. I. Title. BF637.C4D56 2012 158.1–dc23 2011042878 Hardcover ISBN: 978-1-4019-3808-6 Digital ISBN: 978-1-4019-3810-9 15 14 13 12 4 3 2 1 1st edition, February 2012.

2 The success principles™ (10th anniversary edition). Copyright © 2005, 2015 by Jack Canfield. All rights reserved. Printed in the United States of America. No part of this book may be used or reproduced in any manner whatsoever without written permission except in the case of brief quotations embodied in critical articles and reviews. For information, address HarperCollins Publishers, 195 Broadway, New York, NY 10007. HarperCollins books may be purchased for educational, business, or sales promotional use. For information, please e-mail the Special Markets Department at SPsales@harpercollins.com.

3 John Kehoe «Mindpower into the 21st Century».

4 Mirzakarim Norbekov «The Experience of a Fool: Who Had an Epiphany about How to Get Rid of His Glasses».

ҚЫРЫҚ САННЫН СЫРЛАРЫ

ЕГІНТАЙ А.

7 сынып оқушысы, Баянауыл ауданы

АХМЕТОВА Б. Б.

жетекші, тарих және география пәнінің мұғалімі

ТОКТАСЫНОВ С. С.

жетекші, мектеп психологі, С. Торайғыров атындағы ЖОББМ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп – тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның құрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады.

Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті», – деп жазды.

Ендеше Елбасының «...халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты.» - деді. Бұл жұмысымының «өткені» мен «бүгінінің» деген сөздеріне сүйеніп, «қырық» деген санның «ертедегі» қасиетті саны ретінде және «қазіргі» кездегі санның психологиялық тұрғыдан қасиетті және киелі сан ретінде қарастыру маған өте қызықты болды.

Адамның белгілі бір түсініктеріне сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыру жүйесі-сенім. Сенім нақты іс-әрекет пен тәжірибеге байланысты. Сенім – тұлға өзінің құндылық бағдарлылығына байланысты саналы қажеттілігін жүзеге асырудағы әрекетіне лайықтануы. Сондықтанда халқымыз 40 санға сеніп және киелі санға жатқызып, санға байланысты әр түрлі наным – сенімдік салт – дәстүрлерін құрметтеп, осы күнге дейін сақтап келеді.

Қазақ халқы үшін әр санның өзіндік қасиеті, тәрбиелік мәні, саналы орны болған. Әр санның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралай білген, маңызына сай қолданған. Әр санда өзіндік ие болатынын мақсаты мен мағынасы болатынын сезе, түйсіне білген.

«Қырық» санын көне дәуірден келе жатқан ескерткіш, қолжазба, әдебиет мұраларынан білеміз. Түрік халықтарында, соның ішінде қазақ халқында да қырық саны діни төтемдік ұғымдарға байланысты айтылады.

Қырық санын қасиетілігі де, киелілігі де баланың ана құрсағында қырық апта болуынан бастау алған. Баланы «қырқынан шығару» ұрпынан, ескі наным – сенімнен өрбіген. Ерте де сәби дүниеге

келгеннен кейінгі қырық күнге дейінгі уақытты қауіп – қатерлі кезең деп есептеген. Осы аралықта баланы тіл – көз тимес үшін көпшілікке көрсете бермеген. Тырнақ, шашын алмау себебі, бөле жаладан қорғау үшін. Сәби дүниеге келгеннен кейін, қырық күн өткен соң, «қырқынан шығарған». Сәби үшін алғашқа қырық күн ең маңызды және үлкен және бір неше рәсімдер жасалған. Бідыстың түбіне күміс салып, қырық қасық суға сәбиді шомылдырған, шашын алған. Көрші қоланды шақырып, қырық шелпек пісіріп, шай берілген. Әрине бұл рәсім қазіргі күніде сақталып келеді. Ерте кезде адамдар осы кезенді «адам өмірінің шекаралық аймақ» деп санаған. Ендеше «қырық күн өтпей сәби адамдар өмірінің шекарасынан өткен жоқ» - деп ойлаға. Сондықтан қырық күн баланың осы өмірге дайындаған: күнде тұзды суға шомылдырып «өмірде барлығына төзімді болсын» - деп, жас сәби денесіне май жаққан «өмірі жайлы болсын» - деп. Психологиялық тұрғыдан қарастырсақ бұл іс – әрекеттер сәбидің тез арада шымырланып кету үшін жасалған. Тырнақтары өсіп ақ тырғанағын ажырату үшін өсірген, шашын да өскенін күтіп, өте нәзік баланың басын жарақаттап алмау үшін өсірген.

Адам өмірден өткенде, қырық күннен соң, ас беріп, еске алады. [1, 2 б.] «Адам жаны қырық күннен соң шығады» деген пікір бар. Қазақтың өлік жөнелту салтын ұзақ зерттеген Ш.Уәлиханов бұл жөнінде былай деп жазады: «Қазақ ұғымы бойынша, аруақ қырық күнге дейін өз шаңырағына келіп – кетіп бала – шағасының жай күйін біліп кетіп жүреді. Сондықтан да бұрын өлік шыққан үй қырық күн бойы ымырт жабылғанша, үйдің есігін ашып, оң босағаға шырақ жағып қоятын болған». Қазіргі уақытта жарықты сөндірмейді, қырық беру деген сөз осыдан қалған. Бұл жерде де тағыда «адам өмірінің шекаралық аймақ» яғни «қырық күн осы дүние де жүреді, о дүниеге дайындалып» - деген ұғым [2, 4 б.].

Қырық санға байланысты басқада ұғымдар да бар. Қазақ халқының психологиялық ой түйюі жағарыда айтқандай «адам өмірінің шекаралық аймақпен» байланыстырады.

1 «**Көп асылдың сынығын қырықтың қылауынан**» - дейді. Өзгеше жартылай жаратылған, жартылай «адам өмірінің шекаралық аймақта қалып қойған» - деп есептеген.

2 «**Қырық жамау**» сау иамтығы жоқ ескі дүние деген мағынада. Алақөздің үйі қырық жамау, шұрық тесік, ішінен сырттары көрінетін құрым үй болса керек (Билер сөзі, 20-б).

Абай Құнанбаевтің өленін де «жүрегім менің қырық жамау» деген сөз ол жаралы жүрек туралы айтылған. Осы өмірге ренжігені.

Жүрегім менің қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден.
Қайтып аман қалсын сау.
Қайтқаннан соң өрнеден.

3 «**Қырық қасық суға түсіру**». Ертеде көз тиген баланы қырық ожау қырық немесе қасық суға шомылдырған. Психологиялық жағынан «қырқынан шықпай көз тиген»- деп өздерін сендірген.

4 «**Қырық үйдің қылауынан**». Адамның сүйегі сынған, мертіккенде қырық үйден мертік асын жинап әкеліп берген. Психологиялық жағынан адамдар бір – бірінен көмек алған.

5 «**Қырық жілік болғыр**». Қарғыс, сойылғыр деген мағынада. Малды сойғанда оны мүшелеп бірнеше жілікке бөліп тастайды. Адам «қырқына» сойылған мал. Психологиялық жағынан адамдар бір – бірін ауыр қарғыс айтып, өлім тілеген.

6 «**Қырық пышақ болғыр**» – таласып, араздасып, ала ауыз болу. «Қырық пышақ болып, қырқысып, жұлқысып, өтіндер» (О. Бөкеев). Психологиялық жағынан бұл сөз де қарғыс ретінде айтылады.

7 «**Қырық жакқа жүгірту**». Сан түрлі құбылту. Әр жерге әр түрлі жеткізу.

8 «**Қамшымен дүре соғу**». Жазалаудың бір түрі. «Есенеі қыз алып қашуға келгендерге қырық қамшы дүре соқтырыпты» (Ғ.Мүсірепов). Психологиялық жағынан қарастасақ бұл соққыдан кейін адам өліп те қалған.

Әрине «Қырық» саны киелі сан ретінде де, қарастырсақ

9 «**Қырық жасау**». Қырық саны эпостық жырларда өзге сандардан ерекше көп қолданылады. Қобыланды жырында, қыз Құртқаны ұзатқан кезде оған жасау ретінде қырық түйе қазына, қырық құл мен қырық күн беріледі. Қалмаққа қарсы аттанатын Қараман батырдың серіктері – қырық. Қобыланды күресетін Қызыл ердің бойы – қырық бес кез. Тайбурылға Құртқа қырық күн қулықтың сүтін емізеді. Тайбурылдың қырық үш күн кемдігі болады. Қобыланды мен Қараман бет алған қалмақтар бекінісі – Қазан – қырық күншілік жерде, Қазан – қырық қақпалы шаһар. Қобыланды батыр қырық мың атты қызылбасты қырық кісідей көрмейді. Мысалы,

Аңыз бойынша, Көрұғлы өлі анасының кеудесін қырық күн сорып көрген, ал қырық бірінші күні ғайып ерен қырық шілтендер ана сүтін емізбей қояды.

Көне түркілік жырлар «Оғыз-наме» мен «Қорқыт ата» кітабында қырық саны көп қолданылатын сөз. «Оғыз-намеде» – қырық сіре,

қырық сәкі, қырық құлаш ағаш, «Қорқыт ата» кітабында – қырық күн тойлау, қырық шатыр, қырық жігіт, қырық қыз, қырық күн, қырық жара, қырық зұлым. Бұл сөз тіркестері дәстүрдің ескілігін аңғартады. Әрі бұл сөз эпостық жырлардың барлығында кездеседі.

Ауыз әдебиеті нұсқаларында қырық күн, қырық түн, қырық қыз, қырық жігіт, қырық әузір болып қолданылуына себеп, орта ғасыр магиясы мен көне дәуір мифологиясының әсерінен. Шілдені қазақ «жазғы шілде», «қысқы шілде» деп екіге бөлген. Қысқы шілде кезінде Үркер нақ төбеде тұрады да, жазғы шілде кезіндегі қырық күнді қазақтар киелі деп түсінген. Халық қырық күнді құдіретті кезең деп білгендіктен, дүниеге келген жас нәрестенің алғашқы қырық күні есебінде қазақ салтына еніп, шілдеханаға айналған деп жорамалдайды ғалымдар [3].

40 санында да өсиетті сөздер, мақал-мәтелдер кеңінен өріс алған. Жас сәбиді алғаш рет күміс салынған суға шомылдырғанда мынандай тілек айтады:

Отыз омыртқаң бекісін,

Қырық қабырғаң қатсын.

Артынан сәбиді шомылдырған әйелдер күмісті өзара бөліп алады. Жас сәби дүниеге келгеннен кейін қырық күн бойы ешкімге көрсетпеу, шашын және тырнағын алмау әдеттеріміз де бар.

«Отызында орда бұзбасаң,

Қырыққа қамал алмассың»

«Отызда орда бұзбасаң,

Қырықта қырып келдім дегеніне кім сенеді» (Абылай хан).

Қырықтың бірі – Қыдыр (үйге бақыт, байлық әкелетін Құдай елшісі).

Бір кісі таққа отырса, қырық кісі атқа отырады.

«Ханда 40 адамның ақылы бар»

«Жаксы кісі қырыққа толады,

Жаман кісі қырыққа солады».

«Қырық атан ұстама,

Қырық тамыр ұста».

«Әйелдің қырық жаны бар».

«Қазақта бір күн дәмдес болғанға 40 күн сәлем» деген сыйластық қатынастарда бар.

Қазақ мәдениетінде құдіретті сан. Қырықтың басқа сандардан ерекшелігі – «оның соқралдық мәні шамандықтардан бастау алады» – деген зерттеу бар. Өйткені, шамандық сенім бойынша, адамды қырық күн бойы емдеу, қырық түрлі шөпті араластырып жасаған

дәрі ішкізу, оны қырық күн бойы ішу деген сияқты ислам дініне дейін 40 санына деген сенім мәдениетімізге тастай сінген [4].

Қазақ халқының салт-санасы мен ата-бабасынан келе жатқан дәстүрін өз бойындағы ерекше қасиеттерін таланты мен дарындылығын, өзгелерден ерекше табиғи қабілеті арқылы биіктерден көрінген.

ӘДБИЕТТЕР

1 «Жас қазақ» ұлттық апталық газеті, Сандар қасиеті – № 637, 31 мамыр 2017 ж.

2 «Ана тілі» ұлт газеті, Қасиетті сандардың құпиясы – № 951, 30 қаңтар 2014 ж.

3 <http://aqsaqaldar.kz>

4 <http://kerek-info.kz>

ЛЮБИТЕ И ПОЗВОЛЬТЕ ЖИТЬ

ЕРМОЛАЕВА Е. А.

ученик 11 «Б» класса, СОПШ № 41, г. Павлодар

КАЛАЧЁВА В. В., САФРОНОВА В. А.

учителя биологии, СОПШ № 41,

г. Павлодар

Право на жизнь – основополагающее право каждой человеческой личности. Три четверти человечества живет в странах, которые отказались от защиты нерожденных детей. Это узаконенное убийство может поразить все человечество. Из-за падения уровня рождаемости, народы западных стран уже практически вымирают. Проблема подростковой беременности одна из самых актуальных в наши дни. Она является не только медицинской, но и социальной. Однако, к сожалению, мало кто занимается ее решением. Ранняя беременность – возрастная категория от 13 до 19 лет. Юная мать не в состоянии содержать ни себя, ни ребенка, часто сталкивается с осуждением и враждебностью со стороны окружающих, среди которых оказываются и ее близкие. Естественная реакция для девушки - шок, растерянность, стыд, страх и паника. Сложность в том, чтобы справиться с нахлынувшими эмоциями нередко вводит в депрессию и нарушает психическое состояние подростка.

В Министерстве здравоохранения представили статистику в Казахстане. Согласно ей в 2017 году было проведено 28589 аборт.

Половина случаев искусственного прерывания беременности приходится на возрастную группу от 30 лет и старше. Около трети медицинских аборт проводится на ранних сроках беременности до 12 недель. Если сравнить по городам Казахстана: Алматы (3720), Астане (3238), Карагандинской (2810), Меньше всего аборт проводится в западной части страны. С каждым годом количество аборт растет среди подростков [5].

Актуальность темы состоит в том, что последние годы в обществе участились случаи ранних браков и беременности, нередко в несовершеннолетнем возрасте. Эти проблемы не должны игнорироваться и замалчиваться. А подростки, как никто другой, нуждаются в психологической помощи со стороны взрослых.

Главная цель работы заключалась в осуществлении правильного психологического подхода в воспитании подростков по предотвращению ранней беременности и аборт.

В ходе работы решались следующие задачи: изучение проблемы аборт у подростков и предложение мер психологической помощи по предотвращению аборт.

Гипотеза: Если осуществлять правильный психологический подход к воспитанию девушек-подростков, то это позволит снизить количество нежелательных беременностей, аборт и приведет к сохранению здоровья подрастающего поколения.

Предлагаю для начала разобраться, что же такое аборт. Аборт – искусственное прерывание беременности. Методы проведения аборт бывают хирургическими и медикаментозными. Сделать аборт хирургическим путем означает извлечь плод с использованием специальных инструментов и не всегда речь идет об операции. Медикаментозный позволяет спровоцировать самопроизвольный аборт при помощи лекарственных препаратов. Аборт в любом своем проявлении всегда смерть, аборт – противоестественный акт, который кроме осложнений, вызывает многочисленные душевные расстройства, внутреннее опустошение и личностные изменения, получившие название Постабортный синдром (ПАС). Душевные и психические расстройства у подростков после аборт особенно возросли в наше время. У девушек, сделавших аборт, наблюдаются подобные последствия. Депрессивное чувство вины перерастает в настоящую скорбь. Как показывает опыт других стран, легализация аборт, увеличивает их количество.

Постабортный синдром – это сочетание психических симптомов и заболеваний, которые могут проявляться вследствие аборт.

Прежде всего это касается женщин, сделавших аборт, а также мужчин и врачей, которые принимали в нем участие. Основным симптомом болезни является постоянное преследование пережитого. Психологи чаще всего отмечают такие симптомы, как: депрессия с чувством вины, скорбь и чувство обиды, переходящие в агрессию, изменения личности. Предлагаю рассмотреть некоторые полезные сведения, которые могут помочь предвидеть постабортные психологические последствия. Факторы риска можно разделить на две основные категории. В первую категорию входят женщины, в сознании которых существуют значительные эмоциональные, социальные или моральные противоречия касательно предполагаемого аборта. Во вторую категорию входят женщины с проблемами развития, включающими незрелость, инфантильность или существовавшие прежде и нерешенные психологические проблемы [1, с. 325].

При ознакомлении с этой проблемой был составлен совместно с школьным психологом ознакомительный лист, с помощью которого можно определить категорию лиц, подверженных ПАС. Человеческий организм, развивающийся внутри матери, действительно становится человеком в момент зачатия (оплодотворения), где присутствуют все необходимые элементы, которые создают нового человека. С этого момента начинается жизнь. Все дальнейшее – это лишь развитие, рост, созревание. Развитие продолжается до конца жизни.

Создавая этот проект, моей целью стало не забыть о людях, уже совершивших аборт или причастных к этому. Я считаю, что каждый из нас должен бережно относиться к людям, которые потеряли ребенка в результате аборта или выкидыша. Помня, что никто не имеет право бросать «камни» в людей, с кем это произошло. Без психологической помощи аборт может навсегда остаться душевной раной. Беспокойство, стыд, злость, расстройство – чувствовать все это нормально.

Для начала хочется обратить внимание на девушек примерно нашего, школьного возраста. Вследствие неправильной позиции родителей подросток часто уходит от взрослых, уходит из-под их контроля и влияния [2, с. 93].

Проблема подростковой беременности одна из самых актуальных в наши дни. Она является не только медицинской, но и социальной. Однако, к сожалению, мало кто занимается ее решением. Ранняя беременность – возрастная категория от 13 до 19 лет. Юная мать не в состоянии содержать ни себя, ни ребенка, часто сталкивается с осуждением и враждебностью со стороны окружающих, среди которых оказываются и ее близкие. Естественная реакция для девушки

- шок, растерянность, стыд, страх и паника. Сложность в том, чтобы справиться с нахлынувшими эмоциями нередко вводит в депрессию и нарушает психическое состояние подростка [2, с. 93].

У некоторых подростков может не оказаться достаточно эмоциональных, умственных или физических сил противостоять неприятностям [3, с. 222].

Если вы знаете кого-то, кто пережил аборт, кого-то, кто вам не безразличен. Задавая вопрос «что я могу сделать?», можно получить сразу несколько ответов о том, как помочь. Для начала, стоит скорректировать собственное отношение, так как сам факт аборта вы не сможете изменить, но вы можете изменить свое отношение к этой женщине. Естественно в более благоприятную для нее сторону. Далее стоит слушать сердцем, ведь это может быть самой ценной поддержкой. Ей необходимо поделиться своей болью и горем для того, чтобы началось заживление ее душевных ран. Стоит также подбирать слова с осторожностью. Как только подросток поделился своими переживаниями по поводу аборта, попробуйте ласково спросить: «Как я могу помочь?» и позвольте ему рассказать о своих чувствах. Может понадобится профессиональная помощь, но вы станете дополнительной поддержкой, в которой он нуждается [4, с. 82].

В ходе работы с психологом и анализа всех возможных вариантов развития разговора, был составлен буклет «Для тех, кто рядом». В нем можно найти советы и ответы на многие вопросы, касающиеся данной проблемы. Как один из действующих примеров борьбы с абортами хочу привести «Окно жизни» в некоторых странах Европы. Летом 2018 года я была в такой прекрасной стране, как Польша. Зная язык, я смогла получить бесценные знания об этой практике и изнутри увидела весь процесс работы такого механизма. «Окно жизни» - специально подготовленное место, где матери, которые не могут или не хотят ухаживать за новорожденным, могут анонимно оставить его. Идея системы защиты подкидышей использовалась уже в средние века, ведь самое древнее сохранившееся окно жизни восходит к 1195 году и находится в Риме по инициативе папы Иннокентия III. Как я уже сказала, во время моей поездки в город Варшаву, мне показали «окно жизни», которое находится под опекой сестер францисканок семьи Марии. Окно открывается снаружи со стороны улицы и внутри в здании. Промежуточное помещение, в котором находится подходящее место для новорожденного ребенка, отапливается и вентилируется. После открытия окна срабатывает сигнализация для

дежурных, новорожденного помещают в инкубатор до прибытия машины скорой помощи, которая доставляет его в больницу, где он проходит обследование, а затем направляют в отделение помощи семье. Одновременно начинаются процедуры установления личности и усыновления. Дети из окна жизни могут быть быстро усыновлены. Такие окна жизни уже созданы в России, надеюсь будут созданы и в Казахстане.

В заключении хотелось бы отметить, что большинство психологов признают тот факт, что многие характерные для подростков особенности эмоционально-волевой сферы помогают преодолеть все трудности раннего материнства. Для юных мам характерна особая гибкость психики, позволяющая оптимально быстро приспосабливаться к новым людям и новым условиям существования. Необходимо, чтобы рядом оказался чуткий, понимающий человек, специалист, психолог, медицинский работник.

Ранняя беременность имеет и дополнительные риски, поэтому девушке-подростку необходимо как можно раньше стать на учет в женской консультации, регулярно проходить необходимые исследования и четко соблюдать все предписания врача. При этом желательно обратиться к акушеру-гинекологу, имеющему опыт работы с беременными подростками. Анализ анкет старшеклассников показал, что большинство подростков не обратились бы за медицинской помощью, потому что стесняются или у них нет денег на диагностику и лечение. Наша школа является профильной с физкультурно – оздоровительной направленностью. В школе проводится большая профилактическая работа по предупреждению ранней беременности: тематические классные часы по нравственно – половому воспитанию, семинар – тренинги, конференции для старшеклассников с участием специалистов.

ЛИТЕРАТУРА

КНИГИ, УЧЕБНИКИ:

- 1 Бёрк Т., Риардон Д. Запрещенные слезы. О чем не рассказывают женщины после аборта. СПб.: Каламос 2010 г. – 325 с.
- 2 Гордин А. Ю., Боцманова М. Э. Мир детства: Подросток. М., 1989 г. – 93 с.
- 3 Евдокимова С. Л., Цветкова Н. А. Семейное воспитание. 2012 – 222 с.
- 4 Куценко О. С. Аборт или рождение – две чаши весов. СПб.: Санкт-Петербург, 2011 г. – 82 с.

ЭЛЕКТРОННЫЙ РЕСУРС:

5 Где в Казахстане делают больше всего абортотв – URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/gde-v-kazahstane-delayut-bolshe-abortov-347987/

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

ИБРАШЕВА Д.

10 сынып оқушысы, Атырау қалалық мектеп-лицейі, Атырау қ.

КАНИЕВА Д. А.

педагог-психолог, Атырау қалалық мектеп-лицейі, Атырау қ.

Жасөспірім жасындағыларды тиісті әдебиеттерде «Қиын», «өзгерілу», «ауысу жастары» деп атайды. Соңғы жағдайда «ауысу жасында» жеткіншек балалық кезеңдерден ересек жасына ауысады. Жасөспірім өзге жастарға қарағанда педагогтар пен тиісті әдебиеттерге көп әңгіме болып, жиі көтеріледі. Себебі бұл кезеңде оның психикалық даму ерекшелігі жас баламен ересектерге қарағанда әлде қайда өзгеше болады. Бұл кезеңге тән тағы бір ерекшелік жасөспірім барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығымен ақыл кеңесінен құтылғысы келеді. Жасөспірімнің ересектен айырмашылығы тек үлкен адамдармен қатынасының өзгеше келетініндей емес, сонымен қатар биологиялық дамуы жағынан кеңінен өріс алатынында. Ал жалпы алғанда жасөспірім тың өзгеше сипатта келеді. Мысалы, жеткіншек төменгі кластарда оқып жүргенде үйге берілген тапсырманы тек жаттап алатын болса, жеткіншек жасында үй тапсырмасын өз сөзімен түсінікті етіп айтуға талпынады. Кейбір жасөспірім жастағылар осы кезеңде бұрынғы қалыпынан үлкен адамдармен қарым-қатынаста болғанда мейірімді, сыпайы келсе енді өрескел түрде, яғни тәртіп бұзуға икем келеді. Осы мәселені анықтаудан зерттеушілер арасында талас бар. Дегенмен психиканың бұл ерекшелігі жасөспірімде әлеумет өмірінің өзінің ерекшелігінен болар. Жасөспірім бәрін өзім істей алам, «Сендер мені әлі бала деп ойлайсындар» деп наразылық білдірседе оның қолынан әлі де көп нәрселер келе бермейді. Ересектерге ұқсап іске ұмтылғанымен, сол істі орындаудағы мүмкіншілігі кіші мектеп жасындағылардай басқаша айтқанда, бір жеткіншек істі игеру жағынан бала да, ал талап қою жағынан ересек.

Әдетте жеткіншектерді тәрбиеге көнбейтін қиын жас деп сипаттайды. Солай деп бағалайтыны біріншіден бұрынғы кездегі психикасы мінез-құлқы өзгеріп, соның негізінде жаңа қасиеттер пайда болатыныннан. Кейде мұндай өзгеріс аз уақыттың ішінде болуы мүмкін. (бірақ өзгеріске ұшырау жасөспірімде бір уақытта кездеспейді). Екіншіден осындай психиканың жаңа саласының пайда болуынан бала киналысқа ұшырайды уайым шегеді, оның тәрбиеге көнуіне бөгет жасайды. Мұндай өзгерістерді психологтар түрліше дәлелдейді.

Шығыстың ғұламасы Әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздің болашақтарыңызды айтып берейін» деген. Қазіргі кезеңде қазақ халқының өмірінде бұрын соңды болмаған оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықпалы жоқ балалар саны күннен күнге артуда. Бұлар дәрежі әдепсіз барлық жарамсыз әдеттерге еліктеуге бейім келеді. Баланың мінезін жалпы деңгейін ынтасын жақсы білу үшін, оның дамуына адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына не нәрсе қажет екендігін әрбір әке, әрбір ана білуге міндетті.

Жасөспірім психологиясында кездесетін мәселелердің екі кезеңге бөлуге боламыз Бірінші жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру; екінші физиологиялық және психологиялық өзгерістер.

Оны 3 топқа жіктеуге болады:

1 топ: жасөспірімдік кезеңде орын алатын өтпелі жағдайлар:

сөзге келу, жалған сөйлеу, міндеттемелерді дұрыс орындамау, жетістікке жету жолында үлгерімнің нашарлауы. Бұл мәселелердің барлығының бір көзі бар. Әрбір жасөспірімде әртүрлі деңгейде болуы мүмкін. Бұл көбінесе жеке сипаттамаларға байланысты. Бұл мәселелер тікелей көп жағдайда ата-анаға байланысты. Егер ата-ана жасөспірімге көп көңіл аудармаса, баланың өзін қажетсізбін деп санау мүмкіндігі жоғары болып келеді, оның үстіне жасөспірімнің жаңа ортаға үйренісуі, тіл табысуы қиынға соғады.

2 топ: жасөспірімдердің өздерінің мүмкіндігін бағалай алмауы. Ол қалай жүзеге асады дейтін болсақ жасөспірімдер қалаған нәрсесін бірден оңай жолмен алғысы келеді, яғни өзіне зор талап қою жағынан ересек, ал істі игеру жағынан бала сияқты әрекет етеді. Талабының орындалмауы оның өзіне деген теріс көзқарастардың апайда болуына әкеледі. Соның әсерінен жасөспірімде сәтсіздіктен қашу, «мен жасай алмаймын» деген сияқты күмән, сенімсіздік орын алады.

3 топ: Жеке мәселелер

- Дұрыс ортаны таңдап білмеуі;

- Өзіне тән мінез құлқының жағымды тұстары темперамент туралы мағлұматтардан хабарсыз болуы;

- Мінез құлқының өзгеруінен ненің дұрыс ненің бұрыс екенін көп жағдайда ажырата алмай жатуы;

- Өзіне немесе айналасына деген жағымсыз көзқарастардың көп болуы;

- Жаңа ортада өзін ұстау;

- Күйзеліс белгілері:

Психофизиологиялық топ:

Үнемі шаршаңқылық сезімі;

Эмоционалды ден саулығының азғыруы (истощения);

Сыртқы ортадағы өзгерістерге байланысты қабылдауы мен белсенділіктегі өзгерістер;

Себеппіз денедегі аурулар;

Дене массасының күрт азаю немесе ұлғаюы;

Толығымен немесе сирек ұйқының бұзылуы;

Ұйқылы ояу жүру;

Физикалық және эмоционалды жағдайлардағы тыныс алудың қиындауы

Дұрыс шешім қабылдай алмауы, дұрыс мақсат қоя білмеу.

Стресс кезінде денсаулыққа әсер ететін факторлар: Әсіресе жүрек, асқазан, арқа аурулары. Оны шешу үшін емханаларға барып дәрі-дәрмекпен емделуді жөн көреміз. Алайда психология саласында психосоматика саласын айтып кеткен жөн болар. Психосоматика-бұл психологиялық факторлардың пайда болуы мен психологияға тән аурулардың пайда болуы мен әсерін зерттеумен айналысатын медициналық психологияның тарауы. Психосоматика медицинаның бір бұтағы тәрізді болып белгілі бір ауруларды емдемейді. Психосоматика адам тәнінің, ақыл-ойының және жанының үйлесімділігі туралы айтады, ол адамның қоршаған ортаға және осы дүниедегі өзінің орнына деген көзқарасын өзгертуге ұмтылады. Ауруды емдеудегі әртүрлі амалдардың өзара оңтайлы әрекеттесуі, әр алуан көзқарастардан жалпыға ортақ бүтінді мүшелеп алу аурудың пайда болу себептерін анықтауға беруге мүмкіндік жасайды. Сонымен, психосоматикалық емдеудің күшіне сену-сенбеуді, немесе дәрілік құралдарға сенуді әркімнің өзі шешсін.

Өзекті мәселелерді шешу кезіндегі проблемалар:

1 Әр түрлі жастағы балалардың ерекшеліктері, жаңа білімді, дағдыны саналы меңгерудегі қызығушылығы ескерілмейді. 2 Ата-ана немесе мұғалімдердің балалық шақтан асып өтіп кеткендіктен,

балалардың төртібін, мінез – құлқын тұспалдап қана елестетуі. Бұл тұспалдықтың дұрыстығына да көз жеткізбей әрекет жасауы. 3. Балалардың арасында басқа балаларды қызықтырмайтындай жеке ерекшеліктері бар. Солардың ескерілмеуі көп қиындық тудыруы мүмкін. 4. Қолданылып жүрген мотивациялардың өзі де өзгермелі болып келеді. Тұрақты емес, сондықтан бұл мотивация түрлері оқу – тәрбие жұмыстарында біріне тиімді болса, екіншісіне тиімсіз болып жатады.

Шешу жолдары:

1 Дұрыс психологияны қалыптастыру

✓ Стресске қарсы тұру факторлары:

1 *Өз денсаулығын қуту;*

2 *Өз-өзін жоғары бағалау;*

3 *Өзіне және өз қабілеттеріне деген сенімділік;*

4 *Ашық қарым- қатынасқа түсе білу;*

5 *Сізге ұнайтын адамдармен уақыт өткізу;*

6 *Сіз өте жақсы істей алатын заттарға назарыңызды бөліп, мейлінше жиі уақыт сонымен айналысу;*

7 *Сіз сүйетін заттарды күнделікті жасау үшін міндетті түрде уақыт таба білу.*

2 Ата-ана ескеру керек!

1 Жасөспірім қарым-қатынасында ең маңыздысы – «ойнамау», жағдай мен көңіл-күйге байланысты өзгеруге икемділігіңізді көрсетуіңіз керек, баланың пікіріне құлақ асу, оның тұлғасын құрметтеу керек.

2 Ата-аналардың бұйрық беріп, жетекшілік жасау уақыты әлдеқашан өтіп кетті. Сондықтан балаңызға айғайлап ұрысқаннан еш нәтиже шықпайды. Сіз жеңіліске ұшырайсыз. Оның орнына өзіңізді ұстамды, дәрежелі көрсетіп, нақты ісіңізбен ғана қарым-қатынасты орната аласыз.

3 Жасөспірімдік жастың бір ерекшелігі – өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу болып табылады. Оны түсіну қиын, алайда балаңызбен бірге тәуекелге бел байлауға тура келеді. Осылайша оған біршама жақын болып, өзіңіздің тапқырлығыңызды көрсетесіз.

4 Әзіл мен оптимистік сезімді ұмытпаған дұрыс. Жасөспірім басынан өткен оқиғаның бәрінде трагедияның үлесі бар деп ойлайды. Сондықтан бұл жерде сіздің тарапыңыздан әзілдеу көмекке келеді. Алайда баланың сезіміне күлудің еш қажеті жоқ, әзіл сол қалыптасқан жағдайдың өзіне бағытталуы керек.

3 Темпераментті анықтау

Сол арқылы өз қабілеттерін дұрыс анықтай алады. Және бұл өз қызығушылығын дұрыс таңдауға көмектеседі. Темперамент жөніндегі ғылымның ірге тасын қалаған ежелгі грек дәрігері – Гиппократ. Оның тұжырымы бойынша, адамдар төрт «дене шырындарының» - қан, шырыш, өт, запыран - өзара қатынасымен ажыратылады. Осы психологиялық тағылымды арқау ете отырып, ежелгі дүние дәрігері Клавдий Гален алғашқы рет темперамент түрлеріне ғылымдық сипат берді. Гален темперамент түрін жоғарыда аталған шырындырдың бірінің басымдылығымен байланыстырды.

Сангвиник. Бұл тип өкілі- еті тірі, қабілетті, қозғалғыш оқушы. Ондай оқушы ақкөңіл және қызу, жеңіл мінезді, ренжігенде тез қайтып кетеді, сәтсіздігін жеңіл өткізеді. Коллектив арасында жүргенді ұнатады, басқа оқушылармен тез тіл табысады. Жағымсыз жағдайларда, жүйелілік пен бірізділік жоқ кезде, сангвиник жеңілтектік, бейбастық, шашыраңқылық байқалады. Осындайда олар кейде оқуға жауапкершіліксіз қарайды.

Флегматик. Бұл типтің өкілі баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланып, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. Психикалық процесстер флегматикте баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау, тез ойланып жауап беру. Кейде флегматиктер жамандықты есте сақтап қалады және ұзақ мерзімге. Адамдармен қарым-қатынаста флегматик бірқалыпты, байыпты, керек жерде тіл табысады, ал орынсыз сөйлемейді. Көңіл- күйі тұрақты. Флегматикті ызаландыру немесе эмоционалды әрекет жасау оңай емес, ол ұрыс-керістен аулақ жүреді. Бірақ жағымсыз жағдайларда оларда әлсіздік, жалқаулық пайда болады. **Холерик.** Бұл темперамент өкілі тездігімен, шапшандылығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Оларда психикалық процесстер шапшаң өтеді. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, күші таусылғанда оны тастап кете береді. Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді. Сондықтан, холерик болған жерде ұрыстар жиі болады, Холерик темпераментінің жағымды жағы – энергия, белсенділік, құштарлық, инициативтік. Жағымсыз жағы – ұстамсыздығы, қаталдық, қатандық, шамдану, ыза.

Меланхолик. Бұл темперамент өкілінде психикалық процесстер өте баяу жүреді. Қатты тітіркендіргіштерге жауап бере алмайды. Олар өте тез шаршайды. Бірақ қалыпты ортада,

іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоциялары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді. Олар өте сезімтал, реніштерін іште сақтап, оларды көп ойлай береді, бірақ сондай қиыншылықтар бар екенін ешкімге көрсетпейді. Меланхоликтер тұйық, жаңа ортада қатты қысылады. Жағымсыз жағдайларда ауруға айналған осалдық, қысылу, көңілсіздік, пессимизм пайда болады.

Темпераментті анықтау адамзаттық қарым – қатынастардың, мінез – құлықтардың, сезімдердің аса бай да күрделі мәнін ашып береді: ол әрбір кейіпкерден өзін көретін болады, өзінің сезімдері мен құмарлық-құштарлықтарының дұрыстығына жауап іздейді. Осы типтерді анықтау арқылы жасөспірімдердің мінез-құлқы мен қабілеттерін ескере отыра, дұрыс бағыт-бағдар беруге болады.

4 Ертегі терапиясы – психотерапияның құрамдас бөлігі. Баланың ертегі сюжетіне әсерленуі, кейіпкердің қиыншылықтарына алаңдауы оның келешекте өз алдында пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей дайындығын туындатады. Практикалық психологияның ертегілік терапия бағыты – баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектесіп, адамдардың өмірде алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады.

Ертегінің психотерапевтік саладағы негізгі функцияларын бөлуімізге болады: Ертегі клиенттің жеке тарихи өмірін толықтырып, оның жалпыадамзаттық ақпараттарын толықтырады. Ертегі клиенттің сол сәттегі тұлғалық оқиғасы ығыстырғанды белсендендіруге мүмкіндік береді. Ертегі конструктивтік қарым-қатынасты және әрекетті үлгілеу арқылы жағдайға жаңа көзқарасты қалыптастыруға, сондай-ақ, оны меңгерудің жаңа деңгейіне көшуге мүмкіндік береді. Ертегі клиенттің ішкі дау-дамайын бейнелеп, ол жайында ойлануға мүмкіндік береді. Ертегі клиент пен ертегі терапевтінің арасындағы символикалық «буфер» болып табылады. Осының нәтижесінде клиенттің қарсылығы қалпына келіп, күш-қуаты ойлануға бағытталады. **Ол үшін бірнеше сұрақтар ұсынылуы мүмкін:**

Сіздің ойыңызша, бұл ертегі не жайлы?

Қалай ойлайсыз, ол неге үйретеді?

Кейіпкер неге сондай әрекетке барды?

Кейіпкер басқа жолды таңдағанда, не болар еді? (дұрыс орындамаса, бас тартса).

Жағымсыз кейіпкерлер ертегіде болмаса, ертегі қандай болар еді?

Кейіпкер маңызды нәрсені неге жоғалтты (немесе иеленді)?

Бұл ертегі басқаша аяқталуы мүмкін бе?

Солдай болса, қандай жағдайда?

Тыңдаушылардың ертегінің сюжеттік оқиғасын емес, оны жасырын мағынасын сезінгендері маңызды. **Мысалы:** «Бір патшалықта, бір мемлекетте бір патша өмір сүріпті. Оның сұлу ханшайым қызы болыпты. Өте әдемі болғанмен, бір кемшілігі болыпты – ол өмірінде бір рет те күлмеген. Сол үшін оны адамдар Күлмесхан деп атапты. Патша ханшайымды күлдіру үшін барлық әрекеттерді жасады, бірақ ешбір нәтиже болмады. Өртістерді, сайкымазақтарды шақырды, сиқыршыларды шақырды – ештеңе көмектеспеді. Қалай ойлайсыз, ханшайым неге күлмеді?». Бұл қарапайым тапсырмада психологиялық сұрақтың қамтылғаны түсінікті болар: «Біздің өмірімізде стрестік жағдайлар болатыны сізді толғандыра ма?». Сіз әртүрлі жауап алуыңыз мүмкін: «Оны барлығы жалықтырды», «Ол адамдардың көзінше күлмейтін, ал бір өзі қалғанда – күлкісіне ерік беретін», «Оның жақын адамы болмаған», Сөз жоқ, осы қарапайым жауаптарда бізді жарақаттайтын жағдайлардың проекциясы болады, нәтижесінде психологтар мен психотерапевтер үшін бірегей, проективті диагностикалық ақпарат болады. Осы тапсырманың көмегі арқылы проективті диагностиканы ғана емес, түзетуді де құруға болады, себебі біздің келесі сұрағымыз келесі үлгіде болады: «Ханшайым күлу үшін, не істеуге болады? Біз Ертегі еліндеміз, біздің қолымызда алуан түрлі құралдар бар». Осы сұраққа жа-уап бере отырып, топтың қатысушылары метафоралық деңгейде бізге өздерінің көңілкүйлерін не көтеретінін, күрделі эмоционалды күйлерден қалай шығатынын айтып береді. Осы бірегей ақпаратсыз психологиялық үдеріс қиын болар еді.

Жасөспірімдерді өмір ортасының қарама — қайшылықтары қызықтырады, бұл жастағылардың қажеттілігі – өздерінің айналадағы адамдарға деген қарым-қатынасын, әлемдегі өзінің орнын табу. Ал бұл қажеттілік басқа адамдармен қарым – қатынастары қанағаттандырады. Әрбір жасөспірім өзін-өзі танумен айналысса, өз проблемаларын жеңілдетіп қана қоймай, болашағының бағытын да анықтай алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

ОҚУЛЫҚТАР МЕН КІТАПТАР:

1 А. С. Макаренко. Тәрбие туралы лекциялары. – Алматы, 1968, 118 б.

2 В. А. Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. – Алматы, 1976, 27 б.

- 3 Обухова Л.Ф. Возрастная психология. – М., 1999, 83 б.
 4 Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. – СПб., 2000, 17 б.
 5 Ертегі терапиясы, Төлеген. А., Қазақстан мектебі, № 8, 2012 жыл, 65 б.
 6 Зинкевич-Евстигнеева Т. Д., Грабенко Т. М. Практикум по креативной терапии. СПб, 1998, 64 б.
 7 Соколов Д. М. Сказки и сказкотерапия. –М., 1995., 85 б.
 8 Короткова Л. Д. Сказкотерапия в школе. Методические рекомендации – М.: ЦГЛ, 2006 ж., 59 б.

ЗАМАНАУИ ҚУЫРШАҚ БАРБИ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ БОЙЖЕТКЕНДЕРІНЕ ҮЛГІ МЕ?

КАБИДЕНОВА Д.
 8 «Г» сынып оқушысы,
 «Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.
 ТЕМІРҒАЛЫ Қ. М.
 мұғалім, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі,
 Павлодар қ.

Көптеген қыздар Барби қуыршағын жақсы көреді және бұл кездейсоқ емес. Әдемі қуыршақ кішкентай ханшайымға қыз болып, әйелдердің барлығын бейнелейді. Ол әрқашан әдемі және тартымды, әрдайым күліп, сізді жағымды бет әлпетімен қуантады. Менің ойымша бұл қуыршақ қазіргі жасөспірім балаларға кері әсерін тигізеді. Себебі көптеген бойжеткендер осы қуыршаққа еліктеп, соларды пір тұтулары мүмін, ал қазіргі өндірушілердің шығаратын қуыршақтары қуантарлық емес. Соған көз жеткізуім үшін осы ғылыми жұмысты жазғалы отырмын.

Жастар субмәдениеті - киген киімнен, сөйлеу мәнерінен, жаргондардан және айрықша әуестенулерден көрініс табатын үлкендер әлеміне, қоғамның ережелері мен құндылықтарына деген өзіндік қарсылық. Мәселен, готтардың келбеті қорқынышты фильмдердегідей үрей туғызады. Олардың өзіндік символы – кара түнек. Түнде жүріп, сикырмен айналысып, зираттарда түнейді екен. Сондай-ақ эмо дегендердің өзінше тағдырлары бар көрінеді, олар өздерінің тамырларын кесіп, тек кара мен алқызыл түсті ғана мойындайды. Ал скинхэдтер, яғни тақырбастылар туралы әңгіме басқаша. Бұдан да өзге субмәдениеттер бар. Мысалы, компьютерлік,

ақпараттандыру технологияларын жаңғыртушылар. Зиянды хакерлер бірлестіктері де жоқ емес.

Белгілі бір субмәдениеттің өкілі болып табылатын жастардың психологиялық ерекшеліктеріне келер болсақ, ол мына бір жайттардан көрініс табады: ата-аналары мен мектеп тарапынан болатын бақылаулардан босауға деген ұмтылыстан, эмоцияға аса берілгіштіктен, жасөспірімдік әсірелеушіліктен, өмірге қатысты ойларының тым мінсіздігінен, адамгершілік ұстанымдарының тұрақсыздығынан, жеке адами құндылықтарының қалыптаспауынан.

Барбиді қорғаудағы пікірлер: Қазір эстетикалық тартымды ойыншықтармен ойнауға мүмкіндік бар, ал бұрын қыздар күлкілі және толық қуыршақпен ойнағанына риза болды. Балалар барби сияқты көзге жағымды қуыршақтармен ойнайды.

Оның кемшілігі: Автор бір мақаласында математикалық жолмен барбидің пропорциялары бар адам тек төрт аяғымен қозғала алатынын дәлелдеген. Басқа автор,биолог, мұндай фигурасы бар әйел табиғатта мүлдем өмір сүре алмайды деп есептейді. Барбидің аяғы оның денесіне тең емес.

Кейбір ата-аналар 4-7 жастағықыз балаларға Барби сатып алады. Бұл әсіресе 4 жасар балаларға қатысты, бала үшін қуыршақ-серіктес емес, қуыршақ-бала керек. Бала үй жағдайындағы қиын жағдайларды жеңіп, қуыршаққа қамқор болуы тиіс. Ал барби болса, ересек қыз сияқты болады, өйткені ол балаңыздың одан үлкен көрінеді.

7-8 жасқа дейін қыздың сырт келбетіне негізінен аналар мен әкелер қамқорлық жасайды. Баланың өзі айна алдында тұрып, шашты тарап, әдемі кйлектерге қуануы мүмкін, бірақ жиі ата-аналарға еліктейді. Бала өзінің келбеті туралы 7 жыл бойы ойлайды. Дұрыс басымдылықтарды қалыптастыру өте маңызды. Сіз балаңызға қуыршақты алғанда байқаған боларсыз, жұқа, әдемі пропорциялармен боялған. Бұндай қыздың келбеті сіздің қызыңызға үлгі болмайды.

Ғылыми жобаны зерттеу барысында барбиға еліктеу арқасында туындауы мүмкін аурулар бар екенін білдім Бұл қуыршақ сияқты әдемі болу, жасөспірімнің өзіне деген сенімсіздігін ояту көптеген ауруларға әкеліп соқтырады.

Анорексия нервозасы- салмақ жоғалту мақсаттарында тамақтануды шектеуден немесе қатаң шектеулерден бас тартуға немесе тиісті мазмұндағы қадағалауға немесе ойдан шығарылған идеялар әсерінен артық салмақ түсіруге жол бермейді. Бұл қыздар арасында жиі кездеседі. Бұл ауру менің ойымша қаыздар арасындағы ең көп кездесетін проблемалардың бірі. Өзіміз айта кеткендей

куыршақтың дене бітімі тым арық болуынан балалар өздерін толық деп саналары мүмкін.

Тағы бір қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі ота жасату. Бұл өздерінің кумирларына ұқсау мақсатында жасалуы мүмкін. Біреулер отаны бір емес, екі-үш рет жасатады. Қуыршақ барби сияқты бет әлпетке қол жеткізу үшін бірнеше рет пышақ астына жату керектігі белгілі. Ал бетке пышақтың жүзі қайта-қайта тиген соң, беттегі жүйке талшықтары зақымданады екен. Бұл табиғи сұлулыққа деген қиянат қана болып қалмастан, әртүрлі ауруларға душар ететіні айтпаса да түсінікті. Ал дәрігерлер енді ары қарай ота жасатудың тым күрделі, әрі қатерлі екенін ескерткен. Кореялық психологтар бұл түрдегі сұлулыққа талпынудың психологиялық ауруға айналып бара жатқанын айтып, бұл әдеттің жастардың психикасына және дене саулығына ауыр дәрежеде қауіп әкелетінін ескерткен.

Қуыршақ барбидың сырт келбеті әйел затының үлгісі саналды. Бірақ ғалымдардың айтуы бойынша бір сөзбен айтқанда анатомиялық бағытта оның фигурасына шын өмірде қол жеткізу мүмкін емес. Ол сияқты пропциясы бар адамға төрт аяқтап жүру қажет екенін түсіндіріп айтты. Бұл «шынайы» қуыршақтың бойы шамамен 175 см және 49 кг салмаққа ие болушеді. Бұндай салмақпен адам еш нәрсені көтере алмай, тіптен жүре алмаушы еді. Оның басы әйелдің орташа басына қарағанда 5 см артық болар еді, ал бел шеңбері (45 см) бауыр мен ішек үшін жеткілікті орын қалдырмады.

Орташа 19 жасар қыздың пропорциясы:	Барби Үлесі:
Бойы -163,3 см	Бойы-175 см
Белдің көлемі-85,4 см	Кеуде көлемі-91 см
Иықтың ұзындығы-35, 8 см	Бел көлемі-45 см
Жамбас ұзындығы-36,7 см	Жамбас көлемі-83,8 см
Бас шеңбері-50,8 см	Бас шеңбері-55,8 см
Мойын шеңбері-38 см	Мойын шеңбері-22,8 см

Дегенмен, Барби стиліне өз өмірін арнайтын қыздар бар.

Одесситка Валерия Лукьянова оның фотосуреттері интернетте пайда болғаннан кейін белгілі болды. Жұқа белі, үлкен кеуде, үлкен көз және мінсіз тері бар қыз нақты адам болып табылатынына күмән туғызды.

Барби қуыршағынан аумамайтын Валерия пластикалық қызға дәлме-дәл ұқсау үшін көздерін ұлғайтатын линза тағып, макияж жасайды. Өзі ешқандай ота жасатқан емеспін деседе, специалисттердің айтуы бойынша бұндай келбетке жету үшін бір


емес бірнеше рет пышақ астына жату керек. 45 кг-дық салмаққа қарамастан, ол күнделікті диета ұстанып, салмақ көтеруден көреді.

Джастин Джедлика (Justin Jedlica) кен қуыршағына ұқсас болу үшін 90 түрлі пластикалық операцияларды өткізді. 32 жасар американдық өзіне қол жетімді барлық силиконарды салып үлгерген. Дәрігерлер силиконның мұндай саны өмірге қауіпті болуы мүмкін деп санайды, бірақ ер адам әлі де жетілуге ұмтылады және мұрын пішінін өзгертуді қалайды.

Британдық Сара Бурдж (Sarah Burge) Барбиге ұқсас болу үшін операцияларға шамамен 600 000 доллар жұмсады.

Дакота немесе оны Котакоти деп те атайды – Жапонияда тұратын американдық, өзінің сыртқы келбетінің арқасында Барби қуыршағы мен аниме кейіпкерлеріне ұқсайды.

Жасайтын тәжірибеміз толыққанды болу үшін 100 адамнан (50 қыз бала, 50 ер бала) мектеп оқушылары мен қала тұрғындарынан сауалнама алдық. Көптеген балалардан мәлімет алу үшін, интернет желісін қолдандық. Себебі қазіргі таңдағы жастар көбіне интернет қауымдастығы арқылы бір-бірлерімен байланысқа шығады.



Сурет 1 – Бала кезінде қуыршақ барбимен ойнаған жастар саны

Біздің балалық шағымыз осы қуыршақпен тығыз байланысты екені белгілі. Осы сауалдан көптеген қыз балалар бала кезінде осы қуыршықпен ойнағанын аңғаруға болады.



Сурет 2 – Қуыршақ барбиді әдемі деп санайтындар саны

Қуыршақ барби қыз балаға тән барлық әдемі кекін келбеттерге ие. Солай деп ойлайтын қыз балалар саны да әлде қарай көп болды.



Сурет 3 – Сіз қуыршақ барбидің зиянды тұстары бар деп ойлайсыз ба?

Үшінші сұраққа жастардың көбі қуыршақ барбидің зиянды тұстары бар деп ойлап көрмегендерін айтты. Ал жауап берген балалардың тек 15 % ғана балаларға нашар жағынан үлгі көрсететінін мәлімдеді. Айта кетсек, оның бетіндегі шектен тыс бояуы және денесінің мүмкін емес пропорциялары адамға кері әсерін тигізуі мүмкін деген болатын. Ал 25 % барбидің нашар тұста

Менің сауанам маған барбидің жасөспірім балаларға қуыршақ барбидің қандай әсер тигізетінін білуге көп көмек берді. Бойжеткен қыздардан қуыршақ барбимен қыз балалың әрқайсысының ойнағанын байқауға болады және көп жағдайларда балалар оған ұқсауға ұмтылуын білеміз. Ал ұлдар көп жағдайда бұл қуыршақты әдемі деп мүлде ойламайды екен. Жеткіншек балалардан алынған сауал бойынша ата-аналардың кейбірі ғана қуыршақ барбидің нашар тұстары бар екенін

білетіні белгілі болды. Бұдан білетініміз ата-аналар бұндай нәрселерге көп көңіл бөле бермейді, мүлдем жоқ екенін айтты.

Психолог Екатерина Климованың пікірінше, Барби балаларға қауіпті. Сарапшы былай дейді: бұл қуыршақтар жұқа белі, ұзын аяқтары, ұзын шашы-бет көзімен және модельдік беті өзін-өзі бағалаудың күрт төмендеуіне әкеледі, оны кейін өмір бойы қалпына келтіре алмауы мүмкін. «Қыздарға арналған Барби – ересек қыздың идеалы, - дейді психолог. – Мұндай әйелдер шын мәнінде болмаса да, қыз өз идеалына ұқсас болуға тырысады. Және, ол осы бейнеге сәйкес келмейді деп көрген кезде, өте өкінішті. Балада бұл фонда терең депресс

Қалай болса да, Барби қазіргі таңда, меніңше, кез келген қызда іс жүзінде бар, кейде - бір қуыршақ емес оданда көп. Әр түрлі мәліметтер бойынша, Барби Қуыршақ әлемде 1-ден 8 секундқа дейін сатылады екен. Барби бізді теледидардың экрандарында, мектепке арналған заттарда, компьютерлік ойындарда және бояуларда күтеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://www.infoniac.ru/news/Kak-by-vyglyadela-kukla-Barbi-v-zhizni-Samye-izvestnye-zhivye-kukly.html>
- 2 <https://prosto-kookly.livejournal.com/25573.html>
- 3 <http://www.toybytoy.com/doll/2011-02-10-1>
- 4 <https://massaget.kz/layfstayl/alemтанu/sayahatty-syemin/11228/>
- 5 <https://www.ridus.ru/news/247618>

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ САМООПРЕДЕЛЕНИЕ СТРАШЕКЛАСНИКОВ

КАИРБАЕВА А. Р.
ученик 10 «Б» класса, Школа-лицей № 20, г. Павлодар
БАИЛЬДИНОВА Д. С.
педагог-психолог, Школа-лицей № 20, г. Павлодар

Профессиональное самоопределение – это не просто выбор профессии или альтернативных сценариев жизни, а своеобразный творческий процесс развития личности. Самоопределение может быть адекватным профессионально важной проблеме – и тогда происходит развитие личности, а может быть и неадекватным и тогда оно порождает внутренний конфликт, активизируя защитные механизмы вместо процессов развития [1, с. 51].

Жизнь человека – череда многочисленных выборов. Серьёзных, от которых зависит будущее и повседневных, бытовых. Выбор профессии, можно отнести к самым сложным. Ведь это выбор того, какое место займет профессия в жизни человека, что он сможет получить от своей будущей работы, как особенности специальности будут соотноситься с другими жизненными ценностями и планами, не станет ли профессия им мешать. Вопрос выбора профессии остается актуальным на все времена и для всех поколений. Момент, когда проблема выбора профессии начинает тревожить, знаменует социальную и психологическую зрелость подростка. Наука давно доказала, что подростки имеют огромные возможности и от их раскрытия во многом зависит будущее и каждого, и общества и каждого человека, и общества в целом. В настоящее время спектр профессий достаточно широк и молодые люди часто сталкиваются с проблемой выбора.

Профессиональная деятельность в жизни человека является основной в обеспечении его социальных притязаний, самоутверждений и самореализации. В каждом учении живёт свой исследователь, свой изобретатель, который ждёт, когда создадутся условия для творческой деятельности.

От школы требуется создание условий для формирования у подростка индивидуального образовательного запроса, личностной потребности в выборе профессиональной деятельности, готовности к профессиональному самоопределению и последующей самореализации в новых экономических и социокультурных условиях. В каждом учении живёт свой исследователь, свой изобретатель, который ждёт, когда создадутся условия для творческой деятельности. Однако есть другой путь при выборе профессии, который определен индивидуальными особенностями человека. Они влияют на деятельность, на поведение, на взаимоотношения с окружающими.

Особенность профессионального самоопределения в юншеском возрасте является зависимость его протекания от множества социальных и личностных факторов. Профессиональное самоопределение в юншеском возрасте только начинает формироваться. профессиональный выбор, являющийся одним из критериев этого процесса, еще не определен. Поэтому на первый план личностного развития выходит умение ориентироваться в меняющемся социальных условиях и осуществлять профессиональный выбор, осознавая все компоненты структуры профессионального самоопределения, в том числе и мотивы выбора профессии, специфичные для каждого профессионального

типа. Таким образом, для осуществления профессионального самоопределения в юншеском возрасте необходим анализ реальных, движущих мотивов реализуемого профессионального выбора и обучения по выбранной специальности.

Есть много факторов влияющие на выбор профессии это может быть

- Позиция членов семьи. Часто семья является доминирующим фактором при выборе той или иной специальности. Семья может относиться уважительно или неуважительно к выбору специальности и учебного заведения.

- Позиция друзей. Иногда выбор учебного заведения или специальности осуществляется «за компанию».

- Престиж. Часто выпускники школ стремятся овладеть теми специальностями, которые являются модными. Но не всегда в них есть потребность на рынке труда той территории, на которой проживает человек.

- Позиция учителей и школьных педагогов. Педагоги могут увидеть задатки и склонности школьника, но, к сожалению, не всегда ими даются профессиональные рекомендации. Также немаловажный фактор, влияющий на выбор профессии учащимся. Мнение учителей обязательно стоит учитывать, т.к. обучая вас, они много знают о способностях своего ученика, о его интересах и умениях.

- Личные профессиональные планы. Совокупность представлений самого выпускника школы о том, чем же он хочет заниматься в дальнейшем. Это основная карта лабиринта под названием «Профессиональный выбор». Для его успешного прохождения должна быть цель, т.е. то, что человек предполагает делать в будущем, каким хочет быть, каковы его идеалы жизни и деятельности на данный момент развития.

- Способности, склонности. Наличие особых задатков и особенностей личности, которые помогают ей в той или иной деятельности, способствуют наиболее эффективно справляться с поставленными задачами, порождает особый интерес к деятельности. Человек более успешен в той деятельности, которая ему интересна. Поэтому выбирая профессию, нужно обратить внимание на то, чем нравится заниматься, что доставляет удовольствие.

- Знание о профессии. Прежде чем сделать выбор типа профессий, надо основательно познакомиться со многими из них. К сожалению, незнание современных профессий чаще всего

становится камнем преткновения в проблеме профессионального самоопределения.

- Уровень притязаний или ваши предпочтения. На выбор во многом влияют актуальные установки и ценности человека, т.е. то имеет первостепенное значение в данный период жизни или важно в качестве основной жизненной цели. Иначе говоря, это то, что человек хочет достичь в процессе своей профессиональной жизни. Ситуация любого жизненного выбора предполагает влияние не только нашего мнения, но и различных внешних факторов [2, с. 16].

Мотив – это то, что побуждает человека к деятельности, то, ради чего она совершается. Каждый человек, выбирая себе будущую профессию, руководствуется разными мотивами: доступностью обучения, лёгкостью поступления в учебное заведение, её престижностью, высокой зарплатой, ориентируется на хорошие условия труда или следует указаниям родителей и т. д.

Интерес – это один из наиболее существенных мотивов, по которому следует выбирать профессию, одна из наиболее веских причин профессионального выбора. Если человеку нравится содержание труда, то он более охотно будет работать, повышать свою профессиональную квалификацию, завоевывать авторитет у окружающих и, в конечном счёте, больше зарабатывать.

Выбор профессии предполагает наличие у школьника информации двоякого рода: о мире профессий в целом и возможностях и требованиях каждой из них; о себе самом, своих способностях и интересах. И то и другой информации старшеклассникам не хватает.

Классификация профессий. Мир профессий изменчив и многообразен. Для ориентации в мире профессий нужны классификации. Их может быть много, так как для их построения существуют самые разные основания.

Разнообразие человеческих профессий велико, и большинством из них, по мнению психологов и педагогов, может овладеть каждый.

В 1998 году в международный стандарт было занесено 9333 профессии. При этом ежегодно на рынке труда происходит обновление около 500 профессий. Вместе с тем многие профессии «живут» от 5 до 15 лет, а затем либо «умирают», либо меняются до неузнаваемости.

Следовательно, можно разделить все профессии по признаку профессиональной пригодности (классификация Гуревича).

- Первая группа профессий связана с абсолютной профессиональной пригодностью (то есть профессия предъявляет жесткие требования к личностным особенностям человека).

- Вторая группа профессий требует относительной профессиональной пригодности (то есть данной профессией может обладать практически каждый человек, но при условии - желаний, настойчивости, а значит приложения каких-то целенаправленных усилий).

Следующая, широко используемая в профориентации классификация Е. А. Климова, определяет сферу профессиональных предпочтений учащихся и построена на основании существенных признаков труда. В соответствии с этими признаками все существующие профессии и специальности можно разделить на пять типов:

«человек-техника» – все технические профессии.

- «человек-природа» - все профессии, связанные с растениеводством, животноводством и лесным хозяйством.

- «человек-знак» – все профессии, связанные с расчётами, цифровыми и буквенными знаками, в том числе и музыкальные специальности.

- «человек-человек»- все профессии, связанные с обслуживанием людей, с общением.

- «человек - творческий образ»- все творческие специальности.

Помимо собственно интереса к определённой профессии, потребности в самоактуализации и самовыражении, выбор той или иной профессии может определяться особенностями характера человека. Согласно теории выбора профессии Дж. Голланда люди выбирают тот род занятий, который более всего соответствует типу их личности.

Голланд выделяет шесть типов личности: реалистический, интеллектуальный, социальный, конвенциональный, предприимчивый, артистический – и предлагает проводить подбор профессии на основе учёта черт личности [3, с. 11].

Теоретический анализ проблемы профессионального самоопределения, а также результаты проведенного исследования позволяют сделать вывод: что действительно, существует связь между профессиональными интересами и характерологическими особенностями.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Немов Р. С. Психология, Москва ВЛАДОС, 2005 г.
 2 Жуковская В. И. Психологические основы выбора профессии. Минск: Народная асвета, 1978.
 3 Сборник психологических тестов. Часть I: Пособие / Сост. Е. Е. Миронова – Мн.: Женский институт ЭНВИЛА, 2005. – 155 с.

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ – ҚАНЫШ АҒА

ҚАЙЫРТАСОВА А.

7 сынып оқушысы, № 17 ЖОББСОБМ, Павлодар қ.

ХАЖИХАН Б.

ғылыми жетекші, тарих пәнінің мұғалімі, № 17 ЖОББСОБМ, Павлодар қ.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың адамгершілік қасиетін жан-жақты саралау арқылы Қаныш есімі жалпақ жер ғана емес «аспан» деп аталатын шексіз Әлемге аты әйгілі, ғылымның танымалдық шыңына шықса да, адами құндылықты бөрінен биік қойған, жаны жайсаң нар тұлға екенін ашып көрсету.

Ғылыми жобаның өзектілігі:

Бүгінгі таңда қазақ халқының ұлттық құндылықтардың жоғалып, Батысқа еліктеу жастар арасында орын алып отыр. Қазіргі қоғамда адамгершілік қасиеттің маңызы жойылып, үлкенге құрмет, кішіге ізет дейтін ата-бабалар өсиетіне құлақ асатындардың қатары сиреп барады. Олай айтатын себебім күнделікті жаһандану өмірде адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы жойылып, үлкен-кішілі ұялы телефоннан бас көтермейтін заман келді.

XXI-ақпарат заманы десек те, адамгершілікті сақтап қалу тек бір өзі үшін ғана емес, ата-ана, қоғам, мемлекет үшін аса маңызды рухани дүние. Сонымен адамгершіліктің негізгі белгілерінің бірі - өзі үшін ғана емес, ел, қоғам үшін өмір сүру, адамдық ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға дайын болу. Ақылды мейірімді адам әр уақытта өзгенің жақсылығын бағалай біледі. Адамгершілік тәрбие әр уақытта, әр қоғамда болып келген. Әдептілік, инабаттылық, сыйласу жағынан халқымыз алдына жан салмаған. Халқымызда ерте кезден-ақ адамгершілікті, әдепті жоғары бағалай білген.

Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халықта, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет - ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан, күнделікті адамдармен қарым-қатынасынан бойына сіңіреді. «Адамгершілік болмай, әділдік

болмас», «Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде», «Өзін ғана ойлаған – жамандықтың белгісі, өзгені де ойлаған – адалдықтың белгісі» - деген ұлағатты жолдардың терең түсінігі бар. Өйткені, адам баласына адамдықтың белгісі адамгершіліктен қалыптасады.

Адам атаулының жақсы қасиеттерінің бірі - адалдық, ол өмірде қымбат асыл қасиет болып табылады. Ал адамгершіліктің негізгі қағидалары қандай деген сұраққа келетін болсақ: кешірімді болу, кек сақтамау, сөйлесе білу, әділ болу, рұқсат сұрау, кешікпеу, өтірік-өсек айтпау, уәдеде тұру, имандылық, мейірімділік, сабырлық, қайырымдылық т.б. алайда, қазіргі кезде адамдар осылардың барлығын біле тұрса да жалған намыспен өмір сүреді.

Біз осы ғылыми зерттеуімізде, негізінен, Қаныш Сәтбаевтың азаматтық адами келбетін, жеке басының қасиеттерін ашуға, сол арқылы отбасына, туған жеріне, қазақ мәдениетіне, қазақ ғылымына зор үлес қосып қана қоймай, қазақ халқының бар екенін өзінің білімі мен адами қасиетінің арқасында Әлемге мәшһүр еткенін ашуға тырыстық. Қаныш Имантайұлының көзін көрген адамдардың берген видео сюжеттері, әртүрлі газет-журнал, оқулықтардан мәліметтер жинастырып, сараладық. Біздің қарастырып отырған тақырыбымыз арнайы ғылыми зерттеу нысан болуға әбден лайық, ғылым саласындағы өзекті мәселелердің бірі деп білеміз. Себебі елімізде «Туған жер» бағдарламасының бірінші бағытының шеңберінде іске асыруға танымал тұлғалардың туған өлке естеліктері туралы зерделеу іс-шаралары қарастырылған.

Сондықтан болашақ ұрпақтың бойындағы патриоттық сезімнің қалыптасуы ұлттың тілі, діні, ділі, салт-дәстүрінен құралады. Сол себептен жастардың ұлттық рухы және санасын ояту күрделі мәселені Ұлы адамның жақсы қасиеті мен өнегесін насихаттау арқылы ғибрат аламыз деп сенеміз. Ғылыми болжам:

Біз Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бір-біріне ұқсамайтын ғылым салаларының әр тетігін жоғары деңгейде меңгеру даралығы және бүгінгі таңда білім саласына енген үздіксіз білім алу мәселесін қалай жолға қойып, ғылымның сан қырлы жағынан биіктен көріне білгенін көрсеткіміз келді. Сол бір қызығы мен шыжығы мол жұмыс барысында өзінің жоғары адамгершілік қасиетін жоғалтпай, әр кезде биіктен көрінгенін көптеген тарихи тұлғалардың естеліктері мен Қаныш ағамен қарым қатынаста болған адамдардың әңгімелері дәлелдейді. Атақ абыройы қанша биік дәрежеде болса да халықпен етене араласып кішік болғаны оның адамгершілігі қандай керемет, әрі мәдениетті дара тұлға болғанын көрсетеді.

«Қазіргі кездегі жаһандану үдерісі, қолжетімді ақпараттар легі жастардың бойында ақпараттарды електен өткізе білу, теріс пиғылды идеологияларға қарсы тұра білетін иммунитетті қалыптастыруды қажет етеді.

«...оларды адамгершілікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу, ұлттық салт-дәстүрімізді бойларына сіңіріп, дәріптеу, оларды еліне, жеріне, дәстүріне, дініне жанашыр азамат етіп тәрбиелеу болып табылады. Қазақ елінің бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтармен сабақтасқан түрде жүзеге асады. Сол себептен де жастардың бойына қазақи құндылықтарды сіңіріп, қазіргі жаһандық даму жағдайында оларды батыс мәдениетінің негізінен алыстатып, өзіміздің рухани бай мұрамыздың құндылықтары тұрғысынан тәрбиелеу - алда тұрған басты міндеттердің бірі.

Елбасымыз жариялаған «Мәңгілік ел» идеясының көздегені де осы болатын, яғни, төл дәстүрімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғырту, дініміз бен тілімізді өркендету.»

1 Қ. И. Сәтбаевтың білімге құштарлануы

Арқаның әсем де көрікті, сұлу жері Баянауылдың бөктерінде Аккелін таулары орналасқан. Бұл бұйрат –бөктерлерді жыланша орай ирелендеп ағатын өзенді Ащының суы дейді. Оған құятын ек саланың бірі Айрық аталынады. Сол Айрықтың биік жарқабағында осы ауылдың биі Имантай ақсақалдың ата қыстауында «Доңыз жылында, яки, жаңа есеппен 1899 жылы, наурыз айында, яки, марттың 31 жұлдызында Жаратқан ием Имантай деген пендесіне ұл берді. Нәрестенің есімін Ғабдұл-Ғани қойған.

Қаныштың әкесі Имантай ақылды да момын, терең ойлайтын, әр мәселені ақылмен, сабырмен шешетін, қолы ашық, сері көңілді, билігі баянды, әділ, сол дәуірдің көзі ашық, зиялы адам болған. «Ғабдұл» сөзі арабшадан аударғанда «құдайдың құлы», ал «Ғани» сөзі-«бай», «дәулетті» деген мағынаны білдіреді. Қанышы кішкентайлығына қарамай маңғаз, жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы баяулау, басы үлкен, маңдайы кереғарыс, аққұба өңі, көзінің қиығында ойнаған қуақы ұшқын анасы Әлимаға тартқан.

Мейірман анасы Сәлима «Кенжетайым» деп мейірлене иіскеп кішкентай бөбегін «Ғаниім менің Ғанышым» десе керек. Осыдан бастап Ғани, Ғаныш дей жүріп, ауыл – аймағы баланы Қаныш атап кетеді. Ауыл мектебінде араб тілін үйретіп, түркі әдебиетінің озық үлгілерімен таныстыратын. 10 жасқа қадам басқан Қаныштың болашағына Г. В. Тереньтев жарқын жол сілтегендей еді. 1911 жылы Қаныш Павлодардағы шаруа мен мұжық балаларына арналған екі

жылдық училищеге оқуға түседі. Қаныш бұл оқу орнын өте жақсы деген бағамен бітіріп шығады.

2 Қазақты әлемге танытқан –Дара тұлға

Қ. И. Сәтбаев зор ұйымдастырушылық қабілетімен, өзінің адам сүйгіш мейірбан мінезімен мамандарды ғылым жолына тарта білді.

Әмбебап білім иесі академик Қ. И. Сәтбаевтың ғылыми дүниетанымы кең еді және ол жаратылыстану ғылымдары шеңберімен ғана шектелмейтін.

«Қаныш тың бір үлкен ерекшелігі, – деген еді Мұхтар Омарханұлы Әуезов – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі»деп заманының заңғар жазушысы лайықты бағасын берген еді. 2.2 Қ. И. Сәтбаев ұлттың жанашыры

Академик Қ. И. Сәтбаевтың ғылыми мұрасында педагогика ғылымдарына қатысты еңбектері үлкен орын алады. Әсіресе, оны ғалым –педагог ретінде тұлғаландыра түсетін еңбегі – «Алгебра» атты оқулығы. Оның математика ғылымына қосқан үлесі-алғашқы қазақ алгебрасын жазуы. Бұл еңбегі өз алдына үлкен мол қазына десек те болады. Ағамыздың бұл еңбегінің қолжазбасы. Қолжазба барлығы 314 параграфтан тұрады, 220 математика пәндерін қамтитын орысша-қазақша сөздік және логарифмдер кестесі енгізілген.

Қаныш Имантайұлының жаңа индустриалды Қазақстан жайлы арманы орындалып, оның қатарынан он бес жыл бойы ерінбей-жалықпай, қыр кезіп, дала шарлап, қолынан геолог балғасы түспей, «ұйқысы қашып», күнге қақталып, Жезқазған өңірін, бүкіл Сарыарқа алабын барлап, кен көздерін іздеумен өткерген еңбегі еш болмады, өз жемісін берді.

«Асыл тастан, ақыл жастан» деп жастарға өсиет қалдырған дана атамыздың қоғамдағы беделін жан-жақты көрсетуге тырыстық.

Адамгершіліктің ақ туын жоғары ұстаған Қаныш атамыздың тәлім – тәрбиесінің, ұстаған қағидаларының жас ұрпаққа берері мол. Сонау атадан келе жатқан ұлттық құндылығымыз рухани – адамгершілік байлығымыз.

2.4 Қ. И. Сәтбаевтың қазақты әлемге паш етуі, оның тәрбиелік мәні

Әр тарихи кеңістік өзінің ұлы тұлғаларын бүкіл елдің, ұлттың тағдырымен байланыстырады. Қ. И. Сәтбаев өзінің қарапайымдылығымен, жай адамдарға да қамқор болатын кішіпейілділігімен айрықша көрінетін.

«..Халқым менен де биік», – деп жауап беріпті деседі. Сөйткен ғалым қазақ ғылымының дамуына зор үлес қосып, академия ашып қоймай, оның байлығын «Біздің байлығымыз мол болғанмен, шексіз емес» деп қызғыштай қорып өтті. Осыдан ұлы ғалымның көп қасиетін аңғарғандай боласың; ой еркіндігі, өзін ұстай білуі, беделділер алдында тайсақтамауы, халқына деген шынайы сүйіспеншілігі де көрінеді. Бұл арада ұлы тұлғаның осы бір қасиеттерін қазіргі жас ұрпаққа насихаттау, отансүйгіштікке, ұлттық идеологияны қалыптастыруға, ұлтың шексіз жақсы көру т.б қасиеттерін тиімді қолдана білу заман талабы болып отыр.

2.5 Қ. И. Сәтбаевтың экология және халқының денсаулығына аландауы

Қ. И. Сәтбаев 1961 жылғы желтоқсан айында Баянауыл ауданы, Сәтбаев (қазіргі атауы) савхозына анықтау жұмыстарын жүргізді... Ұзақ сақталатын бұл изотоптар өзінің тұрақты сәулелену әсерінен көптеген жылдар бойы адам мен жануардың организміне және сыртқы ортаның экологиясына ықпал ететіні анықталған. Тағам өнімдері мен сиырдың сүтінен S90 табылғаны жөнінде мәліметтер 1962 жылғы әдебиеттерде жарық көрген. Осыдан тура 56 жылы бұрын халқының тағдырына аландағаны бекер емес еді. Алғашқы атом жарылысынан тек Семей облысының 200 мыңнан астам тұрғыны 100-ден 200-ге дейінгі рентген шамасында радиация алды. Аса күшті зарядты жарылыстар кезінде радиация мөлшері 300 рентгенге дейін жетті. Соның салдарынан 1949-1963 жылдар аралығында 2 миллионнан астам адам айықпас дертке ұшырады, көбісі бақилық болды. Ғылыми жобаның өзектілігін анықтау мақсатында оқушылар арасында сауалнама өткізілді. Оның мақсаты мектеп бағдарламасында Қаныш Имантайұлы Сәтпаев жөніндегі мәліметтердің мазмұнын анықтау болды. Сауалнамаға №17 мектептің мемлекеттік тілде оқитын 120 оқушы қамтылды.

№ 1. Сауалнама «Қ. Имантайұлы не білесіз?»

Берілген сұрақтар Қаныш ағамыздың адамгершілік қасиетін қаншалықты білесіз деген сұраққа жақсы білеміз деп 31 % жауап берсе, ғалым ретінде 60 % өтежақсы білеміз деп жауап берген. Ал олардың кейбірі есімде жоқ деген жауап бергендер 9 % құрады. Осы зерттеу жұмыс барысында мектеп бағдарламасына оның білімге құштарлығы, жан-жақты тұлға екенін мектеп қабырғасынан оқушының санасына сіңірсек, ержеткенде еліне, жеріне аянбай қызмет атқаратын, туған өлкесін, елін шексіз сүйетін тұлға қалыптасады деп ойлаймыз.

№ 2 сауалнамада оқушылардың Қаныш Имантайұлы Сәтпаев жөніндегі мәліметтерді қайдан алатын жөнінде сараптама жүргіздім.

Оқулық бойынша берілетін мәтін тым мардымсыз. Осы сауалнамаға қатысқандардың берген жауабы 13 % көрсетіп тұрғаны тақырыптың өзектілігін дәлелдейді. 87 % оқушылар реферат жазу не қосымша тапсырма берілген кезде түрлі ақпарат көздерін пайдаланады. Іздену әрине жақсы. Бірақ-та барлық оқушылар туған өлкені тарихы біліп қана қоймай, тарихи тұлғалардың өнегелі іс-әрекетімен сусындап, іс жүзінде елдің игілігі үшін қажетімізге жаратумыз керек деп санаймыз.

№ 3 Мектеп бағдарламасында қарастырылады

№ 3 сауалнамада мектеп бағдарламасында берілетін тақырыптар бір-біріне ұқсас, бір сарынды. Сол себептен бастауыш сыныпта келген оқушы жоғары сыныпқа барғанда Қаныш ағамыз жөнінде дүние танымы кеңейіп, көзқарасы қалыптасу керек ғой. Өкінішке орай олай болмай тұр.

Қаныш ағамыз мінезі жайсаң, жомарт болмаса қанша академиктер шығу екіталай болар еді. Адамдар көп жағдайда бір-бірін көре алмаушылық, екіжүзділік, ашкөздік, топасыздық, білімсіздіктің әсерінен жетістікке жете алмайды. Сол себептен туған өлкенің игі жақсы адамдарын насихаттау, мектеп бағдарламасына енгізу, үлгі өнеге алып болашақ елімізді әлемге танытқан, бәсекеге қабілетті, білімді Қаныш ағамыздай тұлға болып, бәсекеге төтеп беру заман талабы болып отыр.

Енді сол Қаныш ағамыздың жастарға қалдырған өсиетімен таныстырсақ: Жас адам өмір сүргенде сол өмірді босқа өткізуге тиісті емес. Ол, біріншіден, Отанына пайдалы азамат болуды, екіншіден, өз заманының, өз дәуірінің мәдениетті, білімді және алдыңғы қатарлы адамы болуды ойластыруы керек. Ол үшін жас күніннен-ақ өзіңді адамгершілікке баулыңыз. Ісіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер. Не нәрсені болсын нағыз адамгершілікпен түсіне біліп, жасай білсеңіздер, бұдан сіздердің отаншылдығыңыз бен асқан патриоттық сезіміңіз айқын көрінер еді.

Сіздердің мінез қасиеттеріңізде адамгершілік бірінші болып орын алса, шыншыл, батыл, тиянақты, жігерлі және кішіпейіл адам болған болар едіңіздер. Жеткен жетістік пен табысқа мақтану, масаттану – сіздер үшін қасиет емес. Бүгінгі табыстан келер таңдағы міндеттер үлкен. Сол міндеттерді орындауға ұмтылыңыз. Бүгінгі білгеніңізден ертеңгі білетініңіз көп. Сол білетініңізді білуге асығыңыз. Сонда ғана сіздер Отанымызға пайдалы азамат боласыздар. Білімді болу, ғалым болу өмірді танудан, көп оқып, көз ізденуден, шаршамай, талмай еңбек етуден болады. Қаныш аға туралы ғылыми жоба жазу барысында адамның ең үлкен байлығы–

мінез екенін ұғындық. Баянауылдан жиырмадан астам докторын шығуы, бұлақтың көзін ашып, ғылымға жаңа толқындарды тәрбиелеп қатарға қосқан Қаныш аға. Тіпті, Қаныш ағамыздың кісілік парасатына, жәрдем-көмегіне ғылымның айналасында жүрген басқа ұлт өкілдері де ризашылық білдіріп отыратын.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тұғырнамасын «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын жариялады. Олар: 1. Бәсекеге қабілеттілік; 2. Прагматизм; 3. Ұлттық бірегейлікті сақтау; 4. Білімнің салтанат құруы; 5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; 6. Сананың ашықтығы деп атап көрсеткен еді.

Осыдан бір ғасыр бұрын «Сананы жаңғыртуды» ешқандай ұрансыз, нұсқаусыз жүзеге асырған көрнекті ғалым, белгілі қоғам қайраткері, қазақстан ғылымының жетекшісі –Ұлы тұлға Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өз халқы үшін орасан зор қызмет жасап, артынан өшпестей бай мұра қалдырды. Сондықтан болар ХХ ғасырдың аяғында халық оны «Ғасыр адамы» деп атады. Қаныш Имантайұлының Шоқан Уәлихановқа еліктегенін, әрдайым үлгі тұтқанын алға тартады. Бізде осы Ұлы тұлғалардан өнеге алсақ деп айтқымыз келеді.

Мінекей, Қаныш –ағамыздың шынайы бейнесі, жан дүниесі, кеудесі шалқақ, асқақ пенде, мейірімді, әділ, адамгершілігі мол тұлға ғана болып қойған жоқ, болашақ жас ұрпақтың бойында дәл осы қасиеттердің қалыптасқанын тілеген рухани құндылығымыз. Кеңес Одағының еңбек сіңірген астроном ғалымы Николай Черных қазақтың атақты геологы Қаныш Сәтпаевтың құрметіне осыдан тура 39 жыл бұрын, яғни 1979 жылдың 31 шілде күні ашқан ғаламшарына (астероид, кіші планета) Сәтпаев есімін берген екен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Есімі- ел есінде. В памяти народа – Павлодар, тоо нпф «эко», 2000 -269 б.

2 Тарихи тұлғалар танымдық-көпшілік басылым, Алматы. «Алматыкітап» ЖШС, 2006 - 376.

3 Бақытжан Масығапұлы., Қ. Сәтпаев және Жезқазған // Сарыарқа самалы 1999. 22 ақпан.

КОМПЬЮТЕР ОЙЫНЫҢ БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫНА ЗИЯНЫ

ҚАСЫМЖАН А., ТӘТИ Н.
5 сынып оқушылары, № 37 ЖОББМ, Павлодар қ.
ҚАСЫМЖАНОВА А. Е.
№ 37 ЖОББМ, Павлодар қ.

Компьютерлер біздің өміріміздің бір бөлігіне айналды.

Ол біздің өміріміздің барлық салаларына кірді және өмірімізді бұл ақылды машинасыз көру мүмкін емес.

Біз, балалар үшін компьютер, теледидар ток көзіндегі қарапайым зат ретінде көрінеді. Қазіргі заманның балаларына компьютер үйреншікті қолданатын зат секілді.

Көптеген тұтынушылар компьютердің бірсыпыра өте пайдалы мүмкіндіктері бар екендігіне көздерін жеткізді. Ол мәтін теру, әр түрлі есептер шығару, көлемді мәліметтер сақтаумен қатар көңіл көтеру мақсатында да қолданыла береді. Қажетті құрылғылармен және соларға сәйкес программалармен жабдықталған компьютер музыкалық орталыққа айналып, сүйікті саздарыңызды тындай отырып дем алуыңызды қамтамасыз ете алады.

Егер қызықты кино көргіңіз келсе де, компьютер негізінде шағын кинотеатр жасап алуға болады. Оны фильмдер, клиптер, тіпті өзіңіз түсіріп цифрлы күйге түрлендірген бейне жазбаларды да көру мақсатында пайдалана аласыз. Компьютер дыбыс пен бейнелерді өңдеудің керемет мүмкіндіктерін береді. Мысалы, арнайы программалық жабдықтамалар көмегімен дыбыс жазбаларын түрлендіре отырып, өзіңіз жаңа күйлер мен саздар құрастырып, клиптер енгізіп, айта берсек, өз әуендеріңізді компьютерде орындай да аласыз.

Жұмыс істеп тұрған компьютер өз айналасында толқын ұзындығы 1,5м болатын электромагниттік өріс құрайды, сол өріс аясында түскен адам зиянды ультракүлгін сәуле әсеріне ұшырайды. Осындай сәулелердің тағы да басқа шығар көздері болып ұялы телефондар микротолқынды пештер, теледидар және радиоқабылдағыштар саналады. Осындай құралдарды компьютер тұрған жұмыс бөлмесіне орналастырып, оларды пайдалану дұрыс емес, өйткені барлығының да адамға тигізетін әсері қосыла отырып, жалпы зияны артады. Ал олардың денсаулыққа тигізетін зиянды әсері радиация тәрізді бірте-бірте қосыла келе көбііп отырады. Компьютер алдында ұзақ отырғанда, көбінесе оның адамның нерв жүйесіне әсер етуі басым болады. Ауру бірден басталмайды. Бірте-бірте шаршау сезімі жиі пайда

болып, адамның ашуланшақ болуы байқалады. Есте сақтау қабілеті нашарлап, өмірге деген қызығушылығы азаяды. Ересек адамдардың пікірінше, ойынды балалар ойнауы қажет. Ойын ойлау қабілетін, есте сақтауды, зейінді дамытады. Балалар көп ойнайды: қуыршақтар, дойбы, құрастыру. Әрине қазіргі заманның балалары компьютерлік ойындарына әуестенеді [1].

Сонымен, компьютер дегеніміз не? Денсаулық үшін зиянды нәрсе немесе заманауи дос және көмекші.

Қызықты компьютер балаға қалай әсер етеді? Қандай ойындар ойнауға болады? Қайсысы болмайды? Компьютер алдында қалай отыру керек? Ол жау болмау үшін зерттеу жүргізуді шештік: барлық компьютерлік ойындар – жау ма, әлде біздің бақытымызға орай достары да бар ма екен? Ойындар сабаққа көмектесе ме, әлде кесірін тигізе ме?

Зерттеудің мақсаты: Компьютердің адам өміріне зияны мен пайдасын білу. Компьютердің, компьютерлік ойындардың бала ағзасына қауіпін зерттеу.

Біз сұрақтарға жауап алғымыз келді:

біздің мектебіміздің балалары компьютерді қандай мақсатпен қолданады?

Қандай ойындар ойнайды?

Қанша уақытын компьютерге жұмсайды?

Компьютерлік адам ағзасына әсері туралы көзқарастары қандай?

Компьютер сабаққа көмектесе ме?

Ғылыми дәлелдемелер бар ма, бұл мәселені дәлелдейтін немесе жоққа шығаратын, әлде бұл тек ересек адамдардың ойлары ма?

Біз келесі мәселелерді қойдық:

Компьютерлердің шығу тарихын білу.

Бұл машиналардың шығу мақсаты қандай?

Сауалнама арқылы сыныптастар арасында қандай ойындар атақты және оған қанша уақыт жұмсайды?

Компьютерлік ойындардың адамға әсері жайында ақпарат табу.

Сыныптастарыма зерттеудің нәтижелерін көрсету.

Зерттеудің болжамы: Біз ойлағандай, егер де біздің замандастар компьютерді тек ойын үшін қолданып, уақытты зая кетірсе, онда көзі көруі және денсаулығы бұзылады, ата-анасымен қарым-қатынастары нашарлайды, оқу үлгерімдері төмендейді.

«Компьютер»-латын сөзінен аударғанда «санау, шығару» дегенді білдіреді. Ол механикалық есептеуіш машиналармен салыстырғанда

мың есе шапшаң жылдамдықпен санайды. Бірақ, бұл есептеуіш электрондық машиналар қандай үлкен болады? Олар орналасқан бөлмелер, үлкен залдар айналасы ақ жәшіктермен қоршалған. Бірнеше он мыңдаған электронды шамдар өте көп цифрларды өңдеді. Шамдар орнына транзисторлар келді, компьютер бөлмемен бірдей болды. Қазіргі компьютерлердің элементтік базасы микросхемалармен ауысып, үстелдің үстіне немесе шалбар қалтасына сыйып кетеді. Алғашқы дербес компьютерлер АҚШ-та 1976 жылы пайда болды [3].

XX ғасырдың соңғы он жылдықта кішігірім компьютерлер өзінің дамуында үлкен жол істеп келді. Ақпаратты жөндеп және тез жұмыс істей бастады. Үлкен есептеуіш жүйелердің дамуы супер компьютерлердің жасалуына әкелді. Олардың өндірістігі жоғары, мысалы, ірі жер сілкіністерін моделін есептеуге қабілетті. XX ғасырдың соңында адамзат әр түрлі компьютерлік жүйелердің мүмкіндіктерін біріктіре алатын «Интернет» деп аталынатын ауқымды ақпараттық жүйені қалыптастыру кезеңі басталды.

Оқушыға компьютер не үшін қажет?

Қазіргі заманда компьютерлер көп жанұяларда бар. Оны қалай қолданады? Заманауи сән секілді қажет пе? Ол жұмысқа қажеттілік етеді ме? Осы сұраққа жауап беру үшін біз информатика пәнінің мұғалімі көмегімен, 5-7-сынып оқушылары арасында сауалнама өткіздік. Сауалнамаға 213 оқушы қатысты. Сауалнама сұрақ- жауап түрінде өткізілді. Осындай нәтиже болды.

Кесте 1

сыныбы	Сұрақ қойылған оқушылар саны	Жеке компьютерлері бар		Интернет бар		Білім алуға қолданады		Ойын үшін қолданады	
		Оқушы	%	оқушы	%	оқушы	%	оқушы	%
7 сынып	59	39	66	30	51	17	29	32	54
8 сынып	73	48	65	43	59	18	24	41	56
9 сынып	81	37	45	34	42	15	19	48	59
барлығы	213	124	58	107	50	50	23	121	56

Құралған кесте бойынша 213 оқушылардан сұралды. 124 оқушыда жеке компьютер бар, 58 оқушы білім үшін қолданады. Ол 23 пайыз құрайды. Қалғандары ойын үшін қажет екен немесе әр түрлі фильмдер және достарымен әңгімелесу үшін қолданады. Компьютер жоқ оқушылар барлық уақыттарын достарына, туыскандарына барып компьютер алдында отырады [2].

Зерттеу нәтижесі бойынша көбіне оқушылар компьютерді ойын үшін қолданады.

Компьютер менің сыныптастарымның арасында қаншалықты танымал?

Адамдар уақытын компьютерге қаншалықты жұмсайды? Адамға компьютердің әсерін оқушылар қалай түсінеді?

Біздің сыныпта зерттеу барысында мынандай жұмыстар өткіздік, содан соң осындай шешімге келдік.

Сыныпта 19 оқушы бармыз, сыныптастарымның ішінде:

8-і ойын ойнауды өздерінің хоббиі деп санайды.

19-дан 4 сыныптастарым бір жұмада 1 рет ойнайды.

19-дан 3 сыныптастарым анда-санда ойнайды.

19-дан 1 сыныптастарым кем дегенде 1 сағат ойнайды.

19-дан 2 сыныптастарым 2 сағаттан астам ойнайды.

19-дан 1 сыныптастарым жеке компьютерлері бар, қалғандары достарына және туыстарына барады.

24-тен 13 сыныптастарым компьютерлік ойындардан кейін рахаттанады, 4-і шаршайды, 3-нің көзі аурады, 4-і ойыннан кейін ашуланшақ болады. Ал компьютерлік ойындарға келетін болсақ, ер балалардың көбі атыс және жарыс ойындар ойнайды, қыз балалар үйрету ойындарына жақынырақ. Сыныпта Quest – логикалық ойындарды 6 пайыз оқушы қолданады. Sport- жарыстар және спорттық ойындармен 33 пайыз оқушылар ойнайды. 3D-skooter – атыс ойындарға 35 пайызы әуестенеді. Үйрету – саяхат, ізденуге ынталандыратын ойындарды 26 пайызы қолданады. Бұдан шығатын нәтиже балалардың көбі атыс және спорт ойындарына жақын екендігі.

Көбі компьютерлік ойындарды бір сағаттан астам ойнайды.

Балалардың көбі компьютерлік ойындар адамдарға жақсы әсер етеді деп ойлайды.

Балалары компьютерлік ойындарға құмар ата-аналар не ойлайды?

Сауалнама жүргізген кезде осы сұрақты қойдық. Шыққан нәтиже:

Балалар ойындарды өздері тандайды, ата-аналар қарсы емес-9 адам.

Ойын сатып алмайды-2 адам.

Көңіл бөле қарайды-3 адам.

«Ойнап жатыр ма? Ойнай берсін!» — 4 адам.

Қарсы-1 адам

Компьютер оқуға қалай әсер етеді?

Компьютерлік ойындар балаларға әр түрлі әсер етеді:

Егер де, бұл ойындар үйрететін, логикалық ойын дамытатын, зейін, спортқа қызығушылығын арттыратын- дойбы, футбол ойынындағы жаңа әдіс-тәсілдерді үйренеді. Бұдан оқушыларда логикалық ойлау жүйесі жақсы жетіледі. Олар есептің жаңа шығарылуы жолын бірден табады, есептеу техникаларын жақсы меңгереді. «Жарыс», «атыс» ойындарын ойнайтын оқушылар жүйкелері жұқарған, компьютер ойнағаннан кейін көздері ауырады, оқу үлгерімі нашарлайды. Олар мұқиятсыз, ашуланшақ, есептеу кезінде көп қателер жібереді, жай оқиды, кейде сабаққа дайындықсыз келеді немесе үй жұмысын дұрыс орындамайды [2].

Компьютермен жұмыс істеген кезде көзге кері әсер ететін себептер:

– Монитордың анық еместігі.

– Түстердің дұрыс күйге келтірілуі.

– Суреттердің жылт-жылт етуі.

– Экрандағы жыпылықтаудың болуы.

Сондықтан мониторды дұрыс қалыптастыру керек.

Жағымдысы.

Компьютерлік ойындар балаларды дамытады:

– Көңіл аударуды жылдамдатады;

– саусақтардың қозғалу шапшандығы;

– объектіні визуалды қабылдау;

– назар және есте сақтау қабілеті ;

– логикалық ойлау;

– көздің шапшаң қабылдауы.

Компьютерлік ойындар балаларға үйретеді:

– қорыту және сараптау;

– аналитикалық ойлау;

– өз мақсатына жету;

– интеллектуалдық қабілеттерін дамыту.

Қорытындылай келе ең бірінші компьютер зияны – ол адам ағзасы.

Соңғы зерттеулер көрсетеді: тек компьютерден ағзаға зиянды ықпал ететіні, адамның қате орналасуы, демалуы мен жұмысындағы ережелерді сақтамауы. Компьютер мүмкіндіктері әлдеқайда көп. Компьютерлік программалармен мен жұмыс істеу өте қызықты.

Компьютер программасының негізгі құралдарымен, әртүрлі әрекеттермен таныстым.

Артықшылығы:

- графикалық көріністермен жұмыс кезіндегі жоғарғы сапа;
- жұмыс кезіндегі ыңғайлылық пен жайлылық;
- көріністермен жұмыс кезіндегі жоғарғы функционалдық

мүмкіншіліктер ойлаған операцияны жасауға көмектеседі;

Жоғарыда айта кеткендей, әртүрлі әрекеттер көмегімен кез-келген құжаттар жасауға болады. Компьютермен жұмыс істеу пайдалы, біздің ақпарат іздеу жұмысына зор көмегі бар деген шешімге келдім. Бірақ ол қатаң ережелерді сақтауын талап етеді және санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтау керек. Баланың ағзасына әсер етпеу- бұл сәтте маңызды. Біздің мектепте барлық компьютер бөлмелерінде компьютердің қауіпсіздігі туралы ақпараттар бар [3].

Ұсыныс:

Сондықтан да, компьютермен жұмыс жасауға отырмас бұрын мына кеңестерді басшылыққа алып жүруді ұсынамын. Компьютерде жұмыс істеу үшін 14 кеңес.

1 Өзіңізге қолайлы жұмыс орнын жасаңыз.

2 Егер сіз компьютерде 2 сағаттан артық отыратын болсаңыз, ноутбукке арналған арнайы тығыршықты қолданыңыз.

3 Монитор мен сіздің көздеріңіздің арасындағы қашықтық 50 см-ден кем болмауы керек.

4 Жоғарғы бөлігі сіздің көзіңіздің деңгейінде орналасатындай биіктік бойынша монитор күйін келтіріңіз.

5 Сізге терезе немесе жарық сәулелері кедергі жасамайтындай етіп монитор күйін келтіріңіз.

6 Егер бұл жарықтың дұрыс түсуіне мүмкіндік бермесе, мониторды 10-20 градусқа артқа қисайтыңыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Информатика әлеміне саяхат оқулығы.

2 Балапанов Е. Қ, Бөрібаев Б, Даулетқұлов А. В. «Жаңа информациялық технологиялар: Информатикадан 30 сабақ».

3 Ғаламтор беттері: Bilimtime kz, ustaz.kz, google.kz

СИЯ ТАМШЫСЫМЕН САЛЫНҒАН СУРЕТТЕР АРҚЫЛЫ АДАМ ПСИХОЛОГИЯСЫН ҚАЛАЙ ТҮСІНУГЕ БОЛАДЫ

МАЙМАКОВА А. Е.

оқушы, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

ТЕМІРФАЛЫ Қ. М.

педагог-психолог, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

Герман Роршах атақты швейцар психиатры 1921 жылы сия дағы тестісін ойлап тапты. Тест 10 картинадан тұрады. Кратинада симметриялық дақтар бейнесі бар яғни қағаздың бетіне сияны тамызып және тең етіп бөлуді Роршах ұсынды. Бес картина қара-ақ, бесеуі түрлі-түсті. Тестіні сол зерттеушіге 2 этап бойынша жүргізеді. Зерттелушіге осындай нұсқаулар береді. « Міне сізге сия дақтарын көрсетемін және сіз олардың әрбіреуінен не көріп тұрсыз? Зерттелуші әрбір картинаны қолына алады, рет-ретімен қарайды және ол дақта не көріп тұрғанын, ол дақтың оған нені есіне түсіретінін айтып беруі керек. Зерттеуші әрбір дақ туралы айтқанын жазып отырады. Барлық картинаның жауаптары алынғаннан кейін зерттелушіге сол баяғы ретпен картинаны көрсетеді. Зерттеушіден бұл стадиясында зерттелуші дақтарға мінездеме берерде зерттелушінің жауаптары ескеріледі. Егер мысалы; зерттелуші Іші карта маған пілді есіме түсіреді десе, онда бұл дақтар сізге пілді еске түсіретін не? Деп сұрақ қою қажет.

Сынақты Швейцария психиатры Герман Роршах (1884-1922) әзірледі. Роршачтын айтуынша, дұрыс емес симметриялы суретті көрген субъектілер әдетте нақты жағдайды жақсы түсінеді, өзін-өзі сынауға және өзін-өзі бақылауға қабілетті. Сондықтан қабылдаудың ерекшелігі жеке тұлғаның жеке басын көрсетеді.

Өзін-өзі бақылауды үйрену, негізінен эмоцияларға үстемдік ретінде түсіндірілген, Роршах түрлі эмоционалдық әсері бар факторларды енгізу үшін әр түрлі түстердің (қызыл, пастелді реңктер) және әртүрлі сұр және кара қанықтығын пайдаланды. Зияткерлік бақылаудың өзара әрекеттесуі және пайда болатын эмоциялар, бұл заттың көрген нәрсесін анықтайды. Роршач клиникалық байқаудан эмоционалдық күйі белгілі болған адамдар түстер мен көлеңкелерге әр түрлі жауап береді деп тапты.

Сия тамшысымен салынған суреттердің мағынасы

Карта 1. «Көбелек»

Кейбіреулер үшін жарамсыз немесе жалған нәрсені білдіреді, біреу үшін - қараңғылық пен жаңару жолы.

Карта 2. «Екі адам»

Сурет әдетте жыныстық деп есептеледі. Қызыл элементтер жиі қан деп аталады. Бұл суретке реакция - сезімдерді, физикалық ауырсынуды немесе гневті бақылаудың жолдарын көрсетеді. Адамдар жиі дұға ететін адамның суретін көреді; немесе екі сан; өзіне айнадағы немесе төрт саусақты жануарға ұқсайтын ит пен піл сияқты көрінеді.

Карта 3. «Екі адам»

Адам екі адамның ортақ тамағын көретін болса, бұл белсенді қоғамдық өмірге нұсқайды. Қолды жууды екі адам көрген адам қорғансыз немесе арамсыз сезінеді, сондай-ақ паранойяға зардап шегеді. Екі адамды белгілі бір ойын ойнап көрген адам әлеуметтік қарым-қатынаста бәсекелестікке бейім.

Карточка 4. «Жануарлардың терісі, былғары, кілем»

карталар - Rorschach проективтік сынағы

Төртінші карточка «әкесі» деп аталады. Онда - қара сиядағы көлеңкеленген кескін.

Карточка 5. «Бату, көбелектің, күйе»

Осы картаға реакция, сондай-ақ бірінші, біздің мәні көрсетеді. Әдетте сурет беймәлім деп қабылданбайды.

Карточка 6. «Жануарлардың терісі, былғары, кілем»

психологиялық тест

Бұл картада басқа карталардан текстурамен ерекшеленетін қара сиядан дақтар бар. Бұл суретке реакция адамдар арасындағы тығыз қарым-қатынас саласына қатысты.

Карталар 7. «Адам бастары немесе жүздері»

Бұл картада әдетте нәзіктікпен байланысты қара сияның дақтары бар. Сондықтан бейнені қабылдаудың басты нұсқалары әйелдер мен балалар болып табылады, ал карточка «анасы» деп аталады

Карта 8. «Мысық немесе ит емес, жануарлар»

карталар - Роршахтың психологиялық тесті

Бұл тек алғашқы түсті түстес ғана емес, сонымен қатар Роршахтың сынағының өте күрделі бейнесі. Егер бұл карточка немесе түбегейлі кескін өзгерісі адамды шатастырса, бұл қиын жағдайларда немесе эмоционалдық ынталандыруда қиындықтар туындауы мүмкін.

Бұл картаға қатысты жалпы түсініктеме - төрт аяқты жануар, көбелек .

Карточка 9. «Адам»

Роршах дақтары - сынау

Көптеген адамдар көргендерін түсіне алмайды. Сондықтан бұл карта адамның құрылымы мен сенімділігінің жетіспеушілігімен күресу қабілетін анықтайды.

Карточка 10. «Краб, омарта, паук»

сия сканерлеу сынағы

Rorschach тестінің соңғы картасы - ең жарқын. Мұндай реакция ұқсас, синхронды немесе үйлесімді ынталандырғыштармен байланысты проблемалардың бар екенін көрсетеді. Қабылдаудың ортақ нұсқалары краб, омарта, паук, қоян беті, жылан немесе шегіртке болып табылады.

Крабты белгілі бір заттарға немесе адамдарға айналдыру үрдісін бейнелейді немесе адамның кінәсінен куәлік етуі мүмк


Сия тамшысымен салынған суреттер адам психологиясына қалай әсер ететінін туралы мәлімет алу үшін, интернет желісін қолдандық. Себебі қазіргі заманда көп адамдар интернет арқылы бір-бірлерімен байланысқа шығады. Жасайтын тәжірибеміз толыққанды болу үшін мен балалар, жастар мен үлкендерден сұрағанмын.

Онлайн сұхбат барсында келесі сұрақтар қойылды:

- 1) Сіздің жасыңыз?
 - 2) Сіз бұл суретте не көріп тұрсыз ?
 - 3) Бұл суретке қарағанда сізде қандай әсер болады ?
 - 4) Бұл суретте қай жерінде сіз сондай бейнесін көрдіңіз
- Алынған сауалнамалардың жалпы анализі бойынша қорытынды.

Сауалнамының бірінші сұрағы бойынша барлық жастағы адамдар бұл суреттерді көрген.

Диаграмма 1 – Суреттерде не көргені және жалпы үлгілердегі жауаптармен сәйкестендіргендегі бойынша жас ерекшелігі туралы мәлімет




Роршах дақтар балалардың түсіндіру зерттеу 4-тен 12 жылға дейін жастар, өсе келе анық байқауға болады, екі, оның қабылдау бойынша дифференцияланған және байытылған, түрлі жолдармен орын көру үшін баланың мүмкіндігі артып келеді. үш-төрт жастағы бала кез-келген егжей-тегжейлі айырмашылықты таба алмайды. Тек барлық нәрсені қабылдауға қабілетті. толығымен орын алып, жауап бере отырып, ол әртүрлі кестелерді ұсынған кезде оны стереотиптік түрде қайталайды.

Біртіндеп сурет өзгереді, жеке бөліктердің дақтарында бөлуге қабілеті бар. Алдымен бұл бөлшектердің құрылымы өте қарапайым. кез келген тар Созылған жерде - «Butterfly» кез келген тар орталық «дене» және симметриялы «қанаттары» бар жерде, «балық» танымал болып табылады. Осы жауаптардың көпшілігі танымал санатқа жатады, яғни сау ересектердің жауаптары арасында жиі кездеседі. Ең дамып келе жатқан миы ең алдымен кездесетін көрнекі кешендерді бөлу үшін ең алдымен реттеле бастайды дейсіз бе?

Балалар өсіп келе жатқан жерлерді қабылдау жолдары әртүрлі болады. Жалпы орынға жауаптардың саны тұтастай төмендейді, қарапайым де жауаптардың үлесі. Дәлірек осы тәжірибеге, көбіне 14-тен 16-ға дейінгі жастар болып келеді. Яғни қазіргі жасөспірімдердің көбілері бұл суреттерге қарағанда мүлдем басқа бейнелерді көреді. Бұл жауаптары көбінесе қазіргі заманауи терминдерге байланысты. Мысалға 7-ші карточкада, жауаптағы үлгіде «Адам бастары немесе жүздері» болуы керек. Бірақ қазіргі жастардың көбілері бұл суретті басқаша «лайк» деген терминмен көріп отыр.

Ең жақын әрі үлгілерге сәйкес келетін үлкендердің жауаптары болып табылады. Яғни үлкендер кішкентай балалар мен жастарға қарағанда олардың көбілері бұл суреттерді басқаша көре алмайды. Адам есейген кезде олардың ойлауы фантазиясыз әрі түссіз болып келуі мүмкін.

Диаграмма 2



Жалпы айтқанда әр адамда проблемалары болады, бірақ жас ерекшелігі бойынша олар түрлі болып келеді. Адамдар өздеріндегі мәселелерге байланысты көбіне қиын жағдайда болады. Кейбір кезде бұл проблемалар келешектің болашағына балта шабуы мүмкін. Сонымен проблемаларды қалай таба аламыз және қай әдіс ең тиімді болып келеді?

Менің зерттеуім бойынша сия тамшылар әр адамның проблемасын нақтырақ көрсетеді алады. Яғни адамның мінезін, оның жағдайын және қандай оның проблемасы болып келеді. Егер проблемаларға нақтырақ зерттесек адамның жас ерекшелігі бойынша жастардың проблемалары ең көп болып келеді. Мысалға: бірінші карточканы жастарға көрсеткенде көбілерде көбелек немесе жапалақ көрінді, көбелектің мағынасы өтпелі кезенді, трансформацияны өзгерту және жою мүмкіндігін бейнелейді, ал жапалақтың мағынасы қайта тірілу символын көрсетеді, жетінші карточкада олардың отбасымен бірге қарым-қатынасы, төмен өзін-өзі бағалау, тоғызыншы карточкада өмірдің мәнін табу, өзінің мәселелері мен жағдайларын талдайды және тағы басқа. Балалардың проблемалары ең аз болып келеді. Көбінесе олардың проблемасы бұл оларға ойыншық сатып алмауы немесе кейбір балалармен достаспауы. Алынған сауалнама бойынша балалардың өмірі ертегілерге сәйкес, яғни олар әлі ауыр қиындықтарға соқтығысқан жоқ және бала кезінен ата-ананың әсерінен 2-9 жасқа шейін біздің жанымызда ішкі уайым жоқ. Себебі бала кезінен біздің қамқорымыз ана мен әке болып келеді. Сол себепті біз кішкентай бала немесе жастар жасына келмеген соң бұрын біз әлі жамандық пен жақсылықты ажырата алмаймыз. Ең соңғы үлкендер алынған сауалнама бойынша, олардың проблемалары жастардың проблемасынан аз емес. Олардың проблемасы көбінесе жұмыс, отбасы, жалақы, төлем,

отбасына асыру, балаларды тәрбиелеу және тағы басқа болып келді. Бұл барлық проблемалары үлкен стресс әкеп соғады.біз оны 1, 4, 5, 8 суреттерде көруге болады.

Сия тамшысымен салынған суреттері адамға қалай әсер ететінін зерттей отыра, келесі факторларды анықтадық:

- сия тамшысымен салынған суреттерде ештеңе жоқ, адам өз ойымен өзі бұл суреттерді ойластырады.

- сия тамшылары арқылы біз адамды жан-жақты талдай аламыз.

- Сия тамшысымен салынған суреттердің ерекшелігі олар басқа тесттер мен әдістерге қарағанда адамның проблемасын айқын көрсете алады. Басқаша айтқанда, адам бұл суреттерді алдай алмайды. Бірақ бұл суреттер тек проблемасын жақсырақ көрсете алады, ол проблемаларды шеше алмайды соған арнайы тренинг болуы керек. Сөйтіп қорытындылай келсек сия тамшысы арқылы салынған суреттері кереметтей ішкі жанын көрсете алады, ол басқа әдістерге қарағанда тиімдірек болып келеді. Бірақ проблеманың шешімін шығара алмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Роршах тесті: «БАХРАХ-М» баспасы 205 б.

2 Роршах тесті қалай қолданамыз: журнал, 75 б.

3 Роршах тестінің сиялары: «Питер» баспасы.

4 Роршахтың методикасы: «Когито-Центр» баспасы.

5 Сиядақтары: «Ось-89» баспасы.

6 Психодиагностика: «прайм-еврознак» баспасы.

7 Шизофрения: «Речь» баспасы.

8 Роршахтың суреттері шизофренияға көру: «Академия развития».

9 Сущность методики чернильных пятен: «Генезис».

10 Герман Роршах энциклопедиясы: «АРКТИ» баспасы.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚҚА КЕШІГУ СЕБЕБІН АНЫҚТАУ

НИЯЗКУЛОВА Н.

8 сынып оқушысы, З. Хусанов атындағы № 110 ЖОМББ, Шымкент қ.
ЮЛДАШЕВА Г.

педагог психологі, З. Хусанов атындағы № 110 ЖОМББ, Шымкент қ.

Мектепте сабаққа кешігетін оқушыларды анықтау мақсатында күзету жұмыстары жүргізілді. Сабаққа кешігетін оқушылар анықталып, олармен жеке сұхбат жүргізілді. Кешігетін оқушылардың

сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен, жақын достарымен және ата-аналарымен жұмыс жүргізілді. Сабаққа кешігетін оқушылардан және олардың ата-аналарынан сауалнама алынды, психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді, оның нәтижелері талқыланды. Сол зерттеулер нәтижесінде мектепте оқушылардың сабаққа кешігу себептері анықталды.

Оқушылардың сабаққа кешігу себептері:

– ата-ананың балаға жеткілікті көңіл бөлмеуі;

– бала мен пән мұғалімдерінің нашар қарым- қатынасы;

– сабаққа деген қызығушылығының төмендігі;

– достарымен тіл табыса алмауы;

– баланың сынып ұжымында дұрыс бағаланбауы;

– оқушының күн тәртібінің жоқтығы;

– сыныпта және отбасында психологиялық дұрыс мұхиттің жаратылмауы;

– тәртібі қиын оқушылар;

– үлгерімі нашар оқушылар;

*«Өмірде қиын пән болмайды,
керісінше қиын мінез болады.»*

С. Давлатов

Жоғарыдағы көрсетілген себептердің ішінде ең көп көрсеткіш танытқан себептердің бірі – отбасындағы психологиялық мұхиттің жаратылмауы.

• Баланы – «жас көшет» деп елестейміз;

• Оның өсіп-өнуі үшін таза ауа, күннің нұры, су, топырақ және дұрыс күтім қажет.

• Күтім қаншалықты мықты болғанымен, көшеттің дені сау болып өсуі - отбасындағы психологиялық мұхитқа тығыз байланысты [1, 18 б.].

Отбасында баланың дұрыс дамуына жетелейтін психологиялық мұхит жаратудың тәсілдері:

Біздің балаларымыз бізден ақылды, бізден күшті, бізден бай, ешкімнен кем болмауы, еңбек базарында жарысуға жарамды болу керек. Сол үшін біз оларға бала кезінен дұрыс дамуға әдеттенуіне жол ашуымыз керек. Бұл отбасында дұрыс даму үшін мұхит жаратуды талап етеді.

Отбасында дұрыс психологиялық мұхит жарату үшін ата-аналарға қойылатын талаптар:

- ата-аналар әрбір перзентін жеке тұлға ретінде есептеп, оның өзіндік ерекшеліктеріне мән беріп, қарым-қатынас жасау қажет;
- ата-ана сабырлы болуы және өзіндік эмоцияларын дұрыс басқаруы керек;
- ата-ана әр бір перзентінің ішкі эмоциясына, мінезіне байланысты зерек, ұқыпты, сезгір болуы қажет;
- отбасындағы әр түрлі жағдаяттардан жеңіл шығудың жолын табу;
- ата-ана өзіндегі ішкі мейірімділік, адамгершілік қасиеттерін көрсете білуі керек;

Отбасында дұрыс психологиялық мұхит жарату үшін ата-аналар мән беретін принциптер.



Сурет 1

Отбасында психологиялық мұхиттың жаман болуына тағы бір себеп – баладағы жағымсыз қатынас пайда болғандығын сеземіз, бірақ қандай жол таңдауды білмейміз. Күнделікті өмірде баладағы жағымды және жағымсыз жақтардың пайда болуына бір себеп болады. Алдымен, соның себептерін анықтауымыз қажет. Бала бұзық, айналадағыларды қинағыш болса, соның себебін іздеу керек. Ол болмайтын нәрсеге жилауық болса да, демек оның да қандайда себебі бар. Себебі, оның ішкі әлемінде жалығу, өз ішін тырнау, өзін нашар сезінуі босқа пайда болмайды. Ата-ана баланы жақсылап күзетуі, проблеманың келіп шығу себебін анықтауы шарт. Содан кейін проблеманы жою жолдарын іздестіру керек. Кейде сабырсыз және жұмыстан босамайтын ата-аналар проблеманың себебін анықтамай тұрып, оны түзетуге тырысады. Баланы қинап жатқан мәселе көбінесе отбасында бола тұра, кейбір ата-аналар себепті мектептен іздейді. Бұл қаншалықты дұрыс деп ойлайсыз?

Отбасында ата-ананың өзара қарым-қатынасы бала тәрбиесіне әсер ете ме? Бала өз бойында ата-анадағы барлық қасиеттерді жинамауы мүмкін, бірақ олардан екі нәрсені қабылдауы анық. Олар: *мейір мен тәрбие*. Мейір – қолдау көрсету, көмектесу, сую сияқты ішкі сезімдер жиынтығы. Ал, тәрбие – барлық білімдер, ережелер, салт-дәстүрлердің жиынтығын өз ішіне қамтиды [2, 46–48 б.].



Сурет 2

Баладағы жағымсыз мінездің пайда болуына себеп – ата-ананың балаға мән бермеуі. Ата-ана отбасындағы әр балаға ерекше мән беру қажет. Балаға жеткілікті мән берілмесе, оның мінезінде жағымсыз жақтар пайда болады. Мысалы: сабаққа кешігу, сабаққа кірмеу, мектепке келмеу, шылым шегу, әр түрлі игроткалық ойындарға құмарлық, жалғыздықты қалау.



Сурет 3

Отбасындағы психологиялық мұхиттың бұзылуына тағы бір себеп – ата-ана мен бала арасындағы келіспеушілік. Мысалы, ата-ана баланың қызығушылығына қарамай, өзіндік қалауымен іс жүргізуі. Бала мен ата-ана арасындағы келіспеушілікті жою үшін әрбір ата-ана өз баласын жеке тұлға ретінде көріп, онымен кеңесіп, оның өзіндік пікірін тыңдап шешім қабылдау керек [3, 19–23 б.].

Отбасында ата-ананың тәрбиелеу процесіндегі сөйлеу мәнері, өзін қалай ұстауы өте маңызды. Балаға тек айғайлап емес, баяу сөйлеп жан-жақты түсіндіру керек. Сөйлеген сөзін өмірмен байланыстыру керек. Балаға сөйлеген кезде « Сен жалқаусың, сен бұзықсың, сен тентексің, сен оңбайсың, сені өлтіремін...» сияқты сөздерді айтуға болмайды. Өйткені, осы суық сөздеріңізбен баланың жағымсыз болашағының пайда болуына себепші боласыз.

Мектепте сабаққа кешігетін оқушылардың артуына тағы да басқа себептер бар. Оқушы мен пән мұғалімдерінің нашар қарым- қатынас жасауы нәтижесінде баланың сабаққа деген қызығушылығының төмендеуі келіп шығады. Кейбір сынып жетекшілері сынып ұжымында оқушыларды алалауы нәтижесінде сыныптағы оқушылар бір-бірімен тіл табыса алмайды. Қазіргі уақытта кейбір пән мұғалімдері жағынан оқушының сынып ұжымында дұрыс бағаланбауы да байқалып жүр. Пән мұғалімдерінің сабақта дұрыс әдіс-тәсіл қолданбауы нәтижесінде үлгерімі нашар оқушылар пайда болады және оқушылар сабақтан жалығады [4, 76–81 б.].

Мен мектеп психологі ретінде сабаққа кешігетін оқушыларды жан-жақты зерттедім. Зерттеу барысында оқушылардың сабаққа кешігуінің әртүрлі себептен пайда болуына, яғни оған көп нәрсе түрткі болуына көзім жетті. Оны жою үшін бәріміз тырысып әрекет жасауымыз керек:

- ата-аналар отбасында дұрыс психологиялық мұхит жарату керек;

- ата-ана баланың бақытты болашағы үшін қайғыру керек;
- ата-ана баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастырылғанына көз жеткізуі қажет;
- балаға тұлға ретінде қарап, оның өзіндік пікірін, өз алдына қойған мақсатын білу керек;
- ата-ана мектепте сынып жетекшісі және пән мұғалімдерлерімен тығыз байланыста болу керек;
- күнде баланың үйде сабақ дайындауын бақылып отыру қажет;
- баланың сабақтан бос уақытта немен айналысатынын, кіммен достасып жүргенін білуі керек;
- мектепте сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері сынып ұжымындағы әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде көруі керек;
- оқушыларды алаламауы қажет;
- сабақты мұғалімдер дұрыс әдіс-тәсіл таңдап , оқушыларды қызықтыра өтуі қажет;

Мұғалім ретінде әрбір оқушы үшін, ата-ана ретінде әрбір бала үшін қаншалықты қайғырсақ, мемлекетіміздің ертеңі үшін соншалықты өз үлесімізді қосқан боламыз. Ол біздің сана – сезіміміздің жоғары екендігін дәлелдейді. Өйткені, еліміздің ертеңі осы жастар қолы

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 1-том «Тәжірибелі психология» Гаппаров М. М Гаппаров Т. М.
- 2 2-том «Тәжірибелі психология» Гаппаров М. М Гаппаров Т. М.
- 3 «Жалшы психология».
- 4 «Психология» Е. И. Игнатъев, Н. С. Лукин, М. Д. Громов.
- 5 «Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы» Мухина В. С.
- 6 1-том «Тәжірибелік психологиясы» Т. Р. Нұрмұханбетова.
- 7 «Қызықты психология» журналы -2011 жыл 5 басылым.
- 8 «Жеткеншек жас кезеңінде жүргізілетін психодиагностика» .Қазақ психологтар ассоциациясы.
- 9 Мұқанов М. М «Жас және педагогикалық психология» Алматы 1962.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАЗАСЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙ КӨРІНІСІНІҢ ОҚУ ӘРЕКЕТІ СӘТТІЛІГІНЕ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

ОМАРОВА А.

5 сынып, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

ХАЙСИНА К. К.

ғылыми жетекші

Қазіргі кезде эмоциялық тұрақсыздықпен, сенбеушілікпен, жоғары алаңдаушылықпен ерекшеленетін мазасыз балалар саны едәуір көп ұлғайған. Мазасызданудың пайда болуы және орнығуы баланың жас кезеңіндегі қажеттіліктерінің қанағаттанбауымен байланысты. Мазасызданудың тұрақты бейнесі, көбіне жеткіншек жас кезеңінде көрініс табады. Ал, оған дейін, бұзылыстардың кең шеңберін өндіруші болып табылады [1].

Тақырыптың өзектілігін ескере отырып жұмыс **мақсаты** анықталды: Абай атындағы № 10 лицей - мектебінде оқитын 5 -ші сынып оқушыларының мазасыздық деңгей көрінісінің оқу әрекеті сәттілігіне әсерін анықтау

Мақсатты шешу жолында келесі **міндеттер** қойылды:

1 Тақырып бойынша әдебиетке талдау жасау;

2 Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 лицей-мектебінің 5-6 сынып оқушыларының сегіз түсті Люшер әдістемесінің нәтижесін талқылау;

3 Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 лицей-мектебінің 5-6 сынып оқушыларының Е. П. Ильин әдістемесі арқылы жүйке жүйесінің қасиеттерін анықтаудың экспресс тест қорытындысын талдау

Болжамы: егер біз мазасыздық белгілерін білетін болсақ, онда ол оқу әрекеті сәттілігіне қандай әсер ететінін анықтай аламыз.

Зерттеу жұмысын жүргізген кезде біз Сегіз түсті Люшер әдістемесін және Е. П. Ильин психомоторлық көрсеткіштері арқылы жүйке жүйесінің қасиеттерін анықтаудың экспресс әдістемесін (теплинг-тест) қолданып алдық.

Балалардың психикалық, денсаулығының эмоциялық компонентін, психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу үшін эмоциялық күштенуді анықтайтын Люшер тестісі пайдаланды. Люшердің түрлі-түсті тестілерінің қысқартылған «**Сегіз түсті катары**» сынағы жүргізіледі.

Люшер сынағы классикалық нұсқада қолданылады. 73 түс кестесі көмегімен және 8 түс қатарын қолдану арқылы қысқартылған сынақ бойынша өтіледі. Олардың біріншісінде ауқымды сынақ өткізіліп, психодиагностикалық зерттеудегі негізгі құрал болғанда құнды болып табылады.

Люшердің түстерді тандау тесті сыналудың белгілі бір әрекетке, көңіл күйге, функционалдық жағдайға көбірек бейім екенін және тұлғаның барынша тұрақты сипаттарын айқындауға негізделген. Шетел психологтары Люшердің тестін кейде кәсіптік бағдар бойынша іріктеу, өндірістік ұжымдарды жасақтау, этникалық, геронтологиялық зерттеулер, жар тандауға кеңес беру кезінде қолданады [2].

Бұл әдістемені жарты ғасырдай уақыт әлемнің барлық елдерінде он мыңдаған педагогтар, психиатрлар мен психологтар табысты пайдаланып келеді. Ол түрлі топтардың, кәсіби әлеуметтік топтардың, этностардың және субмәдениетті бірлестіктердің психологиялық ерекшеліктерін зерделеуде қолданылады.

Люшер әдістемесі бойынша тест Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 лицей-мектебінің 5-6 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Тест өтуге 11,12 және 13 жастағы оқушылар қатысты (кесте 1).

Кесте 1 – Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 лицей-мектебінің 5 -ші сынып оқушыларының сегіз түсті Люшер тестінің нәтижесі

№	Оқушылар жасы	Қою көк	Жасыл	Қызғылт	Сары	Күлгін	Қоңыр	Қара	Сұр
1	11	2		1			1	3	5
2	12	3	1		1	1	2	4	6
3	13	2		1		2	2	6	5

Кесте бойынша талдау жасаған кезде оқушылар көбінесе сұр, қоңыр қара түстерін көп белгілеп қойған. Люшер тесті бойынша сұр түс- айырушы, алшақтатушы міндеттерден босатушы, сыртқы себеп пен әсерлерді жасырушы. Оның алғашқа позицияда орналасуы компенсациялаушы болып саналады. Ал соңғы орында болса зерттелуші жауапкершілікті сезінетінін білдіреді. Сұр түс екінші және үшінші орында болса зерттелуші мінез-құлқында конфликтіні білдіреді.

Қоңыр түс- сезімталдылықты білдіреді. Физиологиялық дискомфортпен ауырған кезде осы түсті тандайды, өз жанұясынан

айырылғанда қоңыр түс солға қарай жылжиды. Қара түс- көңілі қалу, қарсылықты білдіреді, өмірден түңілуді білдіреді.

Люшер тесті 11-13 жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктерінде қобалжу, сезімталдық, көңіл қалу байқалады, мүмкін бұл барлығы осы жастағы ағзада болып жатқан өзгерістер салдары. 11-13 жастағы балаларда жыныстық жетілуге дайындық орын алады, сондықтан балалар осындай көрсеткішке ие болады. Сонымен бірге бұл балалар, олардың өз ойы, өзінің ұстанымы болады, ойлары жалпылама ортақ шешімнен ерекшеленеді. Олардың әуестенетін заттары әке –шешелеріне де, құрбы-құрдастарына да түсініксіз болуы мүмкін. Балаларға өзіне тән қабілеттері және ерекшеліктері өте жақсы есте сақтау қабілеті, ерекше зейінділік, білуге құмарлық, тәуелсіз ойлану, жаңаны білуге құмарлығы. Мұндай балалардың ойлау қабілеттері өте жоғары, мағлұматтарды топтастыру және себеп – салдарын анықтауға қабілеттері жоғары. Бала бойындағы дарындылық осындай тест нәтижесінің себебі болуы мүмкін [3].

Е. П. Ильин әдістемесін Теплинг тест деп атайды. Теплинг тест білезікпен қозғалыс жасау жылдамдығының уақытқа байланысты өзгерісін бақылауға қолданылады. Бұл тест арқылы жүйке жүйесінің негізгі қасиеттерін анықтауға болады. Осы тесті орындауға Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 лицей-мектебінің 5 - 6 сынып балаларының 50 оқушысы қатысты. Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 лицей-мектебінің 5 -6 сынып балаларының арасында өткізілген теплинг тестінің орташа көрсеткіштерінің зерттеу хаттамасы 2-ші және 3-ші кестеде берілген.

Кесте 2 – Павлодар Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 лицей-мектебінің 5 - 6 сынып балаларының арасында (11 жастағы) өткізілген теплинг тестінің орташа көрсеткіштерінің зерттеу хаттамасы

Төрт бұрыш нөмері	Уақыт аралығы (сек)	Қойылған нүкте саны	
		Оң қолымен	Сол қолымен
1	0-5	30	28
2	6-10	28	24
3	11-15	25	22
4	16-20	22	20
5	21-25	19	18
6	26-30	17	15

Кесте 3 – Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 лицей-мектебінің 5–6 сынып балаларының арасында (12-13 жастағы) өткізілген теплинг тестінің орташа көрсеткіштерінің зерттеу хаттамасы

Төрт бұрыш нөмері	Уақыт аралығы (сек)	Қойылған нүкте саны	
		Оң қолымен	Сол қолымен
1	0-5	15	12
2	6-10	16	12
3	11-15	14	13
4	16-20	15	12
5	21-25	13	12
6	26-30	15	12

Егер 24 немесе одан аз нүкте қойылса – бұл бояу жылдамдық; 25-30 нүкте- орташа қалыпты жылдамдық; 30 және одан жоғары – жоғары жылдамдық.

Зерттеуге қатысқан 50 оқушының барлық 6 төрт бұрышта нүкте қою бойынша төғыз балада жоғары жылдамдық байқалды (12-13 жастағы). Орташа қалыпты жылдамдықты 21 оқушыда нақталды (11 жастағы). Баяу жылдамдық қалған 20 оқушыда анықталды (11 және 12-13 жастағы).

Өткізілген тест нәтижесі бойынша келесі мәліметтер алынды: 50 оқушының ішінде жүйке жүйесінің тұрақты, әлсіз, орташа әлсіз, орташа мықты типтері анықталған. Жүйке жүйесінің күшті типі аталмыш топтардың біреуінде де байқалмаған. Орташа типті жүйке жүйесі 9 оқушыда байқалды, (12-13 жастағы), яғни олар теплинг тесті орындау барысында максималды жылдамдықты тұрақты ұстап тұрды.

Әлсіз типті жүйке жүйесі 21 балаға тән болды, оларда екінші 5 секундтық арылқтан бастап нүкте қою жылдамдығы төмендейді (12-13 жастағы). Орташа әлсіз жүйке жүйесінің типі 15 оқушыда тіркелген, бұл оқушыларда, төрт бұрыш ішінде нүкте қою жылдамдығы алғашқы 10-15 секунд аралығында төмендейді. 15 оқушының барлығы 12-13 жастағы балалар.

Орташа типті жүйке жүйесі 9 оқушыда байқалды. 9 оқушының ішінде барлығы 11 жастағы балалар. Орташа күшті жүйке жүйесінің типі 5 оқушыға тән болды олар барлығы 12-13 жастағы балалар тобынан. Оларда алғашқы кезеңде жұмыс жылдамдығы төмендейді ал кейін жоғарлайды (кесте 4).

Кесте 4 – Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 лицей-мектебінің 5–6 сынып балаларының жүйке жүйесінің типтеріне сипаттамасы

№	Жүйке жүйесінің типтері	Теплинг тестке қатысқан оқушылар	
		Саны	%
1	Әлсіз типті	21	42
2	Орташа әлсіз	15	30
3	Орташа типті	9	18
4	Орташа күшті	5	10

Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 лицей-мектебінің 5–6 сынып балаларының жынысына қарай жүйке жүйесі типтеріне сипаттамасын 5-ші кестеден көруге болады.

Кесте 5 – Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 лицей-мектебінің 5 - 6 сынып балаларының жынысына қарай жүйке жүйесі типтеріне сипаттамасы

Жүйке жүйесінің типтері	Жынысына қарай теплинг тестке қатысқан оқушылар			
	Ұлдар		Қыздар	
	Саны	%	Саны	%
Әлсіз типті	8	16	13	26
Орташа әлсіз	6	12	9	18
Орташа типті	3	6	6	12
Орташа күшті	1	2	4	8

Зерттеуге қатысқан оқушылар бұл 11-12 жастағы балалар, бұларда жасы ұлғайған сайын жүйке процестерінің күші жақсару керек, бірақ бұл процестерге түрлі факторлар әсер еткен кезде балада өзгерістер байқалады, мысалы, мектептегі оқу жүктемесі, денесінің шаршауы, жыныстық жетілу белгілерінің байқалуы.

Оқушылардың сабақ үлгерімінің нашарлауы – бүгінгі күрделі мәселенің бірі. Жалпы, ғылыми тұрғыдан алғанда оқушылардың сабаққа үлгермеушілік мәселесі әлі толық зерттелген жоқ. Сабаққа үлгермеушілік себептеріне тоқталсақ, оларға мыналарды жатқызуға болады:

1) ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің төмендігі (баласына жағдай жасамауы, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың төмендігі);

2) отбасындағы жайсыз жағдайлар (отбасындағы түрлі кикілжіндер);

3) ойынның аздығы (баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсіп, ойнай білмеуі);

4) мінез-құлқындағы түрлі ауытқулар (психопатия, мінездің ұстамалығы, ұяшақтық, мазасыздану, т.б.);

5) интеллектуальдық деңгейінің жетіспеушілігі (зейін, ойлау, қабылдау, т.б. қабілетінің төмендеуі).

Жоғарыда көрсетілген себептердің барлығы оқушылардың сабақ үлгерімінің нашарлауына ықпал етеді. Баланың теріс мінез-құлқының қалыптасуына алып келетін ең маңызды фактор – сабаққа немқұрайды қарауы, материалды меңгерудегі қиындықтар, сәтсіздіктерді үнемі сезінушілік. Ол мынадай теріс қылықтарға әкеп соқтырады: үй жұмысын орындаудан қашады, кітаптарын тығып қояды, мектеп талаптарына бағынбайды. Олар сабаққа қатысуды қояды, ата-анасына өтірік айтады, «үй жұмысына ештеңе берілген жоқ» деп алдайды, ал, мектептегі ұстазына «кітаптарымды ұмытып кетіппін» деген сияқты сылтауларды көп айтады.

Мазасыздану қандай да бір жағдаймен байланысты болады және жиі көрінеді. Бұл жағдай қандай істе болсын ілесіп жүреді. Адам нақты бір нәрседен қорықса, біз қорқыныш туралы айтамыз. Мысалы, қараңғыдан қорқу, биіктіктен қорқу, бекітулі кеңістіктен қорқу.

Бүгінгі күнге дейін әлі мазасызданудың туу себептері анықталған жоқ. Көп ғалымдар мектепке дейінгі және бастауыш сыныптағы мазасызданудың басты себебі – ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы негізінде жатыр деп санайды.

Оқу үрдісіндегі мазасыздық сезімі мектепке дейінгі уақытта қалыптаса бастайды деген пікір бар. Бұған тәрбиешінің жұмыс стилі, балаға деген жоғарлатылған талаптардың қойылуы, үнемі басқа балалармен салыстыруы себепші болады. Кейбір отбасыларда жыл бойы баланың қатысуында мектепке түсу туралы, «лайықты» мектепті, «перспективті» мұғалімді таңдау туралы әңгіме қозғайды. Ата-аналардың мазасыздануы балаларға да беріледі. Одан басқа, ата-аналар балаға сансыз мұғалімдерді жалдайды, олармен сағаттап тапсырма орындайды. Қанаты қатпаған, мұндай қарқынды оқуға әлі дайын емес баланың организмі бұған шыдай алмайды, бала ауыра бастайды, оқуға деген ынтасы жоғалады, ал алдағы оқу жөнінде мазасыздануы жоғарылай бастайды. Бала бойындағы кездесетін мазасыздану себептері көпшілік жағдайда оны қоршаған ересек адамдардың мазасыздану белгілерімен байланысты. Жағымды

карым-қатынас орнаған отбасындағы балаларда, кикілжін жиі орнайтын отбасыға қарағанда мазасыздану деңгейі едәуір төмен болады. Мүмкін қазіргі қоғамда балалар арасындағы мазасыздану деңгейінің жоғары болуына осы себепші болар

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нетреба С. Влияние коррекции тревожности на формирование адекватной самооценки младшем школьном возрасте с учетом этнической принадлежности детей. //Ұлт тағылымы. 2004. - № 3. - 122-126 б.

2 Жуманкулова Е. Тревожность как предпосылка девиантного поведения подростка. // Бастауыш мектеп. - 2005. - № 2. 47-50 б.

3 Аракелов Н. Е., Лысенко Е. Е. «Психофизиологический метод оценки тревожности» // Психологический журнал – 1997. - № 2 – С. 34-38.

КАК МУЗЫКА ВЛИЯЕТ НА УЧЕБНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ СОСТОЯНИЕ УЧАЩИХСЯ

ПИЛИШКИНА Ю. Б.

учитель музыки и самопознания, Школа-лицей города Аксу, г. Аксу

ВЕРЕЦАГИНА В., ГРИШКОВА Е.

ученики 6 класса, Школа-лицей города Аксу, г. Аксу

Музыка в нашей жизни занимает огромное место. Мы любим слушать музыку: и классическую, и современную. Любим петь и танцевать. Сейчас музыка окружает нас со всех сторон. Мы слышим музыку с экранов наших телевизоров, с различных переносных устройств, у наших телефонов музыкальные звонки. Но мы заметили, что одни мелодии приятно слушать, от них улучшается настроение. А другие - раздражают, от них начинает болеть голова. Значит, музыка влияет на здоровье, на настроение, на поведение человека? В своей работе мы решили ответить на эти вопросы.

Поставив перед собой цель, выяснить, как музыка влияет на настроение учащихся, мы выдвинули гипотезу что, если слушать классическую музыку, то можно почувствовать ее благотворное влияние на эмоциональное состояние человека.

Изучив весь материал о пользе и вреде музыки, мы решили провести экспериментальную работу.

В эксперименте приняли участие учащиеся 3-11 классов в количестве 263 человек. Эксперимент прошёл в три этапа: анкетирование и два музыкальных эксперимента. Цель анкетирования заключалась в том, чтобы проанализировать, какие музыкальные стили предпочитают ученики.

Таблица 1

№	Вопрос	Да	Нет	Возможно
1.	Нравится ли тебе слушать музыку?	263	-	-
2.	Меняется ли твое настроение, когда слушаешь музыку?	246	4	13
3.	Нужна ли музыка в повседневной жизни?	258	2	3
4.	Согласны ли вы с тем, что если классическая музыка будет звучать на переменах, то учащиеся будут меньше уставать за учебный день?	238	11	14
5.	Согласны ли вы с тем, что музыка может влиять на организм человека?	257	1	5

Далее мы провели музыкальный эксперимент, в котором хотели выяснить, как музыка влияет на самочувствие человека.

Вначале ребятам было предложено самостоятельно замерить свой пульс, затем прослушать классическую музыку, и снова замерить пульс. Для эксперимента мы взяли произведение русского композитора Александра Бородина «Ноктюрн».

Эксперимент показал, что у большинства пульс не изменился. А у некоторых даже стал спокойнее.

Затем детям было предложено прослушать популярную современную песню «Круче всех» молодежной группы «Опенкидс». Было заметно, как у всех приподнялось настроение, на лицах многих появилась улыбка, некоторые дети даже начали пританцовывать на местах. Затем снова замерили пульс. Эксперимент показал, что пульс незначительно участился, настроение стало лучше.



Рисунок 1

Во втором эксперименте мы решили выяснить как музыка влияет на умственные способности учащихся. Вместе с учителем мы выбрали задачи на логическое мышление и популярные композиции классической музыки. Дети участвовали в эксперименте два раза. Первый раз учащиеся выполняли 5 заданий на логическое мышление в полной тишине. Второй раз подобные задачи ребята решали во время проигрывания классической музыки в качестве музыкального фона.

Сравнив полученные результаты мы установили, что на решение задач без музыки школьники в среднем затратили 6 мин. А при звучании классической музыки на решение задач учащиеся затратили 4-5 минут. Также мы заметили, что количество правильно решенных задач увеличивалось примерно на две, чем в полной тишине.



Рисунок 2

После изучения литературы и по итогам экспериментов мы провели беседу с одноклассниками, где рассказали о музыкотерапии,

дали рекомендации и раздали памятки «О влиянии музыки на организм человека». А также провели утреннюю акцию, вручив памятки родителям учащихся начальных классов.



Рисунок 3



Рисунок 4

Нами составлен музыкальный сборник, который мы рекомендуем для прослушивания музыки дома во время выполнения домашней работы.

По итогам исследовательской работы мы пришли к выводу, что слушание музыки – это самый безопасный и экономичный способ, который благотворно действует на нервную систему, на работу органов дыхания. С помощью музыки можно навсегда забыть о плохом настроении, бессоннице, чувстве неуверенности и тревоги, улучшить память и внимание и даже развить всевозможные творческие способности. Использование классической музыки на любых школьных уроках, во внеурочное время поможет учащимся познать себя и свои проблемы, самим их решить, сформировать определенное эстетическое отношение к действительности, развивать способности к эстетическому восприятию и переживанию, к творчеству по законам красоты как возможности самосовершенствоваться. Музыка положительно влияет на умственную деятельность школьников, помогает сосредоточиться.

Вышеперечисленные факты еще раз подтверждают и доказывают нашу гипотезу: «Музыка обладает магической силой воздействия на человека и благотворно влияет на эмоционально-психологическое состояние человека».

ЛИТЕРАТУРА

КНИГИ:

- 1 Волкова Т. И. Психология. ЭКСМО. Москва, 2002. - 345-380 с.
- 2 Зельницкая Н. Д. Музыка в нашей жизни. Тула, 1998. – 53 с.

ЭЛЕКТРОННЫЕ РЕСУРСЫ:

1 Музыкотерапия, основанная на прослушивании классической музыки. // Знанио. [Электронный ресурс]. - URL: [http:// www.rognovsergey.ru](http://www.rognovsergey.ru)

ЕЛІКТЕУШІЛІКТІҢ ОҚУШЫЛАР ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ

САДУОВА А. Т., МЕЙІРАМБЕКОВА Е. М.

9 сынып оқушылары, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

САРИНА Н. У., АЛПИЕВА А. Т.

ғылыми жетекшілері, тарих пәнінің мұғалімі,
өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Қазір барлық елдер мен мемлекеттер бір күндікті жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделуде. Негізгі кіндігі еркін таңдау және жеке бастама жасай алатын жеке адам бостандығы идеясына негізделген Батыс өркениетті болып отыр. Соңғы жылдары жаһанданудың бір тетігі ретіндегі батыстану – бұл тек батыстың технологиялық жетістіктері, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми – техникалық мәдениетін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік реттеудің, яғни адам құқығы, жеке адамның тұлғалық тұрпаты, діни сенімі, ұлттық төзімділік, әдептілік, т.б. мәдени өркениеттік қалыптар кешенін де қабылдауда. Жаһандану барысында Батыс мәдени құндылықтарының басымдық танытуы жергілікті халықтың байырғы төлтумалық сипатының жоғалуына түрткі болуы мүмкін деген қауіпке әкеліп тірейді. Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік жақсылықтың нышаны емес. Айрықша мән беретін мәселенің бірі – қазіргі еуропалықтардың мінез – құлқына рухани болмысына еліктеу жағынан біздің қазақ жастары бәйгенің алдын берер емес.

Қазіргі уақытта жастардың арасында рухани еліктеушілік құбылысы ұлғайып, көптеген ғалымдар мен зерттеушілерді толғандыруда, бұл мәселе әлі де толық шешілмеген күйінде қалып тұр. Соңғы кезде мемлекетімізде қоғамымызды нығайту үшін ұрпақтың тәрбиесіне көп көңіл бөлініп жүр. Баланың субмәдениеті – қоғамның ең әлсіз жері болып табылады. Бүгінгі таңдағы егемен елімізді жатсызданудан, рухани азғындау мен еліктеушіліктен арылудағы ең басты міндеттері – қазақи рухани органын қалыптастыру, тарихи сананы тереңдету, өзіндік өркениетті, мұсылманшылдық дәстүрді жаңғырту болып отыр. Зерттеу жұмысының мақсаты: Еліктеушіліктің

пайда болу себептерін анықтап, халықтың байырғы төлтумалық сипатын сақтау жолдарын анықтау. Рухани азғындаудың көзі болып тұрған – еліктеушілік ұғымдарына ғылыми анықтамалар беріп көрейік. Еліктеушілік (имитация; латын тілінен аударғанда imitatio - еліктеу) – басқалардың мінез құлқын өзіне көшіру процесі. Еліктеу ерікті және еріксіз болуы мүмкін. Өз әрекетін басқаның үлгісімен модельдеуге тырысу. Бұл терминді «мимикрия» терминінен ажырата білу керек. Еліктеушілік ретінде – бір ғана адам емес, бірнеше адамдар тобы, кей кезде ұлт болған жағдайда еліктеушілік жүзеге асады. Мұндай еліктеушіліктің шырмауына байланған адам – қандай да бір зұлым идеялогияға мойын ұсынады. Дәлірек айтсақ, қазіргі кездегі жаһандану үрдісінде жүріп жатқан батыстану саясатына басымен ауған жастар да аз емес қой. Батысқа еліктеймін деп өзінің ұлттық намысы мен мінезін, ар-ұятын ата-бабалардан мұра боп қалған салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын түгелдей жоғалтып жатыр. Субмәдениеттің бұл бағытында негізгі күш ретінде – еліктеу болып табылады [1, 20 б.]. Батыстан келген, дініміз бен дәстүрімізге қайшы келетін тұрмыс – тіршілік - өмір ережелері, музыка, түрлі сериалдар, әдеттер және теріс қылықтар жастарымызды ешбір қара күшсіз бағындырып жатыр. Дәл осы үрдіс - еліктеушілік болып табылады. Шынында да ұлтымыздың құрып кетуіне қазіргі кезде үлкен қауіп төніп тұр. Қазіргі уақытта жастарды тәрбиелеуде, қалыптастыруда ерекше рөл атқаратын фактордың біріне – БАҚ құралдарын жатқызуымызға болады. Атақты ұлтшыл Гитлер: «Ұлтты құрту үшін күш жұмсау қажет емес, тек сол елдегі жастарға азғынды музыканы тыңдату қажет», - деп айтқан екен. Әсіресе, телевизияның жастарға тигізетін әсері де мол. Өсіп келе жатқан жасөспірім өзінің жүріс-тұрысын, әдет – қылығын, сөйлеу мәнерін теледидарға қарап түзейді. Ол теледидардан тек жағымды әдеттерді ғана алмай, сонымен бірге теріс, бұрыс әдеттерді де иемденеді, телеэкрандағы жын – ойнаққа қарап бой түзейді. Қазіргі балалар – практик. Оларды таңертеннен кешкі сағат 4-5-ке дейінгі уақытын сабақта өткізіп, үйлеріне кешке оралады. Одан кейін уақытын теледидармен өткізеді. Ол аз болса компьютер, интернет бар. Интернет – жастардың жауы. Жастар «Мой мирға» кіріп алады да, 4-5 сағат уақыты сонымен өткенін білмей қалады. Шын мәнінде одан алатын пайдалы ақпарат шамалы. Тек уақытты өткізуге ермек болады. Сонымен қатар олар өздерін иллюзиялық әлемінен шығара алмайды. Яғни виртуалды өмірде сүріп жүреді. Сөйтіп интернеттің шырмауында қалып, еліктей береді. Жас ұрпақты азғыруда шектен шыққан шетелдік сериалдарда телеарналарымызда аз емес. Сонымен қатар бүгінгі күнде ток – шоу жанрындағы жобалардың

көптігі сондай, жеңіл өнімдердің көрермендердің назарымен асыра қолдауға ие болып алды. Бүгінгі телеаудиторияның дені жеңілтек немесе жасөспірім бала – шалаға айналып кетпеген болар. Бұқаралық сипаттағы жобалардың болуы шарт. Бірақ бұл қазіргі уақытта элиталық көрермен үшін әлемдік арналар базарында жүріп жатқан саудаға біздің тағыда немқұрайлық танытып отырғанымызды көрсетеді. Еліміздің болашағы – жастар, ал олардың рухани азғындауы – ұлттың құруымен тең десек те артық айтпаймыз. Еліктеушілік қазіргі уақытта өте көп кездеседі. Мысалы, оған жүйелік маркетингі жатқызуға болады, себебі бұл маркетингінің ұйымдастырушылары тұтынушылары арқылы бағоды көздейді және ең ғажап өздері шығарған өнімдерді өздері қолданбай-ақ, оларға жарнама жасап тез ақша табуды ғана ойлайды. Осындай жүйелі маркетингінің семинарларында гипнозға түскен адамдар секілді ал деген затты шексіз ала береді, және олардың көздеріне қарасак, психикалық ауытқуы бар, ауру шизофрениктерге ұқсайды бұның барлығы жастарымыздың сауатсыздығы мен беймәлімдігінің салдары, осы құбылысты фанатизмге жатқызсақ шатастырамыз. Еліктеушіліктің бір ерекшелігі – ол әлеуметтік еліктеушіліктегі программист емес адамда асқан зұлым айлакер тек пайдасын ойлайтын эгрегор болып табалады, бұл эгрегор өзіне құрбан ретінде психикасы әлсіз, эмоционалды адамды іздеп табады және сол еліктегіштерді аяғына дейін азғырады. Көбінесе, фанатизм діни сфераларда өркендейді. Осының шырмауына түскен еліктегіштер ақылдан кетіп, алдына қойған мақсатынан айрылып, отбасынан бас тартып, денсаулығына зиян келтіріп қайдағы бір идеяны алып шығуды күні-түні ойлайды. Жаңа заман көптеген дүниелердің даму шыңына жеткен, жаңа лептің бастау алған кезеңі болды. Ол тек техникалық жетістіктер, ғылыми ашылуларға ғана байланысты емес. Сонымен қатар рухани, мәдени жаңашылдықтың да белең алған уақыты. Сондай заман нәтижелерінің бірі – фанатизмнің (табынушылықтың), психологиялық талғамдағы ұқсастықтың белгілі адамдарды ұлтына, жынысына қарамай, бір идея толқынына біріктіруі, яғни «субмәдениет» ұғымының қалыптасуы. Бұл үрдіс көп кешікпей Қазақстанға да келді. Субмәдениет өкілдерін, қала көшелеріне шықсаңыз, міндетті түрде көресіз және бірден танысыз. Өйткені олардың киім киістері де, өздерін ұстауы да, сөйлеулері де өзгеше. Жастар оларды көргенде «керемет» деп тамсанады, қызығып, еліктейді, ал үлкендер «жастар қайда барады» деп күрсінеді, енді біреулер «бәрі ерекшелену үшін» деп жақтырмай да жатады. Осылайша, сан қырлы пікірлер кете береді. Жаңа жастардың өміріне енген субмәдениет қоғамдағы өзгерістерге әсер ететін өз тарихын шындауда. Жастар

субмәдениеті – киген киімнен, сөйлеу мәнерінен, жаргондардан және айрықша әуестенулерден көрініс табатын үлкендер әлеміне, қоғамның ережелері мен құндылықтарына деген өзіндік қарсылық. Белгілі бір субмәдениеттің өкілі болып табылатын жастардың психологиялық ерекшеліктеріне келер болсақ, ол мына бір жайттардан көрініс табады: ата-аналары мен мектеп тарапынан болатын бақылаулардан босауға деген ұмтылыстан, эмоцияға аса берілгіштіктен, жасөспірімдік әсірелеушіліктен, өмірге қатысты ойларының тым мінсіздігінен, адамгершілік ұстанымдарының тұрақсыздығынан, жеке адами құндылықтарының қалыптаспауынан [2, 205 б.].

«Лидер мемлекеттер ғаламдану арқылы бөтен қорларды игеру үшін жаңа координаттарға ие болуға ұмтылуы», – деп тұжырымдайды. Ғаламдандудың қарсыластары мәдениеттің ғаламдануын, халықтар арасында ақпарат алмасудың кеңеюі Интернет торабының дамуы (саясатқа ықпалы 2011 ж. «араб көктемі» кезіндегі Фейсбук арқылы жастардың алаңға шығуы), дүние жүзінде батыс өнерінің, әсіресе кинофильмдердің дәріптелуі, халықаралық туризмнің өсуін американдық үстемдіктің орнауы деп қарастырады [4, 45 б.].

Осыған байланысты, жаһандану ретсіздігін бақылау тетіктерінің біріне мәдениеттердің өзін-өзі танытуы, яғни олардың өзіндік ерекшеліктерін, қайталанбас өзгешеліктерін көрнекілеуі жататыны, кездейсоқ емес. Дегенмен, жоғарыда айтылған ой-пікірлер біз ғаламдық мәдениеттен бой тасалап, оны тек жағымсыз құбылыс ретінде қабылдауымыз дұрыс деген пікірлерді жақтамайды. Керісінше, қазіргі өркениетке тән құбылыстардың барлығын меңгеріп, ғылыми-техникалық прогрестерді игеруге құлшыныс танытуға талпыныс қажет. Себебі дүниенің тұтастығы, қоғамның интеграциялық негізі және этностың рухани кеңістік мәдени дәстүрлердің дамуында ең басты факторлар болып қала береді. Мәдени ғаламдану үдерісін, ұлттық мәдениетпен ұштастыра қолдана білсек, сонда ғана оның теріс жақтарынан қорғанып, тиімді жақтарын өз бойымызға сіңіре аламыз. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында ғаламдану үрдісіне тән келеңсіз құбылыстардың бірі «тұтынушылар қоғамы» пайда болып, жастар осы құбылысқа еліктеп келеді. Бұл құбылыс, негізінен, сана сезімді тұмшалап, адамгершілік, эстетикалық сезімдерді өшіріп, азаматтық, өзінділік сияқты сезімдердің қалыптасуына тосқауыл қойып отыр. Сондықтан да осы бір келеңсіз құбылыстардан жастарды, тұлғаны бой алдырту үшін, ұлттық сана-сезімімізді сақтау үшін, білім беру үрдісінде ұлттық сана-сезімді сіңірту үшін, ұлттық келбетті сақтап қалу үшін,

оқыту үдерісінде халықтық мәдениетті дәріптеу арқылы, болашақ ұрпақты тәрбиеге баулу - аса маңызды, қажетті дүние.

8 сынып оқушысы,

«Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

БЕКИБАЕВА С. Ғ.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Өткен жылдың қараша айында Елбасымыз өз жолдауында ««Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын қазақ еліне жолдаған еді. Онда Ұлы даланың негізгі жеті қырын, өткізілетін іс-шаралар мен жобаларды атап өтті. Сонымен қатар, Елбасымыз бұл жобалар Рухани жаңғырудың жалғасы екенін мәлімдеген болатын. Соның ішінде атқа міну салты бойынша, жалпы жылқы малының ерекшелігіне тоқталғым келеді. Жылқы адамзат өркениетіндегі, әсіресе, дала өркениетіндегі дамудың жарқын да елеулі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Жылқыны қолға үйрете бастау көшпелі шаруашылық пен өркениет дамуының негізін қалады. Қолға үйретілген жылқының шаруашылықта маңызы зор. Ол – ет және қымыз өндіру, салт міну, арбаға не шанаға жегу, әскери және спорттық бағыттарда өсірілетінін білеміз. Жалпы жылқы тұқымына қарай: арғымақ, қазанат, абы, тобышақ, текежәуміт, қазақы ат, қара байыр, пырақ, дүлдүл т.б. болып бөлінеді. Шабыс ат: жүйрік, тұлпар, сәйгүлік, саңылақ, бәйге ат деп бөлінеді. Салтанатқа мінетін ат: жорға, төкпе жорға, айдама жорға, шайқалған жорға деп бөлінеді. Мініс аттары: Аяқ ылау, жетек ат, қосақ ат, түп ат, көсем ат деп жіктеледі.

Жалпы қазақ халқы ежелгі заманнан бері жылқы малын құрметтеп, қадірлей білген. Оған дәлел, батырларымыз бен хандарымыздың өзіне тиесілі арғымақтарының есімдері күні бүгінге дейін тарихта сақталуы. Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.

Жылқыны таңдап мінуде ерекше ережелер бар Қобыланды батырдың жары Құртқаның ат баптаудағы ерекшелігінен айтуға болады.

*Қуи түсірмей көзіне,**Жел тигізбей өзіне,**Үстіне шатыр тіккізді ... [2].*

Қазақ міністің жылқысын бөлек, азық ретіне пайдаланатын жылқыны бөлек, жауға шабатын жылқыны бөлек баптаса керек-ті. Халқымыздың жылқы таңдаудағы көрегендігіне айтатын болсақ, атақты қолбасы, батыр Қаракерей Қабанбай батырдың ұзақ уақытқа дейін келісті аты болмаған деседі. Батырға құдасы Боранбай би жылқыны өзі таңдап берген. Боранбай түйсінгіндегі батырға сай жылқы сипаты төмендегідей болыпты:

«Биіктігі өзіндей болсын, местігі өзімдей болсын. Желгенде екпінінен жел ессе, аяңы Қазыбектің сөзіндей болсын. Құлағы қамыстай болсын, ерні талыстай болсын. Екі көзі ботаның көзіндей, шекесінің арасы қарыстай болсын. Қабағы – бүркіттің қабағындай, шықшыты бураның сағағындай болсын. Жылқыңыздан осындай бір тай табылса, мүсіні мен сымбаты менің қойған талабымдай болсын. Жануардың жалы жібектей, қасқа тісі күректей болсын. Мойны ата қаздың мойнындай, жігері бабына келген түлектей болсын. Белдемесі қанатты болсын, жаясы жалпақ алапты болсын. Бір көргендер үш көрерлік, осындай сұлу жаракты болсын. Сауыры құлындай болсын. Кекілі балаға қойған тұлымдай болсын. Ерегісте ер серігі болатындай, ел есінде қалатындай, өңі мен түсі бірыңғай болсын. Денесі шымыр болсын, тұяғы жұмыр болсын. Қуғанда құтқармайтын қайыспас тұғыр болсын. Құйрығы төгіліп тұрсын, талданып сөгіліп тұрсын. Самсаған қалың қол ішінде тұрпаты ерек бөлініп тұрсын. Тілерсегі төмен, екі бұты алшақ келіп, артынан қарағанда төс сүйегі көрініп тұрсын» [3]. Бұл сипаттамаға сай жылқы ел арасынан табылды. Ол – Қубас жылқы еді. Өмірінің соңына дейін Қабанбайдың сенімді серігі бола білген. Тіпті, Қабанбай Кубастың үстінде жан тапсырыпты деген де аңыздар ел арасында көп таралған.

Сонымен қатар, дана халқымыз батыларымыз шөлдеген уақытта олардың шөлін басып, күш-қуатын арттыру үшін биенің сүтінен дайындалатын денсаулыққа пайдалы қымызды берген. Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастархан дәмінің бірі. Қымыз дайындау шеберлігіне, сүттің тегіне, уақыт мезгіліне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Осыған орай оның аталуы да алуан түрлі. Оның ең бастылары: *уыз қымыз* – биені алғаш байлағанда ашытылатын

қымыз. Мұны бие бау деп те атайды; *бал қымыз* – әбден пісілген және бойына жылқының не қойдың майы сіңген бапты жұмсақ қымыз. Мұндай қымыздың өні әдеттегі қымызға қарағанда сары қою болады. *Басты қымыз* – төрт күн асып, ашуы мейлінше жеткен қымыз. *Донен қымыз* – үш үн түнегеннен кейін қотарылатын, мейлінше ашулы жеткен қымыз. *Жуас қымыз* – үстіне саумал қосып жұмсартылатын қымыз. Қымыз ашып кеткенше ішуге қолайлы болу үшін осылай істейді. *Құнан қымыз* – екі күн түнегеннен кейін қотарылатын қымыз. Бұл түнеме қымызға қарағанда күшті болады. *Қысырақ қымыз* – бірнеше рет құлындаған қулық биенің сүтінен ашытылатын қымыз. Қулық биенің сүті жылда саулып жүрген сары қарын мама билердің сүтіне қарағанда әлдеқайда қуатты болады. Қысырақ қымызды әдетте «Ту қымыз» деп те атайды. *Қысырдың қымызы* – бие ағытылып кеткеннен кейін, жем, шөбі дайын адамдар қысыр биелерді іріктеп алып қалып, қыстай қолда ұстап сауады. Сондықтан, бұл қымызды «қысырдың қымызы» дейді. *Сары қымыз* – шөп пісіп, биенің сүті қойылған кезде ашытылатын қымыз. Бұл жазды күнгі қымызға қарағанда қою әрі сары болады. *Сірге жияр қымыз* – бие ағытылар кездегі ең соңғы қымыз. Бие алғаш байланып уыз қымыз ішер уақытта бір той болса, бие ағытылып, сірге жияр қымызды ішер уақытта да бір той болады. *Түнеме қымыз* – ескі қымыздың үстіне саумал құйылып, келесі күні қотарылған қымыз.

Қымыздың пайдасына келсек, биология ғылымдарының докторы, профессор З. С. Сейітов былай дейді: «Бұл сусын көптеген халықтарға ерте кезден-ақ белгілі. Оның түп тамыры – сонау скифтерге дейін барады. Грек тарихшысы Геродот скифтердің бие сүтінен сусын ашытатынын айта келіп, олардың сүт консервілеу құпиясын мұқият сақтайтынын, ол құпияны ешкімге айтпайтынын жазған» [4]. Ал француз саяхатшысы Вильгельм Рубринаста 1253 жылы қазіргі Татарстан территориясына саяхат жасап, қымыз ішкен. Қымызды ашыту жолдарын, дәмін, адам ағзасына, оның ішінде несеп бөлуге әсер ететінін байқаған. Қымыз жайлы көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігін бақылаған С. Т. Ақсақов та, тіпті, орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкин де жақсы лебіз білідірген. Ал сіз белгілі орыс жазушылары Л. Н. Толстой Самара қаласында, ал А. П. Чехов Андреевск санаторийінде қымызбен емделгенін білесіз бе? Иә, қымыз – қашаннан дәтке қуат, тәнге шипа. Ашығудан кейін қымыз ішу буын ауруларына (атрофтикалық артритке) өте пайдалы, оны желдеткіш (стимулятор) және байланыстырып біріктіретін зат ретінде қолдануға болады.

Сүт тағамдарының ішінде қымыздың алатын оры ерекше. Қымыз адам денсаулығына келтіретін емдік қасиеттері туралы :

«Ақылдан жақсы дос бар ма?
Ашудан жаман қас бар ма?
Жиырма бестен артық жас бар ма?

Қымыздан дәмді ас бар ма?» - деп қазақ тауып айтады. Ал, жүзге келген жыр атасы Жамбыл: «Үйірілген сары алтындай сары қымыз. Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз» деп ұлттық сусынымызды қадірлеп жырға қосқан болса, Ақтамберді жырау: «Биенің сүті сары бал – қымыздан асқан бал бар ма?!», - деп тамсанған. Осыдан-ақ қымыздың адам денсаулығына өте пайдалы екенін көре аламыз.

Қымыз лексемасының этнолингвистикалық сипаты:

« Арудан асқан жар бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма,
Биенің сүті сары бал –

Қымыздан асқан дәм бар ма!» [5]. Этнографиялық деректер көшпенді халықтың дастархан мәзірінде қымыздың орны ерекше екендігін көрсетеді. «Қазақ шай ішпеген кезде де өмір сүрген. Хан сусыны – қымыз» [6].

Ғабит Мүсірепов: «Қазақтың байлығы жылқыда» деп тегін айтпаса керек.

Қазақ ауыз әдебиетінде жылқы туралы «Құлын- тайға жеткізер, тай – құнанға жеткізер, ат – мұратқа жеткізер» деп, жылқыны өзінің бақыты мен мұратына жетудің негізіне балаған. Жылқының ерекше қасиеттерін жетік менгергендіктен жылқыны өте ерте заманнан-ақ қолға үйретіп бағып, баптап оларды өз қажеттеріне толық пайдалана білген. Адамзат тұрмысы мен өндірісіне біте қайнасып, бірге жасап келе жатқан аса ұзақ тарихқа және тамаша экономикалық өнімділікке ие жануар. Жесе тамақ, ішсе сусын, кисе киім, мінсе көлік және өндіріс құралы болған. Тіпті сән-салтанат, ойын-сауық сондай-ақ ұлттық дене тәрбие қимылдары да жылқысыз өтпейтіні бізге мәлім. Сондықтан жылқы малы қазақ халқы үшін баға жетпес асыл қазынасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Елбасының мақаласы 2018 жыл, «Сарыарқа самалы» газеті 5 қазан, 6-8 б.
- 2 Батырлар жыры I том. - Алматы: Жазушы, 2006 - 280 б.
- 3 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 2004 – 420 б.
- 4 М. Мағауин. Аласапыран: Тарихи роман. Бірінші кітап. - Алматы: «Жазушы», 2009 - 496 б.

5 Баракбаев Б. Сүт және сүт тағамдары. – Алматы: Қайнар, 1989. – 192 б.

6 Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Құрастырған Б. Ж. Жүсіпова. – Алматы:

ҚАЗАҚ АУЫЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

БЕЛГІБАЕВА Г. М.

музыка пәнінің мұғалімі, «Жас Дарын» мамандандырылған мектебі,

Павлодар қ.

ЖУМАГУЛОВА А. С.

8 сынып оқушысы, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

ДУППАЕВА К. К.

8 сынып оқушысы, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

Ауыз әдебиетімізде халқымыздың түсінік, пайымы, тәлім-тәрбиесі бар. Осыдан үлгі-өнеге алып, ата-бабамыздың аманаттап кеткен асыл қазынасын жоғалтпай, мына жаһандану заманында ауыз әдебиетінен елдің даналығын, танымын, тәлімін, мінез-құлқын түгел білеміз.

Абай шығармашылығындағы этномәдениетті өркендетудің амалдары

Абай Құнанбайұлының «Он жетінші қара сөзін тану этномәдениетті өркендетудің бірден-бір амалы.

Абай Құнанбайұлы қара сөздерді жазғанға дейінгі ақындық жолы философиялық ойлауына негіз болғанын айтады: «Абайдың сегіз мыңнан астам өлең жолының небары бес мыңдай жолы белгілі болып отыр [2].

1907-1914 жылдары Сібір, Семей өлкесін зерттеуші ағайынды Белослюдовтар Абай поэзиясын орыс тіліне аударды.

Жинақтап айтқанда, 1086 өлең жолы бүгінгі ұрпақтың игілігіне айналып отыр.

Абай Құнанбайұлы ойшыл ақындығын айқындайтын өрнекті жолдары:

Не пайда бар мың надан
Сыртын көріп таңдансын.
Онандағы бір есті -
Ішкі сырын аңғарсын –

Ұлы ойшыл ақынның Адам жайлы пәлсапалық тұжырымын тану мақсатының өзі-өтнөмәдени тұлғаны суреттеу..

Абайдың туған әдебиеттен нәр алған көздерін ашатын кейбір дәлелдерді де келтіруге болады.

«Бозбалалықтан асып, жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мәтелі, тақпақ ескі биліктеріне елдің маңдай кісілерімен қатар түскендей білім жияды. Ескі ақындар, шешендер, батырлар болсын, барлығының жайындағы әңгімелер Абайға енді таныс дүниелер болады. Абай еңбектері халық қазынасы саналады. Халықтың қоғамдық тірлігіндегі қайшылықтарды, аңыз шындықтарды содан ұғатын болады. Арызшы, мұңдыларды, зорлық, қорлық көргендерді көп жырлап, солардан үлкен сырлар ұғады» (Абай Құнанбаев 1967 ж. 44 б.).

Дегенмен, ең бастысы сол - Абай ауыз әдебиетінен халық тілінің неше алуан астарлы, айшықты мағыналарын, сыры мен сиқырын, телегей теңіз тереңін ұққан және сол байлықты дау-шарларда, ел мәселесін шешерде нақтылы іске жаратып, сыннан өткізіп үйренген.

Абай шығармасын зерттеуші С. Мұқанов: «Абайдың екі мектебі бар: біреуі исламдық Шығыс, екіншісі - Батыс, Исламдық Шығыстың әдебиетінде, Араб пен парсы әдебиетінде дін философиясы бірқыдыру орын алады». Адамшылықты насихаттау ақынның тек сатиралық өлеңдері арқылы әсер етеді деген ойынан туындаған. Бұл - ақынның ақындық өнерінің кемеліне келген кезінде шарықтау шегіне жеткен уақытында жарық көрген шығармалары. Т. Кәкішев: «Абайдың прогресшіл Россияның ықпалымен дүние тануы, өмірге тұрақты көзқарастың қалыптасуы, оның көптеген сатиралық шығармалар жазып ақынның сатирик ақын дәрежесіне көтерілуіне мүмкіндік берді. Ол өзінің өткір сөзін дала жыртқыштары дөрекілікпен пайдаланған зорлыққа, озбырлыққа қарсы, екіжүздік пен жалғандыққа, опасыздық пен мылжындыққа, керенаулық пен надандыққа қарсы бағыттады».

Адамды пішініне, мазмұнына қарай 7 табиғи қасиеттерге жіктеген: хайуан, жарымес, адам, қалыптасқан адам, толық адам, дамыған адам.

Империялық саясат қазақ жеріне құлдық психология мен схемаға түскен қалыптанған, көнбіс, тілалғыш адамдардың көбеюіне түрткі жасады. Міне, көреген философ, Абай Құнанбайұлы осыны алдын ала түсінді.

Сол дертті бойға дарытпас үшін сатираны сәтті пайдаланған. Қалыптанған адам пішіндерін мынадай сатиралық өлеңдері арқылы сомдайды: «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ», «Сабырсыз,

арсыз, еріншек», «Көжекбайға», «Мәз болады болысын», «Бай сейілдi», «Көзінен басқа ойы жоқ», «Бойы бұлған», «Дүтбайға», т.б. өлеңдеріндегі қоғамның қайшылығы шиеленісіп жатқаның және көпке бірдей өкіметтің жоқтығын сатиралық жағымсыз типтік бейнелер арқылы сомдаған. Мысалы: *Күштілерім сөз айтса, Бас izeймін, шыбындап. Әлсіздің сөзін салғыртсып, Шала ұғамын қырындап.* - деп, құлдық психология мен көнбіс, бишара халін болыстың өз-өзіне айтқызу жаңа өлеңнің мазмұнын, танытады. Этномәдениетті тұлғада бұндай көленкелі мінез, құлдық, психология болмаған, Абай Құнабайұлы осындай жаман қылықты сынап тұр. Біз бүгінгі күнге дейін Абай Құнабайұлы сатиралық өлеңдеріндегі болыс пен ел билеушілердің бейнелерін таптық қайшылықтың туындысы деп келдік. Отарлау саясаты бүкіл қазақ халқына зұлмат заман орнатты. Ол өзінің қара сөзінде бір жылда 3 бірдей болыс билікке таласады дейді. Біріншісі - кандидат, екіншісі - келесі жылғы, үшіншісі - биылғы болыс. Міне, осындай бөлшектеп ал да, «билей бер» заманының құрбаны болған қазақтардың билеп-төстеушілеріне, сатиралық өлеңдерін арнайды: Болыс өзінің ішкі дүниесін аша түседі:

Сияз бар десе жүрегім, Орнықпайды суындап, Сыртқыларға сыр бермей, Құр күлемін жымьыңдап, Оңашада оязға мақтамаймын елімді, Өз еліме айтамын: «Бергемін жоқ, белімді» - деп, сұрқиялық пен екі жүзділігін ашып береді. Бұдай мінез бұрынғы қазақ елінде болмаған.

Типтік бейне жасаған ақын болыстың барлық жаман қасиеттерін бір адам бойына жияды:

*Ант ұрғанмын өзім де, Бір мінезбен өтпеймін...
Ояз бардағы қылықты, Ояз жоқта етпеймін,
Кәкір-шүкір, көр-жерді, Пайда көріп етпеймін,
«Мынау арам, теңтек» деп, Еш кісіні теңтеймін.*

Бұдан болыстың өн бойында бірнеше жаман қасиеттердің шоғырланып, адамшылық өреден ада екені байқалады.

Ақын сатиралық өлеңдерінде әсерлеу, теріс мінезін баса көрсету, мысқылға ерік беру тәсілдерін барынша кең қолданды. Абай Құнабайұлы шығармаларының ішінде «Болыс болдым мінекей» - кейіпкердің ішкі дүниесін мейлінше терең ашып көрсететін психологиялық шығарма. Жағымпаздар, әулекілер, мансапқорлар, т.б. жағымсыз мінездерді синтездейді. Қоғам деградацияға ұшырағандықтан, дін өкілдерінің де өз жетістіктерінен айрылып қалғанын аңғару қиын емес. Мұндай діни дүние өкілдерінің типтік бейнесін Ұлы ақын «Көзінен басқа ойы жоқ» атты өлеңінде:

Кітапты молда теріс оқыр, Дағарадай болып сәлдесі.

Мал құмар, көңілі бек соқыр, Бүркіттен кем бе жем жесі? - деп, үш сүюдің біріншісі этномәдениеттің шарықтау шегі Алланы, осы Аллаға құлшылықты адал жүреппен, сүйіспеншілікпен әділдікті ту етіп, адамды сүю заңына бағындырып, дінді ұстау өресінен шықпай, дінді желеу етіп, күн көрістің объектісіне айналдырған дінсіздердің ит мінездерін сынайды. Автор бай, болыс, жалған молдалардың бейнесін ең жыртқыш аңмен салыстырады. Мұндайларға «құйрығы - шаян, беті адам» деп ат қойды. Абай ақындық өреде даму биігіне көтеріліп, туған әдебиет, шығыс, орыс және батыс әдебиетінің озық үлгілерінен нәр алады. Абайдың орыс мәдениетімен байланысы - еліктеу, үйрету шеңберіне сыймайды. Абайдың пікірі, қоғамдық, этномәдени - саяси көзқарасы, эстетикасы орыс классиктерімен үндесіп, ұласып кетеді. Адам, оған ортаның әсері туралы Абай Құнабайұлы : «Тегінде адам баласынан адам баласы ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі ақымақтық».

«Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін, Көп надандар өзіне тартар бейім» ... – деген Абай пікіріне орайлас Белинский: «Адамды табиғат жаратады, бірақ жасайтын қоғам».

«Ондай болмақ қайда» - деп Айтпа ғылым сүйсеңіз. Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз, - деп Абай «жанбай жатып сөнген» замандас жастарды тілдеген Лермонтовпен де үндеседі. Жаным оттан жаралған Жалбарыну менде жоқ. // Ұмытылмаса қалар жан Михнатқа пенде боп, - деген Фаустың сөзіне орайлас Абай: Жүректе қайрат болмаса // Ұйықтаған ойды кім түртпек, - дейді.

Абай Толстойдың ішінді түзе, әрқайсың жүрегінді тазарт, жаратылыста адам баласының бәрі тең деген пікірін нысанаға алады. *Көптің аузын түзетсең, күн көрмесің, Өзіңді өзің күзет, кел шырағым!* –дегенде, Абай күнде адамның, өз-өзіне есеп беруін қадағалау жауапкершілігін меңзеп отыр. Есеп беру, өзінің іс-әрекетін қадағалау - этномәдениетті болудың шарттары. Бұл ой Толстой шығармаларында да бар. Некрасовпен үндестігін ақын болуға жұрттың бәрі міндетті емес, ал елінің азаматы болуға сөзсіз міндетті дегенінен байқаймыз. Некрасовтың аталған ойын Абай:

Мақсатым - тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, қойып, көңілін ашпақ. Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер

Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ – деп, Абай Құнабай ұлының этномәдениетті тұлғаны суреттеу шеберлігін байқаймыз. Табиғатты, жыл мезгілдерін жандандырып суреттеу де - Некрасов

поэзиясының дәстүрі. Абай осы дәстүрді жаңа мазмұнмен қазақ поэзиясына енгізді:

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп, Жан-жануарлар қуанар тойға еліріп, Азалы ақ көрпесін сілке тастап, Жер күлімдер өзіне шырай беріп.

«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңінде Абай сөз суретшісі. Өз пікірін өлеңнің ең соңғы екі жолында аңғартады.

Этномәдени тұлға табиғатқа құрметпен қарау керектігі Абай Құнанбайұлы шығармаларынан аңғарылып тұр.

Этномәдениетті болу өнерін шығармашыл тәсіл мен Абай Құнанбайұлы табиғат көрінісінде де, көңіл-күй, сүйіспеншілік, шабыт, әуезді суреттеуде де шебер қолданады:

Майдағы жұрттың іші қар, Бәйшешек қарға өнер ме?!

Ішінде кімнің оты бар –Қар жауса да сөнер ме? - деп, өз көңіл-күйін аңғартады.

Ішкі жан әлемін бұлай сипаттаған Абайға дейін бірде-бір акын жоқ.

Көңілін өлең кернеген халыққа құлашын еркін жазарлық жаңа ырғақты, көп өрнекті өлеңге әр керек еді. Соны дамытқан Абай тоқсан толғаулы, терең мағыналы жаңа поэзия құрды.

Абайдың «Сен мені не етесің?», «Сегіз аяқ», «Айттым сөлем, Қаламқас» деген өлеңдері - қазақ поэзиясында тың жаңалық. Бір жолдан екінші жолға асып жататын сөйлемді, Абай тек жаңа өлеңдерінде ғана емес, қара өлеңдерінде де қолданады. Бұл еңбектерінде данышпан этномәдени білім берудің амалдарын өлеңмен өрнектеген.

Білімдіден алмай сөздің майын, Алты өлеңмен білдірім өңнің жайын. Ездің басы қаңғырып, ердің көңілі, - Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын, - деп ескі ережеге бас имейді.

Пушкиннің «Е. Онегинін» аударғанда Абай еркін аударманы қолданған.

Абай Құнанбайұлы өлеңдерінің құдіреттілігі дегенде, жамандық атаулының бойдан тазартудың қиындығын көре білуінде, өткенге қарап өсуінде, бүгінге қарап бой түзуінде, болашақты болжауында. Бұл жөнінде халқына адал қызмет көрсете білген, өзінің сын-мақалаларымен танымал болған Сағат Әшімбаев былай деген: «Абайды қайта оқудың, акын өлеңдерін дүркін-дүркін сөз студия ерекше тәлім-тәрбиелік мәні бар. Біз ешуақытта адам тіршілігінің сыртқы формасы уақыт рухына сай жиі-жиі өзгеріске ұшырап отырғаннан байырғы ішкі мазмұны сан ғасырлар бойы қалыптасқан қисық сал бөксе сараңдықпен сақтауға

тырысатынын естен шығармауымыз керек. Қай уақытта заман тез түзелгенмен, жаман тез арада түзелмейтін баса айтқым келеді. Демек, адам табиғатындағы Абай көрсеткен кеселді кемшіліктер, жаныңды жабырқататын жарамсыз мінез, жат қылықтар ақын өткен уақытпен бірге өтіп кетпегенін еске алып отыру - жамандыққа есе жібермеуді көздеу деп білеміз».

Абай шығармаларының мазмұны этномәдени адамның ішкі сырларын ашуға құрылған. Өлеңдерінің тақырыптары мен идеясын даму кеңістігінің өрісінде жіктеп, оны 38-ші қара сөзінде одан әрі дамытады. Мұнда ақын даму кеңістігінің 8 биорефлекторына ғылыми тұжырымдар берген. Алдымен ол шығыс философтары әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни және батыс ойшылдары Платон, Аристотель, т.б. хакімдердің ғылыми ой-қорытынды дәлелдерін игеріп, адам мазмұнының даму шарқын ашқан. Атап айтқанда, этномәдени тұлғаның өркендеу жүйесін баян еткен:

- батыл (қиянат);
- рахман (жарылқаушы);
- рахым (мейірімді);
- ғафур (кешіруші);
- уадуд (сүйіктісі);
- ғафиз(қорғаушы);
- сәттер (айыпты жабушы);
- разак (қызық беруші);
- нафиг (пайда беруші);
- уәкіл (басқарушы);
- латиф (кірсіз);
- бинаән (негіз);
- машхар (Бакилық алдында күнәсі тіркеледі).

Бұл аталған 17 қасиет адамның ішкі субъектісі, бірақ ол қарым-қатынаста объектіге айналып, адамның ішкі мазмұны Қоршаған ортасына белгілі болады. Абай этномәдени тұлғаның алғы 4 Құбыласы Баласағұнидың «Құтты білігіне» жақын:

Бірі оның - шындық жолы Әділет,

Екіншісі - құт пен ырыс, Дәулет,

Үшіншісі - Ақыл мен Парасат,

Төртіншісі - Ұстамдылық, Қанағат.

Парасат пен қанағатсыз құр дәулет пен әділет даму өрісіне жеткізбейді, керсінше қырсыққа тірейді. Мәселен, 103 өлеңінің мазмұн-құрылымында дамуға кедергі жасайтын қасиеттерді саралағанын ескереміз. Олар төмендегідей жіктеледі:

- ақсақалдың, әкенің, білімдінің сөзінен сырдаң тартып;
- өздеріңді түзелер дей алмаймын;
- арын сатқан мал үшін;
- өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың;
- күш сынатқан күндестік бұзды-ау шырқын
- арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі, не пайда, не залалды біле алмай жүр;
- қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді;
- қайғы мен ыза қысқан соң, зар шығады тілімнен;
- ор қазып байқайды туа жау емеске;
- сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды;
- не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ; ең болмаса кеттің мал баға алмай;
- ақылға сәуле қонбаса, хайуанша жүріп күнелтпек;
- өзі үлкен, қылығың-бала-шаға ... және т.б.

Этномәдени тұлғаның жеке өкілдерінің ішкі құбылысын шоғырландырып алған Абай Құнанбайұлы шығармашылығын тек ақындық деңгейде қабылдау әділдікке жатпас. Оның себебі, Абай Құнанбайұлы ақындық өнерін данышпандық ой-қорытындыларына құрал еткен. Этномәдениетті өркендетуге үлес қосқан философ ақын өзінің 38-ші қара сөзінде адам өз-өзін ілгерілету үшін мынадай қасиеттерді ұсынады:

- кеңістіктен өзіне қажеттісін талғап алу; залалды қашыру; нәтижеге жету; нану, сену, үнемі толығы; мұратқа жеткізер пірінді сыйлау; әрекеттің мақсаты мен мазмұнын ашатын әдіс-құралдарды сұрыптау; тірі болу үшін «менікі» тежеп, «мені» дамыту; өзінді басқарып тұрған табиғи күштен қорқу; сөйлеу шеберлігін шыңдау; қажетті мақсатыңды болдыру; көмалат, жаман мен жақсыны айыру, зерттеу, тану, ғалымдардың тұжырымдарын меңгеру; болуы мүмкін нәрселерді талғап, сұрыптай алу.

Единицаны құртатын өңкей нөлдер - ішкі рухани жалаңаштану деңгейіне жеткендер. Бірақ, олардың мұндай мазмұнда болуына өздері кінәлі еместігін ақын дәлелдеген.

Қорыта келгенде, ойлау жүйесінің этномәдени логикалық өзара қатынас, кәсіптік әдіс жүйелерін дамытар шығармаларын нысанаға алған жөн. Жазушы Г. Бельгер айтқандай, Абай Аристотельмен, Гете және Гейнелермен қатар тұрған философ ақын деген баға - әділ баға.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, Қазақ энциклопедиясының редакциясы, 1998 жыл, 10 томдық.
- 2 Әуезов М., Әдебиет тарихы, Қызылорда, 1927.
- 3 Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері – Алматы.
- 4 Валиханов Ч. Собрание сочинений. В 5т. Т. 1. Следы шаманства у киргизов. – Алма-Ата, 1961. – 169 с.
- 5 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Өлендер, әңгімелер, хаттар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
- 6 Құнанбаев А. Толық жинағы, «Жиырма бесінші сөз», II Т. – Алматы, 1998. – 191 б.
- 7 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 318 б.
- 8 Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
- 9 Наурызбаев «Этномәдени білім» Алматы, 1999 ж.
- 10 Бухарбаева А. Б. Этномәдени білім мен тәрбие – қоғамдық мәдени қажеттілік.
- 11 Табылдиев Ә. Халықтық тағылым. – Алматы: Қаз.МУ., 1992. – 165 б.
- 12 С. Қалиев С. Этнопедагогика ұлттық тәрбие үлгісі // Заман Қазақстан. – 1998. – 19 маусым.
- 13 Жұматаева Е. Этнопедагогика – Павлодар: «ЭКО» 2007 ж.
- 14 Жұмалиев Қ., Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, А., 1958.
- 15 Фабуллин М., Қазақ халқының ауыз әдебиеті, А., 1972.

ЕСЕР ХАЛЫҚТЫҢ ҚАНАТЫ – ОНЫҢ ӨНЕРІ

КАБЫЛБЕКОВ А. К.

технология пәнінің мұғалімі, М. Қабылбеков атындағы орта мектебі,
Павлодар облысы, Ақсу к., Алғабас селолық округі
КУВАТОВ А. А.

10 сынып оқушысы, М. Қабылбеков атындағы орта мектебі,
Павлодар облысы, Ақсу к., Алғабас селолық округі

Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек», - екенін атап көрсетті.

Жоба ретінде ұсынылып отырған мектеп фойелеріндегі «Үндестік» атауымен жасалатын бұрыш арқылы насихат жұмысына белсенділік беріліп, жаңа формада жүреді. Әр оқушының рухани жаңғыруға деген ішкі ұмтылысын тудырудың, эстетикалық талғамды тәрбиелеудің құралы деп қарауға болады. Адам сезімін тәрбиелеудегі қолөнердің рөлі нақтыланады деп ойлаймын. Сонымен қатар, композициялық шешім түріндегі бұл бұрыш материалдары оқушыларды қайырымдылыққа, табиғатты қорғауға, ұғымталдыққа, адамгершілікке баулу құралы ретінде, таным белсенділігін арттыруға алғы шарт болып табылады.

Жұмыстың мақсаты: Мектеп оқушыларының рухани жаңғыру үрдісіне белсенді қатысуына қолөнер туындыларының мүмкіндігі арқылы бағыт көрсету.

Міндеттері:

- Шығармашылық тұрғыдағы қолөнердің қоғамға ықпалын насихаттау;
- Қолөнер туындыларын эстетикалық тәрбие көзі ретінде қолдану мүмкіндігін дәлелдеу;
- Қолөнерді рухани байлық ретінде дәріптеу;
- Мектеп оқушыларының жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін ұялатуға бағытталған шараларға түрткі болу;
- Жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етуге атсалысу;

Жұмыстың жаңашылдығы:

Рухани жаңғыруға деген ішкі ұмтылысты тудыру мақсатындағы мектептердегі эстетикалық бағыттағы «Үндестік» бұрышының қажеттілігін нақтылау, маңыздылығын дәлелдеу.

Жұмыстың практикалық маңызы:

- Мектептегі үйірме жұмыстарына оқушылардың жүйелі, мақсатты қатысуына жол көрсету.
- Мектеп фойелерінде эстетикалық талғамды қалыптастыруға бағытталған тақырыптық қолөнер бұрыштарын безендіру мүмкіндіктерін дәріптеу.
- Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы 6 бағыт бойынша зерделеу жүргізу мен оны іске асыруға визуалды бейнелеу өнерінің мүмкіндіктерін қалай қолдануға болатынын көрнекі түрде көрсету.

Қазақтың ұлттық құндылықтары өзімен бірге мәңгі жасасып келе жатқан құмарлы тілінде, озық салт-дәстүрлерінде, өрелі дәрісті өнерінде.

Нағыз әсем өнер ғана адам жанына рухани азық болады, адамның эстетикалық сезімін оятып, ізгілік, парасаттылық қасиеттерін қалыптастырады, мәдениеттілікке жетелейді.

Өнер атаулы жас ұрпақтың сұлулықты қабылдауын, әсемдікке деген көзқарасын, әдемілікке деген талғамын қалыптастырып, осы тұрғыда мол тәжірибе жинақтауға жағдай жасайды [1, б. 70].

Жазушы Мұхтар Әуезов өнер туралы былай дейді: «Өнер атаулының барлығы қай елде, қай түрде туса сол ортаның шартынан, өз топырағының қалпынан туады. Өнер қаны, жаны бар денелі зат сияқты.» Бұл өсиеттер біз үшін баға жетпес эстетикалық құндылық болып табылады.

«Өсер халықтың қанаты – оның өнері» – дейді халық даналығында. Адам айналаны, бүкіл дүниені, оның әсемдігін тану арқылы, өзін танып, өз рухани дүниесін көркейтеді. Сол себепті өнер де адам бойында қайырымдылық, адалдық, отан сүйгіштік сияқты сан алуан асыл қасиеттер сезімін қалыптастырып тәрбиелейді. Сөйтіп, өнер адамның жанын, оның рухани байлығын арттырып, ойын тазартып, мақсатына жетелейді, яғни биік тұлғаны қалыптастырады.

Этнокөркемдік білім алу идеясын жүзеге асыруға Қазақстанның мүмкіндігі мол. Өйткені, Қазақстан – бүкіл әлемдік ежелгі өркениеттің ошағы ретінде танылуда. Қазақ жеріндегі көптеген тарихи ескерткіштер мен құнды қолөнер туындылары соның айғағы [4, б. 18].

Өнер арқылы мәдениет өзінің тұңғыық тереңінде болып жатқан құбылыстарын дәп бір айнаға қарап көргендей, байқап отырады. Сондықтан да өнерді «мәдениеттің айнасы» деп анықтауда негіз бар. Сұлулық заңы бойынша адамның дүниені игеру барысында әдеби мәтіндерге, мүсінге, сәулет туындыларына, суреттерге, әуенге, биге және тағы сол сияқты негізделген өнер түрлері қалыптасады. Өнер деп адамның рухани болмысына, сезіміне, эмоциясына әсер етіп, оны толғандыратын суреткер қолынан шыққан шығармашылық үлгісін айтамыз.

Елбасының мақаласында атап көрсетілгендей, «жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды». Талай тағдырдан сүрінбей келе жатқан озық ұлттық салт-дәстүрлеріміздің ішінде ұлттық сана мен ұлттық рухтың орындары бөлек [7, б. 5–8].

Туған жерге деген сүйіспеншіліктің көрініс табуына мен бір ғана мынадай мысал келтірер едім. Тоғызқұмалақ ойынынан Шарбақты ауданында сайыс өтеді дегенді естіп, сол ауылдың тумасы технология мұғалімі А. К. Қабылбеков ағаймен Есілбай ауылында

болдым. Кішігірім қазақ ауылы тып-тинақылығы және тазалығымен бірден ұнады. Турнир өткізуге мұрындық болған да, ауылдағы соғыс ардагерлеріне арнап ескерткіш тақта мен композициялық аллея салуға мемлекет тарапынан еш көмек алмастан, ауылдастар мен сыныптастарын ұйымдастырып жүрген Машенов Қисамиден деген кәсіпкер азаматпен таныстық. Аллея арнайы қоршалған, шырша ағаштары өсірілген және түйенің, еліктің мүсіндері қойылған. Шыныдан жасалған қазақтың киелі домбырасы да осы аллеяның көркін келтіріп тұр. Осындай көздің жауын алатын, әрі жоғары талғаммен жасалған мүсін жұмыстарының авторлары осы ауылдың балалары біздің мұғалім Қабылбеков А. К. пен ПМУ-нің оқытушысы Садуова Ш. С. екенін білгенде, басқа жерде тұрып, еңбек етіп, ауылдан ұзап кетсе де, туған жерге тағзым жасаудың маңызын сезіндім.

«Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керек», - деп жазылған жолдарға да биылғы жаз айында Семей облысының Жарма ауданының орталағы Қалбатау ауылында болғанымда куә болдым. Абайдың әжесі Зереге орнатылған ескерткіш мүсін ауылдың ортасына орнатылған. Немересін алдына алып отырған Зере әжеге құрмет көрсету арқылы бала тәрбиесіндегі ата-әженің қаншалықты орны бар екенін түсінуге болады. Осы ауылдың тумасы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» кітабының желісіне байланысты жасалған композициялық шешімнің де құндылығы көзге көрініп тұр. Кітап мұқабасы, қос аққу мен қол ұстасқан қыз бен жігіт мүсіндерін көріп өскен балалар сол кітапты оқуға деген қызығушылығы оянары сөзсіз.

Жол бойындағы скверлерде анималистикалық мүсіндер орналастырылған, гүлдер отырғызылған, демалуға өте қолайлы.

Өткен жылдары Павлодар қаласында да анималистикалық мүсіндер жаңадан бой көтерді. Бұрын мүсіндер жалғыз не еш мазмұнды бермейтін түрде болатын. Кутузов көшесіндегі «Орбита» дүкені алдындағы үш бұғының толыққанды отбасын бейнелейтін мүсіндері маған ерекше ұнады. Қаланы көріктендірудегі осындай тың шешімдер арқылы рухани жаңғыру үрдісі үнемі дамып отыратынына сенуге болады.

Өнер-шынайы өмірдің әртүрлі формада берілетін шығармашылық көрінісі. Бейнелеу өнері жанрларының бірі-анималистикалық (жануарларды бейнелеу) деп аталады. Өнердің көне түрі болып

табылатын мүсіндеу-ою, сомдау, құю арқылы орындалады. Ал кейінгі кезде біздің қағаздан мүсін жасауда жапсыру технологиясы қолданылады. Мүсінді қабылдау барысында жарықтандыру мен көру нүктесін таңдаудың маңызы зор. Кенептегі картинамен салыстырғанда, мүсінді жан-жағынан қарастыруға болады. Балшық, балауыз, гипс сияқты өңдеуге икемді, әрі иілгіш материалдардың көлемін қосып отыру арқылы жасалады. Мүсін кеністікте орналасады, оны айналып қарауға, жан-жағынан ұстауға болады. Монументтік деп аталатын үлкен көлемді мүсіндер көше және алаңдарда орналастырылады. Сәулетпен байланысты бұл өнер туындылары қалаларға көрік беріп, алыстан тамашаланады. Қондырғылы, шағын көлемді деп аталатын түрлері интерьерді безендіру мақсатында қолданылып, жақын қашықтықтан тамашалауға болатындай етіп жасалады. Кескіндеменің анималистикалық жанры түстер мен реңктерге бай болғандықтан, суретшіде әрбір жануардың тіршілік ортасын бейнелеуге ерекше мүмкіндік бар. Жануарлар бейнесі сүйсіндіреді, таңқалдырады, арбайды. Суретші-анималистер жануарларды шынайы бейнелеп, сыртқы ұқастығын беріп қана қоймай, сондай-ақ олардың мінез-құлықтарындағы күрделі тұстарын ашуға тырысады. Хас суретшінің туындысынан адам жолбарыстың байсалдығын, адал иттің тектілігін, дала қыранының тәкаппарлығын аңғара алатындай болу керек.

Осындай біліктілік пен дағдыға үйренуге бағыт бағдар беретін біздің мектепте үйірме жұмыстары жүйелі жүргізіледі. Мен 5-сыныптан бастап «Саз сыры», «Ағаштан түйін», «Қағаздан мүсін», «Асыл мұра», «Шебер қолдар» атты үйірмелерге қатысамын. Жасалған бұйымдарымызды қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі көрмелер мен сайыстарға қатыстырып, жүлделі орындарға ие болып келеміз. Былтыр қыркүйек айында Алматы қаласында өткен «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының Республикалық көрме байқауының «Қағаздан бұйым жасау» номинациясының I дәрежелі дипломымен марапатталдым. Қағаздан жасалған «Қаршыға» мүсіні енді осы бұрыштан орын алатын болады.

Бұрышқа қойылатын «Қарлығаштар» мүсіні де «Птичий перезвон» атты республикалық конкурста III орын алған мектептің 6-сынып оқушысы Токушева Индираның жұмысы. «Үкі» мүсінімен мен өзім облыстық оқушылар сарайында өткен көрмеде III орын алғанмын. Бұл құстар мүсіні арнайы сымнан жасалған каркасқа ескі қағаздар, газеттерді пайдалана отырып, көлемдік формасын беру үшін желіммен біртіндеп жабыстырып отыратын біз үшін

жаңа технология қолданылды. Образ беруде түстерге бояудың ролі зор. Қағаз иілгіштігі жақсы материал болғандықтан мінез-құлықты айқындауға ыңғайлы. Дайын мүсіннің сырты лакпен әрленеді. Сонынан композициялық шешім болу үшін қосымша элементтер пайдаланылады. Жалпы бұл технология барысында ескі қағаздан жаңа туынды жасауға болатынымен және әдемі скульптуралық өнер туындысын жасауға болатынымен қызықтырады.

Быттыр жыл соңында үйірме жұмысының қорытындысы ретінде мұғалімнің көмегімен «Елік лағымен» мүсінін жасадық та оны мектеп фойесіне орналастырдық. Бұл жұмыс әрине тек мұғалім көмегімен жасалды. Өйткені біріншіден көлемді, екіншіден, каркасы темірден пісіру жұмыстары арқылы жасалады. Көлемдік формасын шығаруда құрылыс көбігі қолданылады. Құрылыс гипсін біртіндеп жағып отырып, мүсін кескіні шығарылады. Бұл жұмыста ептілік, сезімталдық, кеңістікте образды көре алу сияқты қасиеттер өте қажет. Ең бастысы пропорциялық үйлесімділікті сақтай білу керек. Сонынан боялып, лакпен әрленеді.

Жалпы жануарлар мен құстардың мүсінін толық мінез-құлқына сай бере алу үшін олар туралы көптеген мәліметтерді зерделейміз. Суырдың мүсіні саздан жасалды, ал барысты жасауда пенопласт материалын қолдану жоспарланып отыр. Басқа да жасалған әртүрлі қолөнер туындыларын зерделей отырып, оларды да фойеге жүйелеп орналастыруды ойластырдық. Жұмыстарымызды саралап қарасақ, қағаздан жасалған «Үкі», «Қаршыға», «Қарлығаш» мүсіндері бар екен. Мақалада жаңғырудың 6 бағыты көрсетілген. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» дегендей, алты бағыттың бірлігін композициялық шешім түрінде көрсету керек деп ұйғардық. Біріншіден қолдан жасалған өнер туындыларымызды мектеп тарихына қалдыру мақсатымен, екіншіден қолөнердің – рухани байлық көзі екендігін көрсету үшін және «Рухани жаңғыруға» қосқан үлесіміз болсын деп, осы жобаны жүзеге асырдық.

Мұғалімдер мен оқушылар арасында Елбасы мақаласын оқуды ұйымдастырып, пікір-сауалнамасы жүргізілді.

Сананы жаңғырту бағыттарының мазмұнын образды түрде беруге байланысты жасалған ұсыныстарға саралау жүргізілді. Әр жануардың мінез-құлқы мен түр сипатындағы ерекшеліктері, аңыз әңгімелер сарыны осы бағыттарға сәйкес келеді-ау деп топсалай келе мынадай шешімге тоқталдық:

1 Бәсекелік қабілет: «Қаршыға»

2 Прагматизм: «Суыр»

3 Ұлттық бірегейлікті сақтау: «Барыс»

4 Білімнің салтанат құруы: «Үкі»

5 Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы: «Қарлығаш»

6 Сананың ашықтығы: «Лағымен елік»

Рухани жаңғыруға деген ішкі ұмтылысты тудыруға эстетикалық талғамды тәрбиелеу арқылы жетуге болады. Қолөнер арқылы адам өзінің шын мәніндегі өз ішкі көңіл-күйін білдіреді. Адам баласының барлық әрекетіндегі сергек сезімталдықты қалыптастыру мен мақала бағыттарын образды бере алу-осы жобаға арқау болған мәселе. Бұл мектептегі эстетикалық-адамгершілік мақсаттағы шараларға қосылған үлес деп есептеймін. Мұғалімнің көмегімен үйірме жұмыстарында жасаған кескіндеме мүсіндерін қолдану арқылы мектепте «Үндестік» атауымен «Рухани жаңғыруды» насихаттау мақсатында эстетикалық бұрыш безендіру идеясы жүзеге асырылды.

Мектептегі қолөнер үйірмелеріне жүйелі әрі мақсатты қатысудың арқасында халық мәдениетінің айнасы ретіндегі мүсін қолөнеріне қызығушылық артты. Жүрген жерлерімде кездескен қолөнер туындыларына бей-жай қарамай, мағынаны тануға тырысу дағдыға айналды десем де болады. Ұлттық құндылықтардың сақталуына, ата-баба дәстүрін қадірлей білуге деген құлшыныс осы жоба жазу барысында арта түсті. «Рухани жаңғыру» мақаласындағы сананың рухани жаңғыру бағыттарының маңызын терең түсіндім. «Шыдамы жеткен шебер болар» дегендей әр түрлі материалдан мүсін жасауға ынта қойып, өңдеудің әртүрлі әдістерін меңгере білудің өмірлік қажеттілік екенін сезіндім. Қызығушылық пен еңбекқорлық қолөнермен шұғылдануға өте қажет қасиеттер екенін айта аламын. Болашақ өмірге қажетті іс-әрекетке үйреніп ғана қоймай, шешім қабылдай алу дағдысына да төзеле бастадым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абдуалиева Ш. Халық қолөнері. А., 1992. 70 б.

2 Қожахметова К. Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998.

3 Кенжеахметов С Жеті қазына.

4 Күнпейіс Ж Қазақ сәндік қолданбалы өнер түрлерінің иллюстративтік анықтамасы. – Алматы: Дарын, 2006. – 18 б.

5 Чукалин В. Г., Танбаев Х. К., Развенкова И. А Көркем өнер. 5-сынып т.б. Көкшетау: Келешек - 2030, 2017 ж.

6 Хангереева З. С., Бақытова Г. Б. Халық өнері – асыл қазына // <http://olke.kz>

7 Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 желтоқсан. – Алматы: Юрист, 2014. – 5, 6, 8 бб.

8 Өмірбекова М. Ш «Энциклопедия» Алматы кітап 2003.

СХОДСТВО В ГАСТРОНОМИЧЕСКИХ ТРАДИЦИЯХ НАРОДОВ ФРАНЦИИ И КАЗАХСТАНА

МУХАМЕДИЯРОВА А. Е.

ученик 8 «И» класса, ГУ «Гимназия для одаренных детей», г. Павлодар

БАТАЕВА К. К.

учитель французского языка,

ГУ «Гимназия для одаренных детей», г. Павлодар

КАИРБАЕВА Б. Ж.

учитель биологии и химии, ГУ «Гимназия для одаренных детей», г. Павлодар

Еда – неотъемлемая часть повседневной жизни человека. Философы считают ее не только средством удовлетворения жизненных потребностей, но и процессом постоянного воссоединения человека с миром природы. Приготовление пищи является феноменом культуры, а не природы, следовательно, той гранью, которая отделяет человека от животного. Социум с детства формирует у человека пищевые предпочтения, и в ряде случаев они являются ярким этническим индикатором. Пищевые традиции формируются в течение веков, под влиянием образа жизни народа. Пищевые традиции - это исторически сложившиеся формы деятельности и поведения людей, связанные с добытием и приемом пищи, знанием об элементах культуры питания, а также опыта сохранения и передачи этих действий и знаний из поколения в поколение. В пищевые традиции включены следующие разнородные с точки зрения онтологии и аксиологии элементы и их имена: 1) продукты и блюда; 2) кухонная утварь и инструменты; 3) способы приготовления пищи; 4) ритуалы трапезы. Гастрономические традиции - семиотическая система, включающая в себя несколько уровней от физиологического до эстетического. Единство культурно-национальной значимости семиотического образования достигается на основе и бессознательного, и осознанного соотношения этого «живого значения» с кодами культуры, которые известны человеку.

Гастика (от греч. *gastras*-«желудок») - наука о знаковых и коммуникативных функциях пищи и напитков, о приеме пищи, о культовых и коммуникативных функциях снадобий и угощений. Национальный менталитет каждого региона и страны можно изучить через исследование культурных ролей, вкусовых ощущений, ритуалов, традиций, связанных с едой, пищей, кухней. Смысл еды – исследование культуры путем потребления пищи. Это объясняется тремя существенными аргументами: 1) пища – обнаруживает, проявляет, отражает нравы народа, проживающего в данном регионе; 2) пища – показатель общего уровня цивилизованности народа, его таланта, оригинальности и особенностей национального мышления, уровня приспособляемости к природным условиям среды обитания; 3) национальная кухня региона – один из критериев определения психического склада нации, отражающегося в господствующих кулинарных вкусах и пищевых пристрастиях [1, с. 5].

Любое совместное принятие пищи, будь то семейный обед или трапеза объединившихся для выполнения трудовой задачи людей, или трапеза попутчиков, не говоря уж о трапезах, которыми отмечаются какие-либо выходящие за рамки повседневной жизни события, есть не просто коллективно организованное насыщение. В любом случае это в то же время действие с определенным знаковым содержанием, то есть общением. Гастика в каждой национальной среде различна. Это зависит от климата, географических условий, природы, особенностей земледелия, скотоводства.

Франции по праву принадлежит слава законодательницы кулинарного искусства. Еда является для французов не просто возможностью утолить голод, но и важным элементом образа жизни, характеризующего человека со всех сторон. Классическая французская кухня ведет свое начало от Короля Франциска I, правившего в 16 веке. В это время появилась так называемая «буржуазная кухня», являющаяся чем-то средним между кухней простого народа и «высшей кулинарией». Уже в это время появились высококлассные парижские рестораны, клиентами которых стала французская аристократия и знатные иностранцы.

В 18 веке Франция стала занимать одну из ведущих ролей в Европе, вследствие чего французская кухня распространилась среди всей европейской аристократии. Французские кулинары очень ценились при дворах других стран, так как умели почти до неузнаваемости изменить вкус продукта сочетаниями различных ингредиентов и создать роскошную сервировку стола.

Французская кухня условно делится на три части:
 cuisine regionale – региональная кухня;
 cuisine bourgeoise – общераспространенная французская кухня;
 haute cuisine – чрезвычайно изысканная кухня, примером которой в свое время являлась придворная кухня французских королей. Простая и домашняя кухня во Франции ценится не меньше, чем ужин в ресторане.

Одной из особенностей французской кухни является употребление в пищу мяса конины. Считается, что французы начали есть конину во времена Наполеона – больше из необходимости, чем по своему желанию, и развили вкус к конине. Однако существует и другое мнение. Традиция употреблять конину в пищу во Франции восходит к XVIII веку, когда голодные революционеры пускали на мясо лошадей, захваченных ими у аристократов. Делали они это не из гурманских соображений, а просто для того, чтобы утолить голод. В 1866 году специально для Франции Папа Римский легализовал конину: люди ели ее от бедности, потому что не могли позволить себе свинину или говядину. Во время Прусской осады Парижа в 1870-1871 гг. люди этого города активно ели лошадей из-за нехватки другого мяса.

Со временем «мясные» породы лошадей во Франции стали разводить специально обученные фермеры. Но в последние десятилетия интерес к конине резко упал. Французы сегодня потребляют всего 300 граммов такого мяса в год на каждого человека. Это только пятая часть от тех объемов, которые они покупали 30 лет назад. На конину приходится всего 1 % от общего объема потребляемого мяса в этой стране.

Питательная ценность конины намного меньше, чем у других видов мяса: 110 калорий в 100 граммах против 160 у говядины. Плюс ко всему конина позволяет быстро снизить уровень холестерина в крови, а также богата полезной жирной кислотой Омега-3. Поэтому этот вид мяса активно рекомендуют диетологи.

Недавно конина стала модным «трендом» в Париже. ВВС пишет, что несколько модных парижских шеф-поваров добавили конину в меню.

Таблица 1

Ресторан	Блюдо	Ингредиенты	Город
Les Tontons	стейк из конины	сырое мясо с сырым яйцом и приправами.	Paris

Le Taxi Jaune	конские карпаччо	закуска из сырого мяса, соль, перец, соус.	Toulouse
Le Verre Vole	гамбургеры с кониной и перепелиным яйцом	Кониная, перепелиные яйца, соус.	Nante
Septime	стейки из конины	сырое мясо конины, с дикой клубникой и кремом из эстрагона.	Paris

Владельцы ресторанов в интервью агентству Reuters выразили свое мнение о том, что конина намного вкуснее говядины и в ней меньше жира. Другие животные едят разный мусор, а лошади – только овес, ячмень и сено. Это видно по мясу. Поэтому люди, которые заботятся о здоровье, переходят на конину.

Казахскую кухню можно считать одной из молодых в мире, поскольку складываться она начала лишь в конце XIX – начале XX вв. и оформилась, когда завершился переход казахов на оседлое положение и коренным образом изменилось хозяйство Казахстана [2, с. 28].

Национальная казахская кухня – это продукт жизненного уклада кочевых народов. Изначально у казахов не было того множества рецептов, которые есть сегодня: ввиду частых переездов люди не пользовались посудой и печами, а готовили пищу на открытом огне, уваривая мясо в котлах, изготавливая кисломолочные напитки в специальных мешочка. Казахи используют для приготовления пищи 4 вида мяса: говядину, баранину, конину и верблюжатину [3, с. 5].

Мясо является основой дастархана – традиционного казахского застолья. Как в старину, так и сейчас по наличию мясных блюд на столе судят о благополучии в доме. Отсутствие у кочевого народа высокой кухни и преобладание общераспространенных блюд – естественное последствие традиционного образа жизни. При этом совместное принятие пищи, общение было и остается важной частью казахской семьи, общества.

Перспективному развитию мясного и кумысного коневодства кочевников способствовали низкий уровень материально-производственной сферы, отсутствие земледелия, наличие огромных массивов пастбищ, возможность табунного круглогодичного содержания лошадей на подножном корме, рентабельность и высокотоварность. Мясо конины всегда преобладало в видовой структуре мясных продуктов на столе кочевых восточных народов. Из конины с давних времен они готовили горячие блюда, копченые, вяленые мясные изделия. Из глубины веков пришли к нам рецепты таких высококачественных, высокоценных восточных блюд из конины,

как казы, шужук, сурет, жая, жал, карта и других. Первые врачебные рекомендации об использовании конины как диетического продукта относятся к XIX веку. Так, в 1869 году русский врач Г. Архангельский в одной из своих статей писал: «Сохранение человеческой жизни нужно ставить выше сохранения предрассудков. На конину следует смотреть как на драгоценное и дешевое лекарство». В настоящее время накоплены многочисленные научные сведения о физико-химических, биологических свойствах конского мяса, свидетельствующие о высокой пищевой ценности этого продукта и подтверждающие возможность его использования в качестве лечебного, диетического средства.

С целью изучения уровня информированности учеников о сходствах в гастрономических традициях народов Франции и Казахстана было проведено анкетирование учеников 10 – 11 классов гимназии.

На вопрос анкеты «Назовите 3 блюда французской кухни» большинство учащихся назвали круассан – 70 %, багет – 50 %, сыр – 50 %, улитки – 30 %, рататуй и лягушачьи лапки 22 %, а также упоминались такие блюда, как тартар, фуагра, луковый суп и другие. Эти данные позволяют судить о высокой информированности анкетированных об особенностях французской кухни.

На второй вопрос «Назовите 3 блюда казахской кухни» 83 % респондентов назвали бесбармак, 67 % – бауырсаки, 45 % – куырдак, 30 % – наурызкоже, кымыз, шужук, а также манты, самса, орама.

На третий вопрос «Знаете ли вы, что общего в гастрономических особенностях народов Франции и Казахстана?» 95 % учеников ответили отрицательно. Из 5 % гимназистов, давших положительный ответ, большинство общим назвали хлебобулочные изделия, и только один ученик – конину.

Также в ходе исследования было выяснено, что 80 % опрошенных употребляют мясо конины в пищу, из них регулярно 24 %, часто 47 %, иногда 9 %. Основная масса учеников не владеет информацией о пользе мяса конины, только 7 % выделили ее диетические свойства и как источник белка.

Еда – это оружие, которое завоевывает страны и народы без оружия, она является проводником чужих идеалов и ценностей. Распространившиеся по миру фастфуды и разного рода новые виды питания, появляются скромно и незаметно, внедряются во вкусы населения и только потом преобразуют традиции и образ жизни, а с ними и мировосприятие и идеалы.

Одновременно еда является и посланцем мира и культуры, это самый простой способ понять иную культуру, проникнуться ее духом, даже

не выезжая из своей страны большинство наших соотечественников, не имеющих возможности путешествовать, познает мир через новые продукты питания и рестораны. И те же фастфуды, вытесняя национальные традиции, объединяют людей в некое единое мировое пространство: все мы люди, все мы братья и мы едим одинаковую пищу.

Гастрономические традиции – важный фактор национального самосознания, связь между культурой и пищей, поэтому во Франции, как в Казахстане, очень важна совместная трапеза между членами семьи разных поколений.

Поэтому очень важно для Казахстана сохранение своих кулинарных традиций, характерных для потомков кочевников, употребляющих в пищу конину как полезное, диетическое, богатое белком, витаминами и микроэлементами мясо. Сходство в гастрономических традициях между странами Франции и Казахстана отмечается использованием в приготовлении блюд из мяса конины.

Общая традиция в наших странах – совместные семейные трапезы, сопровождающиеся беседой, общением представителями разных поколений.

Конина является брендом Казахстана и идентификационным пищевым кодом, что представляет национальную ценность нашего народа и государства в целом. В рамках реализации Послания Президента одним из основных приоритетов является аграрная политика, которая должна быть направлена на кардинальное увеличение производительности труда и рост экспорта переработанной сельскохозяйственной продукции. Один из важных путей развития аграрного комплекса за счет экспорта мяса конины. Освоение зарубежных рынков – задача наших животноводов и технологов. Этот продукт может стать не только источником экономического развития, но и мостом в культурном взаимообогащении разных стран, особенно Франции – законодательницы кулинарного искусства.

Еда – основной компонент идентичности: этнической, религиозной, социальной. Колонизаторы ранее, так же, как эмигранты сейчас, везли с собой свою гастрономическую традицию как символический кусок родной земли. Во многих семьях, полностью слившихся с окружающей их культурой, только кулинарные пристрастия нередко выдают страну их происхождения, вкус к еде сохраняется дольше и адаптируется труднее, чем другие культурные составляющие. Эти явления хорошо знакомы жителям Казахстана, которые, независимо от своей национальности, готовят по праздникам «Ет» – мясо по-казахски», салат «Оливье», пекут бауырсаки и торт «Наполеон».

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Молчанова Г. Г. Традиции гасстики как отражение национальной и региональной идентичности. // Вестник Московского университета. Серия 19: Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2013. – № 2. – С. 9–19.
- 2 Похлебкин В. В. Национальные кухни наших народов. – Изд-во «Центрполиграф». – М., 2004. – 640 с.
- 3 Кенжетайұлы С. Национальная кухня казахов. – Изд-во «Алматыкитап». – А., 2010. – 240 с.
- 4 Сарыев И. С. Казахская кухня. Современные и традиционные блюда. - Изд-во «Кайнар» – А., 1981. - 225 с.

ӘЛЕМДІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

МҰХАМЕТҚАН Ә.

10 сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

МҰХАМЕТҚАН А.

7 сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

МҰХТАР Д. Б.

тарих пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А. Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» [1]. атты еңбегін атауға болады. Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді. Шетел зерттеушілерінің бірі Зигмунд Фрейд [2] балалармен өте аз жұмыс жасаса да, бала ойынның мәнін айқындаған. Ол былай деп жазды:

«Біз бала басынан елестің алғашқы белгілерін іздеуіміз керек». Баланың ең сүйікті және тартымды іс-әрекеті – ойын, деген. Жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында біз төмендегідей **қайшылықтарды** анықтадық:

1 Әлемдік ойындар туралы зерттеушілердің еңбектері жеке қарастырылмаған;

2 Әлем ойындарының қазақ халқына пайда келтіретін тұстары жете қарастырылмаған;

3 Әлемдік ойындар қазақ мәдениетімен интеграциялау амалдары тұғырлы түрде ұсынылмаған.

Аталған қайшылықтарды шешу мақсатында біз тақырыбымызды «Әлемдік ойындар арқылы қазақ мәдениетіне интеграциялау» деп таңдадық.

Зерттеудің мақсаты: Әлемдік ойындар арқылы ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту.

Ойындар теориясы 20 ғасырдың 40-жылдары АҚШ математиктері Джон фон Нейман (1903–1957) мен Оскар Моргенштерн (1902–1977) конкурентті экономикалық құбылыстарды математикалық жолмен шешу әдісі ретінде қарастырды. Мұндағы негізгі ұғым – ойын, ал оның формальды түрдегі көрінісі – «конфликт». Конфликтті дәл сипаттау үшін ойынға кімдер және қанша нысан, қалай қатысатыны, ойынға қатысу ережесі, ойынның мақсаты мен нәтижесі қандай болатындығы, нәтиженің қатынасушылардың әрқайсысына қаншалықты пайдалы болатындығы, т.б. жағдайлар анықталады. Конфликтке қатысушылар коалиция құра алады.

Ойын әрекетінің философиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан қарастырған К. Гросс, Штерн, И. Кант, К. Бюлер, Бейтендейк, Клапаред, Дж. Селли, З. Фрейд, А. Адлер, Р. Хартли, К. Левин, А. Фрейд т. б. ғалымдар ойын теориясының қалыптасуы мен дамуын, ойын әрекетінің әлеуметтік жақтарын айқындап, оның бала қиялы мен ойлау қабілетіне оң әсер ететінін анықтаған [3]. Мәселен, Гроос жаттығуларының мынадай қағидалары бар:

- Әрбір тірі жан иесі өзінің тәртібіне жалақылық беретін мұрагерлік жорамалдауға ие;

- Тума реакциялар өмірдің қиын міндеттерін орындауға жеткіліксіз;

- Өмірде әрбір тіршілік иесінің ата-анасының қамқорлығын талап ететін, өсіп жетілу, даму кезеңі – балалық шағы болады;

- Балалықтың мақсаты – тума реакциялар арқылы жетілу емес, өмірге қажетті қабілеттерді өндіру, жетілдіру;

- Ойынның алғашқы көріністері туралы айтылғанда индивид ішкі түрткінің және сыртқы елеулі мақсатты айқындап, өзінің бейімдерін дамытады және бекітеді.

Француз ғалымы Луи де Брайль «Ең қарапайым мәселені қозғайтын ойындардың өзінде ғылыми жұмысқа ұқсас жалпы элементтер көп кездеседі» Екі жағдайда да (ойын мен ғылыми жұмыс) ең бастысы – қойылған мақсаттың болуы, сонан соң қиындықтың болуы, оны жеңу, жаңалықты ашу-қуаныш. Міне, сондықтан адамдарды жасына қарамастан ойын өзіне тартып тұрады», - дейді [4].

Дидактикалық ойындарды құру мына негіздерге сүйенеді:

- Балалардың іс-әрекетіне ойын түрлерімен оқуды байланыстыру, біртіндеп қызықты жеңіл ойындардан ойынтапсырмалар арқылы берілген оқу-тәрбие мәселелеріне көшу;

- Шарты мен міндеттерінің біртіндеп күрделенуі;

- Берілген тапсырмаларды шешуде баланың ақыл-ой белсенділігінің күшеюі;

- Оқу-тәрбие мақсаттарының бірлігі. Дидактикалық ойын – мектеп оқушыларының белсенділігін арттырып, қиын оқу материалдарын меңгеруді жеңілдетуі және көлемі бойынша үлкен оқу материалдарды есте сақтауға мүмкіндік беруі тиіс.

Дидактикалық ойындардың сапалылығы: олардың сабақтың әр кезеңіндегі орны мен міндетін, мақсатын дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасын мұғалімнің жетік меңгеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажетті материалдарды алдын-ала дайындап алуына, ойын үрдісіне оқушыларды белсенді қатыстыруына байланысты болады.

Дидактикалық ойынның түрлері:

- Заттық дидактикалық ойындар. Бұл ойын әртүрлі ойыншықтармен және әртүрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады;

- Үстел үсті ойындары: Лото, домино, қарлы кесек т.б.;

Сөздік дидактикалық ойындар, яғни ауызша ойналатын ойындар Тәуелсіз елімізді әлемдік бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосу біздің негізгі мақсатымыз және Отан алдындағы борышымыз. Осы мақсатты жүзеге асыруда жасөспірімдердің орны ерекше, өйткені еліміздің туын биіктен желбіретіп, бәсекеге қабілеттілігін таныту үшін білім нәрімен сусындаған, денсаулығы мықты ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет.

Ойын - бұл ақпарат алмастыру құралы және баладан өз ойымен бөлісуді талап ету; яғни автоматты түрде қарым-қатынастағы барьерді

жасату. Жоғарғы қатынас деңгейге көтерілу үшін сөзді пайдалануы қажет. Ойын сезімдердің берілуімен және кемшіліктердің шешілуі үшін құрал болады. Бала сезімін вугвальды жеткізу ылғи да мүмкін емес. Дамудың бұл сатысында бала не сезгенін айту үшін когнитивті, вугвальды құралдары жетіспейді эмоционалды жағдайда оларды сөзбен жеткізу үшін бала өз ауыртпалықтарында интенсивті бір ойға жинақтала алмайды. Көптеген авторлардың зерттеулері бойынша (мысалы Пиаже), біз 11 жасқа дейін балалардың абстрактілі ойлауға және талдауға қабілетті емес екенің білеміз [5].

Баланың әлемі — бұл нақты заттардың әлемі, егер біз баламен байланыс жасағымыз келсе, ең алдымен осыған жақын болуымыз керек. Ойын - бұл баланың нақты өз ойы және өз әлеміне қалыптасу тәсілі.

Ойында баланың физиологиялық, сана-сезімдік, эмоционалды сапалары творчестволық процеске қосылады және оған әлеуметтік әрекеттері қажет болуы мүмкін. Осылайша, бала ойнаған кезде оған толығымен қатысады деп айтуға болады. Ойын әсерлері бала мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың динамикалық жүйесі ретінде анықталады.

Монополия ойыны

Бірақ, менің сіздерге ұсынып отырған ойынды, әлем бойынша кішкентай бала мен жасөспірімдермен қоса ересек адамдардың қызыға ойнайтын «Монополия» ойынының прототипі негізінде жасалған.

Тек бұл ойын ережесі және негізгі мазмұны ұлттық тарихымызды зерделейтін Қазақстан тарихы пәні негізделіп жасалған.

Ережесі: Монополия ойыны қазіргі таңда өзекті, сұраныстағы ойындардың бірі. Бұл ойынды еңкейген шалдан еңбектейтін балаға дейін ойнай алады. Осы себепті мен монополия ойынын негізге ала отырып осы ойынды шығардым. Бұл ойынның шарты бойынша ойынға 3 адамнан 6 адамға дейін қатыса алады. Ойынды бастамас бұрын әр жағы санмен белгіленген асықты лақтырады. Санның қолайлы түсуіне байланысты яғни әлдекімге үлкен сан түссе, сол адам ойынды бастайды. Ойын процесі кезінде әр адамға 5000 теңге беріледі. Ақшаның көбеюі, азаюы ойыншының өзіне байланысты. Ойын асық лақтырумен басталады. Ойыншы асықта түскен сан бойынша жүріп, белгілі бір қалаға түскен сәттен бастап, белгілі бір мөлшерде ақша төлеуі тиіс. Әр қаланың бағасы өзінің карточкаларында жазылған. Қаланың бағасына ойыншының көңілі толмаса, сол дәуірге байланысты сұраққа жауап беріп, 250 тг жеңілдік жасалады. Егер ойыншы өзі сол қаланың иесі болғысы келсе, карточкадағы жазылып тұрған бағаға

бір үйдің бағасы қосылады. Сол қалаға байланысты сұраққа жауап беретін болса сатып алушыға жеңілдік жасалады. Сонымен қатар, ойын барысында репрессия, банк және тағы басқа бөлімдер кездеседі. Ойыншы сол бөлімдерге түскен сәтте, сол қалаларға байланысты сұраққа жауап беруі тиіс.

Ойынның мақсаты: Кез-келген жастағы жасөспірімнің ойлау қабілетін дамыта отырып, тарихқа сыр шерту арқылы тарихты кеңірек түсіндіру.

Ал келесі ойынға көшетін болсақ, ол «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жасалған «Тик так бумм» ойыны.

Ойынның мақсаты: Жасөспірімнің ойлау қабілетін дамыта отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық қазынасын меңгере алады.

Ойынның ережесі: «Тик так бумм» ойыны тек АҚШ та ғана таралмай, әлем бойынша таралған ойындардың бірі. Осы ойынды 3 адамнан 10 адамға дейін ойнай алады. Ойынды бастамас бұрын, ойын барысында 5 әр түрлі тақырыптар және жарылғыш құралы беріледі. Ойыншы кез-келген тақырыпты таңдап алып, сол тақырыпқа байланысты атауды айтып, келесі ойыншыға береді. Кез келген ойыншының қолында жарылғыш құралы жарылатын болса, сол ойыншы осы тақырыпқа байланысты карточканы өзіне қалдырады. Кімде-кімнің қолында көп мөлшерде қалатын болса сол ойыншы жеңіледі.

Келесі ойын «Мафия» ойынының прототипі негізінде жасалған. Бұо лйын жасөспірімнің ойлау қабілетімен реакция жылдамдығын жақсартуға септігін тигізеді. Ойыншы бұл ойынды ойнау барысында тарихи оқиғаларды меңгере алады.

Ережесі:

Ойынға 8 ден 15 адам көлемінде ойнай алады. Ойынның шарты қарапайым бәрімізге белгілі мафия ойынының барысы мен желісі аясында жүреді. Тек ойыншыға арнайы тақырыптар аясында ой өрбітіп, сол тақырып бойынша негізгі кейіпкерлерді анықтау қажет. Яғни жүргізуші ойын шарты бойынша қанша мафия, қанша полицей мен дәрігер бар екенін анықтап береді. Ойыншыларға карточкалар таратылғанда арнайы кейіпкердің суреті мен аты және оның ойын барысындағы ролі жазылады. Келесі кезекте жүргізуші қаланы түнгі ұйқыға жатқызып кім-кім екенін анықтап алады. Жүргізуші танысқаннан кейін ойыншылар арасында талқылау басталады. Мафия қандай кейіпкер болуы мүмкін, полицей және дәрігер. Ойынның шарты бойынша қарапайым мафия ойынның ережесінен

айырмашылықтар байқалады. Себебі мафияның міндеті тек кез-келген ойыншыны ойыннан шығару емес, сонымен қатар тарихи оқиғаға байланысты негізгі қарсыласы кім екенін және ол қандай кейіпкер екенін анықтауға тырысу.

Қорыта келе, Адам баласы ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық қасиеттері байқалады. Сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психологиялық түсінікпен сезім әрекетіне сүйенеді. Ойын үстінде бала қуаныш пен реніш сезімдерін сезінеді.

Әлемдік ойындарда ұлттық тіл өрнектерін пайдалана білсе, қазіргі жеткіншек біле бермейтін ұғым – түсінігін өмірге жанастыра көңіл аударта сол арқылы танымдық мақсат қойылады. Сонымен, ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге, адамгершілікке, ізгілікке, ұлттық тәлім – тәрбие беруге назар аударылады. Осындай жаңа форматты ұлттық нақыштағы ойындарды ойнау, ұлттық құндылығымызды жоғалтпай, қайта жаңғыртып бала бойына дарытар едік. Сол себепті жоба барысында әлемдік ойындарды негізге ала отырып, оны ұлттық мәдениетімізге нақыштап жасап шығарған болатынбыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 А. Алекторов «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891).
- 2 Зигмунд Фрейд «По ту сторону принципа удовольствия».
- 3 Казанская К. О «Детская и возрастная психология». - Москва 2010 С. 128-132.
- 4 Дж. Селли «Игра и самостоятельность».
- 5 Рудик Г. А. «Игры и их педагогическое значение». Изд-во «Значение», 1949 г.

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН КИЕЛІ МЕКЕН

МАҒАУИЯ М.

8 сынып оқушысы, № 2 Майқайың ЖОББМ
РАХПАНОВА К. Н., ШАЙМЕРДЕН Н. Ж.
мұғалімдер, № 2 Майқайың ЖОББМ

Баян өлкесі ұрпақтан-ұрпаққа жеткен халқымыздың этнографиялық тұрмыс-тіршілігін көрсететін тарихи, әдеби, талай-талай тамаша діни аңыз-өңгімелерге толы өлке. Ел мен жер шежіресін таңды таңға ұрып толғайтын көнекөз қариялардың

тыңдаушысын тамсандырып айтатын әңгімесі сонау Алаша ханнан, көшпелілер әлемінің алғашқы абызы Алаш атадан басталады. Баян қарияларының айтуындағы бұл аңыздарды алғаш хатқа түсіргендер – Шоқан Уәлиханов, Григорий Потанин, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Әлкей Марғұлан, Ермұхан Бекмаханов сияқты ұлы тарихшы ғалымдар.

Баянауыл - ертегілер елі сияқты көрікті аймақ. Баянауылдың су мен тасының өзі туған өлкеміздің тарихынан сыр шертеді. Бұл аймақпен байланысты аңыздар да өте көп.

Кемпіртас. Кемпіртас - Баянауылдың ұлттық саябағындағы ең танымал тас. Ертеде жергілікті тұрғындар бұл жерде ерекше жылқы тұқымын өсіріпті. Бұл аттардың бағасы қымбат болыпты. Оларды ең батыл жігіттер көздің қарашығындай күзетіпті. Алайда соған қарамастан, күнде бір жылқы жоғала беріпті. Түнде күзет қойылса да, бәрі де ұйықтап қала беріпті. Ақыры солардың арасынан жас батыр түнде ұйықтап қалмау үшін білегін кеседі. Түн ортасында жер астынан түрі қорқынышты кемпір шығады. Ол жылқылардың ішіндегі ең семізін таңдап алып, өзімен бірге жер астына әкетеді. Жас батыр көргендерін ақсақалдарға айтып береді. Ол халқын сикыршыдан құтқармақшы болады. Жігіт түнде мыстанның келер уақытын күтеді. Кемпір жерден шығады да жігітпен жағаласа кетеді. Жігіт мыстанмен түнімен алысып, әбден шаршайды. Кемпір де әлсірейді. Өйткені таң білінісімен, кемпірдің күші қайтады. Таң атқан кезде мыстан кемпір жердің астына түсіп үлгермейді. Таң арайлап атып, күн сәулесі жер бетіне шашылады. Сол мезетте мыстанның басы мен денесінің жартысы тасқа айналып, қатып қалыпты мыс.

Ақбет шыңы. Баянауылдың ең биік шыңы – Ақбетке байланысты да әдемі аңыз бар. Ертеде осы өлкеде Бүркітбайдың қызы Ақбет тұрыпты. Үй іші жұтаң күй кешкен, сондықтан әкесі қызын ұзатып, шаруасын түзеп алмақ болады. Қыздың кедей қойшыны ұнатқанын, әрине, жақтырмайды. Әкесі көп ойланбай-ақ қалың малын төлеген қаусаған шалға қызын ұзатуға келіседі. Жас ғашықтар мұны біліп қашуға ниеттенеді. Алайда сырлары ашылып, жігіт өлтіріледі де, қыз үйге қамалады. Қыз көз жасын төгіп, мәңгілік қоштасуға сүйіктісінің зиратына баруға сұранады. Жеңелері аяп босатады. Ол жігітінің басында жүрегін тек оған арнағанына, басқа ешкімге жар болмайтынына ант береді. Осы сөздерімен ғашығымен бірге танды қарсы алатын шыңға шығып, төңірегіне соңғы рет көз салады да құздан құлайды.

Ақбеттің есімімен аталатын тау – сол заманның үнсіз куәгері адал мен сезім беріктігінің символы ретінде бұрынғысынша танды бірінші қарсы алады.

Қоңыр әулие үңгірі. Қоңыр әулие туралы да аңыздар көп. «Қоңыр әулие» атауы жердің жануарлар мен құстар әлемін қорғаушысының Нұх Пайғамбар заманынан бар. Белгілі ғұлама Мәшһүр Жүсіп бұл жердің киелілігін дәріптеп, «Әулиелердің Алладан пәрмен сұрайтын жері» деп өз көзқарасын білдірген. Бүкіләлемдік су тасқыны кезінде үш көріпкел Нұх Пайғамбардың кемесінде қалып қойыпты, бірақ кемеді орын болмапты, сонда үш бақанды жалғап байлап, бақанға отырып, Пайғамбардың кемесіне байланыпты. Бүкіләлемдік ағыспен олар солтүстіктен оңтүстікке беттеді. Алғашқы болып үлкен әулие Құланның бөренесі тасқа соғылып, жұлынып кетті. Бұл Қызылтау маңында болған. Екінші болып тасқа ортаншы бала әулие қыранның бөренесі ең биік тау Ақбетке соғылды. Су қайта ағып, таулар мен шоқылар ашыла бастағанда, кенже әулие Қоңырдың бөренесі үңгірге келді де ол осы жерде қоныстанды. Сол себепті үңгір қажылықтың киелі жері саналған. Жергілікті жұрт «тас үңгірге түнеген адамның тілегі орындалады» деседі. Үңгір қыратты жерде орын тепкен. Шамамен мың метрге жуық биіктікте орналасқан.

Үңгір түкпірінде қазан секілді дүние бар. Соған күн құрғамай су жиналады да тұрады екен. Жұрттың айтуынша, сол суда барлық аурудан сауықтыратын қасиеттер бар деген сенім бар. Әсіресе күмістің мөлшері көп деседі.

Жасыбай көлі. Баянауыл қазынасы – көркем, мөлдір, ғажап Жасыбай көлін бір көрген адам өмір бойы ұмыта алмайды. Оның атымен және пайда болуына байланысты да аңыздар аз емес. Аңыз-әңгімелерде бұл айдыңның бұрынғы атауы Шойынкөл екен. Қалмақтың тамақ қылып ішетұғын саймандары үйіліп-төгіліп көл басында қалғандықтан, «Шойындыкөл» деп атанған дейді.

*Аң қуып таудан құлап сұға кеткен,
Қалмақтың Шойын деген батыр бегі.
Ол күнде бұл тауларды Қалмақ алған,
Қорған ғып әрбір жерге қорған салған.
Тұлпардың екпінімен сұға құлап,
Атанып Шойынды көл содан қалған.*

(Жамал қожа қолжазбасынан үзінді)

Ортадағы «Шойынкөл» көлінің қасындағы жота асуында Олжабай батырдың жиені 25 жастағы өжет жас батыр Жасыбай қолы бекінеді. Ақбеттаудың желкесіндегі екінші асуда Олжабай

батырдың баласы Жалаңтөс батырдың қолы бекініс құрған. Бұл асу «Жалаңтөс асуы» аталып кеткен.

Жасыбай батыр туралы жыр-дастандармен бірге аңыз-әңгімелер де көп, олардың ел аузынан жазып алған нұсқалары Қазақ Ғылым академиясының кітапханасының қолжазбалар қорында сақтаулы.

Баянаула тауының қалың ортасындағы көлдің күншығысында бір тасты «Ту тіккен» деседі. «Олжабай мен Жасыбайдың: «Айтысамыз!» деп, ту көтерген жері» деседі. Екеуі мұнан бұрын жүзбе-жүзге келісіп, бірін-бірі көріскен жоқ екен. Бірін-бірі көріскен соң, «ішпей мас, жемей тоқ» болып, өзді-өздімен тойысып, «ұрсамыз, төбелесеміз!» дегенді қойысып, қоян-қолтық араласып, құшақтасып, дос болысыпты деседі.

Келесі аңыз былай сыр шертеді: үш ағайынды Олжабай, Кенжебай мен Жасыбай кімнің күшті екенін сынап көрмек болыпты. Қазір Жасыбай зираты тұрған ескі асудан тас лақтырады. Бірінші кезекті Олжабай алады.

Кенжебай лақтырған тас Олжабай тасының үстіне түсіп, жерге батырады, астынан су шығып, шұңқырды толтыра бастайды.

Жасыбай тасы да осыларға қосылып, судың атқылап шығуын жалдамдатады, бірақ тастың үстінгі жағы судың бетінде қалады, кейін беткейінде ағаштар мен шөптер өсіп шығады. Өткел тұрған моласы жөнінде мынадай сенім бар. Оған бара жатып тас ала бару керек. Кейін жеткен соң, оған тас лақтырып, тілек айту керек. Ол міндетті түрде орындалады деген сенім қалған.

Ел аузындағы аңыздарға сүйенсек, қазақтардың қолбасшысы Олжабай батыр бірде Жасыбай батырға азғана қолды жауынгерлерімен мындап келе жатқан қалмақ қолының алдынан шығып, олардың жолын бөгеп, бері жібермеуді тапсырады. Мыңға толмайтын жасақты бастаған Жасыбай батыр жаумен асқан ерлікпен соғысады. Жасыбай ержүректілік танытып, қалмақтарға аз ғана қолмен тойтарыс беріп, жерін аман алып қалған.

Жасыбай батыр ержүректігімен қатар жауырынға қарап, болжам айтатын қасиеті болған. Қойдың жауырынын алып қараса қалмақтар артына жалтақтап қарап кетіп бара жатқанға ұқсайды. Содан сауытын шешіп, демалуға бекінеді. Өкінішке орай қалмақтардың алдап, атқа теріс отырып келе жатқанын ер Жасыбай байқамапты. Қалмақтың Құба мергені жартаста тығылып тұрып, садағымен Жасыбай батырды атып мерт қылған. Аңғал батыр Жасыбай құлап түсіп, басын көтеріп серіктестеріне өсиет айтады: «Ердің құнын Олжабай жоқтасын, басыма Малайсары белгі орнатсын, артымда қалған жетімдерге Бөгенбай көз салсын». Сөйтеді де, ерен батыр көз жұмады...

*«Келген жол мен шұбырып,
Есепсіз жолда қырылып,
Баян тауын жанапты,
Қайқайып садақ тартқанда,
Қалмақтың тиіп сұм оғы,*

Жасыбай қалды жығылып» - деген Олжабай батыр жырындағы жолдар бұл мәліметтерді растайды.

Бұл кезде Олжабай, Бөгенбай, Малайсары батырлар жауды ойсырата жеңіп, той жасап жатыр еді. Оларға Жасыбай батыр дүние салды деп Қаз дауысты Қазыбек бидің баласы Бекболат кісі жібереді. Орны толмас қазаны естіп, қабақтарына қар жауып өкінген батырларға Бұқар жырау төгілген жырмен көңіл айтады. Қалың қол қайыса аза тұтып, Жасыбай батырдың сүйегін жартас таудың төбесіне қояды. Бөгенбай, Олжабай, Малайсары батырлар басына белгісі ретінде үш жас қайың ағашын отырғызады. Сол қайындар әлі өсіп тұр. Сол жер «Жасыбай асуы» аталады. Үш батыр Шойынды көлді ескерткіш ретінде Жасыбай көлі аталсын деп ұйғарады, міне, күні бүгінге осы атау сол күйінде, «Жасыбай көлі» болып аталып келеді.

Қайғылы хабарды естісімен Олжабай батыр ашуға мініп, өз әскерін қайта көтеріп қырғыннан аман қалған қалмақтардың соңына түсіп қуғынға алған. Қырғын болған таудың шатқалына Олжабай батыр бастаған әскер кіреді. Қалмақтың Олжабай-Молжабай ойында бар ма, асудан асып келіп, көлдің басына үйіліп-төгіліп түсіп жатқанда, сары ала туы салбырап: «Олжабай!, Олжабайлап!» келіп қалғанын бір-ақ көріп, топырлап қаша берді. Олжабай мұның алдына шығып, қайыра қайырып: «Қойдай иіріп қырмаған соң, не керегі бар?!» - деп, «Қалмаққырған» тасына иіріп, қойдай қырған екен. Жеңілген қалмақтардың ұлардай шулап, жалбарынған дауыстарынан тау іші күңіренеді. Сонда Олжабай батыр: «Сендердің бәрінді қосқанда, өлген Жасыбай батырдың шынтағына тұрмайсындар» деп, жауынгерлеріне «жауды аяған жаралы» екенін ескертеді. Қалмақтардың бұл жолы қырылғаны сонша, өліктері жолдың ұзына бойына шашылып қалады». Сонымен Баянауылдың таулы аймақтарының шығыс жағына қарай 95 шақырым жерде Олжабай батыр ата жауын қоршауға алып, бірін аман қалдырмай қырып тастаған көрінеді. Сондықтан «Серке тас» деген жер атауы күні бүгінге дейін «Қалмаққырған» атанған дейді.

Туған елін, өскен жерін ата жаудан азат ету жорығында сан ерлігімен көзге түсіп, осы игі мақсат жолында қаза тапқан Жасыбай батырдың есімін ардақтаған халқы кейін Баян тауының ол қорғаған

асуына - «Жасыбай асуы», Шойынкөліне - «Жасыбай көлі» деген ат берді. Ол жерлер қазір де солай аталады.

Жол салған тасты бұзып, Жасыбай ер.

Әркімнің ертеден-ақ аузында бар.

Арқадан қалмақ ауып, өз жеріне,

Кеткен соң, ат қойылған Жасыбайкөл.

Қорытындылай келе Баянауыл жері қазақтың қаһармандығын танытатын аңызға толы қонысы екендігіне көз жеткіздім. Жасыбай батырдың есімі көлге алтын әріппен жазылып берілуі біз үшін үлкен мақтанышы және ата тарихымыз бен ұлттық шежіреміз үшін табылмайтын байлық, таусылмайтын қазына.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Сарыарқа самалы» - 2002 жыл 23 тамыз, № 67 (1348) – 7.

2 Баянауыл. Астана 2001 ж.

3 Артықбаев Жамбыл. Баянауыл - 2009 ж. «Менің Отаным - қазақстан» сериясы.

4 «Баянтау» - 2012 жыл 6 сәуір, №14 (10509) – 5 б.

5 Сүлеймен Баязитов «Жасыбай батыр» 2004 жыл 27 сәуір

6 «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті. Бейбіт Бөжен

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ БАТЫСТАНДЫРУ ҮДЕРІСІНІҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА ӘСЕРІ

СЕИТКАЗИНОВА А. М.

12 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

ТУЛЕБАЕВА Б. Т.

тарих пәнінің мұғалімі, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Қазіргі уақытта, қоғамның барлық жақтарын қамтуға бет алған жаһандану әлемдік қатынастардың және өмірдің барлық аспектілерінің үстем факторына айналып келеді. Сәйкесінше, жаһандану жан-жақты өз ықпалын тигізетіндіктен, Қазақстан да бұл үдерістен құр қалмаған. Жаһандануды біржақты сараптау мүмкін емес. Сондықтан да не бірыңғай жақсы, не бірыңғай теріс үрдіс деп біржақты дәріптеп айту қиын. Ел-жұртты дүркірететін мәселелердің бірі «батыстану», сырттан келіп жатқан құндылықтардың ішкі құндылықтарға сәйкес келмей, ұлттық дәстүрлердің өзіндік табиғи жолымен дамуына кедергі жасалуы. Өкінішке орай, ұлттық мәдениеттер, тілдер сырттан өзіне

қажетті мағлұматтарды сіңіріп, дами түсуімен қатар, ұлттық тінді кері өзгеріске ұшырату үдерісі де бір уақытта жүруде.

Қазір батыстандыру саясатында экспансиялық сипат күшейіп келе жатыр. Қазақстан осындай экспансияға төтеп бере алады ма? деген сұрақ отандық зиялы қауымды толғандырмай қоймайды. Белгілі ұлтты біріктіріп, біртұтас халыққа айналдыратын ортақ құндылықтар - тіл, дін, тарих болатын болса, қазір олар үлкен өзгеріске ұшырауда. Ғаламдану кезінде мешеу ұлттар өзін ерекше ұлттық құндылықтарынан айрылып, ұлт ретінде өмір сүруін тоқтатады. Сол себепті көтерілген мәселе бүгінгі таңда аса өзекті болып табылады. Қазақ мәдениетін, оны алуан-түрлі аймақта терең зерттеу бүгінгі ғылым талабы. Осы жұмыста қазіргі Қазақстандағы батыстандыру үрдісінің мәдени-философиялық заңдылықтары мәдениеттену тұрғысынан сарапталып, пайымдаулар жасалды [6].

Ұлттық құндылықтарды және қазақ қоғамының ерекшеліктерін сақтап, қорғау, жаңғырту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. Бұл туралы мемлекет басшысы Қазақстан-2050 стратегиясында: «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек» деп атап көрсетті [8]. Сонымен, жаһандану дәуіріндегі қазақ қоғамына қауіпті қатер - ұлттық даму салтының «батыстану» үрдісінің ықпалынан бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастырылуы болып отыр. Жаһандану дәуіріндегі «батыстану» үдерісінің қазақ қоғамына ықпалын бағалау үшін, оның қазіргі таңда қандай сипат алатынын, негізгі түзуші факторы және қозғаушы күші не болып табылатын анықтап алу қажет. Кейін батыстанудың қазақ қоғамына әсерін зерттеп, қауіп-қатерлерге қалайша төтеп бере алу жолдарын ойластыру керек.

Посттотаритарлық мемлекет үшін мәдени құндылықтарға сүйену мен рухани мәйекті жоғалтпау өте маңызды [9]. Әлбетте, жаһандану, қоғамның дамуына кері әсер етіп, оң да әсер ете алады. Алайда, кері әсер салдары тек жеке тұлғаларға ықпал ете қоймай, сонымен қатар, халықтың санасының көмескіленуі атсалысады. Сонымен, жаһандану дегеніміз не? Не себепті бұл үдеріс соншалықты ауқымды және бүкіл әлем үшін қауіпті?

Бұл ғылымға ұғым берілген анықтамалар топтамасы: экономикалық, технологиялық, саясаттанулық және мәдениеттанулық түрін қамтиды. Негізі жаһандануды мәдениеттанулық тұрғыда қарастыру анықтаманы тереңірек ашатындығын ерекше атап өту

кажет, себебі жаһандандудың айрықша ерекшеліктері мәдени салада көрініс береді [4]. Бүгінгі таңда, бүкіл елдер «бір кіндікті» жаһандану жағдайында өмір сүру салтын ұстануға шешім қабылдауда. Туындайтын негізгі мәселе өркениеттердің өзара кірігуі мен ұштасып кетуі. Яғни, ғаламдану кезінде батыс өркениетінің басымдық танытуы ұлттың байырғы төлтумалық тамырының жоғалып, түрткі болуына әкеліп соғады. Қазақ қоғамы дәл қазір белсенді түрде жүріп жатқан жаһандану үдерісінің әсерінен оқшау бола алмайды. Енді ұлттық биік сананы қалай қалыптастырамыз, еңсеру шешімдері қандай деген сұраққа тоқталайық. «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде ел болашағы үшін тұрақтылық, бірлік пен біртұтастылықтың маңыздылығы жайлы айтқан Нұрсұлтан Әбішұлы: «Біз өзіміздің тұрақтылық және келісім моделін дамытуда айтарлықтай табыстарға жеттік. Мәңгілік Ел идеясы арқауындағы жұмылдырушы құндылықтар – азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; оқымыстылық пен білімді қастер тұту; зайырлы ел – тағаттылық елі. Осындай жағдайда азаматтық орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасы болады. Біздің басты мақсатымыз – қазақстандықтар жаңа жалпыұлттық құндылықтарды – құқықтың үстемдігін, мемлекеттік дәстүрлерді, қазақстандық құндылықтарды – өздерінің этностық мінез-құлық модельдерінен жоғары қоюлары керек», – деп, қоғам құндылықтарының маңызын көрсетті [5]. Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының ИГІ ДӘСТҮРІН сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» – деп, үлкен үміт артты [8]. Келешек ұрпақты халықтық тұрғыдан тәрбиелеудің арқасында ғана жарқын болашаққа қол жеткізуге болады. Ал тәрбиелеу үдерісі өз қоғамымызға тән мәдени-рухани құндылықтармен тығыз байланысты. Әділіне көшсек, әрбір мемлекеттің тірегі: тіл, дін, діл, салт-дәстүр айқындалды. Егер осы іргетасты құрайтын бір белгі жойылса, онда ұлттың мүлдем жойылып кетуі де мүмкін. Ресейге отар ел болғанымызда «ұлттық идея, ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие» жалпы ұлт туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Алайда, «ұлт мәселесі» әлі күнге дейін өзекті болып келеді. Анығырақ айтсақ, қазіргі уақытта мемлекетіміздің әлсіз алаңы - бұл мемлекетіміздің ұлттық коды, қазақ қоғамының құндылықтары.

Мәдениет саласында ғаламдандудың екі түрін аттап өтуге болады.

1 Мемлекеттің ішкі факторларына әсер ететін даму үрдісі (Батыс Еуропа және АҚШ).

2 Батыстың өркениетіне, яғни сыртқы факторларға ықпал ететін даму үдерісі. Бүкіл дамушы елдерге тән құбылыс (Қазақстанға да сәйкес келеді).

Мәдениеттер шиеліністерінде өзіміздің мемлекеттілігімізді, қазақ қоғамының мүддесін, төлтума бітімімізді сақтап қалу мақсатында ұлттық құндылықтарымызды жастар санасына сіңіруде ең бірінші тәрбиеге көңіл бөлу қажет [7]. Бұл туралы елбасымыз да «Қазақтың ұлттық қасиеттерінің қалыптасуына қамқорлық жасау-менің перзенттік те, Президенттік те парызым» деп, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалуға үлкен мән беріп отыр [8]. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өткен 2017 жылы сәуір айында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын жариялады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу» деген оймен бөлісті [9]. Ұлттық код іргетасының бекітілуі жастардың қолында, алайда олардың өмірге деген көзқарасы және өмірлік ұстанымдары батыстану үдерісі әсерінен өзгеріп бара жатыр. Жастардың жүріс-тұрысына, киім киюіне, сөйлеу мәдениетіне батыстан ағылып жатқан жарнамалар мен насихаттар әсер етеді. Қорытындылай келе, Қазақстанның ең қорғаныс алаңы – ұлттық болмыс пен ұлттық құндылықтар. Сәйкесінше, бұл қатерлерді еңсеру болашақ ұрпақтың қолында. Алайда, көптеген жастар еріксіз жаһандану үдерісінің қарамағында жүреді.

Біздің болашаққа жоспарлайтын болжамымыз, егер рухани жаңғыру сапалы түрде жүзеге асырылса, яғни жас ұрпақты тәрбиелеу барысында қазақтың бұрыннан келе жатқан салт - дәстүрлері мен әдет - ғұрыптары дұрыс насихатталып, оқыту барысында халқымыздың қанына сіңіп кеткен қасиеттерді бағалауды жастарға үйретсе, онда қазақ қоғамының құндылықтары шетел экспансиясына төтеп бере алады. **Бізді толықтай қанағаттандыратын болашақ**, қазақ халқының, әсіресе, жастардың шетелдіктен гөрі ұлттық мәдениетке көбірек қызығуы, оны қадірлеуі, шетелдік тенденцияларға ілеспеуі, ана тілінде еркін сөйлеуі болып табылады. Осы орайда, Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» халыққа жолдауында жазылған сөзі орынды деп санаймын: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» [4]. Сонымен қатар, «Ұлы даланың жеті қыры: Уақыт пен кеңістік тоғысқанда ұлт тарихы басталады» деп ұлттық кодының маңыздылығын атап өткен еді. Елбасы «Ұлы даланың жеті

қыры» мақаласында ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту жайына кеңінен тоқталған [8]. Әсіресе жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындату керектігі жазылған. Ұлт қаһармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыруға жол ашатын сапалы балалар фильмдері мен мультипликациялық сериалдарды аса қажет ететін өскелең ұрпақтың да талғамына ерекше назар аудару керек [1]. Біздің даңқты батырларымыз, ойшылдарымыз бен ел билеушілеріміз тек Қазақстан ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайықты тұлғалар екендігін Елбасы тілге тиек еткен. **Көзделген болашаққа қол жеткізу үшін** Қазақ тіліндегі «100 жаңа оқулық» жобасы бар. Жобаның мақсаты – гуманитарлық білімнің барлық бағыты бойынша әлемдегі таңдамалы оқулықтарды қазақ тіліне аударып, жастарға жаңашыл бағытта білім беру қажет. **Көзделген болашаққа қол жеткізу үшін** жастардың отансүйгіштік сезімі жоқ және жыл сайын Қазақстанда ми ағымы орын алады.

Жоқты бар қылу үшін білім беру мекемелерінде патриоттық сезімді арттыру мақсатында сынып сағаттары мен іс-шараларды өткізу қажет. **Көзделген болашаққа қол жеткізу үшін** мектепке дейінгі ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие жүйелі ұйымдастырылған болуы қажет. **Барды ұтымды пайдалану үшін** «100 жаңа оқулық» аясында аударылған кітаптарды колледждің оқу бағдарламасына енгізу арқылы білікті кадрларды даярлау. **Көзделген болашаққа жету үшін шаралардың реттілігі мынадай болмақ:** **Біріншіден**, болашақ ата-аналарға арналған әдіснамалық кітапшалар әзірлеу мәселесіне басты назар аударған жөн. Бала дүниеге келгеннен кейін оның өсіп-жетілуіне, дұрыс тәрбие алуына ата-ана жауапты. **Екіншіден**, бүлдіршіндер көк экран алдында уақыттарын өткізуі олардың тәрбиесіне кері ықпал етуде. Себебі, батыстық өркениетке сүйеніп түсірілген, мағынасы жоқ, тек ерсі қылықтарды насихаттайтын ойындар (Синий Кит ойыны) мен мультфильмдер (Спанч Боб мультфильмі) ұрпақтың санасын улауда. Сол себепті мемлекетімізде бөбектеріміздің туған тілі мен тарихына деген сүйіспеншілігін күшейту мақсатында төл құндылықтарымызды насихаттайтын мемлекеттік тілдегі бүлдіршіндерге арналған қызықты да сапалы бағдарламаларды (Алдаркөсе және Айгөлек іспетті) ауқымды шығару қажет. Біртіндеп осылай бөбектің отбасы ішіндегі және сырттағы тұрысы қадағаланса, ұлттық құндылықтар бүлдіршіннің бойына сіңіп, ешқайда жоғалмайды. **Үшіншіден**, жастар тек әлеуметтік желілермен тұйықталған. Осыған орай, білім беру мекемелерінде ұлттық құндылықтарымызды үгіттейтін әр түрлі, қоғамдық және мәдени шаралар көп ұйымдастырылуы

маңызды. Білім беру мекемелерінде ұлттық тарих факультеттер аясында тарихи оқиғалар мен ұлттық құндылықтарымызды байланыстырсақ онда үлкен белестерге жете алатын боламыз [2]. **Төртіншіден**, төл халықтың уланған санасын ояту қажет. Ол үшін қарапайым ұлттық театрлар мен мұражай іспетті мәдени орталықтардың мәртебесін және халықтың қызығушылығын күшейту мақсатында көгілдір экран арқылы жарнама жіберу керек. **Бесіншіден**, Назарбаев Зияткерлік мектептері секілді оқу орындарын көбейту қажет немесе Зияткерлік мектептерінің оқыту бағдарламаларына толықтай көшу абзал. Себебі, бұл білім беру орындарында ұстаздар рухани-мәдениетті тәлім беруге **100 % тырысады**. Алайда, Қазақстан қысқа мерзім ішінде бұл еңсеру жолдарына бейімделе алмайды. Яғни, бұл талаптар мен мақсаттар ұзақ мерзімді болып табылады. Сол себепті, Елбасы «**Стратегиялық жоспарлаудың**» үш түрін әрдайым айқындайды. Анығырақ айтсақ, **ұзақ мерзімді**, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау. **Жоғарыда аталып өткен барлық мақсаттар зор жұмысты талап етеді. Сол себепті, әлі күнге дейін мемлекетіміз батыс салтына төтеп бере алмай тұр.** Ұсынылған ФОРСАЙТ талдауына сүйене отыра, алдағы уақытта жаһандандудың қазақ қоғамының құндылықтарына төндіретін қауіптерді жойып, ұлттық кодты нығайтуға болады. Жаһандану жағдайындағы ең маңызды мәселе – рухани қауіпсіздік болып отыр. Батыстану үрдісі қоғам құндылықтарына айтарлықтай ықпал етеді және олардың өзгеруі немесе тіпті жойылу қаупін тудырады деген қорытындыға келуге болады. Жаһандандудың әлемнің әрбір нүктесіне, яғни дамушы елдерге әсер ететіндігін түсінуге болады. Осымен қатар батыстану үдерісінің қазақ қоғамы үшін ең қауіпті қатерлердің бірі екенін көруге болады. Біздің басты мақсатымыз - ұлттық құндылықтарымызды жастар санасына сіңіруде ең бірінші ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу. Сөзсіз, осы ұлттық тәрбие негізінде ұлттық тарихымызды, ана тілі мен ділімізді, салт-дәстүрімізді аман алып қалу мәселесі тұр. Бұл туралы елбасымыз да «Қазақтың ұлттық қасиеттерінің қалыптасуына қамқорлық жасау-менің перзенттік те, Президенттік те парызым» деп, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалуға үлкен мән беріп отыр [3]. Мәдени және тарихи жаңғыруды жүзеге асыру белсендірек жүру мақсатында бірнеше ауқымды іс атқарылды: 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық, 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты

кұжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Сондай-ақ, Қазақстанның отбасылық институттарын жетілдіру қажет. Себебі, қазақи тәрбиені бүлдіршіндер мектептен бұрын өз отбасыларынан алады. Дегенменде, Қазақстан батыстанудың осал жақтарының көзін жойамын деп үрдістен окшаланбауы керек. «Не ексең, соны орасын», осыған орай, Қазақстан бәсекелестікке қабілетті жан-жақты дамыған рухани бай, парасатты жас ұрпақты өсіреді деп үміттенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР

1 Байдаров Е., Қазіргі жаһанданудың әлеуметтік-мәдени аясында архитектурасы. – С., 2014 ж. – 124 б.

2 Садыкова Г., Казахстан и мир: культурная интеграция. – 2014 ж. – 87 б.

3 Шашаева Г. Қ., Бурамбаева М. Н., Жас ұрпақтың рухани мәдениетті қалыптастыру негіздері. – 2015 ж. – 108 б.

4 Эрик Г. Эриксон, Детство и общество. – М., 2000 ж. – 344 б.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТА

5 Бабаларымыздың игі дәстүрлерін ұстану, 2014 ж. [Электронный ресурс]. – URL: <https://e-history.kz/kz/contents/view/2057>

6 Нұрғисаев С. М., Kazinform халықаралық ақпарат агенттігінің сұхбатынан үзінді. 11 мамыр 2013 ж. [Электронный ресурс]. – URL: http://www.inform.kz/kz/kogam-kundylygy-halykty-n-tili-madenieti-saltdasturi-mazhilis-deputaty-serikbay-nurgisaev_a2536894

7 Назарбаев Н. Ә., «Нұр Отан» партиясының XVI съезі. 12 наурыз 2015 ж. [Электронный ресурс]-URL: http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-nur-otan-partiyasynyn-toragasy-nnazarbaevty-n-partiyanyn-xvi-sezinde-soilegen-sozi

8 Ұлы даланың жеті қыры: Уақыт пен кеңістік тоғысқанда ұлт тарихы басталады. [Электронный ресурс]. – URL: <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/279095-ly-dalany-zheti-ury-ua-yt-pen-ke-istik-to-ys-anda-lt-tarikhy-bastalady>

9 Ұлттық құндылықтарды сақтау - мемлекеттік саясатын басым бағыттары, 2015 ж. [Электронный ресурс]. – URL: https://www.inform.kz/kz/ulityk-kundylyktardy-sakta-memleketik-sayasatyn-basym-bagyttarynyn-biri_a2933071

Ә. ҚАСТЕЕВТІҢ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ МАЗМҰНЫ

СЕРІКБАЙ Д.

II сынып оқушысы, Баянауыл ауданы

АХМЕТОВА Б. Б.

тарих және география пәнінің мұғалімі,

С. Торайғыров атындағы ЖОББМ, Баянауыл ауданы

Қазақтың тұңғыш кәсіби кескінші, қазақтың біртуар суретшісінің туғанына 115 жыл толды яғни 2019 жылдың 1 қаңтар күні.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады.», – деп жазды. Осы мақаланың «Тарихи сананы жаңғырту» атты II бөлімінде Елбасы: «Көтерілген мәселелер жан – жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай – ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты» – деді. Ендеше ұсынып отырған жұмысымызды «өткені» мен «бүгінінің» деген сөздеріне сүйеніп, Әбілхан Қастеевтің туындыларының «өткені» және «қазіргі» кездегі сол сурет - шығармаларын қаншалықты бағалауға болғанын ашып қарастыру маған өте қызықты болды. Әрине әр елдің өзінің тұңғыш немесе белгілі суретшілері бар, ал сол елдің халқы осы тұлғалардың туындыларын биіктетіп, асқақтатып, белгілі тұлға ретінде әлемге паш етіп отыр. Мен де өзіміздің тұңғыш суретшіміздің шығармаларын әрқашан да аса шынайылықпен, тума талантымен, рухани пәктігімен және өмірге деген дана көзқараспен жазылған өнері құндыны екенін барлығы білседе, Қазақстан тарихы сабағында мұғалім қолданған екі туындысын терең қарап, суретін оқып, танып білуге тырыстым. Ол «Амангелді сарбаздар» (1970 ж.) шығармасы және «Түркісіб» (1969 ж.) шығармасы.

Оның тағдыры мен шығармашылығының қалыптасуына Ұлт азаттық революциясы айтарлықтай әсер етті. Ол кейбір шығармаларында қазақ халқының бұрынғы қиын – қыстау кездегі бастан кешкендерін, феодалдық сарқыншақтарды ашына жырласа, бұдан кейінгі еңбектерінде жаңа өмірдегі ұлы өзгерістерді шабыттана бейнелеп, балаша қуана білді. Бұған «Қырмандық той», «Қызыл отау» және басқа туындылары жатады. Ол өз еркімен Түркісіб темір жолын салуға қатысып, бұған дейін естіп көрмеген құрылыс жұмыстарын тамашалады. Тауды бұзып, тасты жарып, жарқын болашаққа жол ашып берген, бұл салынып жатқан магистраль жаңа өмірдің символыдай болды. Әбілхан салған суреттері мен

нобайларында тек көзбен көргендерін ғана суреттеуге тырысты. Оның шығармашылығы – халық өмірінің өзіндік шежіресі.

Әбілхан Қастеев сөзге сараң, ұзақ сөйлеуді жаны жақтырмаған. Ол, көбінесе қысқа ғана «иә», «жақсы», «тамаша», «жаман екен» дейтін. Оның есесіне автор өзінің шығармаларында айтайын деген ойын терең жеткізіп, тіпті, басқалардың көзге ілмейтінін де суреттеп жібереді. Осы нәзік баяндауларға аса ұқыптылықпен қарауының өзі – суретшінің ерекше дарындылығы емес пе! [1, 5 б.].

Әбілхан Қастеев – біздің республикамыздың өнеріндегі өте сирек кездесетін дара тұлға. Оның шығармалары халықтың рухын, сезімі мен ойын білдіреді. Суретшінің аса терең ойлауы, ақылдығы, кіші пейілділігі мен қалжындап сөйлеуді ұнататындығы – осының бәрі де халқымыздың бойында бар асыл қасиеттер ғой. Сонымен бірге, Қастеев интернационал суретші, оның адал, шынайы шығармаларын барлық халық жақсы түсінеді. Ол туған республикамыздың өнерінің асыл қазынасына баға жеткізгісіз үлес қосты. Оның жарқын келбеті біздің барлығымыз үшін еңбек – сүйгіштіктің, адалдықтың және мейірімдіктің асқан үлгісі ретінде есте сақталатын болады.

Қастеевтің 1932 жылы салған «Түрсіб» атты тамаша туындысы, қазіргі кездерде бүгінгі ұрпақ осы туындыны оқулық беттерінен көріп, біледі.

Бұл шығарма өзінің ой елегінен өткізіп, 1969 жылы қайта өңдеді. Шын шеберліктің сырын түсінген салдарлы суреткер сол бір дүркіреген Түрсіб даңқына сай түрлі бояумен әрлендіре түсті. Алғашқы акварельді суретте түтіні будақтаған паровоз меніреу даланы оятып, арқырап келеді. Кезінде «от арба» атанған бұл алыпқа түйеге мінген қазақ қарты қолын маңдайына көлегейлеп, тандана қарап тұр. Мұндағы қоңырақай, сарғыш бояудың көптігі тусыраған сартап даланың сипаты. Ал, кейін бұл «Түрсіб» көрінісін түрлі бояумен айшықтап, айқындап аша түсті. Алдыңғы фондағы аттылы – жаяу адамдардың, балалардың кимылы, жүріс – тұрыстары, сайын даланың сан түрлі бояуы керемет көрініс тапқан. Мұнда жер апшысын қуырған алғашқы поездға таңырқаудан гөрі, үміт, қуанышпен қарсы алу шаттығы сезіледі. Дәл осы көріністі «Қазақ – фильм» киностудиясының «Транссибирь жүрдек поезы» көркемфильмінде көрсетем деп, режиссер әбден әуреге түскеі бар екен [2, 9 б.].

Қастеев – бейнелеу өнерінің жанрлық жағынан жедел де жан – жақты өсіп, өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан жасампаз қылқалам шебері.

Ол қазан төңкеріс тудырған көп ұлтты өнерге өзіндік өнер қолтаңбасын қалдырды. Шығармашылық жолдар мен әдістер туралы айтсақ, Әбілхан Қастеев – суреткерлік азаматтықты арындай сақтаған суретші. Ол қаншама жылдар бойы тікен боп жабысқан түрлі «измдердің» бірде – біріне елікке жоқ. Халықының қадірін, елінің ерлігін, адамдарының арын, жаңа заман, жаңа адам тұлғасын, ересен еңбегін, биік мақсатын көрсете білді. Кеңес өнерінде ол тарихи – революциялық полотоның портреттік жанрдың, лирикалық көріністердің авторы, хас шебері боп қалды.

Ә. Қастеев 1939 жылы бірде – бір суреті болмаған халық батыры Амангелдінің портретін жасауға тәуекелмен Торғайға аттанды. Ай бойы ат арытып, Амангелдінің ауылын, жүрген жерін аралап, көз көрген адамдармен, сарбаздармен көзбе – көз сұқбаттасты. Түр – пішін, тұлғасын сұрап біліп, кескіндеп, жүздеген жоба, нұсқалар жасады. Ақыры, батыр портреті бітті. Бірақ көз көрген бірнеше адамдардың ғана емес, автордың да өз көңілінен шықпады. Суретші бұл тақырыпқа тағы қайта оралды. Ол Амангелді туралы ел аузындағы аңыз – жырға ғана қанған жоқ, атының тұяғы тиген, алмас қылышының қаны тамған татырлы даланың бедеріне дейін барлап, көңілге тоқып, ақ қағазға түсірді. Бұл кезде елдің ері Амангелдінің ерлігін бүкіл еліміз батыр туралы түсірілген фильмнен көріп жатты. Ардагердің атағы бүкіл жалпақ жұрқа жайылды... Өлең – жырға, әнге айналды. Бірақ батырдың шын тұлғасы, бейнесі әлі беймәлім еді. Сол себепті республика үкіметі халық батырының бейнесін жасауға конкурс жариялады. Оған тандаулы деген өнер иелері қатысты. Арнайы көрме ұйымдастырылды.

Осы көрмені үкімет басшылары келіп көрді. Әбілхан ауыл – елдегі Амангелдінің ағасын, туыстары, серіктері дән риза болған кейінгі портретті бәйгеге қосты.

Амангелді Имановтың үзеңгілес серігі, революционер Әліби Жанкелдин бұл портретке ықыласы ауып, ұзақ қарап, батырмен жүздескендей сезімде болды.

– Бәрекелді! Ерлік жасапсың!... Досымды енді іздеп таптым. Басқалардың суретінен гөрі мына сенің Амангелдің көзіме оттай басылды. Бет – пішіні, түрі, тұлғасы, мінезін түгел тауыпсың. Құдды өзі! – деп қуанып, Қастеевтің қолын қысты.

Ақ семсерін асынып, қырн көзінен жауға деген от ұшқындаған, соңына сан мың сарбаз ерткен батырдың алып тұлғасы сол кезден күні бүгінге дейін бірнеше ұрпаққа рухани әсер етіп келеді [3, 11 б.].

«Көрермен боп қалар ем, бір ғана суретіне» - деп ұлы ақын Пушкин айтқандай, осы бір ғана портретпен суретші бүкіл қазақ

елін қуантты. Одан кейін жазған «Қызыл Армияның құрылуы», «Қазақ көтерілісшілері», «Амангелді жорығы», «Торғай жорығы», «Амангелді сарбаздары» атты туындылары батыр тұлғасын ірілетіп қана қойған жоқ, тұтас бір батальді жанрға ұластырды. Әр кездерде бейнеленген батыр портреттері серияларға, фрагменттерге бөлінді.

Әбілхан Қастеев өзінің талаппен бастап, талғаммен аяқтаған шығармашалығымен Қазақстанның бейнелеу өнері тарихындағы жарқын құбылысқа айналды. Оның есімі ұлттық тарихымыздағы Ш. Уалиханов, М. Әуезов, С. Мұқанов Ш. Айманов, А. Марғұлан, Қ. Сатпаев сынды қоғам қайраткерлерімен қатар тұр.

Суретшінің туған табиғатқа сүйсіне қараған көзқарасы айқындықпен, қарапайымдылықпен жан дүниені баурап алады. Ол жасандықпен аулақ, шынайы, анық сезімді – түр-түстің әлсіз тербелісі суреткер жаны мен жанарындағы бейнесінен көргісі келетін арман.

Суретшінің ерен еңбекқорлығы – суреттерін салуға минуттан бастап, сағаты мен күніне дейін үнемдей жұмсайтын оның қыздың бұрымындай сымбатты, көк теректердің құбылма бояуы, ақ күмістей жаңа түскен қар, бәрі де еркін, жеңіл, бояуы қанық.

Оның есімімен көше ғана емес, Қазақ ССР – інің мемлекеттік өнер музейі, көркемөнер, сурет мектептері мен училищелер аталды.

Халқын сүйген, халқы оны құрметтеген суретшінің өз туындылары да сол үлкен өнер шаңырағының қақ төрінде тұр [2, 14 б.].

ӘДБИЕТТЕР

- 1 Б. Асылжанов, Әбілхан аға – Алматы, 2003 ж.
- 2 Б. К. Барманқұлова, Әбілхан Қастеев – Алматы, Өнер, 1986 ж.
- 3 Л. Г. Плахотная, Кастеев Абылхан – Алматы, Жалын, 1978 ж.

19 Секция. Әлеуметтану
19 Секция. Социология

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰҒАЛІМДЕР МӘРТЕБЕСІ

АБДУЛЛИНА М. Б.

12 «А» сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
ТУЛЕБАЕВА Б. Т.
тарих пәнінің мұғалімі, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Қазіргі таңда жаңа сан алуан мамандықтар пайда болуда. ХХІ ғасыр, жаңа инновациялар мен технологиялар ғасыры, IT-маманы, биотехнолог, нефтехимик және нанотехнолог секілді өзекті мамандарды талап етеді. Тіпті, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің өзі жоғары білім беруде IT-мамандықтарға грантты жыл сайын көбейтіп жатыр. Мәселен, 2018 жылы Елбасының тапсырмасы бойынша, 20 мың қосымша грант бөлінеді, оның ішінде 11 мың грант техникалық мамандықтарға бөлінді, соның ішінде IT студенттер де бар [1]. Сондықтан қоғам бұл мамандарға құрметпен қарайды. Көптеген жастар өздерін бұл мамандардың жұмыс орындарында елестетеді. Дегенмен, оқушылардың «мұғалім, ұстаз боламын» дегенін жиі естімейсің. Осыдан бір сұрақ туындайды: мұғалімнің әлеуметте атқаратын рөлі қандай?

Мұғалім өзінің қол астына жаңа ғана мектеп табалдырығын аттаған кішкентай оқушыларға бас көз болады. Ұстаз оқушының дүниетанымын қалыптастырып, жеке тұлға ретінде дамуын қадағалайды. Шет елдерде мұғалім, дәрігер секілді қоғамға қажетті мамандар өте жақсы бағаланады. Мысалы, Жапонияда ұстаз болу өте өзекті, неге десеңіз мектептегі бір бос орынға 20-30 адам бәсекелеседі [2]. Алайда, Қазақстандағы мұғалімдер жағдайы аса мәз емес. ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Ережеп Мамбетқазиевтің пікірі бойынша мемлекетте мұғалімдер саны жай аз ғана емес, осыған қоса бұл орынға деген бәсекелестік өте төмен. Академиктің айтуынша, бүгінде мектеп бітірушілердің тек 3-6 %-ы ғана педагогикаға оқу үшін университетке түседі. Олардың 13 %-ы ғана жоғары оқу орындарына саналы түрде барады және болашақта мектептерде жұмыс істейді [3]. Тіпті, Елбасының 5 қазанда халыққа жариялаған Жарлығында келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеуін жоспарлауы мұғалімдер мен

мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайту, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалау қажеттілігі туындағанын айқындайды [4]. Сондықтан ұстаздың басқа мамандармен салыстырғандағы беделінің төмен болуы, мамандардың оқу орындарына жетіспеуі өте өзекті мәселе деп санаймын.

Ең алдымен, мұғалім мәртебесінің қандай деңгейде екенін білу үшін ұстаздың мемлекетте атқаратын қызметіне көз жүгіртейік. 2009 жылдың 13 шілдесінен бастап қабылданған Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында мұғалімнің міндеттері қарастырылады. Осы міндеттер тізіміне мұғалімнің оқушыға толыққанды білім беруі және тәрбиелеуі; оқушының жеке мәдениетін қалыптастыруы; оны әлеуметтендіруі; оқушының жеке қабілеттерінің ашуына жәрдемдесуі; ата-аналармен қарым-қатынас жасауы кіреді. Сонымен қатар, мұғалім оқу үдерісінде оқушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және оқушылардың оқу тәртібіне сәйкес сабаққа қатысуын қадағалайды. Мұғалім оқытудың әртүрлі формаларымен және әдістерімен қолданады, сабақтың жұмыс жоспарын құрастырады, оқу барысына инновациялық және ақпараттық технологиялардың енгізілуін қамтамасыз етеді, әдістемелік бірлестіктердің жүргізілетін жұмыстарына қатысады. Мұғалім жүйелі түрде өзінің кәсіби квалификациясының жоғарылуын жүзеге асырады [5].

Қазіргі уақытта мұғалімдер өздерін жан-жақты дамуы үшін әртүрлі курстарға жазылады. Курстардың көбісі жаңа ақпараттық технологиялармен байланысты болады. Айталық, жүз мыңнан астам пән мұғалімдері ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша курстарынан өтті. Осыған қоса, мұғалімдер электрондық «Күнделікті» және Ұлттық білімдік деректер қорын (ҰБДҚ) қажетті ақпаратпен толықтыру үшін курстардан алынған білімдерін іс жүзінде қолданады.

Жоғарыда айтылып кеткен жұмыстарға төленетін жалақыға келсек, Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында мұғалім мәртебесін арттыру мақсатымен білім берудің жаңартылған мазмұнына көшкен ұстаздардың лауазымдық жалақысын 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 30 процентке көбейтуді тапсырғанын жариялаған болатын [6]. ҚР білім және ғылым вице-министрі Бибігүл Асылванын айтуы бойынша, 25 жылдан астам тәжірибесі бар жоғары санатты оқытушыға 83 мың теңге көлемінде ресми жалақы қарастырылған, оның қосымша жүктемелер алғаны үшін қосымша төлемақы 25 мың

теңге мөлшерінде, жаңартылған мазмұнға көшкені үшін қосымша төлемақы 24 мың теңге мөлшерінде берілетін болады. Жалпы мұғалім 133 мың теңге алады [7].

Мемлекетте мұғалімдердің өздерін құрметтемейтін оқушылары көп болмаса, аз емес. Шәкір Хахазов депутаттың белгілегені бойынша, бүгінде қазақстандық мұғалім іс жүзінде моральдық, қаржылық, психологиялық, заңды түрде мүлдем қорғалмаған. Кез-келген оқушы мұғалімді қорлауда, ұрып-соғуда айыптап, оның үстіне шағым түсіре алады [8].

Қазақстандық мұғалімнің дәріжесін одан қарай дұрыс айқындау үшін жергілікті ұстаздарды дамыған елдердегі мұғалімдермен салыстыруды жөн көрдім. Дамыған елдердің ішінен Финляндияға көңіл аудардым.

Финляндиядағы мұғалім дәрежесіне көшпес бұрын, олардың жалпы білім беру саласы жайында ақпаратқа көз жүгіртейік. Дүниежүзілік экономикалық форумның әлемдік экономиканың жағдайы туралы Жаһандық бәсекеге қабілеттілік жайында есебінде әлемдегі ең үздік білім беру саласы Финляндияда екендігі жарияланған болатын. Финляндияның Білім министрі Санни Грахн-Лаасоненнің айтуы бойынша, олардың әлемде жетекші орынды алатын білім беру жүйесінің басты құпиясы - мұғалімдер. Бұл мемлекетте ұстаздардың барлығы магистр дәрежесіне ие, білікті және өте құзырлы мамандар. Министрдің сөзіне сүйенсек, мемлекетте барлығы үшін стандартты ұлттық оқу бағдарламасы бар және бұл жалпы сипатқа ие болғандықтан мұғалімдер өздерінің қалауы бойынша сабаққа қажетті материалдарды жинап, оқытуды қалай жүргізу керектігін таңдай алады. Басқа сөзбен айтқанда, мұғалім материалдарды таңдауда, осы материалдарды қалай және қашан жеткізетінінде толықтай тәуелсіз. Сонымен қатар, Финляндияда ұлттық тестілеу немесе мұғалімдердің қалай оқытатынын тексеру үшін қатаң қадағалау жүргізілмейді. Сондықтан бұл еркіндік ұстаздарға өз даралығын, ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Дегенмен, осы бағдарлама мұғалімдерде еркіндікпен қоса үлкен жауапкершілікті арттырады.

Мұғалімнің мамандығы өте жоғары бағаланады. Жастарға бұл мамандық карьераларын құру үшін ең тартымды таңдау. Әрине, ұстаз болудың өзектілігінде төлем өте маңызды рөл атқарады, өйткені жоғары академиялық білімге ие мұғалімдер тиісті жалақыны алғысы келеді, алайда Финляндияда бұл мамандықтың тартымдылығы төлемақыда емес, бірақ жалпы осы мамандықтың

жоғары мәртебелі, өте беделді болуында. Себебі, елдегі мұғалімдер жаңа тәсілдерді қолдану арқылы, өздеріне тән жеке оқыту әдістерін дамыта алады. Себебі, мұғалімдер мемлекеттің педагогикасына өз үлестерін қосатындығын, еліне үлкен пайда әкелетінін түсінеді [9].

Мұғалімнің мамандығын беделді ететін не?

Финляндияның білім беру жүйесін үлгі ретінде алсақ, ең талантты жастарды мектепке жұмыс істеуге тартуға қажетті үш жағдайды атап өтуге болады.

Біріншіден, Финляндияда, көптеген басқа елдердегідей, болашақ ұстаздар оқушылармен жұмыс істеуге деген ынтасының әсерінен мектепке оқыту үшін барады. Жалпы, фин мұғалімдері мемлекетте дәрігерлер, инженерлер мен экономистер сияқты беделді мамандар ретінде қарастырылады. Осыны фин мұғалімдерінің өздері жақсы сезеді. Мектептегі барлық деңгейлерде жұмыс істейтін мұғалімдер жан-жақты кәсіби автономияға негізделі алады және осы тәуелсіздік мұғалімдерге өздері дайындалған нәрселерге: жоспарлауға, оқытуға, диагностикалауға, жоспарларды жүзеге асыруға және бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, көптеген басқа елдермен салыстырғанда Финляндияда мұғалімдердің сабақ жүргізу уақыты – ең аз. Финляндия бастауыш мектебінің мұғалімдерінен оларды таңдаған мамандықтарын не ауыстыруға бағыттағанды деп сұрастырылғанда, бір қызығы, ешкім төмен жалақыны атаған жоқ. Себебі, көптеген мұғалімдер мектеп пен мұғалімдердің өздері кәсіби автономиясынан айырылып қалса ғана, өздерінің таңдауында күмән туатынын атап өткен. Көпшіліктің айтуынша, Финляндияда мектептерге негізгі стандартты сынақтар енгізілсе және Англияда немесе Құрама Штаттардағы мектептерде сияқты оқушылардың жетістіктеріне үнемі баға берілсе, онда осы мұғалімдер басқа жұмыс іздеуге кірісуші еді. Қысқасы, Финляндиядағы мектеп мұғалімдері кәсіби автономияға, беделге, құрмет пен сенімге сүйенеді. Болашақ фин мұғалімі өз мамандығын таңдаған кезде мектептердегі жұмыс шарттар мен кәсіби орта маңызды рөл атқарады.

Екіншіден, дарынды студенттерді ұстаз болуға тарту үшін мұғалімдерді дайындау конкурстық негізде жүргізіледі және осы жоғары оқу орындарына түскен студенттерден өте күрделі күш жұмсауын талап етеді. Сонымен қатар, студенттерге дайындау барысында қойылатын талаптары өте жоғары және басқа мамандыққа оқитын студенттерге қойылатын талаптармен сәйкес болады. Магистратураны бітірген түлектер дереу докторантураға

түсе алады. Магистр дипломы мемлекеттік немесе жергілікті әкімшілік құрылымдарда жұмыс істеуге, университетте оқытуға немесе еңбек нарығындағы дәл осындай диплом иелерімен бәсекелесуге мүмкіндік береді. Осылай, фин мұғалімдері өз күшімен жоғары оқу орнына түсіп, өзін-өзі әрдайым дамытып, өзінің беделін арттырады.

Үшіншіден, фин ұстаздары үшін жалақы мектепте жұмыс істеуге ынталандыратын басты себеп емес [10]. Басты табысқа Финляндия сапалы мұғалім корпусының арқасында қол жеткізді. Бүгінгі таңда фин мұғалімдерінің жалақысы елдегі орташа айлық жалақыдан өзгеше емес. Дегенмен, мұғалімнің беделін көтерудің 30 жылдық саясаты арқасында мемлекет мектеп бітірушілерінің 5 % -ы мұғалім мамандығын таңдауын қамтамасыз етті [11].

Осыдан, Қазақстан мұғалімдердің дәрежесін арттыру үшін Финляндияның тәжірибесіне сүйену тиіс. Мұғалімдерді ең алдымен кәсібінде тәуелсіздікпен, яғни, сабақты өз қалауынша, өз стиліне, өз тәсілдеріне сай еркін түрде жүргізу құқығымен қамтамасыз ету керек. Екіншіден, Финляндия мемлекетіне қарасақ, мұғалім өмір бойы оқиды, өз квалификациясын үнемі жоғары деңгейге көтеруге бар күш-жігерін салады. Демек, бұл елдің мұғалімдері өз жұмыс істейтін саласын білетін жоғары дәрежелі мамандар. Сондықтан, Қазақстан кез-келген адамды мұғалім ретінде жұмысқа орналастырмау үшін ҰБТ-дағы грантқа өтпелі баллдарды көтеруі абзал. Дегенмен, өтпелі баллды көтерсе, қазіргі кездегі ұстаз тапшылығы одан сайын шиелініседі, себебі, бұл баллдың әсерінен көп адам басқа мамандық таңдайды деген қауіп туындайды. Бұл мәселеден құтылу үшін, жоғары оқу орындары талапкерлер мен мектеп оқушыларын қызықтыруы тиіс. Мәселен, кейбір университеттер үш тұғырлы тіл саясатын ұстану үшін және мұғалімдер дәрежесін одан сайын арттыру үшін, студенттердің практикасын басқа мемлекеттерде тегін жүргізуі мүмкін. Болашақ мұғалімдерді оқуға және оқытуға қызықтыратын әртүрлі әдіс-тәсілдерді ойлап табуы тиіс. Сонда, ҰБТ-ның өтпелі ұпайын көтеру және жоғары оқу орындарының ұсынатын мүмкіндіктері арқасында мұғалім болуға деген сұраныс едәуір артады. Үшіншіден, Қазақстандағы мұғалімдер фин мұғалімдері секілді өзін еркін және жігерлі сезінуі үшін жұмыстағы оларға артылатын ауыр салмақты азайтып, жалақыны арттыру артық болмас.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР Білім және ғылым министрі Е. К. Сағадиевтің ҚР Парламент Мәжілісінде өтетін Үкіметтік сағатқа баяндамасы. 2018 жылғы 19 наурыз

2 Мировой опыт: чем различаются и чем похожи педагоги разных стран // Сегодня LIFESTYLE. 19 ноября 2015г. [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.Segodnya.ua/lifestyle/fun/mirovoy-opyt-chem-razlichayutsya-i-chem-pohozhi-pedagogi-raznyh-stran-668385.html>

3 Реформы школьного образования// КУРСИВ The Wall Street Journal. 3 мая 2016 г. [Электронный ресурс]. – URL:<https://kursiv.kz/news/politika/2016-05/reformy-shkolnogo-obrazovaniya>

4 Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан.

5 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы., Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы.

6 Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі. 2018 жылғы 5 наурыз

7 Средняя зарплата учителей в Казахстане увеличится до 140 тыс. тенге // КУРСИВ TheWallStreetJournal. 15 января 2018 г. [Электронный ресурс]. – URL: <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2018-01/srednyaya-zarplata-uchiteley-v-kazahstane-uvlichitsya-do-140-tys-tenge?page=1>

8 Депутат: Статус учителя в РК требует повышения // Zakon.kz. 21 февраля 2018 г. [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.zakon.kz/4905179-status-uchiteleya-v-rk-trebuuet.html>

9 Министр образования Финляндии: Всё финское сообщество уважает и ценит учителей // informБЮРО. 28 августа 2017 г. [Электронный ресурс]. – URL: <https://informburo.kz/interview/ministr-obrazovaniya-finlyandii-vsyo-finskoe-soobshchestvo-uvazhaet-i-cenit-uchiteley.html>

10 Паси Сальберг., Финские уроки., Москва., 81-83б., 2015

11 Как повысить статус учителя в Казахстане, рассказал Серик Ирсадиев// informБЮРО. 30 ноября 2016 г. [Электронный ресурс]. – URL:<https://informburo.kz/novosti/kak-povysit-status-uchiteleya-v-kazahstane-rasskazal-serik-irsaliev.html>

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

АЙТҚҰЛ Т. Н.

оқушы, Ы. Алтысарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

АХМЕДЕЕВА Д. А.

оқушы, Ы. Алтысарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Қазіргі егеменді Қазақстанда қайырымдылық ең өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл құбылыс бұрынғы Кеңес Одағы кезінде де орын алған, онда қайырымдылық істерімен мемлекет және қоғамдық орындар, ұйымдар айналысып отырған. Бірақ ол кезеңде қайырымдылыққа ресми тұрғыдан алғанда аса үлкен мән берілмеген.

Қайырымдылық мәселесі көптеген саяси-гуманитарлық ғылымдарда зерттелініп келе жатыр. Қайырымдылықтың тамыры ежелгі болғандықтан, ерте заманнан бері қарай атакты әрі ойшыл-ғалымдардың, мемлекет қайраткерлерінің жазған ғылыми еңбектерінде, айтқан нақыл сөздерінде бұл мәселе жан-жақты айтылып, зерттеліп келуде. Осы қайырымдылық проблемасының өзіндік тарихы, зерттелу принциптері мен теориялары бар.

П. В. Власовтың «Обитель милосердия» атты еңбегі қайырымдылық мәселесін зерттеген осы заманғы ғылыми зерттеудің алғашқыларының бірі. Автор Мәскеу қаласында алғашқы қайырымдылық мекемелерінің құрылу тарихын кеңінен зерттейді, қайырымдылық, мейірімділік іс-әрекеттерін уағыздайды, қайырымдылыққа анықтама береді.

Зерттеудің мақсаты: Қайырымдылық институтын заңдастырудың тетіктерін анықтау.

Зерттеудің нысаны: Қайырымдылық

Зерттеудің пәні: Қайырымдылық институты

Зерттеудің гипотезасы: Адамдардың азаматтық позициясына қайырымдылық көрсетудің орын алуы.

Зерттеудің міндеттері:

– Қайырымдылықтың қазіргі қоғамдағы алатын орнын, ролін, қызметін белгілеу;

– Тарихта орын алған қайырымдылық туралы көзқарастарға тоқталып, оларды жүйеге келтіру. Қазақ даласында өмір сүрген ұлы ғұламалардың қайырымдылық туралы ойлары мен тұжырымдарына тоқталу;

– Қайырымдылықтың жаңа моделін құрастыру;

Зерттеудің жаңалығы: қайырымдылық институтының жаңа моделі

Қайырымдылық – көмекті қажет етушілерге (адам және барлық жандыларға) білдірілетін сүйіспеншілік пен нақты көмек. Қайырымдылық ізгіліктің анық көрінісі болып табылады. Қайырымдылық – адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылықты мүсіркеушілік және жарылқаушылық деп те түсінуге болады. Ол кейде кедейкепшік, жарлы-жақыбай жандарға көмектесумен, қайырсадақа берумен де көрініс табады. Қазір біздің елімізде түрлі қайырымдылық қорлары ұйымдастырылған, қайырымдылық іс-шаралары өткізіліп тұрады [4].

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыруға және қайырымдылық мәдениетін жүйелі дамыту мен әлеуметтік жауапкершілікке бағытталған іс-шарада бірнеше бағытты қамтиды. Бүгінде қайырымдылық жасау мәдениет қалыптастырып, игілікті істі насихаттау мақсатында қолға алынған шара жан-жақты жүзеге асырылу үстінде. Бүгінде Ұлттық палата Әлеуметтік мәселелер тізімін дайындап, өңірлерде шешілуі тиісті өзекті мәселелерді ресми интернет-ресурсқа жинақтады. Аталған акция республикалық деңгейге шыққан ауқымды қозғалыс. Елбасының «Әлеуметтік 5 бастамасының» негізі де осы акцияның қағидаттарын қолдайды. Мәселен, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен жасалған қайырымдылық шара мемлекет тарапынан ынталандырылады. Яғни кәсіпкер қайырымдылық жасап, сауапты іс атқарады, қосымша салықтық жеңілдікке ие болады [3].

Қайырымдылық түрлері

Біздің елімізде және әлемде қайырымдылықтың келесі түрлері қабылданады: корпоративтік, жекеменшік, демеушілік, филантропия, меценат, әлеуметтік жауапкершілік. Олар туралы егжей-тегжейлі айтып өтсек.

Жеке қайырымдылық - адамның, топтың жеке қажеттіліктеріне жеке әлеуметтік бағытқа жеке қаражаттар мен заттарды, дәрі-дәрмектерді және өзге де ресурстарды жеке тұлғалардан ерікті түрде қайырымдылықтан тұратын ең кең таралған көмек түрі.

Корпоративтік қайырымдылық - әлеуметтік жобаларды қолдауға немесе мұқтаж адамдарға көмектесуге бағытталған коммерциялық ұйымның әлеуметтік жұмысы. Компаниялар өздерінің негізгі бизнесімен байланысты емес қайырымдылық саласын таңдай алады.

Филантропия - бұл қайырымдылықтың ең толық синонимі. Дегенмен, бұл екі сөз кейде түрлі жағдайларда қолданылады. Егер «қайырымдылық» адамға деген сүйіспеншілікке негізделген іс-әрекетті білдірсе, онда бұл тұжырымдаманы, мысалы, жануарлардың игілігі үшін қаражат бөлу туралы айтуға болады.

Меценат - Рим ақыны Гай Цилний Меценастың қамқоршысы атасынан шыққан сөз. Тар көріністегі қайырымдылық: мәдениет, өнер, ғылымды қолдау деп аталады. Бірақ тереңірекке қарасаңыз, елеулі айырмашылықтарды таба аламыз. Кедейлікке көмектесу қайырымдылық болып табылады, дарыны бар суретшінің таланттарға көмектесуін де қайырымдылыққа жатқызуға да болады.

Демеушілік - бұл қайырымдылыққа жартылай ғана байланысты болатын қызмет түрі. Демеуші қайырымдылық іс-шараларын тек қана көмек көрсету мақсатында ғана емес, сондай-ақ оның маркасын насихаттау мақсатында өткізеді [5].

М. Қ. Қозыбаев «Ұлттық рух – ұлағат бастауы, немесе тарихи сананы қалыптастыру туралы» деген көлемді мақаласында: «Қайырымдылық ежелден-ақ қазақ халқының сүйексінді дәстүріне айналған, болмысында бар қасиеттердің бірі, үлкен адамгершіліктің айғақты көрінісі деген аса ағалы қорытынды жасайды, ал Ә. Нысанбаев: «Қайырымдылық – рухани жаңарудың бір саласы» деп түйіндеген.

Неміс социологы Ф. Теннис өзінің «Общность и общество» атты еңбегінде қайырымдылықтың шығу тегін, орнын талдаған.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан бастап, КСРО – ның тарауына байланысты, экономикалық саяси – әлеуметтік дағдарысқа кездесті. Халықтың жікке бөлінуі күшейе түсті, яғни бір жағынан аukatты адамдар, екінші жағынан кедейлер тобы пайда болды. Қазақстандағы зерттелеген отбасының 43 пайызының табысы күн көрістен төмен болды. Сондықтан да халыққа қайырымдылық көмегін көрсету әлеуметтік қажеттілікке айналды. Сөйтіп елде қайырымдылық шаралары іске асырыла бастады.

Әлеуметтік сипаттағы шараларға мемлекет тарапынан ерекше маңыз берілді. Елде «Қамқорлық», «Қайырымдылық» акцияларын өткізу барысында тұрмысы төмен азаматтарға, зейнеткерлерге, мүгедектерге, ауруларға, жетім балаларға ақшалай, азық – түліктей көмек көрсете бастады. Республиканың барлық облыстарында қарттар мен мүгедектергі әлеуметтік қолдау аймақтарын ұйымдастырып, мұқтаж жандарға түрлі материалдық жәрдемдер беріле бастады [1].

Бірінші қайырымдылық қорлары 20 ғасырдың басында АҚШ-та танымал өнеркәсіпші және филантроп Джон Рокфеллердің

арқасында пайда болды. Джефф Рокфеллер «қайырымдылық сенімін» құруды ұсынып, қайырымдылықты тұрақты негізде ұсынды (2). Бұл түрдегі алғашқы ұйым «Жалпыға бірдей білім беру кеңесі» (1902) болды, ол кейінірек Рокфеллер қорының бөлігі болды. Рокфеллердің үлгісі келесі ірі американдық кәсіпкерлер: Эндрю Карнеги, Билл Гейтс және басқалар.

Ресей мен ТМД елдеріндегі шіркеу қайырымдылықтары - Орыс православие шіркеуі, Рим-католик шіркеуі және кейбір протестанттық шіркеу қауымдастығы [3]. Орыс Православие шіркеуінің диакональдық қызметі Мәскеу православиелік шіркеуінің қайырымдылық және әлеуметтік қызмет бөлімінің синодальдық бөлімінің қызметімен байланысты, 1991 жылдың қаңтарында ең қасиетті Патриарх пен Орыс Православие Шіркеуінің Қасиетті Синодына сәйкес анықталды. Сонымен қатар, көптеген қайырымдылық және қайырымдылық епархиялар, монастырлар, парыздар, бауырластар мен бауырластар деңгейінде жүзеге асырылады [2].

Бұл қор Америка Құрама Штаттардағы қайырымдылық – миллионерлер мен бизнесмендердің және мемлекет қайраткерлерінің ғана емес, сонымен қатар шоу-бизнестің әйгілі өкілдерінің де құрметті міндеті екенінің айқын дәлелі болып табылады. «Music for Relief» қоры «Линкин парк» атақты рок тобының мүшелерінің табиғи апаттардан зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне (атап айтқанда, жаһандық жылынудың) жаһандық назарын аударту мақсатында құрылған. «Катрин» дауылының құрбандарына, Сиддрдің циклонына, Гаитиде жер сілкінісіне және т.б жағдайлардың құрбандарына қаржы бөлінді. Қор – қайырымдылық пен жаһандық жылынудың әсерін азайту үшін 355 мың ағаш отырғызуды қаржыландырды. Қорда ақша жинаудың негізгі жолы – американдық жұлдыздардың қатысуымен өткізілетін қайырымдылық концерттерін ұйымдастыру.

Актриса Анджелина Джоли 15 жылдан астам уақыт бойы гуманитарлық бастамаларға қатысып, қай жерде болса да қайырымдылық ұйымдарын құрды.

Он бес жыл бұрын Анджелина Джоли БҰҰ-ның ізгі ниетті елшісі болды. Камбоджада көргені соншалықты таңқалдырды. Сол жерде «Лара Крофт» фильмі түсірілді. Бұл кездерде Камбоджа соғыс жылдарынан кейін енді қалпына келе бастаған болатын.

Қайырымдылық ұйымдары - Қазақстанда жалпы қоғамның немесе жеке адамның мүдделері үшін қайырымдылық қызметін

жүзеге асыру мақсатымен құрылған бейүкіметтік, бейкоммерциялық бірлестіктер. Қоғамдық ұйым, қор, мекеме түрінде және басқа нысанда құрылады. Жеке және заңды тұлғалар қайырымдылық ұйымдарының нысанына қарай оның құрылтайшылары бола алады. Ұйым белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс. Қайырымдылық ұйымдарының кірістері шығыстарынан асып түскен жағдайда артығы осы ұйым мақсаттарына ғана жұмсалады. Ұйымның саяси партияларды, қозғалыстарды, топтар мен компанияларды қолдау үшін өз қаражатын жұмсауға және өз мүлкін пайдалануға құқығы жоқ.

Қайырымдылық жасаушылар мен меценаттардың арасында төменде аттары аталған азаматтар алдыңғы қатардан көріне білді. Мәселен, Шығыс өңірінде Мұсатай Молдабайұлы, Әбдірахман Жүсіпұлы, Ике Әділұлы, Александр Ерыкалов, Жүмеке Оразалыұлы, Медеу Оразбайұлы, Хасен Ақайұлы, Ыбырай Ақбайұлы, Әлихан Бөкейхан болды. Ал Батыста Әланияз Тобаниязұлы, Салық Омарұлы, Сәлімгерей Жантөрин, Иса Көпжасарұлы ерекшеленді. Оңтүстікте Ахмет және Мұстафа Оразай ұлдары, Маман байдың ұлдары – Тұрысбек, Сейітбаттал және Есенқұл, Садық Өтегенұлы бар еді. Олардың аты-жөндері отандық тарихта ХХ ғасыр басындағы Алаш ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің есімдерімен қатар жазылуы тиіс. Қазақтың мал өсіретін байлары мен көпестері де, Алаштың бетке ұстарлары сияқты 30-жылдары қатал репрессияға ұшырап, «қанаушылар тобы», «ұлттық буржуазия» ретінде қуғындалған.

Елімізде де қайырымдылықпен айналысатын адамдар да бар. Соның бірі – Аружан Саин. 2006 жылы «Милосердие» ерікті қоғам қайырымдылық қорын басқарады, Қазақстандық «Центр Тяжести» форум қатысушыларының қатысуымен құрылған, әлі күнге дейін жұмыс істейді.

Қордың басты бағыттары:

1 «Бүлдіршіндерге Өмір сыйла» акциясының аясында 2 млн. 100 мың АҚШ долларын жинап Қазақстандық 342 бүлдіршінге көмек көрсеткен.

2 Жетім бүлдіршіндерге көмек – балалар үйлеріне және көмек көрсету. Бұл әрекет аясында ҚР-ның «От ау туралы және Отбасы» заңына түзетулер енгізіледі, бұл өзгертуер аясында жетім балалардың отбасын табуға жол ашылады. «Жетімдерсіз Қазақстан» жобасы елбасы Н. Ә. Назарбаевтің 2010 жылдың 5 наурызында өткен «Көктем шуағы» атты кездесуде қолдау көрген [6].



Сурет 1

Қайырымдылық жасау, көмек көрсету – бұл барлық әлем халықтарының байырғы заманнан келе жатқан дәстүрі. Көмек көрсетудің қажеттілігі көптеген мыңжылдықтар бойы қалыптасқан деп тұжырым жасауға толық негіз бар. Ал бүгінде өтеусіз жасалатын мұндай көмектер кез келген қоғамда, кез келген әлеуметтік-мәдени қауымда молынан кездеседі. Біздің бабаларымыздың санасында жақындарына ізгілік көрсету қажеттілігі туралы ұғым сонау ерте заманда-ақ қалыптасты әрі бұл әрбір қазақтың бауырмалдық, туыстық міндетіне айналды.

Қорыта келе, біз, өз жобамызда Қазақстандағы қайырымдылық қорының әлем елдерінің қайырымдылық қорымен салыстыра отырып, кейбір бөліктеріне қосымша өз ұсыныстарымызды білдіріп, жаңа модель жасап шығаруға тырыстық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Благотворительная организация // Словарь-справочник по социальной геронтологии/под ред. Б. Тукумцева, самара, 2003 г.
- 2 Charity Watch Top-Rated Charities. American Institute of Philanthropy. Крупнейшие мировые благотворительные организации и фонды. БФ «Только лучшее детям» (13 февраля 2012).
- 3 Демедова М. Е. Дети как объект благотворительности. СОЦИС, 2001.

4 Назарбаев Н. Ә. «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму бағдарламасы». - Алматы. 1998. - 34 б.

5 Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам. Қазақстандағы қоғамдық әлеуметтік даму процесі туралы // Егемен Қазақстан. - 1998. - ақпан

6 Рустем Омаров. Аружан: Сердце на ладони. «Экспресс К», 6 марта 2010 ж.

СОЦИОЛОГИЯ РЕЛИГИИ: ПОНЯТИЯ И БАЗОВЫЕ КОНЦЕПТЫ

АБДРАХМАНОВА З.

ученик 10 класса, «Білім-инновация» лицей-интернат для одаренных девочек, г. Павлодар

СУЛЕКЕЕВ Д. К.

учитель истории, «Білім-инновация» лицей-интернат для одаренных девочек, г. Павлодар

Социология религии является частью социологии, одной из социологических дисциплин, которые используют выработанные социологией понятия и методы для анализа отдельных социальных феноменов, таких, как семья, политика, образование и т.д. Социолог имеет дело с религией как социальным феноменом, т.е. он изучает религию как доступное наблюдению, эмпирическим методам исследования социальное поведение человека (индивидов и групп): как образуются и функционируют религиозные группы и институты, благодаря чему они сохраняются или перестают существовать, каковы отношения между религиозными группами, почему между ними возникают конфликты, что лежит в основе ритуальных действий и т.д.

Для социолога религиозные верования интересны и важны не сами по себе, его интересует вопрос о том, как эти верования - наряду с религиозными организациями - влияют на поведение людей. Проблема заключается в том, чтобы выявить мотивацию человеческих действий. При этом не обязательно верования влияют на поведение: индивид может стать членом религиозной группы и, не зная тех верований, которых она придерживается. Религиозные институты, учреждения, организации могут влиять на поведение помимо верований и даже идти вразрез с ними, стимулируя по тем или иным причинам действия, противоречащие официальному учению. Но это вовсе не отменяет того факта, что социальное действие есть действие осмысленное, т.е.

в его основе лежат определенные социальные регуляторы - нормы, ценности, верования, ожидания и предпочтения индивидов и групп.

Таким образом, религия как предмет социологического анализа есть совокупность структур, процессов, связанных с функционированием общества на разных уровнях, система регуляторов социальных связей, образцов поведения и т.д. - система структур и отношений по поводу религиозного феномена, на нем именно «завязанных». Поэтому одна из главных проблем социологии религии - проблема определения того, что относится к понятию «религия».

Если понимать религиоведение предельно широко, как совокупность всех возможных способов осмысления религиозного феномена, то в него следует включить наряду с научным подходом, т.е. отмеченными выше научными дисциплинами, также феноменологию религии и теологию. Таким образом, место социологии религии в религиоведении определяется ее отношением: а) к другим наукам о религии, б) к феноменологии религии и в) к теологии.

Дать точное и однозначное определение понятия религия невозможно. В науке таких определений существует множество. Они зависят от мировоззрения тех ученых, которые их формулируют. Если спросить любого человека, что такое религия, то в большинстве случаев он ответит: «Вера в Бога».

Слово «религия» буквально обозначает, связывание, запрягание, повторное обращение (к чему либо). Возможно, что первоначально это выражение обозначало привязанность человека к чему-либо священному, постоянному, неизменному. Это слово впервые было использовано в речах знаменитого римского оратора и политика I в. до н. э. Цицерона, где он противопоставлял религию другому термину, обозначавшему суеверие (темное, простонародное, мифическое верование).

С середины прошлого века в социологии и религиоведении складывается и затем получает большое развитие самостоятельное направление под названием «социология религии». Исследованию религии как социального института посвятили свои работы Э. Дюркгейм, М. Вебер и другие известные ученые, и общественные деятели, в т.ч. и К. Маркс.

Согласно теории Маркса религия как социальный феномен представляет собой объективный фактор, внешним и принудительным образом воздействующий на людей подобно любому другому общественному институту. Маркс заложил, таким образом, основу функционального метода исследования религии. Религия, согласно

Марксу, больше обусловливаемый общественными отношениями, нежели обусловливающий их фактор. Ее общественная функция заключается в интерпретации, а не продуцировании существующих отношений. Социальная функция религии - функция идеологическая: она или оправдывает и тем самым узаконивает существующие порядки, или осуждает их, отказывая им в праве на существование. Религия может выполнять функцию интеграции общества, но также может действовать и как дезинтегрирующий общество фактор, когда возникают конфликты на религиозной почве.

Во второй половине XIX века положение меняется. На первом плане в социологии религии - новое направление, интеграционное. Наиболее показательна в этом отношении концепция Э. Дюркгейма, которого по праву считают основоположником социологии религии как научной дисциплины. Религию он рассматривал как основу единства общества, как фактор социальной интеграции.

Наряду с Дюркгеймом, основоположником социологии считается немецкий ученый Макс Вебер. Он исследовал место и значение религии в изменяющемся обществе, влияние ее на развитие экономики, политики, семьи. Вебер отдавал предпочтение главным образом, мировым религиям и их влиянию на ход истории. В частности, работа «Протестантская этика и дух капитализма», где он исследует влияние христианства на историю Запада, сделала его знаменитым. И еще одна важная часть веберовской социологии религии - изучение типов религиозных организаций, которое приводит к рассмотрению системы «церковь-секта».

Работы названных основоположников социологии религии определили все ее последующее развитие, основные направления исследований, проблематику, методологию. К концу XIX – началу XX в. социология религии складывается как самостоятельная дисциплина.

В своей статье кандидат философских наук Андрей Игнатьев выделил Пять базовых концептов социологии религии Ряд концептов, которому посвящена статья, начинается с термина «конверсия религиозная», при этом рассматривается как история понятия, так и специфический социальный контекст, функцией которого являются соответствующие события и процессы. Далее рассматривается понятие «харизма», при этом особое внимание уделено эволюции соответствующих мифологем, а также сценариям их адаптации к специфическим контекстам социологии, политологии и бизнес-менеджмента. Центральное место в статье занимает аналитика понятия «священное», которое рассматривается как интегральное определение

предметов религиозного опыта. Вслед за этим рассматривается понятие «гражданская религия», соответствующий круг явлений рассматривается как структура, которая опосредствует связи между политической культурой общества и религией. Этот ряд концептов замыкает термин «идентичность религиозная», трактуемый как обозначение структур, инвариантных повседневному религиозному опыту индивида и возникающих в результате идентификации одновременно как по отношению к трансцендентным «предметам веры», так и к соответствующему культовому «сообществу верных». С целью более удобного освоения материала понятия расположены в порядке конверсии «человека естественного», каковы мы все от рождения, и образуют вполне адекватное введение в предмет социологии религии.

Социолог использует для анализа религии методы, выработанные и применяемые социологией в исследовании социальных явлений вообще: опрос и статистический анализ; наблюдение и эксперимент; кросс-культурный сравнительный анализ; контент-анализ, анализ письменных источников, исторических документов.

Одним из важнейших является метод опроса, который проводится либо в виде стандартизированного интервью, когда вопросы задает интервьюер, либо в форме письменного заполнения анкеты респондентом. Респондентам задаются вопросы об их религиозной принадлежности, о том, как часто они посещают церковь, молятся, в какой мере знают вероучение, как относятся к отдельным его моментам, например, верят ли в жизнь после смерти, в существование дьявола и т.д., т.е. вопросы, которые позволяют судить о характере и интенсивности религиозности.

Опросный метод полезен в установлении корреляций между теми или иными специфическими чертами религиозности и определенными социальными установками и характеристиками. Для установления более глубоких причинных связей он нуждается в дополнении данными, полученными с помощью статистического анализа, наблюдения, эксперимента. Одна из трудностей, с которыми сопряжено использование этого метода, связана с несовпадением слов и мыслей опрашиваемых. Поэтому весьма существенное значение имеет интерпретация полученных в результате опроса данных.

Еще одним методом эмпирических исследований является наблюдение. Это может быть стандартизированное наблюдение, когда социолог располагает определенной программой исследования и осуществляет по определенной процедуре фиксацию выделенных

им показателей. Это может быть также включенное наблюдение, когда исследователь живет или работает в среде тех, кого он изучает. Этот метод использовался, в частности, в последнее время социологами, изучавшими новые религиозные движения. Участвуя в жизни группы, социолог имеет возможность наблюдать поведение людей в религиозном контексте. При этом наблюдение может быть скрытым или же открытым, если наблюдаемые доверяют новому члену группы. Этот метод имеет очевидные преимущества хотя бы потому, что дает возможность выявить такие обстоятельства, которые доступны только при условии участия в наблюдаемых действиях.

Важным инструментом социологического исследования религии является анализ исторических данных, письменных источников; документов. Достаточно строгим методом анализа содержания разного рода документов является контент-анализ — выделение исследователем религиозных тем или не высказываемых, не проговариваемых предположений в исследуемых материалах.

Таким образом, социолог располагает разнообразными и взаимодополняющими методами, позволяющими на эмпирическом уровне исследовать религиозное поведение, накапливая необходимые данные для теоретических обобщений.

Можно много спорить о положении религии в современном обществе. Однако однозначно оценить ее роль, возможности и перспективы попросту невозможно. Весь опыт XX в. показал несостоятельность односторонних прогнозов относительно дальнейших судеб религии: либо ее неминуемого и близкого отмирания, либо грядущего возрождения былой мощи. Сегодня очевидно, что религия играет заметную роль в жизни общества и что она претерпевает глубокие и необратимые изменения. На положение религии в современном обществе решающее воздействие оказывают две главные силы современности — наука и политика.

Успехи в овладении природой с помощью техники, достигнутые в XX веке на основе гигантского приращения научных знаний, оказали глубокое воздействие на религиозное сознание. Однако типичные для прошлого века ожидания близкого конца религии в результате развития науки не сбылись. Наука не вытеснила религию, но она вызвала глубокие перемены в религиозном сознании — в понимании Бога, мира, человека. Сегодня наука вышла далеко за пределы чувственно доступного человеку, наглядного. Это дает новый шанс для религиозного мироощущения, не говоря уже о том, что гигантски возросшая на научно-технической основе мощь человеческого деяния

ставит нас теперь перед проблемой последствий научно-технического прогресса и его нравственной состоятельности. А в результате напрашивается вывод, что сами по себе наука и техника - без религии - еще не дают решения современных проблем, когда человечество оказалось перед угрозой самоуничтожения.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Арон Р. Этапы развития социологической мысли. М., 1993.
- 2 Вебер М. Наука как призвание и профессия // М. Вебер. Избранное. М, 1990.
- 3 Дюркгейм Э. Курс социальной науки // Эмиль Дюркгейм. Социология. Ее предмет, метод, предназначение. М., 1995.
- 4 Гараджа В. И. Социология религии. М.: Аспект Пресс, 1996.
- 5 В. П. Баранников, Л. Ф. Матронева. Динамика религиозности в информационном обществе. Журнал «Социс», 5-е издание, 2014.

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС КЕНТІ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

БОЛАТҚЫЗЫ А., ҚҰСМАНОВА М. Д.
9 сынып оқушылары, № 47 ЖОББМ, Семей қ.
СМАГУЛОВА Г. К., КУМАСHEВА А. Ж.

химия және география пәнінің мұғалімдері, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Зерттеу жұмысының басты мақсаты: Қазіргі таңда өскелең ұрпақты тәрбиелеу маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Олардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, қоғамда өз орындарын дұрыс бағытта алуы, құқықтарының қорғалуы туралы міндеттерін анықтау. Қазіргі таңда өскелең ұрпақты тәрбиелеу маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Олардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, қоғамда өз орындарын дұрыс бағытта алуы, құқықтарының қорғалуы, үлкендер тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырамауын бүгінде әлеуметтік тәрбие беретін мамандар ұйымдастыруы қажет.

Сонымен қатар, қазіргі таңда мектепте жасөспірімдерге, олардың әлеуметтік жағдайын көтеру, материалдық көмек көрсету, әлеуметтік қолдау мақсатында әлеуметтік педагог мамандары қызмет атқарады.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

Әлеуметтік педагог өз қызметтік мақсатын жүзеге асыру барысында мына міндеттерді атқарады:

1 Мектепте, отбасында, өмір сүру ортасында, жастар мен балалар қоғамдарында және ұйымдарында баланың тұлғалану үдерісінің дамуына тікелей әсер ету.

2 Баланың құқықтары мен қызығушылықтарын, түрлі инстанцияларда және мектепте баланың қорғанышы ретінде өзі немесе басқа да мамандарды қатыстыра отырып қорғайды.

3 Бала тәрбиесінде отбасына әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету. Тұлғалану үдерісіне кері әсерін тигізетін әлеуметтік қатерлі отбасыларын анықтайды.

4 Шығыс кенті тұрғындарының әлеуметтік жағдайын анықтау;

5 Әлеуметтік жағдайдың негізгі бағыттарын анықтау;

6 №47 мектеп оқушыларының әлеуметтік зерттеулерімен танысу.

Отбасы – педагогикалық қатынас субъекті. Отбасы, мектеп пен мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, балалар және жасөспірімдер бірлестіктері, көше, бұқаралық ақпарат құралдары – бұлардың бәрі де тұлға дамуындағы қалыптастырушы ықпал жасайтын ерекше «тәрбиешілер» тобын құрайды. Отбасы айтқанына көндіріп тәрбиелейді; мектеп оңтайлы қылық, дұрыс көзқарас қалыптастыруға ұмтылады; балалар мен жеткіншектер ұйымдары қарым-қатынас жүйелеріне ендіреді; ал көше болса, отбасы, мектеп, әрқилы бірлестік топтар бере алмағандардың орнын толтырады. Бала осы аталған ұйымдардың өз өмірінде қайсысы басым болса, сонысын таңдайды, соның ықпал тәуелділігінде болады. Осыдан тәрбие тұлғаға ықпал жасаушы құрылымдардың өзара қатынастарымен бірлікте қарастырылады.

Бала үшін отбасы – ең алғашқы да аса белсенді тұлғалық қалыптасу көзі. Осыдан отбасында қабылданған көзқарастар, салт-дәстүрлер, ұстанымдар, әрекет-қылқ үлгілері тұлға микроэлементіне бастау беріп, оның барша өмірінің негізгі сипатын қалайды [1].

Мектеп ұжымы көп авторлардың пікірінше, тұлғаның дамуы мен қалыптасуы тек ұжымдық тәрбие жүйесінде іске асуы мүмкін. Осы жағдайда ғана ұжым дұрыс әрекеттегі өзіндік басқарым органына, тұлғалық арақатынастағы ұжымшылдыққа және өзара жауапкершілікке ие болады. Бұл өз кезегінде жан-жақты дамуға, еркіндікке, қорғанысты болуға, сонымен бірге әр тұлғаның тәртібін көтеруге жол ашады [2].

Семей қаласындағы Шығыс кентінің тарихына келетін болсақ: сонау XX ғ 50-жылдарында бұл аймаққа жеңіл өндіріс ошақтарында жұмыс істейтін шаруаларға арнап үй сала бастаған. Сол кезден

бастап үйлер көбейіп бұл жаққа автобустарда қатынай бастады. Бірақ жолдары қолайсыз болды тіпті ХХІ ғасырда да кеңес одағынан бері жөндеу көрмеген жолдар болды. Соның салдарынан Шығыс кентіне қатынайтын автобустар өз бағытын өзгертуге мәжбүр болды.

Қазір Шығыс кентінде 16000 халық тұрады, Семей қаласы бойынша халық ең көп тұратын аймақ болып саналады. Халықтың 45 % тұрақты жұмыс орны жоқ. Әлеуметтік жағдайы өте төмен болғандықтан үйлері суық, жарық жоқ, балаларға мектепке баруға жағдайы жоқ .

Бұл мәселелердің барлығын тыңдай келе, қордаланған мәселелер бір күн, немесе бір айда шешілмейтіндігін, барлығына да уақыт қажеттігін, ал, жол мәселесінде, таяу күндерде алтыншы линиядағы жолды асфальттау жұмысы басталатындығын жеткізді. Мұндай жағымды жаңалық тұрғындар тарапынан ризашылық туғызды. Қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Рашида Хасанова қала басшысына тұрғындармен жүздесу өткізіп, оларды толғандыратын жайттарға үнемі назар аударып отыратындығы үшін, Семей қаласының көркейіп, гүлденуі жолындағы атқарып жатқан жұмыстары үшін алғысын білдіріп, рахмет айтты [3].

Қорыта келе, бүгінгі таңда еліміздің алдында тұрған айқын мақсаттарының бірі – бәсекеге қабілетті мемлекеттің болашағы жас ұрпақты жан-жақты жетілген, парасатты азамат етіп тәрбиелеу. Бұл орайда тәрбиенің негізі отбасында қаланып, мектепте жалғасатынын ашып көрсетті. Жалпы Шығыс кенті тұрғындарының әлеуметтік жағдайы туралы және ауыз су мәселесі, жарық мәселесі, қоғамдық көліктің жеткіліксіздігі туралы ашық айтылды. Шығыс кентінде мәдени ошақтардың жоқтығы, ауруханалардың аздығы, мамандардың жеткіліксіздігіне баса назар аударылды. Әр адам баласының өсіп-өнер ұясы бар: ол-отбасы. Адам өміріндегі ең қуанышты, қызықты сәттері отбасында өтеді. Бала өмірінің алғашқы күндерінен-ақ ата-ана өз перзентіне тәрбие бере бастайды. Ата-ана ретінде бір-біріне шексіз сүйіспеншілік пен махаббат сезімдерімен табысқан кезде қалыптасады. Әке мен ананың қарым-қатынасындағы болсын, материалдық, әлеуметтік мәселелерде болсын пайымды шешімдер табылып жатса, бұл отбасының берекесі арттары анық. Қазіргі күнде отбасылық мәселелер туындамайтын жас жанұялар кемде-кем [4].

№ 47 мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы төмен оқушылар туралы мәселелер

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты

Кесте 1

Жалпы оқушы саны 0-11	1839
Бастауыш сыныптар 1-4	619
Көп балалы жанұядан шыққан оқушылар саны	128
Аз қамтылған жанұядағы бала саны	253
Жетім балалар саны	7
Мектепте тегін тамақтанатын оқушылар саны	381

1) Оқушылардың құжаттары тексеріліп, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Барлық көп балалы отбасының саны 128.

2) Қазан айында көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, қамқорлыққа алынған балалардың құжаттары және әлеуметтік педагогтың құжаттар номенклатурасы қайта қаралып реттелді. Ата-аналарға құжаттардың жетпеген түрлерін қайта жинақтау үшін құжаттар тізімі берілді.

Мектебімізде жалпыға міндетті оқумен қамтудың кезекті қалалық айлығы мен «Мектепке жол» акциясы 2018 жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында болып өтті. Осыған орай мектепте жалпыға міндетті оқумен қамтудың кезекті қалалық айлығы мен «Мектепке жол» акциясына бұйрық шығарылып, сол бұйрық негізінде жоспар құрылып, бекітілді.

Қыркүйек айының соңында қамқорлыққа алынған 7 оқушыға жалпы оқу қорынан тегін тамақпен және мектеп тегін формасымен, қысқы киімдермен, аяқ киімдер мен қамтамасыз етілді.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді.

Қазіргі кезде мектебімізде көп балалы және аз қамтылған отбасылардан құжат бойынша 381 оқушы білім алуда.

Олардың ата-анасынан айырылған, қамқорлықтағы балалар – 7 оқушы, аз қамтылған балалар -253.

Бұған қоса, мектептегі қамқорлықтағы балалар, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар күніне бір рет 6 күн асханадан тегін ыстық тамақ ішеді. Тегін автобуспен 183 оқушы тегін тасымалданады.

20 желтоқсанда 2018 жылы өткен Президенттік шыршасына аз қамтылған көп балалы отбасынан шыққан оқушылар Тұрсынова Сабина 5 «Г» сынып оқушысы қатысты. Осы шыршада спорт костюмі, куртка, шапка, ойыншықтар, тәтті сыйлықтарға ие болды.

21 желтоқсан 2018 жылы қала әкімі ұйымдастырған Жаңа жыл шыршасына Аханова Нұрай қатысып, куртка, шапка, ойыншықтар мен тәтті сыйлықтарға ие болды.

Республикалық 1-ші мамырдан 1-ші маусым аралығында «Жүректен- жүреке» акциясы ұйымдастырылды. Аталған акцияны ұйымдастыру барысында мектеп директорының жанында мектеп әкімшілігінің қатысуымен Болатова Қалиашқа ұялы телефон және Сансызбаев Мерхатқа флеш карта сыйға берілді. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қолдау мақсатында «Айгерім» фильмінің сценариін жазған Нуркен Бектасовпен кездесу өтті. Нуркен Бектасов аталған киноны өзінің қатысуымен оқушыларға көрсетті. Кино оқушыларға ұнады, әр оқушы өз әсерімен бөлісті.

Асхана жайлы есеп

Асхана оқушылар тамақтану үшін 374 орынға есептелген.

Асхана күніне 1730 бала қабылдайды, оның ішінде 1-4 сынып оқушылары -689, 154 бала - даярлық тобынан, 7 жетім бала және 128-і көп балалы отбасынан шыққан және аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар тегін тамақтанады.

№ 47 мектеп оқушыларының ата-аналары туралы мәлімет

Кесте 2

Жалпы бала саны	Жылдың басы	Жылдың соңы
Аз қамтылған отбасы балалары	253	253
Көп балалы	128	128
Жетім	7	7

Жалғыз басты ана	158	158
Жалғыз басты әке	23	23
Өгей әкемен тұратын оқушы	38	38
Өгей анамен тұратындар	7	7
Ата-анасынан бөлек тұратындар	42	42
Автобуспен тасымалданатын оқушылар	183	183

Кесте 3 – 2013-2014, 2014-2015, 2015-2016 жылдардағы бала санының өсу динамикасы

№	оқу жылы	0-4 жас	5-6 жас	7-18 жас	барлығы
1	2015-2016	669	448	1703	2820
2	2016-2017	959	512	1907	3378
3	2017-2018	706	400	1801	2907

Ықшам аудан бойынша соңғы үш жылда 471 балаға кеміді, себебі өзге қалаға, ауылдарға көшіп кетушілер. Оның ішінде 0-4 жасқа дейінгі бала саны -253 балаға, 5-6 жастағылар-111 балаға, 7-18 жастағылар-106 балаға кеміді. Ықшам аудан бойынша есептер және 0-18 жасқа дейінгі балалар тізімі қосымша тіркелген.

Кесте 3 – Жалпыға міндетті білім беру қорынан аз қамтылған отбасы балаларына көрсетілген көмек

2015-2016 оқу жылы	2016-2017 оқу жылы	2017-2018 оқу жылы
Қала сыртындағы сауықтыру лагері		
Жалпыға міндетті білім беру қорынан, әлеуметтік аз қамтылған отбасы оқушыларына қала сыртындағы тегін лагерьге 65 жолдама-мен демалды. Оның ішінде, «Жас қанат» сауықтыру лагерінде 35 бала өз қаражатына демалды. Алакөл «Урджарайым» демалыс орнында 30 оқушы демалды. Мектепшілік «Балдәурен» лагерінде 410 бала демалды. Лагерь 4 маусымда жұмыс жасады. Лагерь тегін ыстық тамақпен қамтылды.	Жалпыға міндетті білім беру қорынан, әлеуметтік аз қамтылған отбасы оқушыларына қала сыртындағы тегін лагерьге 10 жолдамамен демалды. Оның ішінде, «Жас қанат» сауықтыру лагерінде 10 бала өз қаражатына демалды. Мектепшілік «Күн шуақ» лагерінде 210 бала демалды. Лагерь 4 маусымда жұмыс жасады. Лагерь тегін ыстық тамақпен қамтылды.	Жалпыға міндетті білім беру қорынан, әлеуметтік аз қамтылған отбасы оқушыларына қала сыртындағы тегін лагерьге жолдамамен 35 бала демалу жоспарлануда. Оның ішінде, «Жас қанат» сауықтыру лагерінде бала өз қаражатына демалды. Мектепшілік «Балдәурен» лагерінде 210 бала демалды. Лагерь 4 маусымда жұмыс жасады. Лагерь тегін ыстық тамақпен қамтылды.
Тегін киіммен қамтамасыз ету		

	Жалпыға міндетті білім беру қорынан, әлеуметтік аз қамтылған отбасы оқушыларына 144 оқушыға тегін куртка, етік таратылды.	Жалпыға міндетті білім беру қорынан, әлеуметтік аз қамтылған отбасы оқушыларына 264 оқушыға тегін мектеп формасы желет, кофта, юбка таратылды. 94 оқушыға етік және куртка таратылды. Жиыны: 358 оқушы тегін киіммен қамтылды.
Тегін ыстық тамақпен қамтылу		
Аз қамтылған күн көрісі төмен отбасы балалары 374 оқушы тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтылды.	Аз қамтылған күн көрісі төмен отбасы балалары 374 оқушы тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтылды.	Аз қамтылған күн көрісі төмен отбасы балалары 319 оқушы тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтылды.
Тегін автобуспен тасымалдану		
Шалғайдағы елді мекендерде тұратын 616 оқушы тегін автобуспен тасымалданды.	Шалғайдағы елді мекенде тұратын 527 оқушы тегін автобуспен тасымалданды.	Шалғайдағы елді мекенде тұратын 228 оқушы тегін автобуспен тасымалданды.

Қорыта келе, Бүгінгі таңда еліміздің алдында тұрған айқын мақсаттарының бірі – бәсекеге қабілетті мемлекеттің болашағы жас ұрпақты жан-жақты жетілген, парасатты азамат етіп тәрбиелеу. Бұл орайда тәрбиенің негізі отбасында қаланып, мектепте жалғасатынын ашып көрсетті. Жалпы Шығыс кенті тұрғындарының әлеуметтік жағдайы туралы және ауыз су мәселесі, жарық мәселесі, қоғамдық көліктің жеткіліксіздігі туралы ашық айтылды. Шығыс кентінде мәдени ошақтардың жоқтығы, ауруханалардың аздығы, мамандардың жеткіліксіздігіне баса назар аударылды. Әр адам баласының өсіп-өнер ұясы бар: ол-отбасы. Адам өміріндегі ең қуанышты, қызықты сәттері отбасында өтеді. Бала өмірінің алғашқы күндерінен-ақ ата-ана өз перзентіне тәрбие бере бастайды. Ата-ана ретінде бір-біріне шексіз сүйіспеншілік пен махаббат сезімдерімен табысқан кезде қалыптасады. Әке мен ананың қарым-қатынасындағы болсын, материалдық, әлеуметтік мәселелерде болсын пайымды шешімдер табылып жатса, бұл отбасының берекесі артары анық. Қазіргі күнде отбасылық мәселелер туындамайтын жас жанұялар кемде-кем.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сансызбаева Г. Н. «Система социальной защиты населения.
- 2 Мамыров Н. Қ. «Қазақстандағы адам дамуы». Алматы.
- 3 Оразбекова К. А. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. Алматы: «Дәуір», 2016 – 554 б.
- 4 Ұлттық психологияның мәдени - әлеуметтік негізделуі. Алматы, 2014 – 251б.

ЖАСТАР АРАСЫНДЫҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ БЕЛЕҢ АЛУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АХУАЛЫ

ЕГІНБАЙ К.

12 «С» сынып оқушысы,
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Кіріспе

Қазіргі таңда жұмыссыздық бүкіл әлем бойынша өзекті мәселеге айналууда. Халықаралық еңбек ұйымының баяндамасына сүйенсек, 2018 жылы 2.7 млн. адам жұмыссыздар қатарына қосылмақ [1].

Қазақстанда да жұмыссыздық мәселесі бар, жастар арасындағы жұмыссыздық әсіресе көп назарды талап етеді. Trading Economics журналынан алынған деректерге сүйенсек, 2017 жылы Қазақстанның жұмыс күшінің жұмыссыздық деңгейі 5.0 болса, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3.8 [2]. Жүргізілген сауалнаманың нәтижелеріне сүйенетін болсам, респонденттердің 89 %-ға жуық бөлігі бұл мәселені қоғамның дамуын тежейтін аса өзекті проблемалар қатарына қосты. Менің ойымша, бұл біздің даму сатысындағы экономикамызға жойқын әсер етеді, себебі жұмыс күшінің басым бөлігі үйде отырып, елдің дамуына үлес қоспайды.

Барлығымыз жастар арасындағы жұмыссыздықтың күннен-күнге белең алып жатқаны туралы хабарымыз бар, бірақ әдетте біз бұл мәселені тек жұмыссыз адамға ғана қатысты деп санаймыз. Менің зерттеу жұмысым қазақстандықтарға аталмыш мәселені тек бір адамға ғана емес, жұмыссыз адамның отбасына ғана емес бүкіл қоғамға, тіпті ел экономикасына, әлемдегі миграция бағыттарына зор ықпал ететінін көрсетпек. Аталмыш зерттеу жұмысының басты мақсаты қазақстандағы жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесіне байланысты жергілікті тұрғындардың ойын және көзқарасын зерттеу. Осы зерттеу жұмысында жұмыссыздық мәселенің Қазақстандағы әртүрлі өмір салаларына әсері, бұл мәселенің әсерінен күнделікті өмірде қиындықтарға тап болатынын адамдар саны, бұл мәселенің күннен-күнге өршу себептері және жергілікті және мемлекеттік деңгейде шешілуі зерттеледі.

Тақырыпты таңдаған себебім- бұл жастар мәселесі болашақта менің де осы мәселеге тап болуым мүмкін.

Сондықтан да келесі зерттеу сұрақтары таңдалып алынды:

1 Жастар арасындағы жұмыссыздық Қазақстандағы әртүрлі өмір салаларына қалай әсер етеді?

2 Неліктен жастар арасындағы жұмыссыздық Қазақстанда өзекті мәселеге айналууда?

3 Қазақстандағы жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін қалай шеше аламыз?

Негізгі бөлім

1.1 Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесінің әртүрлі салаларға әсері.

Жастар арасындағы жұмыссыздық өмірдің әртүрлі салаларына жойқын әсері бар аса өзекті мәселе. Бұл мәселенің жастардың психологиялық жай-күйіне; ажырасулар санына; ел экономикасына; елдегі көші-қон санына; аймаққа әсері бар.

Әлеуметтік ғылымдардың кандидаты Әлімбаева С. К. жасаған зерттеу жұмысына сүйенетін болсақ, жұмыссыздық мәселесінен туатын әлеуметтік проблемалар үлкен тізім құрайды. Ең алдымен, бұл психологиялық проблемаларды қоздырады [3]. Қазіргі таңда көптеген жоғарғы сынып оқушылары өздерінің болашақ өмірлері туралы терең әрі депрессивті ойларға бейім және өздерінің болашағына қорқынышпен қарайды, себебі жоғарғы деңгейдегі жұмыс үшін бәсеке олардың өз-өзіне деген сенімдеріне, білімдеріне және қабілеттеріне күмәндандырады.

Жұмыссыздық қазіргі жастардың ажырасуларының себебі. Қазақстандық дипломат Казбек Бейсебаевтың мәлімдемесіне сүйенсек- «2013 жылы 168417 некеге 51482 ажырасулар келген, ал 2014 жылы 159328 некеге 52673 ажырасу келген, 2015 жылы болса 148769 некеге 53293 ажырасу келген және көп жастар жұмыссыздық пен қаржы мәселелерінің кесірінен ажырасады» [4]. Ерлі-зайыптылардың біреуінің жұмыссыздығы отбасында қаржылық жетіспеушілік, жоғарғы көлемдегі шығындар мен жұмыссыз адамның түкке жарамайтыны туралы жан-жалдарды тудырады, ал ол өз кезегінде ажырасуға әкеледі. Жүргізілген онлайн-сауалнама нәтижелері бойынша, сауалнама өткен адамдардың 47 %-ы аталмыш мәселе отбасыдағы жан-жалдар мен ажырасуларға әкеліп соғады дейді.

Жастар арасындағы жұмыссыздық экономикаға залал келтіреді. Мұның басты себебі жұмыссыздық жоғарғы деңгейде болса, көптеген мемлекеттің жұмыс күші екі қолға бір күрек таба алмай қол қусырып отырады, демек олар мемлекетке салық төлемейді. Бұл өз кезегінде мемлекеттің қазынасына келетін қаражаттың азаюына ықпал етеді. Бұған Оукен заңдылығы дәлел бола алады. Бұл заңдылыққа сүйенсек елдегі жұмыссыздық көрсеткіші 1 %-ға артса, елдің ІЖӨ 2-ден 3 %-ға дейін жұмыссыздық көбеймесе болуы

тиіс көрсеткіштен төмендейді. Бұл заңдылықты алғаш рет байқаған Американдық экономист Артур Оукен [5].

Жұмыс орындарының аздығы мен жұмыссыздық миграцияға әкеп соғады. Павлодарлық қаласындағы жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер департаментінің мәлімдемесі бойынша, 2017 жылдың қаңтар айынан маусым айына дейінгі уақытта 4570 павлодарлықтар жұмыссыздық мәселесіне байланысты көшіп кеткен [6]. Тағы бір айта кететін жайт, Жұмыспен қамту орталығының бос жұмыс орындар тізімін қараған кезде мен әлі жоғарғы оқу орнын бітіріп үлгермеген жастар үшін қолайлы жұмыс таппадым [6]. Осы орталықтың ресми сайтында жарияланған бос жұмыс орындары тізімінде 518 бос орын бар, алайда олардың барлығы дерлік арнайы білім мен тәжірибені талап етеді. Сондықтан, көптеген жергілікті жастар жоғарғы оқу орны ретінде Астана және Алматы сияқты үлкен қалаларды таңдайды, себебі олар оқу оқып жүрсе де өз-өздерінің тым болмаса ұсақ-түйек керек жарақтарын ата-аналарына масыл болмай өздері тапқысы келеді.

Бұл біздің Павлодар қаласының дамуына кері әсерін тигізеді, себебі қалалық тұрғындардың көп бөлігі орта жастағы адамдар болып табылады, сондықтан көп жағдайда жаңа технологиялармен қолдану оларға қиындық туғызады және олар біздің қаламызға креативтілік әкеле алмайды. Осының салдарынан Павлодар қаласы ескі және қалада ештеңе 50 жылдай өзгерген жоқ.

Қаламыз әлі күнге дейін көптеген зауыт-фабрикалар орналасқан, ешқандай сапаға сай көңіл көтеру орталықтары жоқ «индустриалды қала болып қала беруде». Қызмет көрсету саласы дамымағандығы да жастар жұмыссыздығын тудыратын негізгі фактор болып табылады. Ал барлық жастар ағылатын Астана мен Алматы қалалары күннен күнге құлпырып, әлемдік жаңашылдықтарды өз бойына сіңіруде.

1.2 Мәселенің өршу себептері

«Бұл мәселе күннен күнге өзекті проблемаға айналууда, себебі Қазақстанның еңбек нарығы жастарға тым қатал» -дейді Алина Бекирова [7]. Жұмыс берушілер жоғарғы оқу орнын жаңа ғана бітірген студенттерден жұмыс тәжірибесін, жақсы білім мен кәсіптік оқытуды талап етеді. Осылайша тым қатаң әрі аяусыз бәсекелестік орта пайда болады.

Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесінің өршуіне тағы бір фактор әсер етеді. Бұл- шын мәніндегі жұмыссыз жастар санын көрсететін ресми статистиканың болмауы. Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасының мәлімдемесі бойынша- «Бір де бір мемлекеттік орган жұмыссыз жүрген жастар санын нақты айта

алмайды» [8]. Сондықтан да үкімет бұл мәселені өзекті мәселе ретінде мойындамайды дей аламыз.

1.3 Мәселені шешуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар

Қазіргі таңда жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін шешуге бағытталған көптеген отандық бағдарламалар бар. Мысалы, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы», «Дипломмен ауылға» және т.б.

«Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасының мақсаты - халықты машықтау және жұмысқа орналастыру, жаңа бизнестерді ашу және дамытуға жәрдемдесу, елдегі еңбек ресурстарын оңтайлы бөлу, ҚР тұрғындарын жұмысқа орналасуда қолдау көрсету, жұмыссыздықтың өсуінің алдын алу [9]. Ресми мәліметтер бойынша, жыл басынан бері аталмыш бағдарлама аясында облыстың жұмыспен қамту органдарына 6 мыңға жуық жас адам өтініш білдірді. Шамамен жартысы - 2 875 адам жұмысқа орналастырылды [9].

Сонымен қатар, егер солтүстік өңірлер жас еңбек күшінің жетіспеушілігінен зардап шексе, оңтүстік өңірлерде жастар жұмыс орындарының жетіспеушілігі мен халықтың тым тығыз орналасқанына байланысты жұмыссыз. Осыған байланысты, «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша көптеген адамдар Оңтүстік Қазақстаннан Солтүстік Қазақстанға көшуде. Тамара Дүйсенованың мәлімдемесі бойынша - «Бүгінгі күні 88 отбасы солтүстік өңірлерге көшіп барады, тағы 1279 отбасы көшуге дайын» [10].

Жоғарыда атап өтіп кеткендей, көптеген білімді жастар бәсекелестік пен жоғары талаптарға байланысты жұмыссыз. Үкімет бұл мәселені шешудің бірқатар жолдарын ұсынады. Солардың бірі «Дипломмен ауылға» бағдарламасы. Бұл бағдарлама білімді жастарға жоғары ақы төленетін мамандыққа, жәрдемақы көтеруге, тұрғын үйге ие болуға мүмкіндік беретін ауылдарға жіберуге бағытталған. «Жобаның жұмыс істеуі барысында Қостанай облысына 500-ден астам жас маман келіп, жұмыспен қамтамасыз етілді»- дейді Динара Әбдірова [10]. Бұл бағдарлама нәтиже беріп, елдегі жастар арасындағы жұмыссыздықпен күресуге ат салысып жатыр.

Аталмыш мәселе жергілікті деңгейде де шешілуде. Павлодар қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер департаменті жұмыссыз адамдарға тіркеп, оларға көмектеседі. Мысалы, Халықты жұмыспен қамту департаментінің мәлімдемесі бойынша 1760 азамат жұмыспен қамтылды, 135 түлек жастар тәжірибесіне жіберілді, 659 жұмыссыз азамат қоғамдық жұмыстарға қатысты, 305 жұмыссыз кәсіби оқуға және қайта даярлауға жіберілді [6]. Осындай жұмыссыздық мәселесімен күресуге бағытталған мемлекеттік

бағдарламалардың арқасында еліміздегі жастардың жұмыссыздық деңгейі бірте-бірте төмендеуде. «Егемен Қазақстан» газетінен алынған ақпаратқа сүйенетін болсақ, соңғы 15 жылда елдегі жұмыссыздық деңгейі 13 % дан 4,9 %-ға төмендеген [11]. Павлодар қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер департаментінің директоры сұхбатта айтып өткендей, «бүкіл Қазақстан бойынша жұмыссыздықпен күрес бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде, соның арқасында еліміздегі жастар жұмыссыздығының деңгейі тіпті кейбір Еуропа елдерінен де төмен». Жүргізілген сауалнама нәтижелері де бұны қостайды, сауалнама алынған 52 адамның 50 %-ы жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін шешуге бағытталған ел саясаты тиімді деп баға берсе, 10 % өте тиімді деген тұжырымдама шығарды.

Зерттеу әдістері

Ең алдымен, интернет-ресурстарды талдау арқылы негізгі ақпарат жинақталды. Ғаламтордан алынған ақпарат көздері негізінде газет-журналдардан, ресми сайттардан алынған, 2017 жылдан 2018 жылдар арасында жазылған деректер қолданылды. Осындай интернет-ресурстардың бірі ол: ArticleKz, PavlodarNews, alau.kz және т.б., ал жазба деректері ретінде кітапханадан «Егемен Қазақстан» сияқты отандық газеттер қолданылды.

Зерттеу жұмысының келесі қадамы сандық және сапалық ақпаратты жинақтау. Бұл мақсатта сұхбат және сауалнама зерттеу әдістерін қолдануды ұйғардым, себебі аралас зерттеу әдістері зерттеудің сапасы мен жинақталған ақпараттың сенімділігін арттырады, яғни қорытындының сапалығы мен нақтылығына сенімді бола аламын.

Зерттеу қорытындысы

Егер ғаламтор беттерінен алынған ресурстарды талдағанда бұл мәселені тек теория жағынан білсем, сапалық және сандық әдіспен жинақталған материалдарды зерттеу кезінде бұл мәселенің адамдардың күнделікті өміріне әсері туралы, жасалып жатқан бағдарламалардың іс жүзіндегі әсері туралы көп мәлімет алдым. Сауалнаманың өткен адамдардың 42,31 % 18-25 жастағы адамдар болса, 21,15 % 25-36 жастағы адамдар болды.

Ең алдымен мәселенің өзектілігіне келер болсақ, бұл мәселе «өзекті емес»-деп жауап бергендер саны 4 болса, «бұндай мәселе қоғамда мүлде жоқ»-деп бағалағандар 3 болды. Ал қалған 45 адам бұл мәселе «өте өзекті» және «өзекті» деп белгіледі.

Аталмыш мәселенің өмір салаларына әсеріне келер болсақ, сұралынған 51 адамның 42 % жас отбасылардың ажырасуын

тудырады десе, 55 % экономикаға кері әсерін туғызады деп жауап берді, ал 39 % бұл мәселе жастар миграциясына себепші боп отыр дейді. Бұл теориялық материалдармен сәйкес келеді, себебі Оукен заңдылығының тұжырымдамасы бойынша жұмыссыздықтың артуы ДЖБ-ның төмендеуіне әкеліп соғады.

Респонденттердің 80 % 1-5 отбасы жұмыссыздың мәселесіне байланысты ажырасады деп жауап берген, ал Қазақстандық дипломат Казбек Бейсебаев болса, бұл жұмыссыздық пен қаржы мәселелеріне байланысты деп толықтырды.

Бұл мәселенің өршуіне әсер ететін факторлар туралы айтатын болсақ, ғаламтар парақтарынан алынған ақпаратта жастарға қойылатын талап тым жоғары, статистиканың дәл болмауы десе, сұхбат берушілер «қызмет көрсету саласының әлі даму сатысында болуы», «жұмыс берушілер тым қатал талаптар қояды» деген идеялар арқылы толықтырды.

Бұл мәселемен күресудегі мемлекеттің жүргізіп жатқан саясатын бағалар болсақ, сауалнама нәтижелеріне жүгінер болсақ, сұралынған адамдардың 53 % мемлекет саясатын «тиімді» деп бағаласа, 9,8 % «өте тиімді» деп жоғары баға беріп отыр. Алайда 25 % бұл мәселеге бағытталған ел саясатын «тиімді емес» десе, 11,76 % тіпті «Мемлекет бұл мәселеге бағытталған ешқандай саясат жүргізбейді» деп жауап берді. Сұхбат барысында, «халыққа мотивация беру», «өз мамандығы бойынша жұмыс істей алмай жүрген адамдар көп салады жұмыс орындарын ашу, мысалы туризм саласында», «бұл мәселені шешуде дамыған елдердің тәжірибесін қолданып көру» ұсыныстар істелетін жұмыстың әлі көп екенін көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеу жұмысын қорытындылайтын болсам, сандық және сапалық ресурстарды пайдалана отыра зерттеу сұрақтарына жан-жақты және толық жауап берілді. Әлімбаева С. К.-ның зерттеуінде жастар арасындағы жұмыссыздықтың адамдардың психологиялық жай күйіне кері әсері талданған, алайда сұхбат пен сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің бұл аспектіге назар аудармағанын көре аламыз. Бұл респонденттердің дайындықсыз болғандығынан болуы мүмкін немесе қазақ қоғамы батыс елдерінде кең таралған психология депрессия түсініктеріне аса көп назар аудармайды. Экономика саласында респонденттер мен теориялық материалдар бір фактті көрсетеді. Оукен теориясы мен сауалнама өткен адамдар жұмыссыздықтың артуы ДЖӨ-нің төмендеуіне, сәйкесінше экономиканың әлсіреуіне алып келеді

деген қорытындыға келді. Қазақстандық дипломат Казбек Бейсебаев жұмыссыздықтың өсуі мен ажырасулар арасындағы байланысты анықтап, жастар қаржы мәселелеріне байланысты ажырасады десе, сауалнама берушілер де таныстарының 1-5 отбасысы осы мәселеге байланысты ажырасады деді. Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі сөзсіз өзекті мәселе болып табылады, себебі азда болса барлық дерлік қоғам салаларына ықпалы бар. Еңбек нарығының қаталдығы, кейбір мамандық иелерінің елімізде өз біліміне сай жұмыс таба алмай сандалып жүруі, тұрғындарымыздың мотивацияға мұқтаждығы, жұмыссыз жастардың нақты санының белгісіздігі – бұл мәселенің өршуіне себеп болатын факторлар. Бұл тұста респонденттер мен теориялық ақпараттар бір-бірін толықтырды, себебі кейбір теориялық ақпарат іс жүзінде өзекті болмауы мүмкін, бірақ болашақта көрініс алуы мүмкін. Қазіргі таңда елімізде бұл мәселемен күресуге бағытталған «Жол картасы-2020», «Дипломмен ауылға» сияқты республикалық деңгейде іске асырылып жатқан бағдарламалар болса, аймақ әкімшіліктері де қол қусырып отырған жоқ. Бұл зерттеу жұмысы барысында мәселені жан-жақты қарастырып, зерттеу арқылы менің талдау, анализ жасау машықтарым, ғаламторда кездесетін ауқымды ақпараттан ең негізгіні таңдай білу және мәтін түріндегі ақпаратты гистограмма, диаграмма арқылы беру қабілетім жақсарды деп айта аламын.

ӘДЕБИЕТТЕР

ЭЛЕКТРОНДЫ РЕСУРСТАР:

1 ХЕҰ: 2017 жылы әлемдегі жұмыссыздық 3.4 млн.-ға өседі // Халықаралық Еңбек Ұйымы. 2017 ж. - URL: http://www.ilo.org/moscow/news/WCMS_541482/lang--ru/index.htm

2 Қазақстандағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі // Trading economics. 2018 ж. - URL: <https://tradingeconomics.com/kazakhstan/youth-unemployment-rate>

3 Қазақстанның еңбек нарығындағы әлеуметтік мәселелер // Әлімбаева С. К. 2012 ж. URL: - http://www.rusnauka.com/32_PVMN_2011/Psihologia/14_95997.doc.htm

4 Үйленулер саны азаюда, ал ажырасулар саны көбеюде // Бейсебаев К. 2016 ж. URL: - <http://www.matritca.kz/news/29853-brakov-menshe-razvodov-bolshe.html>

5 Оукен заңдылығы // Баскин А. С., Боткина О. И., Ишманова М. С. 2000 ж. URL:- <http://www.economicportal.ru/ponyatiya-all-zakon-oukena.html>

6 Павлодар қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер департаментінің ресми вебсайты. URL: - <http://pavlozpr.gov.kz>

7 Қазақстанның еңбек нарығы жастарға әлі де тым қатал // Бекирова А. <http://www.uknews.kz/news/kazakhstanskii-rynok-trudaro-prezhnemu-surov-k-molodezhi>

8 Бір де бір мемлекеттік орган жұмыссыз жастардың нақты санын айта алмайды // Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасы. 2016 ж. URL:-<https://www.arnapress.kz/pavlodar/economy/labor/84392/?dt=mp>

9 Қазақстанда оңтүстіктен солтүстікке көшу қалай өтті // Пиотровская Р. 2017 ж. URL: - <http://mk-kz.kz/articles/2017/06/27/kak-v-kazakhstane-prokhodilo-pereselenie-lyudey-s-severa-na-yug.html>

10 «Дипломмен ауылға»: Жас мамандарға қандай жеңілдіктер мен дағдайлар жасалуда // Абдирова Д. 2017 ж. URL:-<http://alau.kz/s-diplomom-v-selo-kakie-uslovija-i-lgoty-predostavlajutsja-molodym-specialistam/>

ГАЗЕТТЕГІ МАҚАЛА:

11 Д. Бітік. Соңғы 15 жылда жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызға төмендеді // Егемен Қазақстан. 25 тамыз 2017 (№ 163). - 1 б.

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ МОРальДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ АХУАЛЫ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

ЕРУЛАНОВ А. А.

оқушы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Кіріспе

Мораль - адам мінез-құлқын реттейтін тәсілдердің бірі, әлеуметтік сананың ерекше түрі және әлеуметтік қатынастардың түрі. Моральдік ұғымдардың түр-түрі бар және қоғамда алар орны да орасан зор [1].

Мораль дегеніміз адамның ішкі жан дүниесін көрсететін басты байлығы. Мораль ұғымының астында ар-ождан, ішкі сұлулық, құрмет секілді үлкен мағына жатыр. Сол себепті осындай құндылықтың шикілігі мемлекеттің қаймағын бұзып, болашағына бөгет болады. Сондықтан да, мораль мәселесі әрқашан да өзекті болмақ.

Моральдық нормалар бұл күнделікті өмірдегі қарапайым ережелер десек те болады, мысалы, «өтірік айтпандар», «ақсақалдарға

құрметпен қарау», «досыңызға көмектесу», «сыпайылық» және т.б. Моральдық нормалардың қарапайымдылығы оларды түсінікті және барлық адамдар үшін қол жетімді етеді, олардың әлеуметтік маңызы өздігімен айқын қосымша негіздемесі. Сонымен қатар, олардың қарапайымдылығы орындаудың қарапайымдылығын білдірмейді және адамның моральдық жағымдылығы мен ерікті күш-жігерін талап етеді.

Моральдық құндылықтарды жақсылық, жамандық, сүйіспеншілік, әділеттілік, міндет, жауапкершілік, ар-ұждан, ұят және т.б. қамтиды. Олардың барлығы мораль тілінде түрлі мақсаттарға ие және моральдің әр түрлі аспектілерін белгілейді. Мәселен, мораль мазмұны құндылық-нормативтік аспектілеріне көңіл бөліп, абыржу, ұят-ұстаным адамның мінез-құлқын реттейтін рухани және психологиялық механизмдерге және әдістерге нұсқайды. Адамгершілік құндылықтар жүйесінде ерекше орын - бұл ар-ұждан

Өкінішке орай, моральдік тұрғы да көптеген мемлекеттерде ауқымды мәселелер бар. Пайда табу үшін кедей елдердегі трансұлттық корпорациялар модернизацияны тоқтатады, қауіпсіздік рәсімдерін ұстанбайды, балалар еңбегін пайдаланады, пайда әкелетін елдердің әлеуметтік мәселелерін елемейді. Кәсіпкерлер үшін ең бастысы - байлық пен табысқа жету. Бұл үшін олар моральді құрбандыққа шалып, тек заңды құқық - бизнестегі қатынастардың реттеушісі. Осылай тек мемлекетте жазылған ресми заңға ғана құлақ салып, моральдік тұрғыда қоғамға орасан зор залауын тигізуде.

Қазіргі кезде үлкен көрсе жолын кимай, кішіні ізеттеп, үлкенін құрметтеп, біреудің ала жібін аттамас жандарды кездестіру қиын. Бұл біздің елімізде де көрініс табуда [2], [3].

Негізгі бөлім

Моральдік құндылықтар

Мораль - қоғам мен басқа адамдарға қатысты халықтың мінез-құлқы принциптері мен нормаларының жиынтығы - қоғамдық сананың негізгі нысандарының бірі [2]. Моральдық құндылықтар қоғамды айқындайтын адамзаттың, адамзаттың белгілі бір деңгейі болып табылады.

Моральдік құндылықтарды сақтамау заңда қатаң жазаға тағайындалмайды. Жалпы, былай қарасақ, ұл адам өлтіріп кетті, біреудің затына қол сұқты деген секілді қылмыс түрлерінен әлдеқайда төменірек қаралады. Сол себепті жастар осындай құндылықтарға аса назар қоймайды.

Ахмет Байтұрсыновтың айтуы бойынша моральдік құндылықтарды қастерлейтін адаммен өзгенің айрымашлығы біреуінде

ұяттың да, адамгершіліктің де болмауында екен. Яғни осы сөздердің астарына үнілер болсақ, мораль адамдарды жақсы жағынан өзгертуде маңызды рөл атқарады. Моральдің ел үшін де маңызы мол. Мысалға, егер де жастар үлкенді өнеге тұтар адамгершілігі мол болып өссе, асығы алшысынан түсті деген сөз. Ал егер де керісінші болса, ондай әлеуметтік жағдайы тым нашарлай түсетін болады [3], [6].

Еліміздегі Моральдік мәселелер

Моральдік мәселелер бүгінгі заманда өте өзекті болып табылады. XVIII ғасырда немістің классикалық философиясының негізін қалаған Иммануил Кант: «Дүниеде бізді толғандыратын екі нәрсе бар. Ол – жұлдыздарға толы түнгі аспан және біздің ішіміздегі моральдық заң», - деген екен. Басқаша айтқанда, әр адамның өмірінде моральдық құндылықтардың қаншалықты дәрежеде орын алғанын ойланатын кез туады. Ал сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму процесіне, нарықтық экономика құрылысына кедергі келтіреді, демократиялық мемлекеттің саяси және экономикалық институттарына қауіпті әсер етіп, елдің болашақ дамуына үлкен қауіп туғызады.

Бүгінде елімізде тәрбие мәселесі көңіл көлшітпейді. Себебі, соңғы кезде қоғамда у шу болып жатқан мәселелер көп. Мысалға Nenty One тобын алып қарайтын, болсақ бүгінде қоғам қақ екіге бөлінеді десек болады. Өздерін Eagles деп санап, шетелдік шаш бояп, сырға салып, еркектікке жатпайтын әрекеттерге еліктейтін жастардың саны көп болып барады. Былай айтқанда бір шірік құмалақ бір қазанды шірітеді дегендей осындай жастар еліміздің намысын аяққа таптап жүр деп санайтындар көп. Ринат Зайытовтың да осы орайда «қазаққа көрісқұмар құлдар емес, қазаққа бойында намысы бар ұлдар керек» деген сөздері бар [1].

Кезіндегі бабаларымыздың тәрбиесі бүгінгі заманға жетіспейтіндігі рас. Мысалға, қазіргі кезде тас бауыр аналардың саны артып, қоқысқа лақтырып қалдырып кеткен сәбилердің саны артуда. Иә, шынында да жан түршіктіретін ертегі деп ойлайтын шығарсыз, бірақ бұл қоғамда болып жатқан оқиғалардың бірі. Осыдан кейін елімізде моральдік мәселелер жоқ деп айтуға ауыз да бармайтын шығар. Кезіндегі қазақ жетімін жылатпаса, бүгінде біреу ата-анасын таба алмай жүрсе, енді біреу жалғыз балаға жар болып жүрсе, кейбіреулер қолындағы періштесін әжетхана мен қоқыс орындарына лақтырып жүргені бар.

Қазірде қарттар үйі деген жаңа орындар шыққан. Бұл да адам сенбес орын. Кезінде ананды үш рет Меккеге көтеріп әкеліп, анаңның алдындағы бар парызыңды өтей алмайсың деген өсиет бар еді. Бірақ, өкінішке орай бүгінгі күн кешегіден өзгеше. Аналарымыз

бен әкелеріміз бала кезіміз де жылағанда жұматып, сүрінгенде сүйеу болып, адам ғылып өсіріп, оқуын оқытқызып, бар жағдайын жасап, жұрттан кем қылмай өсіріп, жасы жеткен кезде шөбелерінің қызығын көрейін деп рахаттанатын. Қазірде алақанында аялап өсіргеннен кейін, балалары жасы келген соң, алғыстың орнына әкешесін қарттар үйіне тапсырып, нағыз тас жүректің ісін істеуде. Бұл қоғамдағы басты мәселе. Өзінің анасына осында қаталдықпен қараған адам ертең еліне қандай жетістік алып келе алады?!

Бүгінде қоғамымызда өршіп тұрған мәселелердің бірі және бірегейі, әрине, сөзсіз, рухани құндылықтардың жоғалып бара жатуында. Қазіргі күнде, тек наурыз сынды мерекелерде ғана кешегі ата-бабаларымыз секілді ұлттық киім киіп, атқа мініп, ұлттық дәстүрлерін қастерлеп жатқан халықты көре аласыз. Әйтпесе, қазақ жастары ұлттық киімді де, ұлттық өнерді де қастерлеуді қойған. Қазақи спорт артта қалып қойды. Қазірде көкпар, аударыспақ секілді ойындар ұмытылуда. Сонымен қоса, қазақтың ұлттық киімдерін де шетелдің брендтері ығыстырып жатқаны рас. Көшеге осындай оюлы көйлекті киіп шығуға ұялатын заман. Ал ұлттық өнерге келетін болсақ, атқа мініп, садақ тартып, қымыз ішкен қазақ жоқ шығар. Бүгіндегінің бәрі көгілдір экранның алдынан бас алмай, компьютерде тежелмей отырады. Былайша айтқанда, кешегі ұлттық нақыштарымыз жоғалып бара жатыр. Кішкентай ғана балаларды тоқтатып, таихы жайлы сұрасаңыз олардың білмеуі де мүмкін. Себебі тарихымызда ескіріп, ұмытылып барады. Әл-Фараби атамыз айтқандай, тарихы жоқ халық қайдан келіп, қайда бара жатқанын білмейді, сондықтан да мұндай ұлттың болашағы бұлыңғыр болмақ. Осы себепті жастардың өз тарихын ұмытуы өте үлкен мәселе. Оған қоса, қара көз қазақ жұрты шежіресінде ұмытып барады. Жеті атасың жатқа білмей, ағайын-туыстарын да жақсы танып-білмей, көнеден келе жатқан шежіреміздің көнеруіне себепші болып отыр.

Қоғамымызда моральдік мәселелер өте көп. Әсіресе, рухани құндылықтардың жоғала бастауы келешегіміз үшін өте қауіпті болуы мүмкін. Тәрбие мәселесі де өзекті болып табылмақ. Сол себепті еліміздегі мораль мәселесінің жағдайы жақсы дей алмаймыз және қарап тұрмай бұған қарсы мемлекет болып тойтарыс беруіміз қажет [5, 8].

Моральдік мәселелерді шешу жолдары

Айтып өткеніміздей, моральдік мәселелеріміз жетерлік. Егер де солардың бәрін шешпейтін болсақ, ертең өзіміздің ұлт болып дамуымызда бөгет жасары белгілі. Сондықтан қазір біз шешу

жолдарын қарастырмақпыз. Негізінен бабаларымыздың кезінде бізде мүлдем осындай мәселелер болмаған деуге болады. Жасынан баланың тұсауын кесіп, біреудің ала жібін аттамауға үйреніп, азан оқып атын қойып, намысын даттамауға бейімделген бала ертеңінде ат үстінде еркін ойнап, елінің, халқының халін ойлаған ер болып өскен. Сондықтан да ұлттық құндылықтарымызды қайтадан жаңғырту керек. Яғни, салт-дәстүрлеріміз бізге қажет екені анық. Жастарды тариымызға баулып, қазақтың қара сирақ балаларының санын арттыру қажет. Өзгенің түрлі жұлдыздарына еліктегенше, өзіміздің бабаларымызды үлгі ету керек.

Екіншіден отбасында баланы дұрыстап қолға алу керек. Кезінде Төле биге бір ана баласы туғаннан үш күннен кейін келгенде, ойлы бабамыз кешіктің, баланы бесікке салмастан бастап, туа салғанда тәрбиеге баулу керек деген. Тура солай баланы жас кезінен адалдыққа, әділ болуға үйрету керек. Бүгінде ата-аналар осы мәселеге назар аудармайды, соның салдарынан қоғамымыз зарлап шегуде. Бала туғаннан бастап оған ұрлық жасаудың жаман әдет екенің, біреуін адал жібін аттау үлкен күне әкенің, өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам екенің айтып, санасына құю қажет. Ертең осындай қағидаларды білмей өскен бала әрнәрсеге қызығып, түбі көше қаңғыбастарының біріне айналады. Балаға жастайынан жауапкершіліктің не екенін түсіндіру керек. Дәл жас кезінде жүрегіне отаныңа деген махабатты ұялату қажет. Егер де осылай жасар болсақ, ертең әрбір қаракөз баламыз еліміз деп кеудесін қағып, алашымызды өрге жетелейтін болады.

Моральдік құндылықтарды сақтамау үшін заңды қатаң қылу ақылға сыймайды. Себебі, жастардың өмірде кім болатындары өз еркінде. Бірақ олар қоғамды былғап жүргендіктен бұдан басқа амал табу қажет. Бүгінде социолог Есет Есенғараевтың ойынша бұл мәселенің шешімін табу үшін елімізге зияткер жастар қажет. Себебі, білім алу арқылы олар жауапкершілікті, патриотизмді толық сезіне алады. Сабақтан безген бала көшенің қаңғыбас итіне айналып, ертең сондай жолға түсері белгілі [4], [10], [7].

Зерттеу қорытындысы

Зерттеу сауалнамаларын оқушыларға қойып, өзімізге қажетті жауаптарымызды алғанымыз белгілі. Енді соларды сараптап, өзіндік қорытындымызды жасап шығардық.

Алғашқы сұрақты алып қарайтын болсақ, Моральдік құндылықтардың қоғамда ойнайтын рөлі зор. Олар арқылы көптеген өзге істер сағаттың механизмі секілді өрге басып отыратын болады. Осылай елдегі тәртіпті де, білімді де ретке келтіруге болады. Жалпы

білім мен тәрбие құстың қос қанаты деп бекер айтпаған, егер де қоғамда тәртіп болмаса, жастар өз бетімен кетер болса, онда оның мемлекеттің болашағы да бейберекет болары анық. Қанша жерден білім берсең де, тәрибиені ұмытуға болмайды.

Екінші сұрақтың жауаптары арқылы моральдік құндылықтар болмаса, қылмыс көбейеді, қоғамда көптеген қастандық әрекеттер саны артарын аңғару қиын емес. Демек, жастарымыз моральдік құндылықтардан айырылатын болса, онда адамдар бірін-бірі сыйламайды, бейберекет көп болады, дамыған елдер қатарына ену арманға айналады. Соның нәтежесінде мемлекеттің қара шыңырағы ойрандап, ортасына түсіп, келешегі қара түнекке айналады. Осындай мемлекетте жарқын болашақ болады деген ертегіге айналады. Қоғамның қабырғасы құлап, ұлт өзінің нақышын, құндылықтарын жоғалтады. Осы себепті моральдік құндылықтардың жойылуы ұлттің өшуіне алып келеді.

Үшінші сауалымыз бойынша қазіргі еліміздің қоғамындағы моральдік құндылықтардың ахуалы мәз емес деп айтуға болады. Үлкенге құрмет, ізеттік мәселелерінде арта қалып тұрған жайымыз бар. Жоғарыда айтып өткеніміздей, сол баяғы пара беру мәселесі гуілдеп тұрғаны анық. Шенеуліктер қалтасына қыстырғанды ұнатады. Ал артында бір жарым шелек суға қанағат етіп, қараңғы түнекте өмір сүріп, көгіне шығып күн болар біреу келіп қол ұшын созар сәтті күтіп балапаның жоғалтқан құстайдай шырылдап жүрген халықтың бәрі оларды аландатпайды да. Бастысы бастарының қамы. Сонымен қоса, бүгінде жастардың ахуалы да қуантарлық емес екен. Яғни, шашын бояп, сырға салып, еркектік намысын жоғалта бастаған ұлдардың саны күн сайын артып келеді. Мұны бәрі шетелге қызығу болып табылады. Егерде ер азаматтар өз ұлттың аяққа таптап, өзгеге қызықса, ертең елін-жерін тастап, артына қарамай, шекара асып кете баратыны белгілі.

Соңғы сұрақ бойынша, осы мәселелерді шешу үшін тәрбие, білім сапасын арттыру керек. Сонымен қоса, рухани жаңғыру мен мектептегі білім беруде осы құндылықтармен сусындату қажет деп қорыға аламыз. Осы орайда рухани жаңғыру жобасын атап өткен жастардың саны өте көп. Яғни, елбасымыз осы жобаны бекер-бекер осындай аумақты көлемде қолдаған емес екен. Осының арқасында барлық он төрт облыс орталықтарының түкпір-түкпірінде тарихымызда, салт дәстүрлерімізді ұлағаттауға аранланған түрлі іс шаралар өткізілуде. Айтыс, күрес, асық ату секілді ұлттық өнеріміздің жаңа әлем сахнасына қайтару үшін ер еңбек сала отырып, бүгінде ұлттық нақыштарымызға қызығушылық пен қарайтын жастардың саны күн өсе артып келеді. Осылай жалғаса

беретін болса, өзіміздің қазақи тәрбиемізді қайтарып аларымыз анық. Бұл өз кезегінде моральдік тұрғыға өте үлкен сетпігін, үлесін қосары айтпаса да белгілі.

Қорытынды

Қорытындылай келе моральдік құндылықтардың ахуалы төменгі деңгейде. Бүгін де әлі де шешімін таппай отырған мәселелеріміз бар.

Автобуста отырғанда да, үлкендер тұрған кезде бейқам отырған жастарды көруге болады. Біреу құлапқабын киіп отырса, енді біреуі өтірік ұйықтап отырған кейіпте болады. Мұның өзі үлкенге құрметтің жоқ екендігінің белгісі. Тағы бір мысал айтып кететін болсақ, бүгін де үлкен жасы келген адамдардың көшеде ауыр сөмкені қинала көтеріп келе жатқанын көруге болады. Тіпті әжелеріміздің өзі осындай заттарды өз қолыммен сүйреп бара жатқанын көріп жатамыз. Бірақ, өкінішке орай, кешегі қазақ секілді «Әже беріңіз, көметесіп жіберейін» деп сыпайлығын білдіріп, сөмкесін көтеріп, қол ұшын созып жіберетін жастарды таба алмаймыз. Барлығы қара басының қамын ойлап, қызған тіршіліктің артынан еріп, әжйді байқамағандай сынап танытқандай болады. Сабак оқығанда барлығы үлкендерге көмектесу керек деп сайрап тұрса да, шыңына келгенде ешкімнің көмек беруге батылы жетпейді.

Шұғыл түрде осы мәселенің шешімін табу үшін енді тәрбие мәселесіне назарымызды аударуымыз керек. Себебі, барлық нәрсе осы тәрбиеен басталады. Баланы жастайынан үлкенді құрметтеп, сыйлап өсіруге үйрету қажет. Пара берудің ертең өзіне кесірі болатындығын дұрыстап түсіндіру керек. Әр ана мен әке баласының өсуін, ер азамат болуы үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы қажет. Кезінде Төле би бабамызға туылғанына үш күн болған баланы әкеліп, қалай тәрбиелесем болады дегенде, атамыз «Болды үш күнге кешігіп қалдындар, баланы туа сала тәрбиемен сусындату керек» деген екен. Шынында да жастарды бала кезінен үлкенді сыйлап, ізетті, мейрімді, кеңпейіл болуға тәрбиелеуіміз керек. Апасы мен атасының қолында өспей, қалада жұмыс қамымыен жүретін әкесі мен анасының қасында өскен бала, дұрыс тәрбие алады дейсіз бе? Сол себепті осы сәтте жауапкершілікті ата аналар өз мойындарына алуы керек. Балаларына дұрыс тәрбие беру ертең елдің келешегіне әсер ететін маңызды жағдай.

Моральдік құндылықтарды шешу үшін өзіміздің салт-дәстүрлерімізді насихаттау керек. Бұл бір оқ пен екі қоянды аут мен бірдей. Осы арқылы қоғамның да жағдайын жақсартып, тәртіпке келтіріп, сыйластық пен құрмет пайда болады. Аталарымыз бен

бабаларымыздың заманынан келе жатқан дәстүрлерімізбен тәрбие алып соларға қарап бойын түзеген Сәкен, Абай, Шәкәрім сынды бабаларымыз жаман болған жоқ қой. Сол себепті, сыйластыққа баулитын салт-дәстүрлеріміз осы сәтте ауадай қажет болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бондаренко Ю. Я. У истоков современной морали. М., 1991. 64-66 б.
- 2 Гусейнов А. А., Иррилиц Г. Краткая история этики. - М., 1987.
- 3 Лосский Н. О. Условия абсолютного добра. Основы этики. М., 1991. 203-204 б.
- 4 Фридрих Ницше. Мораль Генеалогиясы. 243-б.
- 5 Есіркепова Г. К., Философия, 2008.
- 6 <http://kisi.kz/ru/categories/politicheskaya-modernizaciya/posts/nacional-nye-i-obschekazahstanskije-cennosti-sostoyanie->
- 7 <https://www.socionauki.ru/journal/articles/249059/>
- 8 <https://articlekz.com/article/5088>
- 9 <http://e-history.kz/ru/contents/view/440>
- 10 <https://www.kazportal.kz/o-tsennostyah-sovremennogo-kazahstanskogo-obshhestva/>
- 11 https://baq.kz/kk/news/shoubiznes/rinat_zaiitov_91_tobina_kazakka_kariskumar_kuldar_emes_boiinda_namisi_bar_uldar_kerek20161204_152800

ВОЛОНТЕРСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В ШКОЛЕ, КАК СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ ФЕНОМЕН

КАНАГАТОВА Д. Р.

ученик 6 класса, Узынсуская СОШ,
с. Узынсу, Иртышский р-н, Павлодарская обл.

В основе волонтерского движения лежит принцип: хочешь почувствовать себя человеком - помоги другому. Волонтерское движение в настоящее время развивается довольно бурно. И одна из причин этого – добровольность и свобода выбора. Добровольно выбранная социально значимая деятельность неизмеримо выше для личности ребенка, чем навязанная извне.

В Казахстане волонтерское движение стало зарождаться в конце 1980-х гг., однако, в историческом аспекте следует признать, что оно существовало всегда, например, в виде службы сестер

милосердия, тимуровского и пионерского движений, всевозможных обществ охраны природы и памятников. Современное развитие волонтерское движение получило в связи с растущим числом социальных проблем, в решении которых при современной экономической ситуации волонтеры незаменимы.

В Казахстане волонтеры (в отличие от существовавших когда-то пионерской и комсомольской организаций) не имеют единой государственной или негосударственной поддержки. Говорить о волонтерском движении как о явлении можно только с учетом того, что все волонтеры руководствуются в своей деятельности одним общим принципом - помогать людям.

Волонтерская деятельность, как никакая другая, позволяет формировать устойчивые социальные установки как у самих волонтеров, так и у подростков, вовлекаемых в массовые мероприятия социальной направленности (пропаганда здорового образа жизни, экология родного края и т.д.). [1, с. 12].

Особенностями волонтерского движения, реализуемого в нашей школе, являются следующие:

- команда формируется внутри образовательного учреждения;
- волонтеры работают не только со сверстниками, но и с младшими школьниками, а также с родителями и различными специалистами.

Для того чтобы осуществлять системную деятельность волонтеров по данным направлениям и вовлечь в нее как можно больше участников из числа учащихся, учителей и родителей нашей школы, необходимо было провести определенную работу по пропаганде волонтерского движения среди школьников и педагогов.

В 2017 в школе основываясь на Закон Республики Казахстан от 30 декабря 2016 года «О волонтерской деятельности» начинает действовать школьный волонтерский клуб «Дари добро». Данное объединение является добровольной детской организацией, объединяющей учащихся, учителей и родителей школы, разделяющих идеи гуманизма и общечеловеческой морали. Клуб работает по пяти направлениям: благотворительное, спортивное, патриотическое, профилактическое и экологическое.

Проведенная в этом направлении в течение учебного года работа дала возможность понять, о создании четырех волонтерских отрядов из числа учащихся, родителей и учителей («Милосердие», «Надежда», «Отан», «Карлыгаш»). Прежде всего, было разработано «Положение о волонтерском движении в школе».

Естественно, что работа волонтеров-активистов не может проходить без определенной подготовки самих учащихся, в связи с этим был разработан проект программы «Школа волонтеров», пройдя которую учащиеся, занимающиеся волонтерской деятельностью, могут самостоятельно проводить или организовывать с другими участниками воспитательного процесса различного рода мероприятия, акции, тренинги и т.д.

Следующим шагом в работе по социализации личности подростка было создание весной 2017 г. на основе деятельности школьной организации «Дари добро» волонтерской группы учащихся из пяти человек, которые самостоятельно готовили и проводили массовые мероприятия среди младших школьников по пропаганде здорового образа жизни.

Волонтерство может осуществляться с различной степенью участия - от полного вовлечения до эпизодического участия, поэтому эти пять человек и стали основой школьного волонтерского движения. На первом заседании школьных волонтеров, где был определен план деятельности клуба, были разработаны «Кодекс волонтера», «Концепция волонтера», ставшие основными документами, регламентирующими деятельность добровольного объединения волонтеров нашей школы. Учащимися самими были разработаны «Заповеди волонтера», которые стали для них руководством к действию.

Безусловно, в любой работе следует определить цель, которая помогла бы достичь каких-либо значительных результатов. Наша цель сформулирована следующим образом: участие волонтеров в решении социальных проблем, различных уязвимых категорий Иртышского района инициирование и развитие подросткового добровольного движения по первичной профилактике употребления психически активных веществ в подростковой среде.

Исходя из поставленной цели, были сформулированы следующие задачи:

- формирование у подростков устойчивого интереса к добровольной деятельности (волонтерство);
- пропаганда здорового образа жизни;
- профилактика употребления психоактивных веществ среди учащихся образовательного учреждения;
- обучение навыкам работы со сверстниками, совершенствование организаторских способностей, получение опыта организации и проведения различных мероприятий.

Для реализации данной цели и задач были проведены различные мероприятия, которые условно делились на внутри школьные и внешкольные. К внутри школьным мероприятиям можно отнести тренинги со сверстниками на темы «Умей сказать «НЕТ», проведение общешкольного социологического исследования, направленного на выявление отношения учащихся к употреблению ПАФ, курению, алкоголю и др. Помимо этого, в конце 2017 г. волонтеры активно помогали в организации сбора подарков для детей и подростков, находящихся в социально опасном положении.». Помимо сбора канцелярских товаров, игрушек, учащиеся школы придумали интересную творческую программу для поздравления детей с наступающим Новым годом.

К внешкольным мероприятиям участие волонтеров в акциях и мероприятиях. Группа волонтеров нашей школы участвовала в акции «За здоровый образ жизни», для участия в которой волонтерами школы были разработаны несколько видов буклетов, розданных на отведенном для акции месте.

Кроме практической деятельности, в работе волонтерской команды можно выделить большой блок теоретической подготовки самих волонтеров. Реализации данного блока заключалась в организации обучающей программы в стенах школы, включающей в себя базовые знания о том, кто такие волонтеры, об основных направлениях работы волонтерских групп, а также об эффективных методах и способах деятельности современных объединений волонтеров.

На сегодняшний день школа имеет инициативную группу старшеклассников, уже имеющих опыт ведения волонтерской деятельности. Перечисленное подтверждает, что для воспитания граждан с активной жизненной позицией, способных вести самостоятельную работу в области волонтерства, целесообразно предложить более опытным ребятам стать кураторами школьных отрядов волонтеров, организованных из учащихся среднего звена школы. Таким образом, мы не только сможем привлечь к работе наиболее активных и компетентных учащихся, но и будем способствовать их личностному развитию. Старшеклассники, имеющие опыт работы и теоретические знания, смогут применить свой потенциал в принципиально иной для них сфере деятельности, стать организаторами. Учащиеся среднего звена, в свою очередь, будут видеть перед собой пример активной, творческой деятельности, которая будет направлена не на удовлетворение собственных амбиций, а обращена другим людям, нуждающимся в заботе и поддержке.

Благодаря уже проведенной в школе работе, у нас есть те учащиеся, которые смогут теперь сами учить других, а это очень важно, так как дети и подростки гораздо лучше воспринимают таких же, как они, чем взрослых.

По принципу «равный - равному» волонтеры передают сверстникам информацию на днях профилактики, в выступлениях на сцене, на занятиях с элементами тренинга, в ролевых и интерактивных играх. Обучая других, обучаются сами. Подросток обретает самоуважение, становится уверенным и привлекательным для окружающих.

В процессе своей деятельности волонтеры всегда взаимодействуют с внешним миром через получение информации, дополнительных знаний, обучаясь и развивая свои личностные качества [2, с. 21]. Взаимодействуя друг с другом, волонтеры приобретают умения работать в команде, учатся разрешать конфликты, включаться в проект, нести ответственность за свои поступки (подготовка выступлений, проведение акций, игр, участие в конкурсах, проведение социальных опросов, анкетирования и др.). Передавая информацию вовне, т. е. своим сверстникам (дни профилактики с тематическими информационными выходами в классы, профилактические занятия, занятия с элементами тренинга, профилактические сказки для младших, театрализованные конкурсы, агитационные выступления, интерактивные игры, акции, а так же оформляя информационные листовки, статьи в школьную газету «Переменка», буклеты на различную тематику, волонтеры вырабатывают необходимые практические навыки общения с другими. Все эти приобретенные навыки способствуют формированию социальной компетентности самого волонтера.

Наша школа решает проблему осуществления волонтерской деятельности через три блока:

- Информационный блок:
 - беседы со специалистами;
 - групповые занятия волонтеров для учащихся;
 - изготовление плакатов, видео, буклетов, фотоотчетов;
 - выпуск статей в школьную газету, предоставление информации о своей деятельности в другие СМИ;
 - акции волонтеров;
 - листовки.
- Психолого – педагогический блок:
 - обучающие занятия с волонтерами;
 - мини-тренинги для учащихся;

- интерактивные игры;
- психологическое сопровождение волонтеров.
- Культурно-массовый блок:
 - КВНы;
 - игры, конкурсы;
 - встречи с различными людьми;
 - проведение мероприятий, месячников, недель различной тематики;
 - спортивные мероприятия;
 - фотоконкурсы, фотовыставки, выставки плакатов и рисунков;
 - конкурсы презентаций и видеороликов;
 - выступление агитбригад.

По законодательству волонтером может стать любой человек, достигший 14-летнего возраста [3, с. 3]. Но в нашей школе мы стараемся строить работу таким образом, чтобы в данную деятельность добровольно вовлекались учащиеся среднего и даже младшего звена, так как считаем, что процесс социализации личности должен начинаться как можно раньше, и тогда к 14-ти годам подросток будет осознанно и самостоятельно делать правильный выбор. Для него помощь другому или здоровый образ жизни будут так же естественны, как одеться или умыться. На сегодняшнем этапе деятельности учащиеся среднего и младшего звена являются только эпизодическими участниками отдельных акций и мероприятия, которые проводят старшие волонтеры. Но, на наш взгляд, и ребята в возрасте от 10 до 14 лет могут систематически заниматься волонтерской деятельностью и внести свой посильный вклад.

Волонтерская команда - это добровольное объединение. Дети включаются в работу, следуя своему желанию, у них есть право выйти из команды, если деятельность их не устраивает. При формировании команды в группу может включиться любой. Школьники-волонтеры должны четко представлять границы своей компетенции. Если же проблема выходит за эти рамки, то, конечно же, необходима помощь специалиста.

Таким образом, опираясь на собственные традиции и используя инновационные подходы, мы стараемся организовать работу по социализации школьника через осуществление волонтерского движения в нашем общеобразовательном учреждении, так как считаем, что волонтерство - это особый взгляд на жизнь, целое мировоззрение, впитавшее в себя все самое достойное из созданного мировом педагогическом пространстве за много столетий.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Вильнис Э. Добровольчество - основа эффективной деятельности НКО // Обществ. инициативы. 2000. № 1. С. 12–15.
- 2 Волонтер и общество, волонтер и власть: науч. -практ.й сб. / сост. С. В. Тетерский- под ред. Л. Е. Никитиной. М.: Акад., 2000.
- 3 О волонтерской деятельности. Закон Республики Казахстан от 30 декабря 2016 года № 42-VI ЗРК.

КАКОВО ЗНАЧЕНИЕ КАЗАХСТАНСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ ФУТБОЛА В РАЗВИТИИ КАЗАХСТАНА?

КУЛЬДЕЕВА Д. Б.

ученик 11 класса, Назарбаев Интеллектуальная школа ФМН, г. Астана
МАКЕЕВА А. М.

ученик 11 класса, Назарбаев Интеллектуальная школа ФМН, г. Астана
НУРМУХАМБЕТОВ Е. К.

руководитель, учитель русского языка и литературы,
Назарбаев Интеллектуальная школа ФМН, г. Астана

Введение

Балалар үйінде арнайы ұсынылған әдістермен бағдарламалық жоспарлар арқылы жүргізілген тәрбие жұмысының мәліметтерін өзара салыстырмалы талдау қалыптастыру эксперименті нәтижелерінің қажетті деңгейге көтерілгенін, яғни, ғылыми теориялық мақсатына және болжамға сәйкес белгіленген міндеттерінің толық шешілгенін көрсетті. Жасалған «Әлеуметтік жетім балаларды қорғау мәселелері» модульдік бағдарламасы, «Әлеуметтік жетім балаларды құқығы» оқу-әдістемелік құралы балалар үйінде, мектеп-интернаттардың оқу-тәрбие үдерісінде және арнайы курсты жүргізуде оқу-бағдарламалық құралдармен бірдей қызмет атқарды.

Балалар үйіндегі жетім балалардың теориялық тұрғыдан зерттеп, жүйелеу және тәжірибеден өткізу негізінде қол жеткен нәтижелер төмендегі ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді:

- жетім балалармен жұмыс жасайтын кәсіби мамандардың рухани құндылықтарын жетілдіру;
- жасөспірімдердің бойындағы ұлттық сана-сезімін, қадір-қасиеттерін, рухани құндылықтарын қалыптастыру;

- жетім балалардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру;
- әлеуметтік жетімдердің тұрғын үйіне кезекте тұру уақытын 23-тен 26 жасқа дейін ұзарту [3].

Соңғы жылдардағы көптеген әлеуметтік зерттеулер балалар үйіне орналасқан балалар мен бітірушілердің әлеуметтік бейімделуінің күрделі мәселелері барын көрсетті. Бұл мәселелерді шешу бүгінгі таңдағы кезек күттірмес міндеттердің бірі.

Ғылыми жобаның негізінде балалар үйіндегі жетім балаларды мәселесін жан-жақты қарастырдық, түбегейлі талдадық деген ойдан аулақпыз. Келешекте бұл мәселе жалғасын табады деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы.
- 2 Мәдениет журналы №8 (59) тамыз 2014 жыл 12-13 б.
- 3 «Тұрғын үй туралы» ҚР заңнамасы.

СОЦИАЛЬНЫЙ ПРОЕКТ «СОЗДАНИЕ СПОРТИВНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНОГО ГОРОДКА»

НАУРАЗБЕКОВ А. К.

ученик 10 класса, Узынсукская СОШ,
с. Узынсу, Иртышский р-н, Павлодарская обл.

В течение последних десяти лет двадцатого века полное пренебрежение к массовой физической культуре, здоровому образу жизни населения поставило под угрозу здоровье нации. Сложилось совершенно недопустимое положение. В конце 20-го века практически полностью прекратились научные исследования в области организации и управления массовой физической культурой, формирования здорового образа жизни детей и учащейся молодежи.

Цель социального проекта привлечь внимание общественности к проблемам молодежи, развития спорта в районе, через реконструкцию и строительство физкультурно-игрового городка в с. Узынсу.

Возрождение школьного стадиона для активизации спортивных занятий учащихся, их родителей и молодежи, с целью пропаганды здорового образа жизни, организации досуга учащихся, сохранения и возрождения лучших национальных традиций.

Задачи; объединить жителей села на основе общей позитивной идеи – возрождения школьного стадиона;

- приобщить детей и молодёжь к занятиям физической культурой и спортом; профессионально ориентировать учащихся;
- собрать и изучить материал о необходимости создания данного комплекса с целью занятости молодежи для предупреждения правонарушений среди подростков о влиянии данного комплекса на физическое и нравственное здоровье молодёжи и жителей села;
- развить навыки практической, добровольной, трудовой деятельности молодежи для подготовки строительной площадки, оказание посильной помощи в работе строителей;
- приобщить результаты социологического опроса среди населения района о необходимости реконструкции спортивного городка , привлечь внимание общественных организаций ;
- использовать средства массовой информации для освещения данной проблемы;
- разработать способы решения данной проблемы, взаимодействуя с органами местного самоуправления, спортивными организациями.

Наше исследование является возрождение школьного физкультурно-оздоровительного городка для активизации спортивных занятий учащихся, их родителей и молодёжи, пропаганды здорового образа жизни, организации досуга учащихся, сохранения и возрождения лучших национальных традиций.

Совместная деятельность по восстановлению стадиона, а потом совместные занятия и игры помогут укрепить связь детей и родителей, организовать свободное время детей, дать им определённый жизненный опыт и профессионально сориентировать.

В ходе реализации социального проекта создаются условия для физического совершенствования подрастающего поколения и оптимизации их социального здоровья, профилактики девиантного и противоправного поведения подростков.

Основные принципы государственной политики в области детско-юношеского спорта:

- приоритет здорового образа жизни;
- общедоступность и массовость занятий физической культурой и спортом;
- непрерывность воспитательного, физкультурного, учебно-тренировочного, оздоровительного процессов в системе детско-юношеского спорта;
- равенство прав на государственную поддержку детских и подростковых объединений.

Здоровье детей и молодежи, а в целом и здоровье нации- самая важная задача нашей страны.

Отсутствие у подрастающего поколения, молодежи культуры ведения здорового образа жизни, их общая некомпетентность в вопросах оздоровления средствами физической культуры и наряду с этим осознание частью общества значимости двигательной активности в процессе жизнедеятельности человека приводит к противоречию, которое требует разрешения. Данная некомпетентность и отсутствие в целом культуры ведения здорового образа жизни привели к тому, что объективная духовно-нравственная и социально- экономическая эффективность физической культуры и спорта во многом остается пока мало востребованной из-за субъективной недооценки её в жизни отдельного человека, а также общества в целом [1, с. 150].

Любители здорового образа жизни, энтузиасты массового спорта нуждаются сегодня в поддержке государственных и общественных физкультурно-спортивных, молодежных, профсоюзных организаций, новых структур.

Современному школьнику, проводящему большую часть дня непосредственно на учебных занятиях и за подготовкой домашних заданий, приходится выдерживать большие умственные нагрузки при остром дефиците двигательной активности. В результате острого дефицита двигательной активности нарушаются защитные функции организма школьников, возрастает число случаев с негативными сдвигами в их здоровье [1, с. 161].

Сегодня у большинства учащихся образовательных учреждений наблюдается ухудшение зрения, деятельности сердечно-сосудистой и дыхательной систем, нарушение обмена веществ, снижение сопротивляемости к различным заболеваниям. Проведенные обследования свидетельствуют, что лишь 15 % школьников могут быть признаны здоровыми, 50 % учащихся имеют отклонения в здоровье, а 35 % страдают хроническими заболеваниями. В то же время растет число подростков, злоупотребляющих курением и алкоголем, а также попавших в наркотическую зависимость, проявляющих асоциальное поведение.

Гипотеза: предположим, если построить спортивно-оздоровительный уголок то у учащихся возникнет интерес к сдаче президентских тестов, они захотят участвовать в физкультурно - массовых мероприятиях, таким образом у ребят повысится уровень физической подготовленности.

Изучив состояние здоровья наших школьников, проанализировав мнение детей и родителей, мы пришли к выводу, что нашей школе просто необходимо построить модернизировать спортивный городок. Сохранение здоровья школьника зависит от образа жизни, который ведет он, поэтому в школе нужно создать условия для здорового образа жизни каждого ребенка и привить ему навык к систематическим ежедневным занятиям физическими упражнениями. В нашей школе введен третий час физической культуры, в школе кроме уроков физической культуры, есть внеурочные занятия по физкультурно-оздоровительной направленности. Чтобы качественно и эффективно проводить, уроки физической культуры, активно готовиться к сдаче президентских тестов и безопасно проводить внеурочные занятия с апреля по октябрь нам нужен хорошо оборудованный спортивный стадион.

Актуальность исследования общеизвестно, что одним из основных показателей уровня развития государства и его социального благополучия являются показатели продолжительности жизни и состояния здоровья.

Наша жизнь постоянно преподносит примеры того, как очевидно нарушается соотношение требований к разуму и телу: первые из них завышены, а вторые занижены. Как следствие – деградация современного человека, гиподинамия, недостаток естественных движений. А это патология сердечнососудистой системы, и отклонения в осанке, быстрая утомляемость, вялость, огромное число простудных заболеваний, плохое усвоение учебного материала, отклонения в психике.

Социальный эффект от создания спортивного комплекса.

1 Занятость подростков и молодежи в школьное и каникулярное время.

2 Снижение числа правонарушений среди несовершеннолетних.

3 Сокращение числа детских заболеваний.

4 Сохранение здоровья населения и, как следствие, снижение затрат на выплаты по больничным листам.

5 Проведение спортивных мероприятий, организация досуга населения.

Сегодня особое внимание уделяется физическому здоровью молодежи. Именно в школе ребята осваивают не только знания, но и начинают взрослеть, получают серьезные физические нагрузки. Для того, чтобы подготовить школьников к занятиям физкультурой и спортом, необходимо создать комфортные и безопасные условия.

В последние десятилетия всё чаще и чаще на разных уровнях поднимается вопрос о здоровье школьников.

Проблема сохранения и укрепления здоровья детей касается не только семьи, но и учителей. Действительно, если научить детей с самого раннего возраста ценить, беречь и укреплять своё здоровье, если взрослые будут личным примером демонстрировать здоровый образ жизни, то только в этом случае можно надеяться, что мы, будущее поколение, будем в большей степени здоровы и развиты не только лично, интеллектуально, духовно, но и физически [2 с. 25].

Проектирование физкультурно-спортивного городка - важный этап создания настоящего игрового центра. Дизайн площадки должен быть продуман до мелочей, т.к. игровое пространство обязано соответствовать таким критериям, как безопасность, комфорт, надежность.

Проект «физкультурно-оздоровительный городок» будет осуществляться в трех этапах. С целью закалывания и укрепления физических возможностей каждого ребёнка. Она состоит из трех станций - разминочной, спортивной, игровой. Её освоение даёт возможность каждому ребёнку повысить свою физическую подготовку: померяться силами в ловкости и скорости со своими одноклассниками

Результатом будут укрепленные мышцы, развитый глазомер, несомненно, улучшенная координация движений, развитое чувство равновесия и ориентации в пространстве, растущая познавательная активность. Яркие цвета, как один из важнейших факторов развития, привлекут не только учащихся начальных классов, но и повлияют на настроение среднего звена. Материалы, должны соответствовать, нормам безопасности и санитарно-эпидемиологическим заключениям. Металлические детали должны изготовлены из нержавеющей стали, очень устойчивы к погодным условиям и иметь эстетичный вид благодаря полимерному покрытию. Насыщенные цвета, входящих в состав комплексов, позволяют сделать максимально разнообразным и интересным.

«Спортивно-игровой городок» - это инновационная форма социально-педагогического сотрудничества людей разного поколения (детей и взрослых), предполагающая организацию совместной трудовой деятельности, спортивных занятий, обогащение детей опытом, обучение их жизненно-ценным навыкам и знаниям, пропаганде здорового образа жизни [3 с. 42]. Реализация данного проекта связана с поиском разнообразных форм добровольного объединения взрослых людей, детей и молодежи на основе

взаимосотрудничества, взаимообогащения социальным опытом и социального участия. Совместная деятельность по восстановлению стадиона, а потом совместные занятия и игры помогут укрепить связь детей и родителей, организовать свободное время детей, дать им определённый жизненный опыт и профессионально сориентировать.

Механизм реализации проекта

Анализируя, данную проблему мы решили, что в наших силах построить стадион. Разрабатывая проект, мы согласовали с администрацией школы вопрос об организации совместных работ. Пришли к выводу о необходимости привлечь к совместной деятельности сообщество родителей, так как некоторые работы своими силами выполнить не сможем.

Реализовать цели и задачи проекта мы рассчитываем традиционными методами: организацией совместных работ по принципу крестьянской «помощи». Кроме того, будет создана бригада старшеклассников через службу занятости для выполнения текущей посильной работы.

Закупку необходимых материалов рассчитываем осуществить на пожертвования родителей и бывших выпускников, а также спонсоров. Мы сможем оборудовать стадион в соответствии с современными требованиями, и он будет использоваться и школой, и всеми жителями не только нашего посёлка, но и всего района. Мы считаем, что проблема актуальна для нашего села и есть реальная возможность её решить.

Стадион – это спортивное лицо нашего села Молодежь и все жители села должны заниматься в достойных условиях. Легкая атлетика в нашем районе в упадке, т.к. на стадионе нет дорожек, нет места для метания ядра, нет прыжковой ямы, поэтому это не дает возможности плодотворно заниматься спортом и проводить соревнования на должном уровне, в разных видах спорта. Не секрет, что очень много людей в нашем районе занимаются спортом, а особенно популярны: бег и футбол. Ведь приятно бегать по асфальтированной и размеченной дорожке, а не по тротуару, где идут пешеходы, и не по дороге с движущимися автомобилями. Если построить спортивный городок, то он пустовать не будет. Я считаю, что это проект выполним, и не требует больших затрат. Надо только подойти всем с душой и желанием и для этого необходим добровольцы.

Социальный опрос, проведенный среди школьников и населения нашего села показал, что все мы, и жители, и учащиеся, не только хотят иметь благоустроенный стадион, но и сами готовы принять посильное участие в его строительстве.

Проект реконструкции осуществим, нам, школьникам, этот вопрос решить сложно, но если нас услышат взрослые: администрация района, спонсоры, предприниматели, то мы сможем его воплотить.

Дальнейшее осуществление проекта по завершении будет возможно как при поддержке заинтересованных лиц и организаций, так и силами добровольцев. Стадион будет использоваться как место для занятий физкультурой и спортом, возможность организации досуга детей и совместного с детьми отдыха, место для проведения спортивных мероприятий и районных праздников. Наш проект может быть полезен другим образовательным учреждениям как способ организации совместных работ по благоустройству территории, закладке и возрождению школьных спортивных комплексных площадок

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Вайнбаум Я. С. Гигиена физического воспитания. - М.: Просвещение, 1986. - С. 146-163 Загорский Б. И. Залетаев И. П., Пузырь Ю. П. и др. «Физическая культура», Высшая школа 1989 г.
- 2 Лаптев А. П. Гигиена массового спорта. - М.: ФисС, 1984. - С. 114-143.
- 3 Полиевский С. А. Физическое воспитание учащейся молодежи. - М.: Медицина, 1989. - С. 67-110.
- 4 Сухарев А. Г. Здоровье и физическое воспитание детей и подростков. - М.: Медицина, 1991. - С. 152-156, 172-247.

ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ

САЙРАМБАЕВА П.

З. Хусанов атындағы № 110 ЖОББМ, Шымкент қ.

Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық бейімделуі – бұл оның білімді бір әлеуметтік-психологиялық статусы иемдену және қандай да бір әлеуметтік-психологиялық рөлдік функцияларды меңгеру процесі.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесі кезінде тұлға өмір мен іс-әрекеттің ішкі және сыртқы жағдайларының арасындағы үйлесімділікке жетуге ұмтылады. Ол неғұрлым жүзеге асқан сайын тұлғаның бейімделуі жоғарылай түседі. Толық бейімделу кезінде қандай да бір жағдайларда адамның қоршаған орта жағдайлары мен

оның іс-әрекетінен берілген психикалық іс-әрекет адекваттылығы жүзеге асырылады.

Тұлғаның бейімделуі мынандай болуы мүмкін:

ішкі, бұл тұлғаның өмір сүру ортасы мен іс-әрекетінің тасымалдануы кезінде оның функционалды құрылымы түрінде көрінеді. Мұндай жағдайда тұлғаның сыртқы мінез-құлық формалары да, іс-әрекеті де сыртқы орта күтімдеріне және сырттан келетін талаптарға сәйкестеніп өзгереді;

сыртқы (мінез-құлықтық, ыңғайланушылық), бұл кезде тұлғада іштей мазмұнды өзгерістер болмайды және ол өз-өзін, өзінің өзбеттілігін сақтайды;

аралас, бұл кезде тұлға қоршаған ортаға біртіндеп іштей икемденіп, өзгере бастайды. Оның құндылықтары, нормалары да біртіндеп өзгеріп, мінез-құлықтық бейімделулер болады, бірақ өзінің «Мені» мен өзбеттілігін сақтайды.

Бейімделу мәселесін өте жақсы қарастырған психологтардың бірі **Э. Фроммның айтуынша**, адам өзіне қажетсіз, жағымсыз әлеуметтік құбылыстарға бейімделе алады, мысалы құлдыққа, диктатураға және т.б. Бірақ бұл бейімделу адамға зардап әкелу арқылы өтеді- тұлғаның моральдық және интеллектуалды қасиеттерінің деформациялануы, эмоционалды бұзылыстардың болуы ақыр соңында қоршаған ортаның өзгеруіне әкеледі, себебі, адам өз табиғатын өзгерте алмайды. Э. Фромм адамда болатын бейімделу процесінің перманенттілігі идеясын ұсынған болатын. Бұл идея бойынша, тұлғаның дезадаптациясының позитивтілігі тұлға дамуының қайнар көзі деп есептеген. Осылайша, тұлғаның бейімделе алмауы Э. Фромм бойынша оның өмір сүруіне сай келмейтін жағдайлардан қашып құтылмайтындығымен түсіндіреді. Бұл ойлар өз қолдауын А. В. Петровский мен В. А. Петровскийлардың зерттеулерінде тапты.

Дезадаптация патологиялық және патологиялық емес сипатта болуы мүмкін. Патологиялық дезадаптация психикалық және физиологиялық функциялардың, мінез-құлықтың тасымалдануына, тұлғаның қоршаған ортамен және өз-өзімен конфликтіге түсуіне, ең күрделісі, суицидке (өз-өзіне қол жұмсау) дейін әкеп соғады.

Жоғарыда аталғандардың барлығын жүйелей келіп, бейімделудің психологиялық және әлеуметтік-психологиялық мәселелерін қарастыру адамдардың қиын, сыни жағдайларда бейімделу процесін жан-жақты талдауға мол мүмкіндіктер береді. Сол себепті, адам өміріндегі қиын да келеңсіз жағдайлардың бірі болып есептелетін ажырасу кезіндегі бейімделу мәселесі, оның

ішінде, ажырасу жағдайына жасөспірімдердің бейімделулерін қарастырмас бұрын, алдымен адамда жалпы бейімделу процесі қалай өтетіндігіне шолу жасауды жөн көрдік [1, 24–29 б.].

Осы айтылғандардың барлығын негізге ала отырып, жасөспірімдердің ажырасу жағдайына бейімделудің психологиялық мәселелерін қарастырайық. Бұл мәселені талдау кезінде біз жасөспірімнің тек бейімделу мәселесін ғана емес, сонымен қатар оның отбасындағы болған ажырасу жағдайына бейімделуі кезінде көрсететін реакцияларын, соның салдарынан болатын жасөспірім тұлғасындағы мінез-құлықтық, эмоционалды-психологиялық және әлеуметтік ортаға бейімделуіндегі өзгерістерді ашып қарастырамыз.

1 Жасөспірімдердің ажырасу жағдайына бейімделудің психологиялық мәселелері

Ата-анасының ажырасу жағдайына әсіресе жасөспірімдердің жанама реакциялары көп жағдайда өте күшті болады. Жасөспірімдердің өздерінің бағалаулары бойынша, стресс тудыратын өмірлік мәселелер ішінде ата-анасының ажырасуы (ата-аналардың, туған аға-әпкесінің, жақын достарынан айырылудан) кейінгі төртінші орында тұр. Ажырасу жағдайына байланысты жасөспірімдерде ең көп кездестірілген реакциялар: Болған жағдайды терістеу, сенбеуге тырысады. Жасөспірім өзін ата – анасының арасында ешқандай шиеленістер жоқ деп сендіруге тырысады. Олардың түсіндіргенін тындағысы да келмейді, ата-анасының өлі де болса қайта ойланып, қосылып қалар деген үмітпен өмір сүреді. Көпшілік балалар өзінің ата – анасы қайтадан қосылады деген үмітпен өмір сүрулеріне байланысты мынандай мәліметтер келтіруге болады: 5 – 7 жастағы балаларда 65,7 % болса, жасөспірімдік кезде ол көрсеткіш азаяды, дегенмен де 16 %-ды құрайды.

Үрей, қорқыныш, болашағына деген сенімсіздік, жасөспірімнің әлемді эгоцентрилік қабылдауы ретінде оны ең алдымен, жеке өмірінде болуы мүмкін өзгерістер қобалжытады. Сонымен қатар, тұратын жерінде, оқу орнында, материалдық жағдайда болатын ауысулар да аландатып, қобалжулар туғызады. Осыған қоса, жасөспірімдер өз қатарластарынан отбасылық мәселелері үшін ұялу сияқты қиындықтар туындайды.

Жасөспірімнің ажырасу жағдайына деген реакциясының психологиялық бейнесін құру үшін оның мінез-құлқын немесе симптомдарын ескеру қажет. Мінез-құлық ерекшеліктері қайғыру реакциясы ішінде аффект түрінде болуы мүмкін, бірақ олар сонымен қатар ерекше қорғану механизмдері және бейсаналы құмарлық арасындағы конфликтілерден тұратын күрделі невротикалық

жағдайларды бейнелеуі мүмкін. Бірақ маңызды деп есептелетін жағдай, ол ерекше аффектілер немесе психикалық конфликтілер ешбір жағдайда сырттан көрініс таппауы керек, өйткені оларды үлкен адамдар «қалыпсыздық симптомдары» ретінде қабылдайды [2, 31–33 б.].

Жер бетінде біз өте қатты жақсы көретін адам егер бізді аяқ астынан ешқандай ескертусіз тастап кетсе, не болатынын елестету өте қиын. Бірақ көптеген ата – аналар бала үшін бұл жағдайдың қаншалықты маңызды екендігін түсіне бермейді. Үйден кеткен әкесі тек үй ошағын, әйелін, балаларын ғана тастап қоймайды, балалары да тек ата – аналарының ажырасуын қайғырып қана қоймай, оған қоса, өзінің әкесінен мен (немесе анасынан) айырылғанын да ойлайды.

Кейбір жағдайларда бала ата – анасының ажырасуында өзін кінәлі деп санап, әкесін (немесе анасын) ұстап қала алмағандығын қатты қайғырады.

Ажырасып жатқан ата-анасының өмірінде өзінің маңызды еместігін, ажырасуға қалай да болса бөгет жасай алмау, өзінің әлсіздігін сезінуінің барлығы ашу-ызаға әкеп соғады. Баланың ашу-ызасы ата-ананың екеуіне де бағытталуы мүмкін, мұндай ашу-ыза ата-ана үшін баланыкіне қарағанда өздерінің жеке сұраныстары мен қажеттіліктері маңыздырақ болған кезде осы арқылы олар балаға ауырлық келтіретіндіктерін түсінген уақытта пайда болады.

Ата-ананың екеуіне бірдей ашу-ызаның болуы немес тек біреуіне ғана, яғни кімді көбірек кінәлі деп санаса, бұлардың ешқайсысы өзара ерекше болып саналмайды. Біріншіден, агрессиялар – бұл өзінің объектісін ауыстыра алатын күштарлықтар, яғни кейде бақылау кезінде бала кезектестік түрде бірде әкесін, бірде анасын жек көрсе, кей жағдайларда келтірген зардаптары үшін екеуін де бір уақытта жек көруі мүмкін. Екіншіден, саналы аффектілермен қатар сезімнің бейсанасы позициялары да болады.

Кінәлаудың ерекше түрі – бұл балалардың ажырасу жағдайы үшін өз – өздерін кінәлауы. Көп жағдайда балалардың ата – анасын немес олардың біреуін ғана кінәлауы өзінің жеке басын кінәлау сезімін қорғау болып табылады. Көптеген балалар, әсіресе жасөспірімдер ажырасу жағдайын естіп, аңдаусыз үстінен түсуі оларды қобалжытып, кейіннен ол ата – ананың қарым-қатынасы мен араларындағы конфликтілер баласына деген қатынастан қарағанда олар үшін неғұрлым маңызды екендігін түсінеді. Бұл баланың күтпеген эгоцентризміне, оның ата-аналарының ортасында әлем орталығы деген түсінік қалыптасады. Егер балада осы сенім күші болса, онда ол ажырасу жағдайын отбасын тастап кеткен ата-ана мен өзінің жеке қарым-қатынастарының

күлдірауы деп түсінеді. Және ол өзін сәтсіздікті басынан кешірген махаббат құрбаны деп қабылдайды [3, 45–48 б.].

Осыған ұқсас кінә сезімдері ата-анасы ажырасқан барлық балаларда байқалатын өзінің толық құндылығын шеттетілу сезімі арқылы көрінетін жоғалтып алу сезімдерімен түсіндіріледі. Мұндай кінә қиялдары көп жағдайларда ата-ана арасында болған дау-дамай тәрбиелеуге байланысты, яғни бала төңірегінде болғандықтан, еске түсіру кезінде күшейіп отырады. Осылайша, бала өзін конфликтілердің басты себебі ретінде қабылдай бастайды.

Бала үшін бұл өзінің ата-анасының ажырасуында өзін кінәлі деп санау жеткілікті түрдегі күрделі негіз болып табылады. Сондықтан, көп жағдайда көптеген балалар анасы мен әкесінің арасындағы конфликтіні біріктіруші ролінде ойнауға тырысады. Ажырасу бұл әрекеттің бұзылуының дәлелі болып табылады. Ата-ананың біреуінің кетуі- айырылу және махаббатты жоғалтып алу алдындағы қорқыныш сезіміне айналады. Бұл қорқыныштар жасөспірімдердің инстинктивті конфликтілерін жүзеге асырады және бұлар мәдени бейімделудің қозғаушы күштері болып есептеледі. Осының нәтижесінде, ажырасу көптеген балаларға жазалау, нашар тәртіптері үшін сазайын тарту, жеткіліксіз табысы мен шек қойылған ойлары үшін жазалау деп түсінеді. Ата-анасының ажырасуында өзін кінәлау сезімінің дамуы шын мәнінде ереже болып табылады. **Валлерштейн және Келлидің** айтулары бойынша, осыған ұқсас құбылыстар 30-50 % жағдайларда кездеседі. Ал **Ф. Гельмудтың** айтуы бойынша, бұл кішкентай балалармен қатар жасөспірімдерде де сондай, кейде тіпті жоғары болуы да мүмкін. Баланың өзін-өзі кінәлау сезімі қорқыныш тудырады, яғни сазайын тарту және жеке басының биік күшінің алдындағы қорқыныштың пайда болуы Бірақ ата – аналарының ажырасуының себебінде өзін қатты емеспін деп есептейтін балаларда біршама күрделі қобалжу күйіне түседі екен. Мысалы, оларда: «егер мені анам немесе әкем бала – бақшадан алып кетпесе мен балаларға не деп айтамын» деген сияқты сұрақтар туындайды. Осыған қоса ажырасу жағдайына түскен балаларда болатын ең үлкен қорқыныш түрі - ол әкесін кейін тағы да анасын жоғалтып алу (немесе керісінше) қорқынышының пайда болуы [4, 11–18 б.].

Бір балада мұң басым болса, басқасында ол ашу-ызамен көмкеріледі, үшіншілері өздерін кінәлі сезініп, өз-өздерін ұяттымын деп ойласа, төртіншілері әкесімен қоса анасын да жоғалтып аламын ба деген қорқынышпен әкесінің кеткеніне не ашуланарын, не мұнарын білмей қиналады. Эмоциялар әр индивитте әртүрлі

көрінуі мүмкін – мұң, қайғы, ауырсыну сезімдері, ашу-ыза, кінә сезімі және қорқыныш – бұлардың барлығы баланың ата-анасының ажырасуына көрсететін қалыпты реакциялары.

Бұлар тек жай ғана реакциялар емес, егер бала психикалық жағынан сау болса, онда осы эмоциялардың біреуіне ғана жауап қайтару керек, яғни реакциясы бір түрде ғана болуы қажет.

Өзінің ата-анасын жоғары дәрежеде жақсы көретін балалардың өзі олардың ажырасуларына қайғымен қарайды, өйткені, ажырасу олардың өмірлеріндегі шешуші оқиға болып есептеледі. Бірақ жоғарыда аталған сезімдер кез-келген баланың жан жинағында болады. Олар тек жан киналысын ғана емес, сонымен қатар біруақытта жан теңдігін қалпына келтіру үшін күрес құралы болып та саналады.

Ажырасу жағдайынан кейінгі дағдарыстың күшеюінің екі негізгі себебі бар: олар ата-ана ажырасу арқылы балаға келтірген ауыртпалығы үшін өзіне жауапкершілікті ала алмау және ажырасудан кейін бала тәрбиесін жауапкершілікке алған ата-ана, яғни анасының ажырасудан кейінгі дағдарысы. Аталған мәселелер ажырасудан кейін ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа әсер етпеуі мүмкін емес, ал бұл нақты қарым-қатынас баланың ажырасуға байланысты өзінің қайғыларын жеңуге жанама әсерін тигізетінін көрсетеді.

Экономикалық қысым және сонымен байланысты ауыртпалықтар ажырасқан ананың балаға аз уақыт бөлуіне әкеліп соғады. Отбасылық ауыртпалықтар ананың жұмыстан бос уақытта да баласына аз көңіл бөлуіне әкеледі. Осы уақытқа дейін анасымен болған кішкентай балалар енді бала – бақшаға барады немесе ата-әжесімен қалса, оқушы кезінде үйде жалғыз қалуға мәжбүр болады.

Жан ауыртпалығына тап болатын аналардың көңіл-күйлері өзгеріп тұрады. Стресстік жағдайда баласының ең қарапайым сұраныстары анасынан баласы шектен тыс талап етіп тұрғандай сезінеді. Аналардың күніл-күйлері өзгергенде, ана мен бала қарым-қатынасын тек үстіртін мәселелері. Ана – бала қарым-қатынасының агрессивті жағы – тек бала жақтан ғана күшеймейді. Ананың осы уақытта баласына қатысты ерекше агрессияны дамытудың өзі көп негіз болып есептеледі.

Күнделікті болатын конфликтілер күшті тітіркенушілікті туғызады. Көрініп тұрғандай, ажырасқаннан кейін анаға баласының сұраныстары үлкен талап қойып тұрғандай болып, кейде шыдамы шегіне жетіп, таусылатын кездері де болады. Ұрыс пен тітіркенушілік өз кезінде екі жақты да «агрессивтілік оталуына» әкеп соғады.

Ата-ананың жасөспіріммен болған конфликтісінде агрессивтілікті шектен шығармай ұстап тұрудың маңызды факторы, ол ата-ананың

баласының арман-тілектерін, не жасағысы келеді, неге қарсылық білдіріп тұрғанын түсінуде. Осылайша түсіну баламен біртіндеп сәйкестеніп немесе оның көзқарасымен келісімге келе алу мүмкіндігінің нәтижесі болады. Бұл дегеніміз, балаға деген талаптарды өзгерту керек дегенді білдіреді. Егер бала ата – аналарының көзқарасымен санасса, онда онда олар баланы қарсыласқаны үшін жазаламайды [5, 36–38 б.].

Отбасындағы ажырасу жағдайымен байланысты болатын агрессиялар бар. Көптеген аналар үшін ажырасу жаңа бастау негізі болып табылады. Әрине, өткен өмір жеке басының толық қалыптаспағандығына көп із қалдырса, соғұрлым балаға ашу – ыза, ұят және т.б. сезімдерден жаза тигізі мүмкін. Осы уақытқа дейін ажырасу жағдайымен байланысты ата-ананың мінез-құлқындағы өзгерістер бақылауға алынды. Осыған байланысты бірінші орында ата-аналар ажырасудың балаға тигізер әсері қандай екендігін өз-өздеріне есеп бере ала ма деген сұрақ тұрды. Сол үшін ата-аналарға ажырасу бала үшін қаншалықты маңызды екендігін көрсету үшін жұмыстар жасалды, яғни осы арқылы ата – аналар өздерінің жеке өмірлерінің қызығушылықтары арқылы келтірген ауыртпашылықтарын сезініп, келтірген зардаптары үшін өздеріне жауапкершілікті алып, баланың ары қарай дамуына жағдай жасап, оның мұндары мен өкпелерін, агрессивтік көріністерін түсінген болатын. «Кінә үшін жауапкершілік» ажырасуға әкелген жағдайлардың дамуына немесе ажырасуда өзін кінәлі емеспін деп санайтын ата – аналардың да позициясы болу керек [6, 74–78 б.].

Ажырасудан кейін баланың қайғырулары басталып, ата-ананың кризисі аяқталады деп айту қате болар еді. Шын мәнінде олай емес, соңғы уақытта бұрын бірге болған жұптардың ажырасу кризисін зерттеп жатқан көптеген жұмыстар бар. Олардың жеке бастарының мәселелері азаймайды, керісінше, бірден өседі. Ажырасу көптеген ата-аналарға қосымша психикалық, әлеуметтік, экономикалық проблемалар әкеледі.

Көптеген ата-аналардың жанама жан айқайлары балалардың реакцияларынан сәл ғана айырмашылығы бар. Балалар ажырасуды ең алғаш ата-анасының арасындағы қарым-қатынасқа байланысты деп қабылдамайды. Олар өздерін әкесі немесе анасы тастап кететіндігін түсінеді. Өкпелеу сезімдері, болашақ алдындағы қорқыныш, ажырасқан жұбына деген ашу-ыза, жек көру сезімі, сонымен қатар (жиі бейсаналы түрде) балаға қатысты да байқалып отырады.

Ата-ананың ажырасудан кейін баланың дамуы жайында сөз болғанда, бір-бірімен өте тығыз байланысты екі сұрақ туындайды. Ажырасудың бала тұлғасының дамуына жағымсыз әсер етуін

шектейтін немесе көмек беретін мүмкіншіліктер ата-аналар балаға ата-ананың екеуімен бірдей интенсивті қарым-қатынас жасауына жағдай жасаған кезде, яғни бала бірге тұрмайтын ата – анамен де қарым – қатынаста болатын болса, онда балаға ата-анасының берген көмегі ұтымды болады [7, 114–116 б.].

Салыстырмалы зерттеулерге қарағанда ажырасудан кейін балалардың бейімделуі оның анасының ары қарайғы іс-әрекетіне тәуелді болады, яғни анасы қайта заңды некеге тұра ма, әлде азаматтық некеде бола ма, жоқ ер адамдармен қарым-қатынасты үзе ме т.б. Аналары заңсыз түрде басқа ер адаммен бірге тұрған жасөспірімдерде бейімделу өте ауыр өтеді. Нәтижесінде, олар өздеріне сенімсіз болады. Көп жағдайда әкелері балаларымен кездескенде аналарының қылығын кекетіп, жақсы сөздер айтпайды, сол себепті жасөспірімдер моральдық тұрғыда әлсіреп қиналады.

Алайда, бұл проблеманың бәрін шешуге болады. Ол үшін жалғыз бала тәрбиелеп отырған әйел өз балаларына ер адамдар туралы жағымсыз түсініктеме қалыптастыратындай іс-әрекет жасамау керек. Өзі бұрыннан танитын немесе сыйласатын ер адамдар мен балалардың арасында жағымды, жақын қарым-қатынас жасауға мүмкіндік жасай білу керек.

Отбасыдағы ата-ананың ажырасу жағдайы тек ұл балаға ғана әсерін тигізіп қоймай, сонымен қатар қыз балаларға да біршама кері әсер етеді. Қыз балаларға да, ұл балаларға секілді әйел мен ер адамның қарым-қатынасы туралы бұрмаланған түсініктер тән болады. Нәтижесінде олардың жыныстық идентификациясы өте өзгермелі келеді .

Әртүрлі мәліметтерге қарағанда толық емес отбасылар, яғни баламн жалғыз қалған ата-ана 13 %-дан 40–45 % аралығында болып отыр. Мұндай отбасылар: ажырасудың салдарынан ата-ананың біреуінің өлімінен, сонымен қатар егер олардың біреуі жұмыс барысымен басқа жақта жүрсе немесе ата-аналары мүлде бірге тұрмаған отбасылар.

Жоғарыда бөлінген толық емес отбасының әрқайсысы өз ерекшеліктері мен бала дамуына да әсері әр түрлі болады:

- ажырасқан отбасыларда жасөспірім көп жағдайда ата-анасының конфликтілі дисгармониялық қарым-қатынасына куә болады;
- жесір қалған отбасыларда ата-аналарының бірге болғандарын еске түсіру көбіне жағымды эмоциялар тудырады;
- анасымен ғана болатын балалар – нақты, реалды отбаслық қарым-қатынас, отбасылық қызметтерді сезінбейді. Қазіргі кезде

тек қана аналары бар отбасылар саны көбейіп келеді. 1980 жылы Қазақстанда тұрмыс құрмаған әйелдердің босануы 10,6 % болса, 1999 жылдан бері 27,9 %-ды құрап отыр [8, 142–148 б.].

Қорыта келгенде, отбасындағы ажырасу жағдайы отбасы мүшелерінің барлығына, соның ішінде, жасөспірімдік шақтағы балаларының енді ғана дамып келе жатқан тұлғалық, эмоционалды, қарым-қатынас және т.б. сфераларына айтарлықтай зардабын тигізеді. Сондықтан да, отбасында ажырасуды болдырмау, олардың алдын-алу жолдарын қарастыру психолог мамандарының ғана емес, сонымен қатар, жалпы қоғам алдында тұрған үлкен міндет деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Баланың сезімділік әлемін дамыту» Қалдыбекова А. Қ.
- 2 «Бейіндік оқытуды ұйымдастыру» Мұқатаев А. А. Қарағанда, 2009.
- 3 «Педагогика» Мұқанова Б. Ы., Төлеубекова Р. К., Алматы, 2003.
- 4 «Жалпы психология» Тәжібаев Т. Т., Алматы «Санат», 1993.
- 5 «Помощ трудным детям» Раттер М, 1987.
- 6 «Психологиялық қызметті ұйымдастыру» Көмекбаева Л. К., Алматы 2003.
- 7 «Педагогика» оқу құралы Қалыбекова А. А.
- 8 «Ұлттық тәрбие» Қалыбекова А. А.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛелЕРДІ ШЕШУ ЖОЛЫ РЕТІНДЕ ЖАСЫЛ СТАРТАП ИДЕЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ МҮМКІНДІКТЕРІ

ТУЛЕБАЕВА Б. Т.

Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі,
ХББ Назарбаев Интеллектуалды мектебі, Павлодар қ.
ДУЙСЕБАЙ А. Б.

12 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Интеллектуалды мектебі, Павлодар қ.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері экономикасы қарқынды дамып келе жатқан елдер қатарына кірді. Алайда, еліміздің экономикалық дамудың негізгі көзі елдің шикізат әлеуетін пайдалану болып табылатындықтан, жиырмасыншы ғасырдың басынан мемлекеттегі экологиялық жағдай, қазіргі таңдағы өзекті мәселелерінің біріне айналуға. Өркениеттің барлық артықшылықтарының құны халық

денсаулығы болғандықтан, еліміздің болашағын сақтау мақсатында, біз бүгіннен бастап «Жасыл» экономикаға көшу мүмкіндігін қарастыру керекпіз деген ойдамын.

Жалпы, «Жасыл» экономика дегеніміз не? *«Жасыл экономика - бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әлауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін тұрақты экономиканың бір түрі.* «Жасыл» экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта саркылуға ұшыраған ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға негізделген [1].

Елбасының айтуы бойынша «Жасыл» экономиканы дамыту, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді [2].

Қазақстанның нақты экологиялық мәселелеріне келіп тоқтасақ, Батыс Қазақстанда мұнай өнеркәсіп қалдықтарымен ластану 3 млн. га жайылымдардың деградациясына әкелсе, Солтүстік Қазақстандағы ауыл шаруашылығына байланысты құнарлы жердің 25-30 % жарамсызданды. Сонымен қоса, Орталық Қазақстандағы Байқоңырдан ұшырылатын тәжірбиеілік космос кемелері өңірдегі техногендік, радиоактивтілік және ракета-космос қалдықтарымен ластануды арттырып, топырақтың құнарсыздануына және жайылымдардың тозуына әкелуде. Басқа жақтан, Арал өңіріндегі жағдай Әмудария мен Сырдария бассейнінің 2 млн. га жерін шөлге айналдырды. Аралдың құрғап кеткен тұзды жағалаулары мен сорға айналып кеткен жерлер өңірдегі эокөжүйелерді қайтымсыз бұзуда.

Елдегі пайдалы қазбаларды (қорғасын, мырыш, фосфор және хром) өндіру және өндеудің өсуінің нәтижесінде, 20 миллиард тонна қалдық жинақталған және оның үштен бірі ауаны, ал қалғаны топырақ пен суды токсиндермен уландыруда. Сонымен қоса, мұнай мен газ өндірісіндегі ілеспе газ жағылуы, сажаның атмосфераға бөлінуімен қатар жүреді. Осы факторлар еліміздің 15 ірі қаласындағы ауа ластануының рұқсат етілген деңгейден асып кетуіне әкелді. Олардың ішіндегі ең ластанған қалалар Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарында орналасқан [3].

Алайда үкімет осы проблемаларды назарсыз қалдырды деуге болмайды. Пайда болған мәселелерді шешу үшін, әлемде тұңғыш болып, Қазақстан мемлекеттік деңгейде «Жасыл» экономикаға көшу туралы стратегиялық құжатты қабылдауға және оны соңғы 5 жылда табысты іске асыруға кіріскенін атап өту керек. Сонымен қатар, 2017 жылдың желтоқсанында Қазақстанның экологиялық

ұйымдары Ассоциациясы құрылып, бүгінде ол еліміздің жүйелік экологиялық бастамаларын қалыптастыруда.

Ассоциацияның нақты қадамадарын атап өтсек, бүгінгі таңда 100-ге жуық экологиялық ұйымдар Ассоциацияға мүше болды және Қазақстанның 10 аймағымен ынтымақтастық орнатылып, Астана, Қарағанды және Қызылорда облыстарындағы қоршаған ортаны жақсарту жөніндегі меморандумдарға қол қойылды. Сонымен бірге ұзақ мерзімді құжат ретінде Ассоциация халықаралық серіктестермен бірге төмен көміртекті дамудың стратегиялық бағдарламаларын әзірлеуде [4].

Еліміздегі экологиялық жағдайда өмір сүруге мәжбүр болған халық көз қарасын білу, бар ахуалды тек теориялық фактілермен ғана емес, адамдардың жеке басынан өткен тәжірбиесін де толық суретті көру үшін қажет деп ойлаймын. Сондықтанда мен өз облысымда тұратын Қазақстан азаматтарынан сұхбат алыдым. Сұхбатқа қатысуға төрт адам тілек білдірді.

Кесте 1

1. Сізді Қазақстанның экологиялық жағдайы қызығатандыр ма?			
Жалпы ең басын Денсаулығым, әсіресе бөлігі облысыма экологиялық жағдайым жүзден пайызына.	Менің ойымша Павлодарда ауыл экономикасы бар. Мысалы ағас, аяқ, су және табиғаттың жарамсыздығы. Сонымен қатар, ауылдар қалдықтарымен бөлісетін көрсеткіш және қалды облысыма су өндіріс қорымы түрде ластануда.	Жік. Павлодар облысы құрғап өзіміздің ауылдар атмосфераны қалдықтары бөлісі.	Жалпы өзіміздің экономикалық жағдай және бөлігіміз, аяқ өндірісін мен Еңгі жарамсыздығы қорғау қорымы және жарамсыздығы өзіміз қаламы.
2. Еліміздің экологиялық проблемалары туралы сіз қарғы не айта аласыз?			
Су, топырақ және ауаны қалдықтары әсіресе қорғасын қалдықтары Сондай-ақ, Сондай-ақ радиоактивті қалдық туралы да рәсімделген адам.	Менің ойымша, көп-көп өндірістің ауылдары облысыма аяқ мен суды ластануы өзіміз мабады. Осыдан басқа өзіміздің, Сондай-ақ қалдықтары 240 өндіріс бөлігі сияқты өзіміз. Сонымен қатар, өзіміздің фактісі қорғау бөлігі сияқты, су мен өндіріс радиациялық адам жағдайы.	Денсаулығым барлық экономикалық проблемалар аяқ, су және топырақ ластануымен мына байланысты.	Өзіміздің өзіміздің бөлігіміз экономикалық қалдықтары өзіміз бөлігіміз және өзіміздің өзіміздің өзіміздің өзіміздің өзіміздің өзіміздің

шыныға бөлетін қоқыс жәшіктері мен шам және батареяларды бөлек утилизациялауға арналған контейнерлер қойылған болатын.

Сонымен Қазақстандағы экологиялық мәселелердің шешу жолы ретінде «Жасыл» стартап идеяларды енгізу мүмкіндіктері қандай?

Жалпы алғанда, Қазақстан қоршаған орта проблемаларын шешудегі алғашқы қадамдарын жасағаны сөзсіз. Қазақстан «EXPO-2017» халқыаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге бел буды. Нәтижесінде, «ҚазАқпарат» хабарлауыша, 2018 жылы Алматы қаласының Алатау ауданында қалдықтарды сұрыптайтын кешен пайдалануға берілді. Жаңа зауыт жылына 550 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейді. Бұл қалдықтарды басқарудың кешенді жүйесін енгізумен қатар, қалалық экологиялық жүктемені азайтады деп күтілуде [4].

Сонымен қоса, Қазақстан Республикасының Премьер-Министірінің ресми сайтына жүгінсек, Қостанай облысының әкімдігі қытайлық «Күн батареялары» технологиясын енгізді. Бұл технология Лисаковск қаласында ұзындығы 1,7 км дербес жарықтандыру желісінде қолданылуда. Бұл ретте электр энергиясына үнемдеу жылына 1 млн. теңгені құрайды.

Бұдан басқа, 2018 жылы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі «Биомасса қазандықтарын орнату» поляк технологиясын енгізді. Бұл технологияның артықшылығы - күл мен шлактардың қалмауында. Қазіргі кезде СҚО әкімдігі мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда 73 қазандықты орнатқан, деп хабарлайды Қазақстан Республикасының Премьер-Министірінің ресми сайты [5].

Алып қарасақ, еліміздің үлкен бөлігі дала болғандықтан, орташа алғандағы жел жылдамдығы 5-6 м/с және де оңтүстік өңірлерде желмен қатар түсетін күн радиациясының мөлшері де өте үлкен. Бұл Жел-күн электрстанцияларын құрып, қолданылатын энергияның жартысына дейін баламалы болуына мүмкіндік береді.

Қортындылай келе, қазіргі таңда «Жасыл» стартап идеяларын енгізуге Қазақстан халқы, оның экономикалық дамуы мен географиялық орналасуы барлық жағдай жасауда.

ӘДИБИЕТТЕР

ЭЛЕКТРОНДЫ РЕСУРС:

1 «Жасыл экономика» – экономикалық дамудың серпілісі, 2018 ж. [Электронды ресурс]. - URL: <http://startinfo.kz/buisness/shasul-economica-damuyu/>

2 Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012ж. [Электронды ресурс]. - URL: https://strategy2050.kz/page/message_text/

3 Экология және қоршаған ортаны қорғау, 2004 ж. [Электронды ресурс]. - URL: <https://e-history.kz/kz/contents/view/1323>

4 Қазақстан халқына жолдауы, 2018 ж. [Электронды ресурс]. - URL: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylyg-5-kazan

5 2025 жылға дейін елдің стратегиялық даму жоспары, 2018 ж. [Электронды ресурс]. - URL: https://primeminister.kz/ru/page/view/strategicheskii_plan_razvitiya_kazahstana_do_2025_goda

ЕРТІС АУДАНЫНЫҢ ДАМУЫНА ОНТҮСТІКТЕН КӨШІП-ҚОНҒАН ҚАЗАҚТАРДЫҢ РӨЛІ

ТУРАКУЛОВА Ф. Б.

10 сынып оқушысы, Северный ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

АУЛАБАЕВА Г. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Северный ЖОББМ,
Павлодар облысы, Ертіс ауданы

«Ауылдың амандығы – ел амандығы.»

Н. Ә. Назарбаев

Зерттеу нәтижесі бойынша, қазірден бастап халықтың орналасуында дисбаланс бар. Халықтың 38 пайызы оңтүстік өңірлерде қоныстанған. Ал Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы халық саны 17 пайызды құрайды. Егер мұндай үдеріс жалғаса беретін болса, 2050 жылға таман оңтүстік халқының саны болжам бойынша 5,2 млн адамға жетеді. Бұл – солтүстіктегі тұрғындар санынан 4 есе көп болады деген сөз. Қазіргі уақыттың өзінде оңтүстік облыстарда жаңа туған 100 сәбиге 12 қариядан келеді. Ал солтүстікте 100 сәбиге 53 қарт адамнан келеді. Яғни, әлден-ақ еңбек ресурсы мәселелері туындай бастады. 2018 жылғы 1 сәуірге Павлодар облысы халық саны 754708 адамды құрады, соның ішінде қалалықтар – 533447 адамды (70,7%), ауылдықтар – 221261 адамды (29,3%) құрады. 2017 жылғы 1 сәуірмен салыстырғанда халық саны 1558 адамға немесе

0,2 % азайды. 2018 жылғы қаңтар-наурызда халқының табиғи өсімі 2017 жылғы қаңтар-наурызымен салыстырғанда 67 адамға немесе 6,4 % кеміп, 978 адамды құрады. Көші-қон қызметі органдары ұсынған мәліметтерді өңдеу нәтижесінде, 2018 жылғы қаңтар-наурызда елімізге тұрғылықты тұруға келгендердің тіркелу саны 2017 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 19,5 % азайып, 1364 адам құрады. Елімізден кеткен көшіп-қонушылардың тіркелу саны 28,7 % азайып 2488 адам құрады, көші-қонның айырымы – 1124 адам болды [1]. Еліміздің аймақтарында мигранттардың көшіп-қонуы өз облыстарының ішінде ғана жүзеге асады. Бұл – аймақшылдықтың көрінісі. Оңтүстік аймақ мигранттарында бұл көрсеткіш 68 пайызды құрайды. Халықтың 0,7 пайызы ғана Солтүстік Қазақстанға, 1 пайызы Қостанай облысына және 1 пайызы Павлодар облысына көшкен. Демографиялық болжам бойынша, 2050 жылға қарай оңтүстік өңірлерде халық саны 5 миллион 300 мың адамға дейін жетіп, жұмыссыздық мәселесі күрделене түсуі мүмкін. Керісінше, солтүстік өңірлерде тұрғындар саны 900 мыңға кеміп, жұмыс күшінің жетіспеушілігі үлкен түйткілге айналу қаупі басым.

Ел үкіметі 2013 жылы қабылдаған «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламасында жұмыс күшіне тапшы аймақтарға халқы тығыз орналасқан өңірлерден еңбекке қабілетті отбасыларды көшіру туралы егжей-тегжейлі айтылған. Бұл бағдарлама Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауынан бастау алып отыр. Жолдауда «басы артық жұмыс күші бар өңірлерден басқа жерлерге, сондай-ақ, ауылдардан қалаларға жұмыс күшін ұтымдылықпен тартуға қолдау көрсету керектігі» айтылған еді.

Ел тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылық секторының әлемдік өнімділігін 60 %-ға арттыру қажет болады. Алайда статистика комитетінің көрсетуі бойынша, 2018 жылғы 1 қыркүйегіне Павлодар облысында қала халқы 70,6 %, ал ауыл халқы – 29,4 % құрайды. Ауыл шаруашылығы мен ауылды дамыту, еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуге едәуір ықпал ететін мектеп қызметімен де байланысты. Ауылдағы мектептердің негізгі сипаттамасы: географиялық тұрғыда оқшаулығы мен тұрғындарының төмен тығыздығы. Халқы тығыз орналасқан өңірлерден еңбекке қабілетті, көпбалалы отбасыларды көшіру адами, еңбек ресурстармен ауданды толықтырып, мектептерге де нақты қолдау көрсететіні даусыз.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік

бағдарламасының үшінші бағыты: халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту. Павлодар облысының, Ертіс ауданында жыл санап бұл бағдарлама бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Елдің оңтүстігінен көшіп-қонып жатқандардың саны артып келеді.

Павлодар облысында -754016 адам. Облыс бойынша (1 км² аумаққа) халық тығыздығы орта есеппен 6 адам /км² құрайды. Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелгендер саны 2018 жылғы қыркүйектің соңына 5,8 мың адамды немесе жұмыс күшіне 1,4 %-ды құрады. Ертіс ауданында 01.01.2019 жылы көрсеткіші бойынша халық саны – 17438 адам, Халықтың орташа тығыздығы 1 км² 1,9 адамнан келді. Экономикалық белсенді адамның саны–9287, жұмыссыз болып ресми түрде тіркелгені–64 адам.

